

Пони Энжони



Жолбарыс пь
жудасын

Тони Энтони

Анджела Литтлдің көмегімен

ЖОЛБАРЫСТЫ ЖУАСЫТУ

Тозақтың тереңінен
даңқтың биігіне

Әлемдік деңгейдегі кун-фу шеберінің
басынан өткен шынайы оқиға

Бұл кітап – кун-фудан үш мәрте әлем чемпионы болған, Иса Мәсіхке деген сенімге өте ұзақ ауыр жолмен келген адамның өмірбаяны. Оның әңгімесі адамның сынақтар мен қиындықтары арқылы қалай Құдайға келетіні және адам өз жолындағы кедергілер деп есептеген нәрселердің бәрін қалай игілікке айналдыратынының тамаша дәлелі.

Жолбарысты қолға үйрете алсаң – айдаһарды жеңе аласың.

Қытай мақалы

Бұдан кейін мен көктен түсіп келе жатқан, қолыңда түпсіз тұңғиықтың кілті мен ауыр шынжыр ұстаған бір періштені көрдім. Ол айдаһарды ұстап алып, оны мың жылға шынжырлап тастады. Айдаһар — сол ежелгі жылан; ол ібіліс және әзәзіл шайтан деп те аталады. Әзәзілдің бұдан былай, мың жыл өткенше, халықтарды алдай алмауы үшін, періште оны түпсіз тұңғиыққа лақтырып жіберіп, есігін кілттеп, мөрмен бекітті. Ал осы кезең өткеннен кейін әзәзіл шайтан біраз уақытқа босатылуға тиіс.

Аян 20:1-3

АЛҒЫС

Бұл кітаптың жазыла бастағанынан оның басылып шыққанына дейінгі жолды мен жалғыз жүріп өткен жоқпын, бұған көптеген адамдар өз үлестерін қосты.

Бірінші кезекте мен жарым Сара Энтониге оның даналығы үшін алғысымды білдіргім келеді. Ол менің ең жақын досым, шабыт берушім және ең талғампаз сыншым болды және солай болып қала береді. Жан ләззатын сыйлайтын, ал кейде қатты шаршататын қызметімде ол мені үнемі қолдап, алға жылжуыма жігер беріп келеді. Бұған қоса мен жұмыстан оралғанда үнемі: «Әке, біз сені сағындық», – деп қарсы алатын ұлдарым Этан мен Джейкобқа қарыздармын. Олар мені құшақтап, өзімнің оларға бірінші кезекте ойындарының теңқұқылы мүшесі және қызықты әңгімешілі ретінде қажет екенімді есіме салып отырады.

Анджела Литтлаға айырықша ризашылығымды білдіремін, себебі оның ортақ ісімізге деген адалдығы болмағанда, бұл кітап жазылмаған болар еді. Шынымен де, мұндай қосымша автор туралы тек армандауға болады. Біз бір-бірімізді қас-қабағымыздан түсінетінбіз және оның сарқылмайтын құлшынысы маған үлкен жігер беретін. Анджела, осы істі қолға алып, оның соңына дейін жеткізгенің үшін рахмет. Менің кім болғанымды және енді кімге айналғанымды дұрыс түсіне білгенің үшін рахмет.

Маған достық көмегін көрсетуден ешқашан бас тартпаған Анджеланың күйеуі Филге және біраз уақыт анасының назарынан тыс қалуға мәжбүр болған олардың ұлдары Самуэльге алғысымды айтуға тиіспін. Бұл жерде мен осы кітапты жазу барысында Анджелаға барынша

қолғабыс көрсеткен достары мен туыстарын және олардың отбасыларын, әсіресе Гордон және Дороти Литтлерді, Тони және Линда Смиттерді, Кристофер және Линда Макинтайрлерді еске алмай кете алмаймын. Оларға көмектері және қолдаулары үшін рахметімді айтамын.

Сондай-ақ осы жобаға деген сенімдері үшін Малколм Даунға және «Authentic Publishing» баспасының барлық қызметкерлеріне алғысымыды айтамын.

Кітап жазу кезінде менен кеңестерін аямаған бауырластар кеңесіне, атап айтқанда, Роберт Лэндке, Мартин Эдиге, Сара Энтониге, Дейвид Коулманға, Дейвид Дьюэллге, Патрик Рассел-Моттаға, Тина Мэйге, Джейн Кристианға және Лука Добсонға шын жүректен алғысымды білдіремін.

Қымбат кеңестері менің өміріммен жұмысыма дұрыс бағыт беріп отырған жетекшілерім – Джордж Верверді, Стивен Химбериді, Гвин Джорданды, Дейвид Чадвикті және Пол Уилкоксты атай кетуге тиіспін.

Сонымен, оқырман, сіздерге алғысымды айтқым келеді. Менің өмір тарихымды оқып шығуға уақыт тапқаныңыз үшін рахмет.

Тони Энтони

1-тарау

Шейн Д'Соузды қазір туған анасы да танымас еді. Абақты қарауылдары оның сау-тамтығы қалмаған денесін камераның суық бетон еденінің үстімен сүйретіп әкеліп зембілге салды. Ол әбден таяқ жеп, жараланған және зорланған болатын. Абақты бөлмесінің бетон едені алқызыл қанға малшынған. Оны абақтының аурухана орналасқан бөліміне қарай алып жүрген кезде бүкіл дәлізде қанды із қалды. Тұтқындар аяқтарын тырпылдатып өз орындарына тарқады. Шри-Ланкалық жас жігітті кімнің таяққа жыққанын біздің бәріміз көріп тұрдық, бірақ ешқайсымыз жұмған аузымызды ашқан жоқпыз. Басшылыққа да бәрібір еді. Бар болғаны Б блогы бір қылмыскерге кемиді, бар болғаны сол-ақ. Оның орнына басқа біреу келеді. Ешқандай тергеу болмайды, яғни, ешкім жаза тартпайды. Менің досым әділдікке қол жеткізе алмайды.

Никосияның Орталық абақтысында болған бұл оқиға қалыпты жағдай болатын. Біздің арамызда кісі өлтіргіштер, есірткі сатумен айналысқандар мен қарақшылар, кәмелетке толмағандарды зорлағандар, ұрылар мен бұзақылар бар еді. Қысқасы, өңшең бұзылғандар, ешкімге керексіз қоқыс ретінде Кипр абақтысына қамалғандар.

Абақтыда белгілі бір ережелер бойынша өмір сүру керек. Бұл жерде әркім зорлық-зомбылық жарғысы бойынша өмір сүретін. Бұл абақтының қатаң өмірлік қажеттілігі болатын. Өте абай болып жүруге тура келетін. Әркім өз бетінше өмір сүретін және бұл жерде қан бар болғаны көңіл көтеруді қалағандықтың кесірінен ғана төгілетін. Бірақ неге екені белгісіз, Шейн екеуміздің арамызда бір байланыс бар

еді. Көз алдымда болып жатқан сұмдыққа қарап тұрған мен бойымда қатты ашудың бас көтеріп келе жатқанын сезіндім.

Абақтыдағылар оны Аль Капоне, ал гректер – «Алькапони» деп атайтын. Ол аса сүйкімсіз, жексұрын адам еді. Оның шын тегінің кім екенін ешкім білмейтін. Ол нағыз есалаңның өзі болатын. Сот органдары мұндайларды есі ауысқандарды емдейтін арнайы емханаға жіберуді «ұмытып» кететін; сондықтан жарымес қылмыскерлер өзгелермен бірге жазасын өтеп жүре беретін. Оларға ешқандай заң жүрмейтін. Алькапони осындай қылмыскерлердің ішіндегі ең қарғыс атқаны еді. Жабайы кипрлік ешкіммен араласпай, оқшау жүретін және өз тілінде ғана сөйлейтін. Ол адам өлтіргені және топ болып қыз зорлауға қатысқаны үшін жазасын өтеп жатқан болатын. Егер өзгелер шөп шегумен немесе есірткі егумен, ұсақ-түйек ұрлық жсаумен (көбіне олар бір-бірлерінен шылым немесе шоколад ұрлайтын – абақтыда мұның екеуі де ақшаның рөлін ойнайтын) көңіл көтеретін болса, Алькапони өз уақытын өзге тұтқындарды ұрып-соғып, оларды жарымжан етумен өткізетін. Бүкіл өмір бойына абақтыға қамалған ол дәл бір біреудің бұйрығын орындағандай біздің өмірімізді тозаққа айналдыруға әуес еді.

Алькапони Шейнді өлімші етіп сабап тастаған күні мен досым үшін кек алуға серт бердім. Алькапонидің бойы менен жарты метірдей ұзын еді. Бұлшық еттерін шынықтырғаны сондай, оның қолдарының жуандығы менің аяқтарымның жуандығымен бірдей деуге болатын еді. Бірақ мен оған шамамның жететініне сенімді болдым. Мен оны жалаңаш қолмен-ақ жер жастандыра алатынымды, бірақ алдымен оны әрбір соққысы үшін, әрбір жексұрын ісі үшін, Шейннің қанынының әр тамшысы үшін азап шегуге мәжбүр ететінімді жақсы білетінмін.

Келесі күндері абақтыда бір нәрсені күткен, еңсені басатын ауыр жағдай орнады. Менің Алькапониден кек алатынымды бәрі түсінді. Қазір мені ештеңе де тоқтата алмайтын еді. Мен тек қолайлы сәтті күтумен болдым.

Арада екі апта өтті, ал оған істеген барша істері үшін азап тартуға мәжбүр етуді ғана ойлаған менің ашуым күн санап арта берді. Мен үшін жай ғана өлтіру аздық ететін еді. Оны жалбарына кешірім сұрауға мәжбүрлеуді және жанын жаһаннамға тек содан кейін ғана жіберуді қаладым. Мен кун-фудың халықаралық дәрежедегі шебері болатынын және оны еш қиналмай-ақ сұлатып салатын күшім бар. Мен үшін бұл түк емес. Ол кезде мен көптеген өзге тұтқындар сияқты өзіммен бірге ұстара алып жүретінмін. Біз оларды тіліміздің астына немесе іздеп табу қиын басқа да қолайлы жерлерге жасырып қоятынбыз. Бірақ бұл жағдай абақты қызметкерлерін еш алаңдатпайтын секілді. Олардың біреулері бұдан садистік ләззат алса, екіншілері көз жұма қарайтын. Тұтқындардың бірінің екіншісін бауыздап жатқандарында олардың не шаруалары бар?

Күтпеген жерден қараңғы, бос дәлізден Алькапонидің: «*Gammodi bastardos!*» деген қырылдаған дауысы естілді де, қатты соққы тиген мен қабырғаға барып бір-ақ соғылдым. Күтпеген жерден соққы жасауға мүмкіндік бергенім үшін өзіме ашуым келді және сонымен бірге қаным қызып шыға келді. Осы бір жауызбен айқасатын сәт ақыры келіп жетті!

Әлгі оңбаған мұрнын бетіме тақап, бар салмағымен басқан кезде оның жағымсыз демінен жүрегім айнып кетті. Ұстараның жүзі тамағыма тақалды – енді ол кез келген сәтте күре тамырымды кесіп жібере алады. Мен бос тұрған сол жақ қолыммен дереу оның жылтырап тұрған бетінен шап бердім, бас бармағым оның көзіне барып тірелді; мен оның көзін шығарып жіберуге даяр едім. Біз ұстаса кеттік, мен бәрін тез әрі дәл ойластырып, ешқандай артық қимыл жасаған жоқпын. Мен Алькапонидің кез-келген сәтте тамырымды кесіп жібере алатынын түсіндім, бірақ қазір мен үшін мұның еш маңызы жоқ еді. Иә, менің ажал құшуым мүмкін, бірақ алдымен ол өлуі тиіс.

Мен Алькапониді жер жастандыруды аңсадым. Мен үшін оның көзін ағызып, содан кейін құлағын шайнап тастау түкке тұрғысыз нәрсе еді. Менің бойымды ашу

кернеп тұрған кезде кенеттен басқа бір нәрсені сезіндім. Бір сәтте менің бойымды белгісіз бір сезім жайлап, жан дүниемде күрес жүре бастады. Оның Алькапониге тікелей қатысы жоқ еді. Бұл күрес менің өз бойымда жүріп жатты. Мен өз бойымды жайлап алған және мені қатігез қанішерге айналдырған ырықсыз сезімдерім әрекет етуін тоқтатқан жаңа кеңістікке тап болғандай болдым. Назарымды Алькапонидің құлағына аударуға тырысқан кезімде таңертең оқыған нәрсем есіме түсе кетті. Бір адамға жалған айып тағып, абақтыға қамайды, сонда досының кегін қайтаруды қалаған досы айыптаушының құлының құлағын кесіп алады. Алькапонидің құлағы менің аузымнан бес-ақ сантиметр қашықтықта тұр.

«Тони, бол, тістеп ал. Бұл саған қиын емес қой», – деп сыбырлады ішкі дауысым.

«Жоқ, тоқта... жетеді, қолына семсер алған семсерден ажал құшады...» Бұл қайдан шыққан дауыс?

«Бол, оның құлағын тістеп ал! Нені күтіп тұрсың?

Жан дүниемде қорқыныш пен кек алу сезімі күресіп жатқанда Алькапони бос қалған қолымен шабымнан бар күшімен ұрып жіберді. Саусақтарым қатты бет терісін керіп жатқан кезде ол маған қап-қара шірік тістерін көрсете мысқылдай күлімсереді. Сол сәтте мен тағы:

«Нені күтіп тұрсың? Шейн секілді пышақтап, содан кейін зорлағанын қалайсың ба?» – деген дауысты естідім.

Бірақ мені бір нәрсе ұстап тұрды. Оның не екенін түсіне алмадым. Қабырғаға тақалып тұрғанымға қарамастан, мен оны қатты қысып ұстап тұрдым, бірақ келесі қадамды жасауыма бір нәрсе ерік берер болмады. Бойымда екі дауыс күресіп жатты. Уақыт өте берді, Алькапонидің бетінен бір тамшы тер домалап түсті. Сол кезде маған уақыт тоқтап қалған секілді болып көрінді. Дауыстардың таласы менің бүкіл болмысыма қатысты еді. Олар менің өмірімнің мәнін, еркімнен тыс түскен жаман жолымды талқыға салды.

Мен қай дауыстың жеңуі тиіс екенін түсініп тұрдым. Бірақ содан кейін не болады? Мына есерсоқтың жәбіріне көніп,

досым секілді жарымжан болып қалмақпын ба? Әлде, өте табанды осы бір жаңа сезімге, жаңа дауысқа құлақ асуға тиіспін бе? Кенет мен күтпеген жерден сөйлей жөнелдім. Бұл салмақты, нақты және дәлелді сөздер еді. Алькапони тек грекше ғана түсінетін, ал сол кезде мен ағылшын тілінде сөйледім. Сөйлеп тұрған кезде мен бір нәрсені күте, Алькапониді ұстап тұрған қолымды сәл босаттым.

Сол сәтте Алькапонидің денесі электр тоғы ұрғандай сілкініп кетті. Терге малшынған денесі дірілдей бастады. Қараңғыда оның қорқынышқа толы көздері жарқ ете қалды. Мен шабуылға дайындалдым. Бірақ осы сәтте Алькапони күтпеген жерден темірдей құрсауын босатып жіберді де, мен босап шықтым. Арамызды бірнеше сантиметр ғана бөліп тұрған біз бір-бірімізге көзімізбен ішіп-жейі қарап тұрып қалдық. Осы сәтте Алькапоне кенеттен кілт кері айналып, қаша жөнелді. Ол қолдарымен басын ұстап, дәл бір ұрғандай жүгіріп бара жатты. Алькапонидің артынан қарап тұрып, оның абақтының бетон қабырғаларымен жаңғырған жантүршігерлік дауысын естідім.

Мойнымды сипап, денеме жабысып қалған Алькапонидің ұстарасын алдым. Терімде ұстараның ізі де қалмапты.

2-тарау

Үйімізде осы бір бейтаныс адам пайда болған кезде мен төрт жаста едім. Біздің үйге ешкім келмейтін, сондықтан есік қоңырауы шылдырлаған кезде жоғары бөлмеден жүгіріп шығып, баспалдықтың жанында таңдана тұрып қалдым. Әкем әлгі адамды ішке кіргізіп, қонақ бөлмеге ертіп әкелді. Бейтаныс адам менің анам секілді қытайлық болып шықты. Мен ақырын басып төменге түстім де, жартылай ашық тұрған есіктен оларды бақылап тұрдым. Үлкендердің өте ақырын сөйлегендері сондай, мен олардың не айтып жатқандарын ести алмадым. Бірақ есесіне маған бейтаныс адамның бет-жүзі айқын көрініп тұрды. Ол түсі қатқыл, ұнамсыз адам екен. Менің ойымды анамның:

– Антонио, бері кір, – деген дауысы бөліп кетті.

Бейтаныс адамның жүзіне қарамауға тырысып оның жанынан тез өтіп, әкемнің аяқтарының артына жасырынып қалуды ойлады. Бірақ анам мені өзіне қарай тартып алды. Мен не істерімді білмей қалдым. Әкеме көз салып едім, ол неге екені белгісіз пешке қадала қарап қалыпты. Көздеріне бір нәрсе түсіп кеткендей тынымсыз жыпылықтатып отыр.

Бейтаныс адам мені қолымнан шап беріп ұстай алды. Мұндай әрекет күтпегендіктен селк ете қалып, оның қолынан босанып шығуға тырыстым. Бірақ ол мені мықтап ұстап алып, тырп еткізген жоқ. Анам маған: «тыныш» дегісі келген түрмен жазғыра қарады. Мен бұзықтық жасаған кезде ол маған үнемі осындай көзқараспен қарайтын. Содан соң анам сол бейтаныс адамның қолына шағын сөмкені ұстатты. Мен есімді жиып үлгергенше ол екеуіміз даладан бір-ақ шықтық. Бақтың арасындағы сүрлеумен алыстап бара жатқан кезімізде әкешем мені шығарып салу үшін тіпті сыртқа шыққан да жоқ.

Одан арғы саяхатымыз есімде емiс-емiс қана қалыпты. Бейтаныс адам ләм-мим деп тiл қатпағандықтан, мен қайда бара жатқанымызды бiлген жоқпын. Әуежейға келген кезде мен мазасыздық пен қорқыныштан дiрiлдей бастадым. Мүмкiн, менi әдеттен тыс оқиғалар күтiп тұрған болар, бiрақ мен сол кезде шынымен де қатты қорықтым. Бiз үнсiз ұшаққа мiндiк. Уақыт өткен сайын менiң қорқынышым да ұлғая бердi. Ұшудың ұзаққа созылғаны сондай, ол ешқашан аяқталмайтын секiлдi болып көрiндi. Әрине, көп өтпей-ақ артымнан әке-шешем келiп, менi алып кетедi. Бiз үйге қайтып ораламыз және бәрi қайтадан бұрынғы қалпына түседi. Ол кезде мен өзiмiздiң Қытайға ұшып бара жатқабымызды бiлген жоқпын.

Төрт жастағы менiң ата-анамның өмiрлерiндегi барлық жағдайларды түсiндiм қиын дау едi. Бiрақ анық бiлетiн бiр нәрсем анам менi жек көретiн. Ұшақтың iшiнде отырғанда анамның маған не үшiн осынша ашуланғанын түсiне алмадым. Бұл жолы ненi дұрыс iстемей қалдым екен? Мен өзiмнiң анамның өмiрiн талқан еткенiмдi сезетiнмiн. Ол маған осылай дейтiн. Сiрә, ол маған үнеми осы үшiн ашуланған болар.

Осы бейтаныс адам келерден аз уақыт бұрын бiздiң үйiмiзде мен ешқашан ұмыта алмайтын бiр оқиға болды. Бiз Уэст-Эндегi шағын пәтерден Лондонның солтүстiк-батысындағы Эджвер қалашығындағы үлкен үйге жаңадан қоныс аударған болатынбыз. Мен үшiн бұл үй тым үлкен едi, сондықтан қуана айқайлап бөлмелерден-бөлмелерге жүгiрiп жүрдiм. Әке-шешем өз жатын бөлмелерiне арнап үлкен төсек сатып алған. Мен сол төсектiң үстiне шығып ойнауға бел байладым. Оның үстiнде секiрiп, жаңа жамылғының үстiне басымды тыға құлап ойнап жүрдiм. Кенет жатын бөлмеге анам жүгiрiп кiрдi.

– Дереву тоқтат, ақымақ бала! – деп айқайлап менiң аяғымнан қатты ұрып жiбердi де, содан соң айнаның алдына барып, бетi-басын ретке келтiре бастады. Ол әдетiнше айнаның алдында ұзақ отырды, ерiндерiн бояп, жасанды

кірпіктерін тақты. Осы арада еденге түспек болған менің аяғым жамылғыға оралып қалды да, мен қайтадан төсектің үстіне құлап түстім. Бұған көңілденген мен күліп жібердім.

Анамның жаныма қалай жетіп келгенін байқамай да қалдым. Басымнан қатты соққы тиіп, сынған әйнектің сыңғыры естілді. Анам қатты айқайлап, мені небір сөздер айтып балағаттай бастады. Басым қатты ауырып, көзімнің алды тұманданып кетті.

– Неткен ақымақ едің? – деді ол долдана айқайлап. – Түріңе қарашы!

Ол есікті тарс жауып бөлмеден шығып кетті. Ал мен орнымнан қозғала алмай жаттым. Иығыма үлкен айнаның жиектемесі киіліп қалыпты, әйнектің ұсақ сынықтары бетіме, мойныма қадалып қалған. Әйнек кірген жерлерден қан шығып тұр. Аурудан қинала әйнектің үлкен сынығының бірін бетімнен суырып алуға талпынған кезімде қан одан әрмен саулай ақты.

Мен ұшағымыздың табаны жерге тиген кезде оянып кеттім және бейтаныс адам екеуміз ұшақтың баспалдағымен түсіп келе жатқан кезде есімді әбден жинадым. Біз қайдамыз? Көздерімді уқалағым келген еді, бірақ қолымнан тас қылып ұстап алған әлгі адам бұған ерік бермеді. Менің жылағым келді. Айналадағы адамдар бір нәрселер айтып жатыр, бірақ мен олардың бір сөздерін де түсіне алмадым. Олардың дауыстары ащы және бір түрлі болып естілді. Бойымды мазасыздық пен үрей биледі. Бұл адам кім? Ол мені қайда алып келді? Айналамызда қолдарына шамадан, сөмке ұстаған адамдар қаптап жүр, бірақ бұл жер біз саяхатымызды бастаған әуежейға еш ұқсамайтын еді. Ауа темекінің түтіні мен белгісіз бір иістерге тұнып тұр. Ұйқымды әлі толықтай аша алмаған және бойымды үрей кернеп, мен өксіп жылай бастадым. Бейтаныс адам:

– Т-с-с! – деп қолымды қатты қысып жіберген сондай, оның тырнақтары теріме батып кетті.

Тән ауруы мен қорқыныш менің өксігімді бірден тыйды. Бейтаныс адам мені тағы біраз жетелегеннен кейін біз

ақыры таза ауаға келіп шықтық. Өзіміздің қаншалықты алысқа кеткенімізді мек тек сонда ғана түсіндім.

Әкемді немесе шешемді көремін бе деген үмітпен айналама жалтақтай қарадым. Бұл жердегінің бәрі мен үшін жат еді. Халқыда бір түрлі киінеді екен. Айнала у-шу, үрген иттердің дауыстары естіледі. Күтпеген жерден алдымыздан қолына құс салатын тор ұстаған бір адам пайда бола кетті. Біз тоқтай қалдық. Алдымызда үстіне жеңдері кең, жағасы биік жібек шапан киген ұзын бойлы арық адам тұрды. Кейін білгенімдей, бұл адам – менің атам екен. Ол кезде бізді ешкім бір-бірімізбен таныстырған жоқ. Ешқандай күлімсіреу, сәлемдесу, жылы сөздер болған жоқ. Жай ғана мені көтеріп алды да, атамның арбасына сала салды. Осылайша біз түн қараңғылығы астыңды жолға шықтық.

Әуежайдан алыстап бара жатқан кезде мен түрлері өзгеше ағаштар мен айнала жортып жүрген аңдардың көлеңкелеріне назар аудардым. Мен қорқып келе жаттым және жүрек айнытатын әлдебір иістен құсқым келді. (Кейінірек мен мұның атам қолданатын лилей сабынының иісі екенін білдім. Қытайлар оны антисептикалық қасиеті үшін жақсы көреді. Ал мен оның жағымсыз иісін есіме түссе әлі күнге дейін құсқым келеді). Сол кезде мен осы иістен жынданып кете жаздайтынмын.

Сапарымыз ешқашан аяқталмайтын сияқты болып көрінді. Ақыры барар жерімізге жеткен кезде, айнала тас қараңғы болып қалған еді. Қақпаның алдында тұрған бір топ әйелді байқадым. Сірә, олар бізді күтіп тұрса керек. Мен ол әйелдерге ұнаған жоқпын. Мұны мен бірден сездім. Бірақ мен оларға не істеп қойдым? Анам есіме түсті. Арада көп өтпей әйелдер маған жақтырмай қарап, күңкілдескен күйлері өз-алдыларына тарап кетті. Тек бір әйел ғана қалды. Ол менің әжем Жоумо болатын.

Үйге кіргеннен кейін денем тоңып, қалтырай бастадым. Бірақ бұған ешкім назар аударған жоқ. Қайда келгенімді сұрамақ болып едім, ыммен үндемеуімді бұйырды. Төрт

жасқа жаңа келген жас бала мен осынау жат, қорқынышты әлемде өзімді мүлде жалғыз сезіндім.

Атамның үйі маған бір түрлі ерсі болып көрінді. Алдымдағы қабырға кенет жылжып кеткенде мен қатты таңданып қалдым. (Өз пәлсапаларын ұстанатын қытайлардың үйлерінде біздің түсінігіміздегі қабырғалар болмайды. Олар тек қабырғаларға арналған тіреулер ғана қояды, ал олардың ортасына жылжымалы шымылдық және экрандар орнатады). Әжем мені бұрышта тұрған төсектің жанына алып келді. Ол менің үйдегі төсегіме мүлде ұқсамайтын еді. Теңселіп тұрған қаңқаның үстіне жай ғана бамбук таяқтарын тастай салған. Жатқан кезімде төсек сықырлап кетті және әрі-бері аунаған кезде ағаштар арқама батып жатты. Жұқа муслин сейсеп денемді әрең жауып жатты, бірақ мен оның екі шетін иықтарымның астына бастырып алдым да, бүктеле жатқан күйі көз жасыма ерік бердім. Осылай жылап жатқан күйі ұйықтап кеттім. Арада көп өтпей мен көз жасыма ие болуды үйреніп алдым.

Бұл жердің адамдары өте ерте, таңғы сағат төрт-бестерде оянады екен. Мені уақытында тұруға үйрету үшін Лоуси, яғни, «қожайын» немесе «ұстаз» (маған атамды осылай деп атауға бұйрық берілген болатын) бөлмеме кіріп, бамбук таяғымен басымнан бір салатын. Арада көп өтпей мен оның аяқ дыбысы естілмей жатып оянып, орнымнан тұрып алатын болдым. Бірақ ол мені ұруға қашан да себеп табатын. Лоуси мені аямай ұратын. Арада шамамен бір ай өткенде мен бұл таяққа да үйреніп алдым. Лоуси кейде бамбуктің жас шыбықтарымен құлақтарымнан қан шыққанша ұратын және не үшін ұрып жатқанын ешқашан түсіндірмейтін. Ол маған *Ло хань цзюй-ло*, яғни, «Жатжерлік кішкентай шайтан» деген ат қойды және менің бойымнан «дөңгелек көзділердің рухын» қуып шығаруды өзінің борышы санады.

Отбасының ерлер буынының жалғыз мұрагері ретінде атам мен әжем менімен мүлде басқаша қарым-қатынас жасауға тиіс еді. Қытайлардың сенімдері бойынша ұл бала

отбасына сәттілік пен абырой алып келеді және көбіне оларды «кішкентай императорлар» деп атайды. Ұлдарды еркелетіп өсіреді, атасы мен әжесі оларды ата-аналарынан да артық жақсы көреді. Ал маған келетін болсақ, бар бәле анамның жатжерлікке, Англияда туып-өскен италияндыққа күйеуге шыққандығында еді. Сонысы арқылы анам бүкіл әулетін масқара етті және оның осы қылығы үшін мен күн төлеуге тиісті секілдімін.

Әр күні таңертең мен Лоусиге еріп аулаға шығатынмын, сол жерде ол өзінің таңертеңгілік жаттығуын жасайтын. Жұқа муслин шапаннан тоңғаныма қарамастан, бірнеше сағат бойы оның осы қимылдарына тапжылмай қарап тұратын едім. Тағы да таяқ жеп қаламын ба деген қорқыныштан тіпті атамның бетіне қараудан қорқатынмын. Кейде байқатпай үйдің шатыры мен қабырғаларына көз тастайтынмын. Олар айдаһарлардың, қанатты аттардың, феникс құстардың, жалғыз мүйіздердің және әтешке мініп отырған әлдебір адамның бейнелерімен безендіріліпті.

Алғаш мен Лоусидің түсініксіз қимылдар жасап жатқанына жай ғана қарап тұратынмын. Ол мені терең демалуға: мұрынмен тыныс алып, демді аузымнан шығарып үнсіз тұруға мәжбүрлейтін. Бұл ішті пыстыратын және шаршатып жіберетін шаруа еді. Күн артынан күн, апта артынан апталар өте берді. Мен біртіндеп атамның сөздерін түсіне бастадым. Атамның түсіндіруі бойынша, оның жаттығулары тай-чи жүйесіне қатысты екен. Ал онсыз кун-фу ұрыс тәсілін меңгеру мүмкін емес.

Біраз уақыт өткенде мен атамның көне ұрыс өнерінің Ұлы шебері екенін білдім. Оны ауылдағы адамдардың барлығы сыйлайтын. Біздің үйіміздің ауылдағы үйлердің ішіндегі ең үлкені болуының себебі де осында екен. Кейде ол маған таудағы нағыз сарайдың өзі секілді болып көрінетін.

Әулетіміздің шығу тарихы есімде қалмапты, бірақ мен атамның Қытайдың солтүстігінен шыққанын жақсы білемін. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдары ол жапон басқыншыларының жауыздық әрекеттерінің кесірінен

Кантонға (Қытайдағы Гуанчжоу қаласының еуропаша атауы). Су әулетінде дүниеге келген ол 1768 жылы, Маньчжур династиясы билік жүргізіп тұрған кезде қиратылған Шаолинь ордасынан аман қалған «Құрметті бесеудің» бірі – Гун Судың тікелей ұрпағы болатын. Саяси қуғыннан қашып жүріп, Гун Су кун-фу өнерімен айналысуын жалғастыра берді. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған бұл осы өнердің құпиясы менің атам Чжен Лин Суға дейін жеткен.

Шаолинь монастырінің тақуасы болып табылатын атам оның бес ғасырлық мұрасын мақтан тұтатын. Монастрыде көп жыл тәлім алғаннан кейін ол кун-фу ұрыс өнерін үйренудің өз стилі ментәсілдерін жетілдіре бастайды. Арада көп өтпей-ақ ол кун-фу өнерінің аса құрметті шеберіне айналады. Бірақ Чжэн Лин Судың ұлы жоқ еді, ал бұл Су әулетінің осымен аяқталатынын білдіретін. Осылайша мен оның күтпеген және аса үміттенуге болмайтын шәкіртіне айналдым. Мүмкін, мені үйрету барысында аса қатал тәсілдерді қолданғаны да осы себептен болар. Ол мен секілді «домалақ көзді», аралас қанды адамға өмірде өте қиын болатынын білді. Лоуси маған осы ұлы өнердің көптеген құпиялары мен байлықтарын ашып беруге тиіс болды. Ал мен оның тәртіпті шәкіртіне, шын мәніндегі жолын қуушыға және қоян-қолтық ұрыстың жеңілісті білмейтін шеберіне айналуға тиіс едім.

Ұрыс өнерінің нағыз шәкіртіне айналу – бұл батыс әлеміне белгілі барша өмір салтынан өзгеше өмір салтын қабылдауды білдіреді. Мұндай өмір салтының негізі рухани тәртіп пен даосизм дағдысы болып табылады. (Даосизм – көне қытай пәлсапасының негізгі бағыттарының бірі және сондай-ақ басты канондық шығармасы «Лао-цзы» трактаты болып табылатын қытайлық ілім. Бұл ілімнің негізі – он ізгіліктің көмегімен қол жеткізуге болатын мәңгілік бақытты іздеу және өсиеттерді сақтау. Даосизмді ұстанушылардың басты мақсаты – арнайы диетаның және түрлі дене жаттығуларының көмегімен ұзақ өмір сүруге қол жеткізу болып табылады). Ұрыс өнері жайындағы көне аңыздар

бойынша, кун-фудың негізін буддизмді уағыздаушы үндістандық такуа Бодхидхарма қалаған. Қытайлықтарға ол көбіне Дамо деген атпен белгілі. Аңыздардың біріне сәйкес, алтыншы ғасырдың басында Дамо Үндістандағы монастрьден кетіп, Будда ілімін тарату үшін Қытайға келеді. Солтүстік Қытай тауларында адасып жүріп ол Шаолинь монастрьіне тап болады. Шаолинь қытай тілінен аударғанда өзінің майысқыштығының арқасында қатты дауылдарға төтеп бере алатын «жас ағаш» дегенді білдіреді. Дамоның талабы бойынша шәкірттерге медитация жасауды үйрете бастайды. (Медитация – бұл ойға берілу, ойды бір жерге шоғырландыру, өзіңнің ішкі әлеміне ену. Ойдың белгілі бір реті бойынша шоғырлануының арқасында медитация кезінде ішкі дүние тыныштыққа кенеледі және сол кезде шындықты бұрмалаусыз қабылдауға және тәннің рухпен біртұтас нәрсеге айналуына қол жеткізуге болады). Бірақ сопылар медитациялық жаттығулар кезінде жай ғана қалғып отырады. Дамо мұның олардың тәндерінің әлсіздігінің салдарынан екенін түсінеді және бірнеше жаттығулар ойлап табады. Бұл жайында ол былай дейді:

«Будда ілімі жанға бағытталған, бірақ жанның айырылмас серігі – тәні бар. Сондықтан да мен сендерге күш-қуаттарыңды Буддаға жақындауға қабілетті дәрежеде ұстап тұруларыңа көмектесетін тәсілді ұсынамын».

Бұл жаттығулар медитация кезіндегі қимылдардың белгілі бір ретін білдіреді. Мұның сыртында, бұл қимылдар бір монастрьден екіншісіне көшіп жүретін сопылар үшін қарақшылардан қорғанудың басты құралына айналды. Бірақ, тіпті осындай жағдайлардың өзінде Дамо шәкірттерін назарды тәни күшке емес, ішкі «ци» қуатына аударуға шақырды. «Ци» сөзін «тыныс», «рух» және «өмірлік күш-қуат» деп аударуға болады.

Дәл осы ци қуатын дамыту даос шығармашылығының медицина, пәлсапа және сондай-ақ ұрыс өнері салаларының негізі болып табылады. Сол бір ұзақты күндерде мен атамның ауласында сағаттар бойы тыныс

алу жаттығуларымен айналыстым және кейін бұл менің рухымның күшті болуына көмегін тигізбей қойған жоқ.

Бірде Лоуси маған қызғылт сары түсті киімдер кигізіп, жергілікті шаолинь ордасына алып барды. Біз өте биік баспалдақтармен көтеріліп келе жатқан кезде ауада тәтті бір иіс аңқып тұрды.

– Бұл тұтатқан ладан мен шие гүлдерінің иісі, – деді Лоуси. – Біз оларды Буддаға деген құрметімізді білдіру үшін тұтатамыз.

Атам біздің атымыздан нығыздалған ладан таяқшаларын бірінің артынан бірін тұтатып жатқан кезде мен үнсіз оның артынан ілесіп жүрдім.

– Оның емдік иісінен сенің ой шабытың өзгереді, байсалды, сабырлы боласың, – деп түсіндірді атам. – Ағару жолына түскен кезінде, сен көкке көтеріліп жатқан ладан түтініне ұқсайсың.

Содан соң қожайыным мені медитация жасауға арналған қалтарыс орынға қарай алып жүрді. Онда бара жатқан жолда мен ұрыс жаттығуларымен айналысып жатқан сопыларға ұрлана көз тастаумен болдым.

– Олар табандары мен тобықтарын жіппен шандып орап алады, – деді ол менің қайда қарап келе жатқанымды байқап. – Бұл аяқпен соққылар жасаған кезде буындарды қорғау және оларды нығайту үшін қажет.

Олардың табандарымен қалай тез және қатты соққылар жасап жатқандарына қарап тұрған өз көзіме өзім сене алмадым.

– Құтанның стилі – бұл шаолинь қоян-қолтық ұрыс өнерінің ең көне және негізгі стилдерінің бірі, – деп бастады атам, ал мен оның бір сөзін де жіберіп алмау үшін құлағымды түре қалдым. – Бір сопы маймыл мен құтанның арасындағы шайқастың куәсі болады. Маймыл құтанды әншейін ғана екіге бүктей салатын секілді болып көрінеді, бірақ та құс маймылдан әлдеқайда әккі болып шығады. Қанаттарын жайып алған ол маймылға қарсы шабуылға шығып, оны тұмсығымен шоқып-шоқып жібереді де, содан

соң бір жағына қарай секіріп кетеді. Осылайша ол ақыры маймылды бас сауғалап қашуға мәжбүр етеді. Сопылардың қимылдарының қандай әсем екендігіне назар аударшы, – деді Лоуси. – Олардың бір аяқтарымен қалай өте алыстан және қатты теуіп жатқандарына және екінші аяқтарымен қалай тұрғандарына қара. Олардың қол қимылдары құтанның шоқып жатқанына ұқсайды.

Кейіннен мен құтанның ғана емес, сондай-ақ кун-фудың көптеген өзге де стилдерін меңгердім. Қытайдың ұрыс стилдерінің мың жарымнан аса түрі бар. Жануарлардың қимылдарын қайталау шаолиньдік кун-фу өнерінің ең көне жаттығуларының бірі болып саналады. Адам жануарлардан әлсіз және менің қожайынымның үйретуі бойынша, тіршілік ету үшін ол өзінің ой-санасына сенім артуы тиіс. Қандай да бір жануардың қимылдары мен қылықтарын қайталау үшін адам қозғалмай тұру мен шапшаңдықты, ырғақты қимылдау мен көз ілеспес жылдамдықпен шабуыл жасау тәсілдерін аса жетік меңгеруі және сондай-ақ бақылауды соған барабар әрекет жасап үйренуі қажет.

– Енді мұнда қара!

Мен назарымды жаттығып жатқан сопылардан атам нұсқаған жаққа аудардым.

– Бар назарыңды мына жалынға аудар.

Лоуси алдыма жанып тұрған шырағданды қойды.

– Жалынның тіліне назар аудар және басқаның бәрін ұмыт. Ал енді тыныс ала баста, – деді ол.

Шырағданның жалынына қарап, шаолиньдер ордасында көп отырдық. Шырағданға қарап отыра бергеннен көздерім талып кетті, бірақ көзімді тайдырсам болды, Лоуси бамбук таяғымен бетімнен салып қалады. Көптеген сағаттарға созылған бұл қараудың мақсаты цимен байланысқа түсу болатын. Менің бойыма дүниедегінің бәрінің инь және ян деп аталатын жағымды және жағымсыз ғарыштық күштердің туыныдысы екенін және оларды циді тану барысында үйлестіруге болатынын айтып сіңірді. Дао

шәкірттерінің есептеулері бойынша, адам ағазсындағы циді көз алдына бәрінен де күш ағыны ретінде елестеткен жөн. Бұлшық еттердің кез келген қозғалыстарын, тыныс алу процесін дәл осы адам ағзасын ци басқарады және жүрек тамырлары мен орталық жүйке жүйелерінің қызметін жақсартады.

– Егер сен циді тәнің мен жаныңда толықтай теңгере алатын болсаң, онда көзің ашылады және ішкі жан тыныштығына қол жеткізесің. Сонда бойыңда ғажайып күш пайда болады, – деп үйретті маған Лоуси. – Циді пайдалану кун-фу ұрыс өнерінің негізі болып табылады. Бұл күш үнемі толассыз қозғалыста болады.

Атам қолын су құйылған құмыраға батырып, қайтадан суырып алған кезде, сұқ саусағының басында бір тамшы су ілініп тұрды.

– Мынау бір тамшы су. Зиянсыз және әлсіз бір ғана су тамшысы. Бірақ жер бетіндегі не нәрсе су тасқынына қарсы тұра алады? Тасқындаған судың жойқын толқындары жолындағының бәрін сыпырып әкетеді. Цидің күшін басқаруды үйрен, балақай. Осы ғаламдық күштің ағынына ен, сонда сен өз тәніңнің мүмкіндіктерінен бірнеше есеге асып түсетін күшке ие боласың.

Жылдар өте келе Лоусидің ци күшін басқару туралы нұсқаулары маған барған сайын түсініктірек бола түсті. Циді мен өзімнің «ішкі құдайым», күш-қуатымның бастауы ретінде қабылдадым. Цидің көмегімен тәндік жігерді басқару арқылы мен жалаңаш қолыммен кірпішті сындыруды және одан да таңданарлық нәрселерді жасауды үйрендім. Мен қараңғыда қарсыласымның қимылдарын тани алатынымын және оны бүкіл денеме бөліп жіберу арқылы қатты тән ауруына шыдай алатынымын.

Менің Қытайдағы бар өмірім кун-фу ұрыс өнерін меңгеруге арналды. Жаңа шәкірт болғандықтан, үйдегі және ордадағы барлық ауыр істерді маған істететін. Осы уақыттың бәрінде Лоуси менің денемді жаттығуларға дайындады. Ол маған көрсеткен алғашқы жаттығулардың бірі қолды құм

толтырылған шелекке салу болды. Атамның бақылауымен бұл жаттығуды мен қолдарымнан қан шыққанға дейін жасайтынмын. Бірнеше аптадан кейін қолдарымның шынығып кеткені сондай, ешқандай ауруды сезінбейтін болдым. Сонда Лоуси шелекті құмға аздап қиыршық тастар араластырды да, жаттығу қайтадан басталды. Мен қолымды шелекке тез салып, оны еш жараламай қайта суырып алғанға дейін атам оған салған тастардың көлемін үлкейте берді.

Ал енді үй шаруашылығына келетін болсақ, мен малдар үшін жауап беретінмін. Ата-әжемнің күріш егетін егістіктері бар болатын және оған қоса біз тауық, ешкі, сиыр және жылқы ұстайтынбыз. Малға қарап жүрген кезімде әдетте маған ешкім тиіспейтін және Лоусидің аяусыз таяқтарынан қауіптенбей жүре алатынмын. Малдардың арасына келген кезде мен атамның қатаң бақылауы астындағы ауыр жаттығуларға қатысты шеккен азаптарымды және оған деген жек көрушілігімді ұмытып кетемін.

Маған ұнамды тағы бір нәрсе әжеммен бірге базарға бару болатын. Әрине, менің ауыр себеттерді көтеруіме тура келетін, бірақ бұл атамнан таяқ жегеннен жақсы еді. Базар шулы және қызықты болатын. Адамдар маджонт деп аталатын қытай доминосын ойнау үшін құрылған көптеген шатырлардан шығып тұратын тарсылды басу үшін айқайлап саудаласатын. Бұл жерде иттер, үйректер, ешкілер, қояндар, құстар, бауырымен жорғалаушылар және балықтардың түр-түрі сатылатын. Базарда мен «бауырымен жорғалаушыға ұқсайтын адамның» өзімді байқап қалмауы үшін әжеме тақалып жүретінмін. Ол иегінің әр жерінде бір сакалы бар, жүзі піскен алмаға ұқсайтын қаусаған шал болатын. Оның кеуіп қалған саусақтарының тырнақтарының ұзындығы сондай, ол бас бармағының өткір тырнағымен өзі сатып отырған су тасбақасының тамағын орып жібере алатын еді. Оның дүкенінен құрт-құмырсқалар және өлі, тірі, сойылған, кептірілген жыландардың түр-түрін табуға болатын еді.

Маған ұнайтын орынның тағы бірі дәрі-дәрмек сататын дүкен еді. Ол мені ерекше өзіне тартатын. Еденде ішіне ірі оқ жыландар салынған әйнек ыдыстар тұратын, ал сөрелерде – жануарлардың дене мүшелері, шаяндар, қоңыздар, аралар мен жыландар салынған банкілер сап түзеп тұратын.

Әжемнің шөп сатушылармен үнемі айтысып қалатыны әлі күнге дейін есімде. Адамдардың көшеде, жол жиектерінде үлкен қазандарда дайындап жатқан тағамдарының хош иісі аңқып тұратын. XX ғасырдың 70-ші жылдарында Кантон халқының басым бөлігі үй құрылысымен айналысып кеткендей болып көрінетін. Аяқтарына сандал киген және көпшілігі жалаң аяқ қытайлар таңертеңнен қара кешке дейін тынымсыз еңбек етіп, өздерінің үйреншікті лашықтарының жанынан батыстық үлгідегі алып ғимараттар салып жатты.

Адамның алдын орап жүргізбейтін бал ашушылардан қашқақтаған біз базардың арасындағы ашық алаңқайлармен жүретінбіз. Мен үнемі дәл көшенің бойында жұмыс істеп отыратын көркемдеп жазушыларға және олардың қыл қаламмен, бояумен жазған мәтіндеріне назар аударатынмын.

– Олар «сюань-чжи» деп аталатын арнайы қағазбен жұмыс істейді. Бұл қағаздар ағаштардың қабықтарынан және күріштің жұмсақ сабақтарынан жасалады, – деп түсіндірді Жоумо. – Халық оларға хат жазғызып алу үшін немесе қандай да бір маңызды құжаттарды безендіру үшін барады.

Әжемнің мені жақсы көре қоюы екіталай еді, бірақ соған қарамастан ол маған еліміздің тарихы мен дәстүрлері жайында құштарлана әңгімелеп беретін. Қытайда мерекелердің түрі өте көп және олардың ішіндегі ең маңыздысы – Жаңа Жыл. Қытай күнтізбесі Айдың Жерді айнала қозғалуына негізделген және онда жыл он екі айға бөлінеді. Күнтізбелік цикл он екі жыл сайын қайталанып отырады және әр жылды бір-бір жануар бейнелейді.

– Қытайдың көне аңыздарының бірі бойынша, жерден кетпес бұрын Будда жануарлардың бәрін өзіне шақыртады, –

деді Жоумо. – Бірақ онымен қоштасуға тек он екі жануар ғана келеді. Оларға сый жасау үшін Будда жылдарды олардың есімдерімен атауға және жылдарды олардың келген реттері бойынша белгілеуге уәде береді. Кімнің бірінші келгенін естеріне алуға тырысқан жануарлардың арасында талас туады. Келісімге келмек болған олар ақыры жарыс ұйымдастыруға шешім қабылдайды: өзеннің арғы жағасына кім бұрын жетсе, алғашқы жыл соның атымен аталады және қалған жылдар жануарлардың жағаға жеткен ретімен белгіленетін болады. Сөйтіп, жағаға сапқа тұрған жануарлардың бәрі бір мезетте суға қарай лап қояды. Сол кезде тышқан байқатпай бұқаның арқасына мініп алады. Бұқа қалған жануарлардың бәрінен озып жағаға жеткен кезде, тышқан оның арқасынан секіріп түседі де, сөреге бірінші болып жетеді. Қалған жануарлар мына рет бойынша келеді: жолбарыс, қоян, айдаһар, жылан, жылқы, қой, маймыл, тауық және ит. Мешін өте баяу және жалқау болыпты, сондықтан ол ең соңында қалады.

Бұл аңызды Жоумо маған бірнеше рет қайталап айтып берді және әңгімесін айтып болған соң ол үнемі ішек-сілесі қата күлетін еді, себебі бейшара мешін оған сондай күлкілі болып көрінетін.

– Ал сен тауық жылы дүниеге келдің, – дейтін ол маған. – Бұл жылы туылған адамдар еңбекқор болады. Олар шешімді тез қабылдайды және өз пікірлерін айтудан қорықпайды. Бірақ та сақ бол, тауықтың мақтаншақ және өз-өзіне тым сенімді болуы мүмкін. – Осылай деп маған қадала қараған ол былай дейтін: – Сен өте батыл әрі ер жүрек боласың.

Бәрі асыға күткен Жаңа Жыл мерекесі жақындап келе жатты. Әрбір он екінші айдың жиырмасыншы жұлдызы үйде тазалық жасауға арналатын. Бұл күні біз үйдің қуыс-бұрыштарының бәрін тазартып шығуға тиіс болатынбыз. Мен әжемнің қызыл қағаздың үлкен жолақтарын қабырғалар мен есіктерге ілуіне көмектесетінмін. Ол қағаздарға мәнерлі иероглифтер – отбасына арналған құттықтаулар мен жақсы тілектер жазылатын. Үйді біз

гүлдермен, мандариндермен, апельсиндермен және бұл жердегілер оны «помело» деп атайтын формасы алмұртқа ұқсас үлкен грейп-фруттармен безендіретінбіз.

– Олар бізге бақыт және байлық әкеледі, – дейтін әжем жемістерді мұқият орналастырып жүріп. (Шын мәнінде бұл ырым дыбысталулары бір, бірақ шығу тектері бөлек сөздерден бастау алатын: «мандарин» сөзі қытай тілінде «бақыт» сөзімен бірдей айтылады, бірақ басқаша жазылады; «апельсин» және «байлық» сөздері туралы да осыны айтуға болады).

– Үйге тазалық жүргізіп, мерекеге дайындаламыз және содан кейін ас үйдің рухы – Цзаованды шығарып саламыз, – деп түсіндірді әжем. – көне аңыз бойынша, Цзаован мерекені тойлау аяқталғаннан кейін, жаңа жылдың алғашқы күні қайтып оралады.

Қысқасы, жұмыс жетіп артылатын. Жаңажылдық «бақытқа» кедергі келтірмес үшін пышақ, қайшы секілді кесетін құралдардың бәрін жинап қою қажет болғандықтан, барша тағамдарды Жаңа жылдың алдында дайындап қою керек еді.

Жаңа жылдың алдында біздің үйге әулеттің барлық мүшелері жиналды. Олар Қытайдың түкпір-түкпірінен келді. Қонақтарға қызмет көрсетіп жүрген әжемнің келе алмай қалған адамдарға арналып құрылған әрбір орынның жанына барып жүргеніне қарап тұру қызық еді.

– Өздері келе алмағандарымен, олардың рухтары осы жерде, – деп түсіндірді ол мұны.

Мен бұл жерде менің анам үшін де орын бар-жоғын сұрағым келген еді, бірақ батпадым. Қонақтардың көпшілігі маған дәл атам мен әжем секілді жақтырмай қарады, бірақ туыстарымен бірге олардың балалары да келген еді, сондықтан олармен ойнап біраз сергіп қалдым. Қонақтардың арасында үнемі күлімдеп жүретін бір әжей бар еді. Ол маған ара-тұра жымыңдай көзін қысып қояды. Атамның қарындасы болып табылатын оның аты Ли Мэй, яғни, «Гүлдеп тұрған өрік» екен. Оның Ли Мэй атты екінші

қарындасы өзінің «Тамаша раушан гүлі» дегенді білдіретін есіміне мүлде сәйкес келмейтін еді. Менің ойымша, ол нағыз сиықсыздың өзі болатын. Атам секілді, ол да маған көзімен ішіп-жей қарады. Түннің жарымы болып, мереке аяқталған кезде мені құрмет көрсету ретінде әжемнің, атамның және өзге де ересек адамдардың алдында тағзым етуге мәжбүрледі. Оларды әлі де жек көретініме қарамастан, мен олардың айтқандарының бәрін істедім.

Жаңа жыл мерекесінде бізге «лай-сә» деп аталатын қызыл конверттер сыйлады. Олардың ішінде жылы лебіздер жазылған қағаз бен аздаған ақша бар екен. Біздің бәріміз жаңа көйлектер киіп жүрдік. Атам алтын түстес жіптермен айдаһардың суреті салынған әдемі қызыл жібек көйлек киіп жүрді.

Мен Қытайдағы жаңа өміріме тез үйреніп кеттім, бірақ бұл адамдар үшін қашан да жат болатынымды түсіндім. Англияда менің анам өзінің шығыстық екенін мақтан тұтатын, бірақ қытайлар үшін мен ең алдымен «жат жерлік шайтан» болып қала беретін едім. Айналамдағы адамдардың, тіпті, балалардың өздерінің маған неге жаңдары ашымайтынын және неге түсінгілері келмейтіндерінің себебі дәл осында екенін мен алты жасымда-ақ түсіндім.

Бірде базардан қайтып келе жатып, әжем екеуіміз тоған жағасында біраз демалып алмақ болдық. Жоумо ағаш көлеңкесіне жантайып жата кетті, ал мен тоғанды айнала суға тас лақтырып ойнап жүрдім. Кенет мен жастары менен аз ғана үлкен бір топ баланың ортасында қалдым. Олардың бірі:

– Әй, домалақ көз, сен мұнда не істеп жүрсің? – деді де, бетіме түкіріп жіберді. Мұндайды күтпегендіктен селк ете қалған мен оларға не жазып қойғанымды түсіне алмай дал болдым.

– Ол тіпті біздің тілімізде сөйлей алмайды да, – деген екінші бала бар күшімен жағымнан салып қалды. – Қане, дөңгелек көз, бір нәрсе айт, ал біз тыңдайық.

Аузыма келген қанның дәмінен қорқып кеткен мен бір нәрселер айта бастадым және сол сәтте бетіме тағы бір

соққы тиді. Бұл жолғы соққының қатты болғаны сондай, мен теңселіп барып балшықтың үстіне құлап түстім. Сол сәтте балалардың бәрі маған жабыла кетті. Олар мені шашымнан сүйреп, тепкінің астына алды. Мен айқайлап әжемді көмекке шақырдым, бірақ ол естімеді. Балалар аузына келгендерін айтып, мені тепкілеулерін жалғастыра берді. Бір кезде менің көз алдым қарауытып, олардың соққыларын мен дауыстарын сезінуден қалдым. Құлаққа ұрғандай тыныштық орнады.

Есімді мен бірнеше күннен кейін ауруханада бір-ақ жинадым. Екі қолым мен бір аяғымды гипстеп тастапты. Сәл қозғалсам болды, арқам қатты ауырып кетеді.

Бір күні түнде, әлі ауруханада жатқан кезімде мен ұйқылы-оюу қалпымда төсегімнің жанында отырған атам мен тағы бір бейтаныс адамды көрдім. Олардың айтқандарының көбін естіген жоқпын, бірақ үзік-үзік сөздерден түсінгенім, оларға мені ұрып кеткен балалардың кім екендері белгілі екен.

– Олар шанхайлық «Триаданың» балалары, – деді бейтаныс, – осындағы бір әулетке қонаққа келіпті. (1644 жылы маньчжурлық Цин династиясының көшпелілері Қытайды басып алады және өзінің ұрыс өнерімен атағы шыққан Шаолинь монастырін құл-талқан етеді. Тек азық-түлік әкелуге кеткен үш сопы ғана аман қалады. Қайтып орлаған олар орданың жермен жексен болған орны мен садақ жебелерінен қаза болған жолдастарының денелерін көреді. Дәл осы үш сопы маньчжурлық басқыншыларға қарсы күресу үшін алғашқы «Триада» – Жердің, Адамның және Көктің әділдік үшін Одағын» құрады. Бұл сопылар өлгеннен кейін темірдей тәртіпке үйренген, кез-келген бұйрықты орындауға даяр ұйымды басқару тізгіні олардың жолын қуушылардың қолдарына өтеді. Бірақ «Триаданың» жаңа басшылары басқыншыларға қарсы күресудің орнына құл сатушылықпен, қарақшылықпен, заңсыз жолдармен алтын өндірумен айналыса бастайды және мұны маньчжурлықтарға қарсы күреске қаражаттың

жеткіліксіздігімен түсіндіреді. Сол уақыттан бастап «Триада» мафияға айналады. Елді аса қатал басқаратын Қытай өкіметінің өзі соңғы елу жылдың ішінде олардың ықпалын сәл де болса әлсірете алмады».

– Олардың кімді ұрып жатқандарынан хабары болмаған, – деді Лоуси қабағын түйіп.

– Дұрыс айтасыз.

– Сенің сөздеріңнен олар жазаларын алды деген қортыныды жасауыма бола ма?

– Иә, әулеттегілер оларды қатаң жазалады және олардың ақсақалдары кешірім сұрау үшін ертең сізге келмек.

Осы оқиғадан кейін шанхайлық балалар мүмкіндігінше менің көзіме түспеуге тырысып жүрді. Олардың барлығы «Триада» ұйымынан еді. Бәрі кун-фу өнерін меңгергендерімен, менің деңгейіме ешқашан жете алмайтындарын түсінетін. Егер сол кезде олар менің бәрі құрметтейтін Чжэн Лин Судың шәкірті екенімді білгендерінде, онда маған тиісуге батылдары ешқашан бармайтын еді. Қытайлардың арасында мұндай оқиғалар ешқашан ұмытылмайды. Маған шабуыл жасаған балалар арада көп жыл өтіп кеткеннен кейін де өздерінің балалық шақтағы қателіктерінің салдарынан қорқып жүрді. Бірде, әбден ересек тартқан кезімде ұзақ жылдарда кейін ауылымызға қайтып оралғанымда, әлгі балалардың бірі мені кек қайтару үшін қайтып келді деп ойлап қалады. Оның қорыққаны сондай, тіпті отбасын алып басқа жаққа көшіп кетуге дайын болған.

Сол кезде мен ауруханада көп жаттым. Бірақ гипстерді алғаны сол екен, ұстазым мені қайтадан аулаға алып шығып, қиын жаттығуларды жалғастыруға мәжбүр етті. Жаттығулар кезінде денемнің ауырғаны сондай, көзімнен жас шығып кетті. Ұстазымның бұған төзбейтінін білетінмін. Ойлағанымдай-ақ, көзімнен жас тамшысы шыққаны сол екен, атам бамбук таяғымен құлағымнан салып қалды. Осы адамға деген ащуым бойыма сыймай кетті. Ол кезде жасым

небәрі алтыда ғана еді, бірақ соған қарамастан мен оны бар жан-тәніммен жек көрдім.

Сол күні түнде мен суық терге малшынып ояндым. Шегірткелердің шырылдаған дыбыстары естіліп тұр. Мен жуық арада жарық түсетінін түсіндім. Үй іші тыныштыққа мүлгіп тұр еді, бірақ қорқынышты түстің кесірінен тұла бойымды қатты ашу кернеді. Жаңа жаралардың әсерінен денем қалшылдап, аунақшып ұйықтай алмай жаттым. Көз алдыма қолына бамбук таяғын ұстаған қатігез атамның бейнесі елестеді. Маған оның қорлығы ешқашан аяқталмайтын секілді болып көрінді. Мен тағы бір күнге шыдай аламын ба? Егер бәрі қайталанатын болса, онда бір ғана нәрсе қалады.

Аяғымды ұйшанан басып асүйге өткен кезімде, маған жүрегімнің дүрсілі бүкіл үйдің ішіне естіліп тұрған секілді болып көрінді. Сол бөлмедегі шағын қорапта Лоуси кейбір ұрыс қаруларын сақтайтын. Біз бұл қаруларды күн сайын тазалап, жалтыратып отыратынбыз, сондықтан өзіме қажетін қолыммен сипап тез-ақ тауып алдым. Қылыштардың бірін суырып алған кезімде оның ұстарадай өткір жүзі жарқ ете қалды. Бамбук діңгектердің арасынан түсіп тұрған ай жарығынан мен ұйықтап жатқан атамның сұлбасын байқадым. Жақындап келген менің бойымды ашу мен жек көру сезімі биледі. Осы сәтте мен өзімнің қатты және ауыр демалып тұрғанымды байқадым. Бір қызығы, осы кезде маған оның үйреткендері көмектесті. Ажал құштыратын соққы жасау үшін сабаға түсу қажет. «Бар назарыңды циге жинақта. Сенің денеңді санаң билеуі тиіс». Тынысымды ретке келтірген мен аяқтарымның ұшымен атамның төсегіне жақындадым. Ол қозғалыссыз жатыр. Мен оның кеуде тұсын көздеп қылышты жоғары көтердім.

3-тарау

«Көктегі Әкеміз! Сенің киелі есімің қастерлене берсін...» – ұйықтар алдында әкем маған кейде осы аятты оқып беретін. Италиялық болғандықтан және Құдай католиктерді сүйетіндіктен ол өзінің католик екенін айтатын. Бірақ та егер Құдай шын мәнінде де бар болса, онда қазір Оның мен туралы мүлде ұмытқаны анық. Менің қатігездікке толы өмірімде Ол болған жоқ. Англиядағы өмірім маған тым алыстағы, тұманды нәрсе болып көрінді. Тек кейбір үзік-үзік естеліктер ғана жадымда қалыпты. Мысалы, қазір мен әкемнің жүзін көз алдыма елестете алмайтын едім.

Конфуций былай деген болатын: «Мемлекеттің тыныштығы отбасындағы тәртіптен басталады... Ата-анасын сүюді және құрметтеуді үйренген адамдар өзгелерді ешқашан жек көрмейді». Конфуций сондай-ақ сүйіспеншілік, адамгершілік пен адалдық туралы айтты және оларды қоғамның басты құндылықтары деп санады.

Адалдық пен адамгершілік жайында мен көп нәрсені білетін едім. Бұларды менің бойыма әбден сіңірген болатын. Ал сүйіспеншілік ше? Сүйіспеншілік деген не? Мен оны ешқашан білген емеспін. Мен қаламаған бала, «жатжерлік шайтан» болдым және өзімді жақсы көруге тиіс болған адамдарға тек қана бақытсыздық пен масқаралық әкелдім. Бар-жоғы алты жастағы менің осындай жек көрушілік сезіміне берілгеніме таңдануға болмайтын еді. Қылыштың тұтқасынан қатты қысып ұстаған мен оны бар күшіммен сөрмеп қалдым және...

Осы сәтте атам сол қолымен көз ілеспес жылдамдықпен қылыш ұстаған қолымнан шап берді де, арқама қарай қайырып жіберді. Ал сол қолымен желкемнен қысып, еденге бір-ақ

тұқыртты. Кейіннен мен оның басшылығымен осы тәсілді үйреніп алдым және оны іс жүзінде көп қолдандым. «Дим-ло» тәсілі шабуылдаушыға асқан жылдамдықпен тосқауыл қою үшін ойлап шығарылған. Бұл «дим-мак» деп аталатын тәсілге ұқсайды. Егер де атам маған қарсы «дим-макты» қолданғанда, мен бірден о дүниеге аттанып кеткен болар едім.

Лоусидің саусақтары желкемен қатты қыса басымды еденге тұқыртып тұрды. Мен әзер тыныс алып, тек қана тыныштық өлімді тілеп тұрдым. Лоусидің маған көзімен ішіп-жейі қарап тұрып, суық күлімсірегені әлі есімде. Сірә, ол дәл осыны, тәнімде жат қанның болғанына қарамастан менің бойымда Су әулетінің рухы оянғанын және Шаолинь жауынгерлерінің құнсыз мұрасын меңгеруге жеткілікті дәрежедегі күшті рухтың оянғанын күтіп жүрсе керек. Сол кезде мен атамның ашуының, мені жек көрушілігінің бар күшін көзіммен көрдім. Қазір жақсылап сабақ беретінін айтып, ол менің киімдерімді сыпырып тастады да, шашымнан сүйреген күйі далаға алып шықты.

Бәрі атамның айтқанындай болды. Ол мені өлтіре сабады да, жалаңаш күйімде өзен суына түсуге мәжбүрледі. Қыстың аса аязды түні еді. Бірнеше сағатқа созылған азаптан кейін мен есімнен танып қалдым және есімді ауруханада бір-ақ жидым. Қатты суық тиіп, өлімнің аузынан қалыппым.

Осы жағдайдан кейін менің жүрегім беріш болып қатып қалды. Лоусидің еркіне толықтай бағынған мен қолға үйренген тағы жылқыға ұқсайтын едім. Мен де дәл атам секілді боламын. Онымен тең дәрежеде айқасуға қол жеткізген кезімде ол мені құрметтейтін болады. Мен күшті, батыл адам болып шығамын.

Жасым сегізге келген шақта мен толық құқықты шәкіртке айналдым. Бірақ жаңа шәкірт ретінде жиі-жиі қатаң сынақтардан өтіп отырдым. Лоуси менің өзімді толықтай кун-фу ұрыс өнеріне бағыштағанымға разы еді. Енді ол менімен өзінің шеберлігінің құпияларын бөлісе бастады және мен сонымен қатар даосимнің негіздерінне үйрене бастадым және даостық ағару жолына түстім.

Менің оқуым мен жаттығуларым жақсы жүріп жатты. Шәкірттер күніне сегіз сағаттан кем емес уақыт бойы жаттығу жасап, жаңа тәсілдерге дағдылануға және күштерін, жылдамдықтары мен төзімділіктерін дамытуға тиіс болатын. Күн тәртібіне сәйкес, мен уақытымның көп бөлігін «мок чжунмен» («ағаш қуыршақ» немесе «ағаш адам) жаттығу жасауға бөлетінмін. Бұл қарапайым құрылғы жан-жақтарына адамның аяқ-қолдары сияқты етіп таяқашалар бекітілген ағаш діңгектен тұратын. «Мок чжун» әдетте арнайы қаңқаға немесе салмақты бір нәрсеге орнатылады. Лоуси оны ауламызда өсіп тұрған ағаштан ойып жасаған болатын.

– «Мок чжунның» көмегімен сен шабуылды қайдан бастауға және соққыны қалай жасауға болатынын дәл анықтай алатын боласың, – дейтін Лоуси маған. – Ең тиімді деген тәсілдерді таңдап үйрен.

Сол сәттен бастап, қоян-қолтық ұрысып үйрену үшін мен еш кінәсі жоқ «мок чжунды» ұрып, тепкілеуден уақытымды аяған жоқпын.

Маған Лоусидің шаолинь сопыларының дәстүрлі қаруларын өз қолымен қалай жасап жатқанына сағаттар бойы қарап тұру өте қызықты болатын. Ол барлық формалар мен өлшемдегі жүздерді жасайтын ал мен оларды жаттығу жоспары бойынша май құя отырып тасқа қайрауға тиіс болатынмын. Ұлы шебер болып табылатын менің атам өз жеке қаруын ойлап табу жолында үнемі ізденісте болатын. Оның шәкірті ретінде кун-фу ұрыс өнерін үйреніп жүрген мен одан тәрбие алып, көп нәрселерді үйрене бастадым.

Саяхаттап жүрген кезімізде сырықтар, таяқтар мен найзалар жасауға лайықты материал табу үшін үнемі ағаштарға қарап жүретінбіз. Біз Тибеттегі буддаға арналған ғибадатханаларға жиі баратын едік. Ол талды тоғайдың арасындағы тамаша жерге орналасқан. Осы талдың бұталарынан түп-түзу сырықтар кесіп алуға болатын. Лоуси үнемі балтасын өзімен бірге алып жүретін еді, сондықтан біз талдың бұталарын кесіп алып, оларды

әдемiлеп тазалайтынбыз. Сырықтар мықты және сонымен қатар иiлгiш болулары тиiс едi. Олардың мықтылығын мен тексеретiнмiн. Бұл үшiн мен сырықты қолыма ұстап жүгiрiп келетiнмiн де, оның бiр ұшын жерге тiрей секiретiнмiн және барынша алысқа секiруге тырысатынмын.

– Ендi маған мұқият қара, – деген атам сырықтардың бiрiн қолына алып, шаолиньдердiң ұрыс тәсiлдерiнiң бiрiн көрсете бастады. Ол көз iлеспес шапшаңдықпен және асқан шеберлiкпен қорғанудың басты әдiстерiн көрсеттi.

– Есiңде болсын, жақсы жауынгер ең бiрiншi қорғанысқа назар аударады. Сен қарсыласыңның келесi қадамын қашан да алдын ала болжап үйренуге тиiссiң.

Бiз Шаолинь қаруларының шоқпар, найза, қылыш, үш ашалы таяқ, қамшы және т. б. он сегiз түрiмен жаттығу жасайтын едiк. Мен айналысып жүрген тайчи жүйесiнде осы қарулардың бәрiмен жаттығу қажет болатын. Ұрыс құралдарының көбi күштi көбейту, жылдамдық пен ептiлiктi және сондай-ақ қоян-қолтық айқаста төзiмдiлiктi, тапқырлық пен айлакерлiктi дамыту үшiн қолданылатын. Қарумен жаттығулар жасау өте қауiптi, сол себептен мен жиi жарақат алатынмын. Бiрде Лоуси маған бiр-бiрiне жiп арқылы жалғасқан қысқа екi таяқты сыйға тартты:

– Қарапайым нунчаку, – деп түсiндiрдi.

Мен оның осы таяқтармен неше түрлi қимылдарды қалай жасап жатқанына қайран қала қарап тұрдым. Ол таяқтарды денесiн айналдыра асқан шапшаңдықпен шыр айналдырды.

– Нунчакудiң тиюi қарсылас үшiн аса қауiптi болуы мүмкiн, – деп ескерттi.

Мен қолымның күшiн нығайту үшiн нунчакумен күн сайын басым мен кеудемдi айналдыра жаттығу жасай бастадым. Нунчакумен жаттығудағы басты нәрсе – оны денеге барынша жақын және оған еш зиян келтiрмей айналдыра бiлу болатын. Мен әсiресе оны артымнан айналдырған кезде басымды жиi ұрып алатынмын. Арада көп өтпей Лоуси маған осы қарудың бұдан да қауiптi түрi –

шынжырмен жалғанған темір таяқтарды көрсетуге тәуекел етті.

Одан кейін мен тәндік күшім мен ептілікті ыңғайлы тұтқасы бар қысқа шоқпарлардың көмегімен дамыттым. Бұл он қырлы шоқпарлар мықты темірден жасалған және салмақтары да біршама болатын. Лоуси мені олармен бірнеше сағат бойы үздіксіз жұмыс жасауға мәжбүрледі. Кейде ол мені тай-чидің судағы жаттығуларын жалғастыру үшін өзеннің жағасына алып келетін.

– Суда дәл құрғақ жермен жүргендей жүр, – дейтін ол. – Назарыңды ішкі күшке аудар, ал айналаңдағы су жоқ болып кететін болсын. Сонда мен жылдамдығымды және күшімді жоғалтпауға тырысып, ағынға қарсы жүретінмін.

Мен Лоусидің бұйрықтарын ешқашан екі еткен емеспін, ал ол мені бар күшім сарқылғанша жаттығуға мәжбүрлейтін. Жаттығу кезінде атам мені жиі жалғыз қалдырып кететін, бірақ оның тіпті алыс қашықтықтан бақылап тұра алатынын білетіндіктен, ол дәл қасымда тұрғандай жылдамдықты баяулатпай және дәл сондай күшпен жұмыс істеуімді жалғастыра беретінмін.

Бірде біз үйіміздің маңайындағы алаңқайға келдік. Күздің жаймашуақ күндерінің бірі еді. Ол менің қолыма шоқпарды ұстатып, жаттығуды бастауды бұйырды. Мен әбден қалжырағанша адал еңбектендім.

Лоуси:

– Жалғастыра бер, – деді де, өзі бір жаққа кетіп қалды. Арада көп уақыт өтті, бірақ атам көрінбеді. Мүмкін, ол ағаштың қалқасында жасырынып тұрған болар? Жоқ, жылдамдықты азайтуға болмайды. Мен бірнеше сағат бойы тынбай жаттығу жасадым, қатты ширығудан бұлшық еттерім талып, көздерімнен жас сорғалады. Лоуси қас қарайғанда бірақ келді.

– Енді тынығып алуыңа болады, – деді.

Атам мені ешқашан мақтамайтын, бірақ біртіндеп оның құрметіне ие болып келе жатқанымды бүкіл жан тәніммен сезіндім.

Дене жаттығулары менің сабақтарымның тек бір бөлігі ғана болатын. Кун-фу өнерін меңгергісі келген адам жан-жақты болуы тиіс. Мен көркемдеп жазуды, шетел тілдерін, кун-фудың тарихын оқып үйрендім және кішкентай кезімнен бастап уақытымның көп бөлігін жәндіктердің, аңдар мен құстардың әрекеттерін бақылаумен өткіздім.

Бірде Лоуси аулаға бір шағын ағаш жәшікті алып шықты. Жәшікті ол бір түрлі түрмен көтеріп келе жатқандықтан, мен жәшіктің ішіне көз салдым да, таңданыс пен қорқыныштан селтиіп тұрып қалдым. Атам мені жанына шақырды да, кішкентай қысқашпен жәшіктен... шаянды алып шықты.

– Шаянның қалай қозғалатынына назар аудар. Ештеңені жіберіп алмай, мұқият қара, – деп сыбырлады Лоуси. – Ол үнемі сақ, шайқасқа үнемі дайын тұрады. Оған өзін ұстаған, үйренген ортасынан ажыратқан ұнамайды.

Ол шаянды имек шанысқысынан қысып жоғары көтерді. Шаян қатты жиырылып, бүктетіле бастады. Атам оны асқан сақтықпен ашық алақанына салды.

– Енді шаян сабасына түсті, бірақ қара, ол әлі сақ отыр.

Мен шаянның қимылдарын сезіктене бақылап тұрдым.

– Мен алақанымды осы күйінде түзу ұстап тұруға тиіспін. Бірақ есінде болсын, – деді атам мені сақтандырып, – қолдың өз күші бар. Шаян оны сезінбеуі тиіс.

Мен тұрған орнымда қатып қалған күйде демімді ішіме тарттым.

– Қазір баяу жел соғып тұр. Шаян сенің тарапыңнан ешқандай қауіпті сезінбейтін болсын, сен желдің лебімен бірге қозғалуға тиіссің... – деді Лоуси.

Атам шаянды тағы бірнеше секунд ұстап тұрды да, содан соң ыршытып жерге түсіріп жіберді. Мен дереу бір жағыма қарай секіріп кеттім және бетімнің дуылдай қызарып кеткенін сезіндім. Атам шаянды қысқашпен қайта ұстап алып, қорапшаға салды да, маған:

– Қолыңды соз, – деп бұйырды.

Оған қарай созған қолым ақырын дірілдеп тұрды.

– Енді тынысыңа назар аудар. Жүрек соғысыңды

баяулатып, сабаңа түс, сонда терлемейсің. Қолыңдағы шаян жүрегіңнің соғысын да, терді де сезбеуі тиіс.

Мен бойымды жинақтап, тыныс алуымды баяулаттым. Бұл дағды кейіннен менің қаныма сіңіп, екінші қырыма айналды. Тыныс алуымды басқару арқылы, мен бүкіл денемнің әрекеттерін басқарып үйрендім, соның арқасында ауруды баса және денемнің қызуын өз бетіммен өзгерте алатын болдым.

Лоуси қорапшаны ашып, маған былай деп кеңес берді:

– Шаянның бойына сіңіп кет. Өз «меніңнен» арылып, шаянға айнал. Оның әрі қарай не істейтіні жайында ойлан. Ол нені көріп, нені сезініп тұр?

Шаянды абайлап алақаныма салған атам менің қажетті қалыпқа қалай шомып жатқанымды көз алмай бақылап тұрды. Мен қозғалыссыз қатып қалдым, бірақ аулада болып жатқанның бәрін назарымда ұстадым. Желдің кенет соғуы немесе күтпеген кез-келген шу шаянды селт еткізуі мүмкін еді, ал бұл мен үшін аса қауіпті болатын. Сол кезде атамның өзімді осы азаптан тезірек арылтуын қалай аңсадым десеңізші. Атам ақыры қажетті нұсқауды берген кезде, оны асқан жылдамдықпен лақтырып жібердім. Атам әлденеге күлімсіреп қойды.

Кун-фудағы жолымның басынан бастап, мен өз «менімді» қандай да бір тіршілік иесінің бойына сіңіріп жіберу өнеріне дағдыландым. Бұл тәсіл жануарлардың аттарымен аталған көптеген шаолиндік стильдерді үйренудегі басты негіз болып табылады.

Біздің ауламызда дәуіттер тіршілік ететін. Лоуси мені солардың қимылдарына бірнеше сағаттар бойы бақылап тұруға мәжбүрлейтін. Ақырында мен солар секілді қимылдауды үйреніп алдым.

– Танлан-цюань (дәуіт стилі) Мин династиясының билігі кезінде Қытайдың солтүстігінде ойлап табылған, – деді атам бірде біз осы стильге жаттығып жүрген кезде.

Кун-фу ұрыс өнерінің кез-келген стилін үйрету кезінде атам ол туралы қандай да бір қызықты аңыз айтып беретін.

– Дәуіт стилінің негізін Ван Лан атты ұрыс шебері қалаған деп есептеледі. Ол осыдан төрт ғасырдан астам уақыт бұрын Шаньдун аймағында өмір сүрген, – деді Лоуси әңгімесін жалғастырып. – Аңыз бойынша, ол туған жерінен шығып, кун-фу ұрыс өнерін үйрену үшін Хэнань ордасына барады. Бірақ ол жердегі дайындық деңгейі оның көңілінен шықпайды. Сөйтіп, бір күні ол күтпеген жерден дәуіт пен денесі мен күші одан бірнеше есе артық цикаданың арасындағы шайқастың куәсі болады. Шайқаста дәуіт жеңіске жеткеннен кейін, әсем қимылдары мен әдет-қылықтарын зерттеу үшін Ван оны ордаға алып барады. Ол жаңа зерттеулерін арасында маймылдың аяғының алдамшы қимылдары бар бұрынғы білгендерімен салыстырады да, нәтижесінде дәуіт қимылдарының солтүстіктік стилінің негізін қалайды.

Осы аңызды айтып болғаннан кейін Лоуси мені танлан-сюань стиліне үйрете бастады.

– Дәуіт стиліндегі басты ұрыс тәсілі – бұл қапталдан қысқа, өткір соққы жасау, – деді атам менің саусақтарымды дәуіттің тікендеріне ұқсатып бүктеп жатып. – Шабуылдайтын немесе тосатын соққы қажет болған кезде осы әдісті қолдан.

Содан кейін ол дәуіттің стиліне ұқсас «мэйхуа алхорысының жұдырығы» стилінің кейбір қимылдарын көрсетті және мұны көз іліспейтін жылдамдықпен істегені сондай, мен оның бес сатылы стаккатоны қалай жұдырықтап жатқанына көздерімді жыпылықтата қарап тұрып қалдым.

– Есінде болсын, дәуіттің артықшылығы – бұл оның сабырлылығы, шыдамдылығы мен батылдығы. Дәуіттің қимылдары аса сақ және нәтижелі. Дәуіт түбінде жеңіске жету үшін артқа шегіну тәсілін жиі қолданады, осылайша, дәуіттің стилінде назар көбіне шабуылға емес, қорғанысқа арналады, – деді Лоуси.

– Танлан-цюаньді шынайы айқаста былай қолданады: қарсыластың білезігінен ұстап, өзімізге қарай тартамыз, содан соң бір қапталына шығамыз да, бүгілген қолымызды оның шынтағының астына қоямыз. Қолымызды тіреу

ретінде қолданып, қапталдан қатты соққы жасаймыз, сонда қарсыластың шынтағы морт сынады.

Бұл қатал тәсілді түсіндіріп жатқан атам саусақтарын дәуіттің тікеңдері секілді етіп бүкті де, жанындағы ағаштың бұтағынан ұстап, оны шапшаң соққымен сындырып түсірді.

Лоусидің кун-фу ұрыс өнеріндегі ең сүйікті стилдерінің бірі жыланның оңтүстіктік стилі болатын. Бұл стильді үйрену өзгелерге қарағанда қиынырақ еді және оның үстіне бұл табанда қатыратын стильдердің бірі болатын. Соққылар бұл жерде бет, кеңірдек секілді жанды жерлерге оқ жыланның шапшаң қимылдарын бейнелеп, саусақ ұштарымен жасалады.

– Құрбанына жабысқан жылан оған өлім құштыратын жара салады, – деді Лоуси. – Жылан сенің денеңе өткір тілімен кенедей жабысып алады, бұл оның сүйікті тәсілі. Лоуси менің сұқ және ортаңғы саусақтарымды қалдырып, қалғандарын жұдырыққа түйді.

– Сенің көздейтін жерің – басты қан тамырлары, – деді Лоуси танауымның алдынан «найза-қол» техникасын көрсетіп тұрып. – Содан соң қолымнан ұстады да, бас бармағымды өз алақанымға әкеліп тақады.

– Мұндай қалыпта дәл оқ жыландікіндей ширығу сақталады, – деді ол. – Оқ жылан ең алдымен осал тұстарды – негізгі жүйке жүйелері мен қан тамырларын көздейді. Ол өзінің олжасын тістеп алады және сонымен бір мезетте бүкіл денесімен шеңберге алып қыса береді. Қимылдарының жылдамдығымен қатар, оқ жылан өте табанды, – деп атам маған ескерті. – Егер ол құрбанына шабуыл жасаған болса, онда оны өлсе де босатпайды.

– Сонда ол «дим-мак» тәсілімен әрекет жасайды ғой? – деп сұрадым мен.

– Дұрыс айтасың. Жыланның стилі үшін ең бастысы – цидің өмірлік қуатын жинақтай білу, – деді Лоуси әңгімесін жалғастырып. – Денесімен буындырып өлтіретін жыланға ұқсау үшін, сенің денең темір серіппе секілді болуы тиіс. Сен циді денеңнің бір бөлігінен екінші бөлігіне қас қағымда

аудара білуді үйренуге тиіссің. Сен тек өз денеңдегі ци ағынын басқарып үйренгенде ғана жылан стилін шын мәнінде меңгере аласың.

Бірде атаммен бірге үйдің артындағы орман арасымен келе жатқанымда, маған ағаш арасынан әлдебір аңның сұлбасы қараң ете қалғандай болып көрінді. Жаттыға келе мен кез келген уақытта сақ болуды үйреніп алған едім және қазір де экстрасенсорлық қабылдау қабілетін өздігінен іске қосылып кетті.

– Ол ақ жолбарыс, – деді атам менің ойымды оқып тұрғандай. Жайбарақат қалпынан айнымаған ол жүрісін әрі қарай жалғастыра берді. – Ол тауда тіршілік етеді. Соңғы бір жарым шақырымда ол біздің өкшемізді басып келеді. Сен оны енді ғана байқадың ба?

Лоуси ақ жолбарыстың қалай тіршілік ететіні, қалай қозғалатыны, жемінің соңынан қалай аңдитыны жайында әңгімелей бастады. Біз тағы біраз жер жүрдік те, содан соң ағаштың басына шығып кеттік.

– Ал енді мұқият қара. Ол қайтсе де біздің алдымыздан шығады. Ақ жолбарыс өте қызық құмар аң, – деді Лоуси.

Біз ағаштың басында көп отырдық. Бір кезде алаңқайдан өте әдемі, сырбаз қозғалатын аңның бейнесі көрінді.

– Ол біздің осында екенімізді біле ме? – деп сұрадым мен.

– Әрине. Мәселе басқада – ол қандай әрекет жасайды? Оның қалай қозғалатынына зер сал. Оның қарны аш па, әлде, жай ғана қызық іздеп жүр ме?

Мен ағаштардың арасымен абайлап басып келе жатқан жолбарыстан көз алмай қарап тұрмын.

– Ол ашулы емес секілді, – дедім мен. Менің сыбырымды естіген ол аузын кере есінеді де, ағаштардың арасына көсіліп жата кетті. – Және аш аңға мүлде ұқсамайды, – дедім көңілім жай тауып.

– Дұрыс айтасың, бірақ қарашы – ол өте сақ жатыр. Ол біздің сыбырымызға құлағын төсеп жатыр және жел солай қарай соққанда иісімізді сезеді. Бірақ біз оған ешқандай қауіп төндірмейміз, сондықтан да ол жайбарақат жатыр.

Мен бұл аңнан көздерімді ала алмадым, оның тамаша терісіне, қайталанбас әдемі жолақтары мен оның тұла бойындағы кез келген сәтте сыртқа шығуға даяр қуатты күшке таңдана қарадым.

Одан кейінгі апталарда біз осы ақ жолбарыстың іздерін үнемі байқап жүрдік. Ол адамдардың тұрағына ешқашан жақындамайтын, бірақ таудың етегінен орманға жиі түсіп келетін. Кейде, оның назарын аудару үшін атам оған жас ет ала келетін. Сол уақыттарда мен жолбарыстың қимылдарын қайталап үйрене бастадым.

– Қимылдарына ғана емес, сондай-ақ оның қалай ойлап, қалай тыныс алатынына назар аудар, – деді деді Лоуси. – Сен дәл ол секілді ойлап, дәл ол секілді әрекет жасауды үйренуге тиіссің. Жолбарыс стилін тек сонда ғана меңгере аласың.

Бірде біз ақ жолбарысты өзі ойнауға және демалуға жиі келетін алаңқайдан көрдік. Жолбарысқа жақыннан қарау үшін оған ық жағынан жақындап келдік. Біз оған барынша жақындап келген кезде, жолбарыс ұйқысынан ояңғандай болды да, бізбен сәлемдескендей құйрығын бұлғаңдатып қойды. Лоуси бірден ағаш басына шығып кетті. Ағашқа ешкім де менің атам секілді өрмелей алмайды. Мен де ағашқа шықпақ болып едім, атам мені тоқтатып:

– Оның жанына бар, – деп сыбырлады.

Иә, біз жолбарысты көп апта бойы сыртынан және жеткілікті дәрежеде жақын қашықтықтан бақылап жүрдік, бірақ мен оның аса қауіпті жыртқыш екенін түсінетінмін. Ол қас-қағымда-ақ мені парша-парша ете алады.

– Ол сені біледі. Жолбарысқа оның балаларының бірі секілді болып бар. Жолбарыстың баласына айнал. Қорқынышыңды бас, әйтпесе ол сені талап өлтіреді, – деді Лоуси.

Мен демімді ретке келтіріп, әрекет етуге дайындалдым. Қолымдағы сырығымды абайлап жерге қойдым да, екі қолымды жаныма ұстап, ақырын жолбарысқа қарай жақындадым. «Ол менің тарапымнан ешқандай қауіпті

көрмеуі тиіс, – дедім өз-өзіме. – Оған тіке қарамай, көздерімді төмен салып жүруім қажет. Ол мені қауіпсіз тіршілік иесі деп есептеуі тиіс».

Еркіндіктегі ақ жолбарысты сыртынан бақылау бақыты барлық адамдарға бірдей бұйыра бермейді. Басын алға созылып жатқан аяқтарының үстіне қойып алаңсыз жатқан аса күшті әрі қауіпті жыртқыш аң сол күні дәл бір үй мысығына ұқсап, менің өз құлағынан сипауыма ерік берді. Кенет оның арғы жағынан бұтаның сынғаны секілді сырт еткен дыбыс естілді. Мұны күтпеген мен еріксіз қолымды шұғыл тартып қалдым. Жолбарыстың қарсы әрекеті еш күттірген жоқ, ол мені алдыңғы аяғымен аямай ұрып жіберді. Артқа қарай қалай секіріп үлгергенімді білмеймін. Мен қозғалып кеткеннен кейін жолбарыс мені екінші ұруға дайындалды. Ол орнынан көтеріле бастаған кезде, келесі соққының мені өлім құштыратынын түсіндім. Маған жанымды сақтап қалу қажет еді. Өз-өзімді жеңіп, оның көзіне тура қарамауға тиіспін. Ең бастысы, тұра қашпау керек. Онда жолбарыс бірден бас салады. Тұра қашудың орнына, мен оған алғаш қандай момақан күйде жақындасам, дәл сол қалыпта қалшыып тұра бердім. Ол маған тесіле қарап тұрған кезде, мен көздерімді төмен түсіріп, оның аяқтарына қарадым. Сол кезде жолбарыс қозғалысын тоқтатты және мен ақырын бір қадам артқа шегінгенде қайтадан орнына жатты.

Лоуси мені тағзым етіп қарсы алды. Ол маған бірінші рет осындай құрмет көрсетті.

– Ал сен білуге әуес екенсің және өте қабілеттісің, – деді және содан бастап мені «Ло Фун Цзай», яғни, «Кішкентай жолбарыс» деп атай бастады.

Қимылдары мен мінез-құлықтарын бақылған барлық жануарлардың ішінен маған жолбарыс ерекше ұнайтын. Соңдықтан, әрине, мен жолбарыстың стиліне жаттыға бастадым. Кун-фу ұрыс өнерінде бұл стиль бірінші кезекте сүйектерді, сіңірлер мен бұлшық еттерді күшейту үшін қолданылады. Бұл стильдің және жылдам қозғалыстары

өте күштілігімен ерекшеленеді. Жолбарыс табиғатында төбелескіш емес, ол өзін әбден бұрышқа тақағанша төзімділік танытады, ал бірақ содан кейін оны тоқтата алмайсың. Жолбарыс стилін қолданатын жауынгер қоян-қолтық ұрыста асқан жанкештілікпен төбелеседі. Бұл стильдегі «жолбарыстың аяғы» тәсілі қарулы қарсыласпен қарусыз шайқасқан кезде аса пайдалы. Шабуылдаушының қолындағы қаруын қолмен қағу немесе оның шешуші соққы жасауына ерік бермеу арқылы кун-фу жауынгері оны артықшылығынан айырады.

Он жасымда атам бірде мені орманға ертіп әкелді. Жерге жарық жаңа түсіп келе жатқан уақыт болатын. Біз жолай әдеттегідей медитация жасай отырып бірнеше шақырым жер жүрдік, бірақ бүгінгі жүрген жолымыз маған таныс емес еді. Ақыры біз екі ағаштың ортасына керілген жіпке ілінген ағаш платформаның жанына келіп тоқтадық. Сегіз қырлы платформаның көлденеңі бір жарым метр шамасында екен. Оның астыңғы жағында бірдей ұзындықтағы жүздеген темір істіктер шошайып тұр. Ағаш платформаның астындағы тапталып қалған жерді көрген кезде менің тамағым кеуіп кетті.

– Платформаның астына тұр, – деп бұйырды Лоуси.

Мен қашанғы әдетім бойынша оның айтқанына сөзсіз бағындым. Ағаш платформаның астында тұрып, алакеуімде қорқынышты болып көрініп тұрған темір істіктерден көз алмай қараумен болдым.

– Секіруге дайындалған жолбарыстың қалпын ұстан.

Мен төменгі қалыпқа тұрған кезде атам платформаны ұстап тұрған арқанды біртіндеп босата бастады. Ақыры істікпен менің аразамызда бір сантиметрдей ғана қашықтық қалды.

– Енді тағы төменде, сандарың жермен параллель болсын.

Мен оның айтқанын орындадым.

– Бұл керіліп жатқан жолбарыстың қалпы, – деді Лоуси. – Ол шайқасқа арналған қалып емес, бірақ бұл сенің аяқ бұлшық еттеріңнің дамуына көмектеседі. – Осылай деген

ол платформаны тағы төмен түсірді. Содан соң: – Байқа, орныңнан көтеріліп жүрме, – деді де, үйге қарай кетіп қалды.

Менің осы қалыпта тұрғаныма өте көп уақыт болған секілді болып көрінді. Айналаға жарық түсе бастады. Күннің ысуына әлі ерте екендігіне қарамастан, денемнен тер бұршақтап ақты. Аяқтиарым қатты ұйып кетті, бірақ темір істіктер денеме қадала ма деген қорқыныш мені орнымнан тапжылтпады. Лоуси туралы ойлалағаным сол екен, ол жер астынан шыққандай жанымнан пайда бола кетті. Лоуси менің қалпымды тексеріп, платформаны айналып шықты. Ол менің шегіме жетіп тұрғанымды көрді. Көз жасы мен тер бегімді жуып жатты.

– Жаттығуды кішкене жеңілдетуіңе болады, – бір аяғыңды алға қарай соз, – деп бұйырды ол. Мен әупірімдеп жатып бір аяғымды алға создым. Жағдайым шынымен де жеңілдеп, аяғымның дірілдегені басылып қалды.

– Бұл қалып «садақ пен жебе» деп аталады, – деді. – Қара, сенің бір аяғың садақ секілді бүгіліп және ширығып тұр, ал екінші аяғың жерге тіреліп тұрғанымен, жебе секілді түзу жатыр.

Осы қорқынышты ағаш платформаның көмегімен Лоуси маған көптеген төменгі қалыптарды үйретті. Олардың әрқайсысы жолбарыс стилінің белгілі бір қырлары болып табылатын. Менің жаттығуларым тынымсыз отырып-тұрудан, «садақ пен жебе» қалпынан «шабуылдағы мысық» қалпына және айналу арқылы «жылқының» қалпына ауысып отырудан тұратын. Платформа астында бірнеше ай жаттыққаннан кейін мен төменгі қалыпта отырып қимылдарды ауыстыруды үйреніп алдым және аяқтарымның шыныққандары сондай, бұлшық еттері темірдей болып қатайып алды. Лоусидің басшылығымен жасалған осы жаттығулардың арқасында қолдарымның да күші көбейіп, төзімді бола түсті. Оның сабақтары бұрын да қатал еді, ол аздай енді ол платформа астында қинала бүктеліп жатқан кезімде қолдарымның үстіне тас бастырып

қоятын болды. Бұл адам төзгісіз азап еді, бірақ мен оған бағынуға тиіс болатынмын.

Уақыт өте келе осы қалыптарға дағдыланып алғаным сондай, оларға еш ойланбастан, автоматты түрде тұра алатын болдым. Лоуси ара-тұра маған түрлі сынақтар жасап тұратын. Бір күні түнде ол бөлмеме кіріп, ұйықтап жатқан менің үстіме бір шелек мұздай суды шашып жіберді. Не болғанын әлі түсінбей орнымнан қарғып тұрып, «жылқының» ұрыс қалпын ұстанып тұра қалдым. Ал Лоуси менің қалыпқа дұрыс тұрмағанымды айтып айқайлай жөнелді.

– Мына иықты алға шығару қажет, – деген ол жұдырықпен аузыман салып жіберді. Содан соң мүлде басқаша дауыспен жаттығу және медитация жасау үшін аулаға шығуға дайындалуды бұйырды.

Бірде Лоуси себеттен сия, тамаша мыс қауырсындар жиынтығы мен таза қағазды шығарды.

– «Жолбарыстың» ұрыс қалпы туралы білгендеріңнің бәрін қағаз бетіне түсіргеніңді қалаймын, – деді.

Таң атқаннан кеш батқанша жазу жазуыма тура келгеніне қарамастан, осы тапсырманың арқасында мен жанды қалжырататын жаттығулардан біраз демалып қалдым.

Үйіміздің ішкі ауласы маған қинау мен азап шеккізу орны болып көрінетін, бірақ сол күні жалғыз өзім медитация жасап отырып, кенет ол жердің өте әдемі екенін байқадым. Дәл менің алдымнан, арғы қабырғадағы «ай қақпалардың» үстінен қытайша Ханшань Сы деп аталатын Суық таулардың оңтүстік сілемдері көрініп тұр. Күннің жарғынан көздерімді сығырайта қарап, ол жақтан қалың бұталардың жоғарғы жағынан орын тепкен монастырьдің сұлбесін байқадым. Менің төбемде, қабырғаларды айнала және шатырда ертегі-аңыздағы жануарлардың билеп тұрған суреттері бейнеленген. Осындай мүмкіндік болған кездерде, мен оларға үнемі жадырағандай қарап тұратынмын. Кейін білгенімдей, бұл жануарлардың бейнелері үйді жаман рухтардан қорғайды деп есептеледі екен.

Қытайлардың басым көпшілігі секілді, менің туыстарым да аса ырымшыл болатын, бірақ кун-фу ұрыс өнері маған кез келген қорқынышты жеңуге қабілетті сенім сыйлады.

– Сенің ішіндегі құдайдан өзге ешқандай құдай жоқ, – деп қайталаудан шаршамайтын Лоуси маған. – Өз қорқынышыңды жеңу үшін ци қуатын қолдан.

Лоуси менің бойымдағы кез келген қорқынышты қуып шығара білетін және ол мұны адам сенгісіз тәсілдермен жасайтын. Бірде біз бірнеше күн қатарынан тауға көтеріліп, ақыры оның ұшар басына шықтық. Қатты жел соғып, жаңбыр жауып тұрды, бірақ соған қарамастан Лоуси маған жаттығуды бастауды бұйырды. Жинақталу өте қиын еді: қатты, ұйытқи соққан жел үстімдегі жұқа киімдерімді жұлып әкете жаздап тұрды және оның мені кез келген сәтте жартастың терең жарығына ұшырып жіберуі мүмкін еді.

Осыдан кейін Лоуси мені түрлі жарыстарға ертіп апара бастады. Біз Қытай аумағында түрлі ордаларға бардық. Солтүстік-шығыстағы Шаньдуннан бастап Ланьчжоу мен Чэнду арқылы батыстағы Тибетке дейін бардық. Кейде Пакистанға дейін баратынбыз. Мені қызықпаушылыққа, сезімдерді баса білуге үйреткен болатын, бірақ Гонконгке келген сайын мен таңданысымды жасыра алмайтынмын. Бұл XX ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғы болатын. Аралда өмір қыж-қыж қайнап жататын. Мен спорттық көліктерге, батыс үлгісіндегі тамаша киім киген адамдарға, көшелердегі жарқырап тұрған жарнамаларға қызыға қарайтынмын.

Менің Гонконгқа алғашқы сапарымның мақсаты куматай жарысын көру болатын. Куматайдың жасырын өтетін жарыс екеніне қарамастан, ол жерде полиция қызметкерлері мен өзге шенді адамдар да бәс тігетін.

– Бұл жерде еркін стильде және толық байланыста сайысады, яғни, шындап, аяусыз төбелеседі. Ұрыс өнерінің алуан түрлерін ұстанатын жауынгерлер осы жерде бақтарын сынай алады, – деп түсіндірді Лоуси біз жарыс өтетін жердегі өз орнымызға жайғасып жатқан кезімізде.

Бұл жарыс (және ол жердегі адамдардың көңіл-күйлері) мен көрген басқа жарыстардан өзгеше болатын.

– Қан аңсаған айуандар... – деді менің естері кете айқайлап жатқан адамдар тобырына қарап тұрғанымды байқаған атам. – Жауынгерлер біреуі өлгенге дейін төбелесетін кезде үнемі осылай болады.

Мен Лоусидің өзінің де осы жарыстарға қатысқанын және бір-екі рет қана емес, сан мәрте қатысқанын білетін едім.

– Бір кезде сен осы жарыстың жеңімпазы боласың, – деді атам және мен оның айтқанының болатынын жақсы білдім.

4-тарау

Жасым он екіге толғанда атам мені қайтадан Англияға жіберетінін айтты. Ата-анаммен кездесемін деген ойдың өзінен-ақ бойымды толқыныс пен қорқыныш қатар кернеді. Әуежайға келе жатқан жолды Лоуси екеуміз үнсіз өткіздік, әркім өз ойымен болды. Әуежайға келген кезде атам Лондонда менің кун-фумен жаттығуымның жалғасатынын айтты.

– Женевадағы Халықаралық кун-фу федерациясы арқылы келісіп қойдым. Саған ұстаз тағайындап береді және оқуыңның ақысын төлейді, – деді. – Мен сенің табыстарыңды бақылап жүретін боламын және біраз уақыттан кейін осы жаққа қайтып ораласың.

Содан кейін маған тағзым етті де, үйге қайтып кетті.

Ұшақ көкке көтерілгеннен кейін мен алда өзімді не күтіп тұрғаны жайында ойлана бастадым. Қытайда болған сегіз жыл ішінде мен ата-анама бірнеше рет бардым және кейде олармен бірнеше айлар бойы бірге болған кездерім болды. Өмір қызу қайнап жататын Лондон мені үнемі өзіне тартып тұратын. Маған ойыншықтарға толы сөрелерге, Трафальгар алаңымен серуендеп жүретін панктерге, екі қабатты қызыл автобустарға, Пикадиллияның жарқыраған шамдарына қызыға қарайтынмын. Бірақ ата-анаммен бірге тұру маған қашан да оңай болмайтын. Олардың Қытай туралы ештеңе естігілері келмейтін. Әсіресе бұл анама қатысты еді, ол өзін дәл бір Қытай деген ел менің өмірімде болмағандай ұстайтын. Менің жанымда ол өзін үнемі ыңғайсыз сезінетін. Біз мүлде сөйлеспейтінбіз. Ағылшынша сөйлеп үйренуге бар күшімді салғаным да көмектесе алмады. Кантон диалекті тез-ақ менің туған тіліме айналды. Әрине, өз әке-

шешесінің тілін анам да білетін, бірақ мен бұл туралы ешқашан сұраған емеспін. Отбасымыздағы көп нәрсе мен үшін құпия болып қала берді.

Ұшақтың жайлы орындығына жайғасып отырып алып өзімнің тоғыз жасымдағы Англияға соңғы сапарымды есіме алдым. Бір күні мен анаммен бірге супермаркетке бардым. Әдеттегісінше, анам қол арбаны түрлі азық-түлік пен тәттілерге толтырып алды. Мен анамның бір қорапша креветканы арбада тұрған сөмкесінің астына сұға салғанын байқап қалдым.

Анам сатушының алдына келіп, арбадағы креветкадан өзге азық-түліктің бәрін шығарып есептесе бастаған кезде, ойымда ештеңе жоқ:

– Мама, сен креветкаларды ұмытып кеттің, – дедім.

Қысылып қалған анам:

– Ой, мен осындай ұмытшақпын! – деді де, тағы да ақша алу үшін сөмкесіне қолын созды.

– Уайымдамай-ақ қойыңыз, – деді жап-жас сатушы қыз. – Қателеспейтін адам жоқ.

Дүкеннен шыққан кезде анамның ашудан жарылардай болып келе жатқанын байқадым. Оның түнерген жүзінен маған деген жеккөрініші байқалады, бірақ мен бұған үйреніп алған болатынмын. Тек бұл жолы не жазып қалғаным түсініксіз, бірақ қалай дегенде де менің үндемегенім дұрыс еді.

Егер ол бірнеше күннен кейін тағы қайталанбағанда, мен бұл оқиғаны ешқашан есіме алмауым да мүмкін еді. Бұл жолы ана қымбат кәмпит қорабын ұрлап алмақ болды. Касса алдында кезекте тұрған кезімізде, ол арбадан қорапты алып, пальтосының кең қолтығына сұға салды.

– Мама, қажеті жоқ... – дей берген едім оның қатулы қабағын көріп тілімді тістей қалдым.

Бұл естеліктер жаныма тыныштық бермеді, сонда мен бақыттырақ болған шақтарымды еске түсіруге талпындым. Эджвердегі үлкен үйде тұрған шақтарымыз есіме түсті.

Әкем қолынан іс келетін телешебер еді және сол кезде тасы өрге домалап тұрса керек. Бірде ол үйге тым кеш

оралды. Мен қуанышты дауыстар мен күлкіні естідім. Теледидар жөндеткендердің бірі оған көп ақша төлепті. Үйге ентіге басып кірген ол бір бума ақшаны лақтырып жіберді. Қатты қуанышты анам шашылған ақшаларды жинай бастады. Әкемнің анамның белінен құшақтап, екеуінің шыр айнала билеп кеткендерін көргенде мен де көңілдендім. Бұл біздің отбасымыздағы менің есімде қалған ең сирек қуанышты сәттердің бірі еді.

Біз көкке көтерілгеннен бері бірнеше сағат өтті. Мен мотордың гүрілдеген үніне құлақ салып отырмын. Ақыры мен ұйықтап кеттім де, ұшағымыз Лондондағы Хитроу әуежайына келіп қонып жатқан кезде бір-ақ ояндым.

Авиарейс стюардессалары қашанғыдай ілтипатты болды және ұшақ қонғаннан кейін олардың бірі мені терминал арқылы ата-анам күтіп тұруға тиіс күту залына ертіп әкелді. Менде ешқандай жүк жоқ болатын. Күту залы күтіп алушыларға лық толы екен. Көз жүгіртіп әкешешемді іздеп оларды тауып алдым. Анам мен үнемі көз алдыма елестететідей әдемі көйлек киіп алыпты. Аяқ киімі мен сөмкесі бір-біріне үйлесіп, өте жарасымды болып тұр. Ал енді әкемнің сиқы кетіп қалыпты. Ол ұзын бойлы, майда қалың қара шашты сымбатты адам еді. Қазір мен оның мүгедектер арбасында отырғанын көрдім. Денесі шөгіп, жүзі қуарып кетіпті. Шаштарына ақ түскен. Мен ата-анаммен тағзым етіп амандастым. Анам бір түрлі қысылған кейіпте бетімнен шөп еткізді.

Кейінірек мен атамның ауруы жайлы біраз нәрсеге қанықтым. Оның ауыр науқасқа шалдыққанына көп уақыт болған екен. Шашыраңқы склероз деген диагноз оған мен дүниеге келгеннен көп өтпей қойылыпты. Бұған мені кінәлі санап, анамның мені жек көруінің себебі осыда ма деп ойлаймын.

Әкеммен бәрі басқаша еді. Ол өзінің құралдары мен басқа да қызықты заттарды көрсетіп, көп уақытын менімен өткізетін. Маған оның іші түрлі шуруптар, бұраңдалар мен гайкаларға толы сандықшасы ұнайтын. Ол маған шахмат

ойнауды үйретті. Екеуміз ол оқып беретін кітаптарға қарап түрлі техникалық модельдер кескіндемелер жасайтынбыз. Ол өзінің кәсібіне қатысты қалың-қалың кітаптарды оқып отыратын. Әкеммен бірге болу қызықты болғанымен, біз ешқашан бірге жүгіріп, күрескен не бірге доп ойнаған емеспіз. Мұның себебін мен енді түсіндім. Ол жұмыс істеуге деген қабілетін сақтауға бар күшін салды, бірақ ол тез шаршап қалатын. Анам дүкенге кетіп, үйде ұзақ уақыт жалғыз қалған кездері ол кітабын тізесіне қойған күйі ұйықтап қалатын.

Бұл жерде атам орнатқан тәртіпті ұстану талап етілмегенімен, Англиядағы өмірге үйрену оңай болмай шықты. Бұл жердегі, яғни, Батыстағының бәрі мен үшін жат нәрселер еді. Алғашқы кездері мен тіпті жұмсақ төсекке ұйықтай алмай, еденде жатып жүрдім.

Ата-анам мені жергілікті жалпы білім беретін мектепке орналастырды. Ал кешкісін ағылшын тілінен қосымша сабақ алатынмын. Мектепті мен бірден жек көріп кеттім. Менің өзге балалармен ортақ еш нәрсем жоқ еді. Алғашында олардың боғауыз сөздер айтулары, ұстаздарды құрметтемеулері мен үшін нағыз сұмдық нәрсенің өзі болып көрінді. Менің алған білімім бойынша үлкендерді сыйлап қана қоймай, олардың айтқандарын бұлжытпай орындау.

– Әй, сығыр көз, қайда кетіп бара жатырсың? – Бұл осындағы бұзық балалардың басшысы Стив Дженкинс болатын. Олар мені осы мектепке келген сәтімнен бастап мазақ етумен келеді. Бірақ олармен байланысым келмеген мен шыдамдылық танытып жүрдім. – Сірә, өзіңнің қытайлық достарыңа түскі асқа кетіп бара жатқан боларсың?

Оның нөкерлері күлкіге қарық болып қалды. Олар мектеп ауласында артымнан қалмай еріп жүрді.

– Әй, қытайлық, мен сенімен сөйлесіп тұрмын. Не, естімей тұрсың ба?

Мен оларға назар аудармауға тырыстым, бірақ бойымда ашу бас көтере бастады. Әрине, адамдарды қызықтарынан

айыруға болмайды. Бірақ олар кімге соқтығып тұрғандарын білмейтін еді. Кун-фу ұрыс өнеріндегі басты ұстанымдардың бірі – соқтығысудан алшақ жүру, тек қорғану мақсатында ғана әрекет ету болып табылады. Бірақ балалар соңымнан қалар болмады. Олардың мазақтарынан зығырданым қайнай бастады. Сүйкімсіз, ірі денелі Стив Дженкинс балаларға соқтыға беретін, әсіресе қара нәсілді балалар мен азиялықтарға тыным бермейтін. Бірде мен оны қаладан әкесі екеуін көрдім. Екеуі де шаштарын тақырлап алып тастапты, ал әкесі қолына халықтық майданның (Ұлыбританиядағы фашистерді жақтайтын экстремистік партия. 70-80 жылдары олар бастаған көше қақтығыстарынан Африка мен Азиядан келген көптеген адамдар зардап шекті) белгісі бейнеленген суреттер салғызып алыпты. Бір сөзбен айтқанда, ол нағыз оңбағанның өзі болатын.

– Не болды, қытайлық, менімен сөйлесуден қорқасың ба? А, иә, ұмытып кетіпшің, сен ағылшынша білмеуші едің ғой! – Ол алдыма тұра қалды да, көздерін сығырайтып, аузы-басын қисаңдата бастады.

Ол жол бермегендіктен, мен тоқтап қалдым. Өзге балалар басшыларының істегендерін қайталап, оны әрі қарай әрекет жасауға қайрай бастады. Сол сәтте есіме кенет «Триадалық» балалар өзімді оңдырмай сабап кеткен күн есіме түсті. Ондай нәрсе енді қайталанбауы тиіс. Дженкинс көздерін қатты сығырайтуға тырысып, көздерінің терісін қолдарымен екі жаққа керіп жатыр.

– Мені жайыма қалдыр, – дедім ақырын, бірақ нық үнмен. Дженкинс күліп, мені мазақтай бастады:

– «Жайыма қалдыр» дейсің бе? Балалар, келіңдер, оны сұлатып түсірейік, өзі қалағандай «жайына» жатсын.

Ол жаңдайшаптарына мақтана көз тастады да, маған қарай бұрылып, ұрып құлату үшін жұдырығын сермеп қалды. Мен шапшаң қимылдап, қарсы әрекет жасадым. Аяғыммен қатты соққы жасап, оның мұрнын сындырып жібердім. Дженкинс гүрс етіп құлап түсті. Қалғандары оның мұрнынан аққан қанды тоқтатуға бар күшін салып,

неше түрлі сөздерді айтып боқтап жатқанына шошына қарап тұрып қалды. Мен олардың әрқайсысының көздеріне жеке-жеке қарап қарап шықтым. Олар қаша жөнелді және дер кезінде осылай істеді. Бұл мені сабама түсірді.

Төбелес үшін мені онша қатал жазалаған жоқ; мұғалімдер менің алғашқы күндерден бастап қандай нәрселерге төзіп келуге мәжбүр болғанымды түсінетін. Мен еңбексүйгіш, әдепті және тәртіпті бала едім, ал Стив Дженкинс нағыз бұзақының өзі болатын. Осы жағдайдан кейін оны мектептен шығарып жіберді. Мен кун-фу тәсілдерін біледі екен деген хабар оқушылардың арасына лезде тарап кетті және енді балалар менің жаныма топтала бастады. Бұрын мен ешқашан басты назарда болып көрмеген едім. Көңіл көтеріп, түрлі нәрселермен айналысу үшін балаларға басшы қажет еді, сондықтан мен үйренген қатал заңдарға сәйкес бір қалыпты, тәртіпті өмір мен еркіндіктің қауіпті жаңа сезімнің екі ортасында дал болдым. Жаңа мәдениетпен кездесу мені әбден әбігерге салды. Мұғалімдер мектепте қарапайым тәртіпті сақтату үшін оқушылармен шайқасқа түсуге мәжбүр болып жүрген кезде, мен ойына келгендерін істейтін балалардың арасында өзімді қалай ұстау керектігін білмедім. Балалар менен жасқанатын және бұл маған ұнайтын еді. Енді маған зәбір көрсеу туралы ой ешкімнің басына кіріп шықпайтын. Оның құрбаны болғанша, бұзақы болған жақсы.

Егер де кун-фу ұрыс өнерін үйренуді жалғастырмағанымда, онда Стив Дженкинстің жолына түсіп кетуім әбден мүмкін еді.

Менің атам белгілі адам еді, сондықтан ол штаб-пәтері Женевада орналасқан Халықаралық кун-фу федерациясы (МФКФ) арқылы менің оқуымның ақысының төленуіне ықпал ете алды. МФКФ өкілдері менің Чжан мырзаның басшылығымен әрі қарай жалғастыруыма мүмкіндік жасады. Чжан мырза көп жылдық тәжірибесі бар кун-фу шебері, өте қайырымды және көңілді адам еді. Бірақ, арада көп өтпей менің шеберлігімнің көп жағынан онікінен

асып түсетіні белгілі болды. Алайда Чжан мырзаның басшылығымен өтетін жаттығулардың тәртібі өте күшті еді және бұл менің оқуыма үлкен септігін тигізді. Сол себептен арада көп өтпей мені кун-фу мектебінің жаттықтырушысының көмекшісі етіп сайлады. Сол жерде мен Ямайкадан келген Кингслеймен таныстым. Кун-фу өнерін жетік білетін ол, менің алғашқы жақын досыма айналды.

Чжан мырзаның аса қатаң шектеу қоймағанына қарамастан, кун-фу мектебінің тәртібі мені көшенің ықпалынан және түрлі қиындықтарға ұрынудан аман сақтады. Әйтсе де, мектептегі тәртіп ұрыс өнерімен шындап айналысуда аса қажетті менің санамдағы қатаң тәртіппен сәйкес келмейтін еді. Қазір мен сол кезде өмірімнің басым бөлігін соған бағынумен өткізген мықты қолға мұқтаж болғанымды түсінемін. Өзіме қажетті ұстанымда тұрумен беріктікті, онда да белгілі бір дәрежеде ғана, мен ұстаздарымның бірінен таптым. Сайзер мырза рухани білім үшін жауап беретін. Оны балалардың бәрі дерлік жек көретін еді. Ол өте қатал болатын, ешқандай ақымақтыққа төзбейтін және ешкімнің өзін мазақ етуіне жол бермейтін. Мен үлкендерді барлық уақытта да құрметтейтінмін, ал Сайзер мырза мен шын мәнінде сыйлайтын санаулы оқытушылардың бірі болатын. Оның сабақтарынан шынайы рахат табатын едім. Атам маған әлемдік дін ілімдері жайында көп әңгімелейтін. Нағыз шынайы құдайдың – адамның жүрегіндегі құдай, ал атап айтқанда, ци болып табылатынын тамаша біле тұра, мен түрлі діндер жүйесі туралы әңгімелерді аузымды аша тыңдайтынмын. Сайзер мырзаның Ыбырайым туралы және оның өз ұлы Ысқақты қалай құрбандыққа шалмақ болғаны туралы киелі кітаптық әңгімені айтып бергені дәл қазіргідей есімде. Ыбырайым өз Құдайына асқан мойынсұнушылық танытты және үлкен ерлік жасады! Сол кезде мен Киелі кітапты қолыма алып, осы ұлы кітаптан тағы бір нәрселерді оқуым керек деп ойладым.

МФКФ-тің қамқорлығында болғандықтан ұрыс өнерінің алуан түрлерінен болатын халықаралық жарыстарға қатынаса алатын едім. Мұндай жарыстар көбіне Азия елдерінде өтетіндіктен сол жақтарда үнемі атаммен кездесетінмін. Атамның мен үшін орасан бәстер тігетінін білетінмін және оны ешқашан ұятқа қалдырған емеспін. Жыл сайын Қытайға қайтып барып, атамнан сабақ алу үшін екі ай уақыт сол жерде болатынмын. Ол мені енді ұрмайтын, бірақ мен оған бұрынғысынша сөзсіз бағынатынмын.

Жасым он жетіге келген кезде атам маған шынайы өмірде сынақтар жасай бастады. Бірде екеуміз Поян көлінің оңтүстік-шығысына, Цзянси аймағындағы Наньчанға бардық. Ол кезде мен Наньчанның көше бұзақыларының «белгілі» екенін білмейтін едім. «Барлық уақытта сақ бол. Күтпеген нәрселердің болуы мүмкін», – деп ескертті Лоуси. Содан соң ол маған көшенің дәл ортасында шешініп, іш киіммен ғана қалуды бұйырды. Бұл күтпеген нәрсе еді. Батылым жетіп, оның жүзіне көз тастадым, бірақ оның бетінен ештеңені оқу мүмкін емес еді. Атам күртесінің ішкі қалтасынан шиыршықталып бүктелген қағазды алды да, мойныма іліп қойды. Ондағы жазуларды оқыған кезде, менің көзім алақандай болды. Онда «Хум ка чжань» («Бәріңе өлім келсін!») және «Чжао ни нян дэ чжу цзун ши ба дай» («Ата-бабаларыңның артынан барыңдар!») деген сөздер жазылыпты.

Лоуси мені қараңғы көшеге қарай итермеледі:

– Ары қарай жалғыз барасың.

Атамның ойын мен енді ғана түсіндім. Тұйық көшемен бірнеше қадам жасағаным сол екен, әріректе тұрған әжей үйіне жүгіріп кіріп, есігін бекітіп алды. Кенет боқтық сөздер естіді де, қолдарына кастет ұстаған сегіз-тоғыз көше бұзақылары маған тап берді. Тұйық көше тар болатын. Бұл мен үшін өте қолайлы еді. Олар бәрі бір мезгілде шабуылдай алмайды. Мен дереу жолбарыстың төменгі қалпын ұстап тұра қалдым. Аяқтардың жылдам жұмыс істеуін қажет ететін тәсілді қолдануға бел байлаған мен ойымды

шабуылдаушыларға аудардым. Олардың алғашқысы маған оң жағымнан тап берді. Айналып кеткен мен оған қолмен тосқауыл қойдым да, асқан жылдамдықпен оң аяғыммен бір тептім. Сол сәтте басыма қарай соққы жасауға келе жатқан екіншісінің кастет ұстаған қолын көрдім. Мен тағы айналып кеттім де, кастет ұстаған қолды қағып жіберіп, оны қатты қаптал соққымен талдырып тастадым.

Аяғыммен жылдам жұмыс істеуімді жалғастырып, бетімнен ұрмақ болып келе жатқан келесі бұзақыны күтіп алдым. Оның қолын шалт қимылмен қағып жіберіп, саусақтарымның сүйектерімен қысқа соққы жасадым. Ол гүрс етіп жерге құлап түскен кезде, алға жылжу үшін оның арқасына секіріп шықтым. Келесі екеуі маған бір мезгілде шабуыл жасады: бірі оң қолымен жүрек тұсымнан ұруға оқталса, екіншісі аяғымен қапталдай тебуге дайындалып келеді. Мен алдымен сол қолыммен біріншісінің соққысын қайтардым да, содан соң жұдырықпен самайынан ұрдым. Содан кейін қатты еңкейіп екіншісінің соққысын өткізіп жібердім де, айналып келіп шабынан тептім.

Тағы біреуі жүгіріп келді, бірақ мен секіріп кетіп, оны жанымнан өткізіп жібердім де, өкшеммен самайынан теуіп құлаттым. Келесі біреуі жұдырығымен кеудемнен ұрмақ болып келе жатты. Мен кеудемді тарта қалдым да, тіземмен шабынан тептім. Қалған екеуі ызалан боқтық сөздер айтып, қолдарындағы шөлмектерін маған қарай лақтырып, өздері қаша жөнелді.

Мен демімді алып, шайқастың аяқталғанына көз жеткізу үшін біраз тұрып қалдым. Осы сәтте жер астынан шыққандай болып Лоуси пайда бола кетті де, маған иіліп тағым етті. Содан кейін біз бұл жерден қарамызды батыруға асықтық.

Содан кейінгі жылдары атам екеуміз Наньчанда бірнеше рет болдық және соның бәрінде көше бұзақыларымен шайқасқа түстік. Бұл жерде мен өзімнің мейлі ол ережелі немесе ережесіз болсын, кез келген шайқасқа төтеп бере алатынымды бірінші кезекте өзіме дәлелдеумен болдым.

Бірде атам мені қытай опералық әншісінің киімін киінуге мәжбүрледі. Екеуміз тауға көтеріліп, бір жұпыны ауылға келдік. Ол менің беті-басымды әлем-жәлем етіп бояп, иғыма ауыр шапанды жапты да, осы күйде көше бойлата ертіп жүрді. Жергілікті шаруаларды төбелеске итермелеу үшін, ол мені айқайлап түрлі боқтық сөздер айтуға мәжбүрледі. Сөйтіп, бір топ адам қолдарына ілінген нәрселерді ұстай сала маған тап берді. Бірақ мен үшін ауыр сынақ қолдарына таяқ ұстаған адамдар емес, еркін қозғалуға мүмкіндік бермеген үстімдегі ауыр, ыңғайсыз киім болып шықты.

Бірақ осы секілді төбелестің бәрін бірдей атам ұйымдастырған жоқ. Менің Сюй Мин атты немере қарындасым бар еді. Бірде серуендеп жүргенде оны ұрлап әкетіп, жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлейді. Қылмыстың бұл түрі Қытайда өте жиі жасалады. Сюй Мин жас әрі әдемі қыз болатын және оның қандай әулеттен шыққанын білмейтіндер үшін ол оңай олжа болып көрінуі мүмкін еді. Біз оны Шанхайда, «Триаданың» бақылауындағы бір жезөкшелер үйінде ұстап отырғандарын білдік. Отбасылық кеңесте біз мұны жиі талқылайтынбыз және Шанхайдағы таныстарымыздың мәселені тез арада шешетіндеріне, сөйтіп, Сюй Миннің тез арада босатылатынына сенімді болдық. Бірақ уақыт өте берді. Бір күні біз хат алдық. Хатты оқыған атам қатты ашуланды:

– Шанхай полициясында істейтін біздің адамымыз полицейлердің «Триаданың» бақылауындағы аймаққа кіруден қорқатындарын, егер онда бара қалса, олардың арасында қантөгіс болуы мүмкін екенін жазады.

Сондықтан Шанхайға менің баруыма тура келді.

Шанхай полициясындағы біздің адамымыз мені баратын жеріме жеткізіп салған жоқ, бірақ қайда бару керектігі маған онсыз да түсінікті еді. Мен өзіме қажетті үйдің алдына тоқтап, іштен шыққан дыбыстарға құлақ түрдім. Жартылай ашық тұрған есіктен қыздың жыламсыраған дауысы естіліп тұр. Мүмкін, бұл Сюй Миннің дауысы болар деп ойладым мен. Қыздың нақты не айтып жатқанын ажырата алмадым.

Дыбысымды шығармауға тырысып ақырын алакөлеңке бөлменің ішіне кірдім. Мені көрген қыз жылап қоя берді.

– Сюй Мин!

Иә, бұл шынында да сол еді. Сюй Мин маған қарай тұра ұмтылды, бірақ еркектердің бірі оны қолынан шап беріп ұстап алды да, көрші бөлмеге итеріп кіргізіп жіберді. Мен жазу үстелінің басында маңызданып отырған адамға қарай беттедім. Сірә, мұндағылардың бастығы костюм киіп отырған осы адам болса керек.

– Аса құрметті мырза, менің ойымша, бұл қызға қатысты аздаған түсінбеушілік орын алса керек.

– Жігітім, бұл қыздың саған еш қатысы жоқ, – деді ол үстелден басын көтерместен.

Мені бәрінен де оның маған тіпті көз қырын да салмағаны таңдандырды. Сонда мен тез әрекет етіп үйренген адам ретінде сенімді әрі кесімді үнмен:

– Сендер оны ұрлап әкеттіңдер, – дедім.

– Біз ешкімді ұрлаған жоқпыз, – деді ол менің сөзімді бөліп.

– Сіз мені түсінбей тұрсыз, – дедім мен алған бетімнен қайтпай. – Сюй Мин Кантондық Су әулетінен шыққан. Сіз оны босатуға және менің атам Чжэн Лин Судан кешірім сұрауға тиіссіз.

Маңғаз мырза тыжырына қабағын шытты. Біздікі секілді беделді әулетке көрсеткен осындай қорлық үшін кінәлінің кешірім сұрап, шыққан шығынды өтеуге міндетті екенін әрбір адам біледі. Олай болмаған жағдайда қорлық көрген жақ кек қайтарып, кінәлінің әулетін толықтай жойып жіберуге дейін барады. Әлгі мырза менің нені айтып тұрғанымды жақсы түсінді, бірақ менің Су әулетінен шыққанымға сенбейтіні көрініп тұр.

– Сенің атаңнан кешірім сұрау қажет пе? – деді ол мысқылдай күліп. – Ал сенің өзің кімсің, домалақ көз? – Осылай деген ол мырс етті де, жақтырмай түкіріп қалды.

Кенет менің арт жағымдағы есік ашылды да, қолдарына пышақ ұстаған жеті-сегіз адам кіріп келді. Бұл істің

бейбітшілікпен аяқталмайтыны түсінікті еді. Мен өзімнің ұрысқа арналған балташамды шығардым, сөйтіп, жолбарыс іске көшті.

Мен олардың қатал түрде сазайларын бердім және «Триаданың» тарапынан еш қарсылықсыз Сюй Минді үйге алып кеттім. Бұл жағдай менің қытайлық туыстарымның сенімдері мен құрметтеріне ие болуыма көмектесті. Маған бәрінен де жетпей жүргені осы болатын.

Арада біраз уақыт өткенде атам мені келесі қатаң сынаққа дайындай бастады. Сол сынақтан өткеннен кейін ғана мен кун-фу шебері атану құрметіне ие бола алатын едім. Бірақ мен алдымен бір қатар ауызша және іс жүзіндегі тексерулерден өттім, тек содан кейін ғана мені ақтық сынға – «та шуй» немесе « үңгір жол сынағынан» өтуге жіберді. Бұл аса қауіпті сынақ, сондықтан ол арқылы өтуге тек бірен-саран адамның ғана батылы жетеді. Үңгір жолға жүрек жұтқан санаулы адамдар ғана кіреді және олардың көбі ол жерден шықпай қалады.

Атам екеуіміз солтүстікке бет алдық және бірнеше күннен кейін Шандунь аймағына келіп жеттік. Тай-шань тауының етегінде орналасқан бұл жерде ұзын үңгір бар екен. Өзімді жақсы сезініп тұрған мен бұл сынақтан өтуге дайын тұрдым. Ұрыс өнеріне үйренуімнің осы кезеңінде мен ешқандай қорқынышты білмейтінмін және кез келген қиындықты жеңіп шығуға құлшынып тұрған болатынмын. Жаздың шуақты күні болатын, бірақ үңгірдің ішіне кіргенім сол екен, бірден суықты сезіндім. Жарықтан келіп, алакеуім үңгірдің ішіне көздерімді үйретуіме бір минуттей уақыт кетті. Майшамдар үңгір ішіне әзер жарық түсіріп тұр. Менің алдымда бірнеше метір жерге созылған әйнек сынықтары бар екен. «Бұл түк емес», – деп ойладым мен. Құтанның жеңіл жүрісімен әйнек сынықтарының үстінен өттім және табанымның сәл жыбырлағанынан өзге ештеңені сезінген жоқпын. Әйнек сынықтарынан кейін ыстық көмірлер жатты. Бірақ менің табандарымның терісінің күстеніп кеткені сондай, ыстық көмірдің үстімен

жүру маған еш қиындық тудырған жоқ. Іштей айқасқа асығып келе жатқаныма қарамастан, мен асықпай, сеніммен қадам басып келе жаттым. Міне, ақыры қиын сынақ кез келді. Алдымда не күтіп тұрғанын көрген мен тіпті іштей күлімсіреп қойдым. Бұл маған керектің нағыз өзі еді. Жолымды сегіз қырлы ағаш қаңқа бөгеп тұрды. Бірнеше бамбук таяқтардың үстінде тұрған оның астыңғы жағына найзаға арналған жүздер бекітіліпті. Шытырман жолды білдіретін бұл құрылғы қиғаш және көлденең бағыттарда орналастырылған бамбук ағаштарының арасына бекітіліпті. Мен осы таяқтардың арасымен өтуге тиіс едім. Олардың біріне жанасып кетсем болды, үшкір істіктері бар құрылғы үстімнен басып қалады.

Мен ойланып қалдым. Бұл менің ептілігім, тапқырлығым мен дәлдігім үшін сын еді. Бұл шытырманнан мен тек иреңдеген жыланның қозғалысын салу арқылы ғана өте аламын. Бар назарымды аяқ-қолдарыма аударған мен бірде арқамды бүкірейтіп, енді бірде бір қолға ғана тұру арқылы алға қарай жылжи бастадым. Түрлі әдістерді қолдана отырып ақыры шытырман жолдан өтіп шықтым.

Келесі сынақ жүзі ұстараның жүзіндей тас болып шықты. Ол бүкіл жолды алып жатқандықтан, мен оның өткір жүзінің үстімен жүруге мәжбүр болдым. Май шамдардың әлсіз жарығынан ұстара тастың екі жағындағы еден мен қабырғалардың жалтылдап тұрғандарын байқадым. «Мұнай ғой...» – деп ойладым. Барлық жерде мұнай жатыр. Мен тек сегіз метірлік ұстараның үстімен ғана жүре алатын едім. Оның үстіне үңгірдің осы тұсы тым тар болғандықтан, жүретін өзге жол да жоқ болатын. Бұл сынақтың тек бастамасы ғана екенің, қиындықтардың мені әлі алда күтіп тұрғанын сезіндім. Маған күшімді барынша жинақтау қажет болады. Мен тынышталып, ойымды жинақтадым және ауруды сезінбеу үшін бойымдағы цидің бар қуатын аяқтарыма бағыттадым. Тепе-теңдікті сақтай отырып тас ұстараның шетіне шықтым да, алға қарай қозғалдым. Кенет үңгір ішімен өзіме қарай құтырына жүгіріп келе жатқан

жабайы итті көрдім. Бірақ осы кезде атамның: «Үнемі сақ бол, күтпеген нәрселердің болуы мүмкін», – деген сөздері есіме түсті. Мен иттің бар болғаны менің назарымды басқа жаққа аудару құралы екенін түсіндім. Ол аузынан көбік шаша маған ұмтылуда, бірақ онысынан ештеңе шықпады, себебі ол қалың шынжырға байлаулы еді. Мен ци қуатын бұрынғысынша бақылауымда ұстап, тастың жүзімен алға қарай сенімді түрде келе жаттым.

Жабайы итті артта қалдырып, үңгір ішімен абайлап алға қарай жүрдім. Қауіпті жағдайды күтіп аса сақ келе жатырмын. Үңгірдің аумағы қайтадан кеңі бастады да, мен алдымнан нағыз кедергіні көрдім. Бүкіл үңгір жолды көлденеңінен алып жатқан үлкен тастың үстіне бетінде үш ашалар жыпырлап тұрған тақтай қойылыпты. Ауыр дөңгелекті бұл қондырғы орнынан ешқашан қозғалмаған секілді болып көрінеді. Оның менің жолымдағы қиын сынақ екені сөзсіз еді. Маған арғы бетке қарай өту қажет, бірақ та ұстайтын немесе сүйенетін ештеңе жоқ; барлық жерде үш ашалар шошайып тұр.

Мен тағы да ци қуатын жинақтап, оны қолдарыма бағыттадым. Бұл менің үш ашаларды бар күшімді сала алақандарыммен басуыма мүмкіндік берді. Қондырғы қозғалған жоқ. Мен үш ашалардың үстіне аяғымды тіреп тұрып тағы байқап көрдім. Ол тағы да қозғалмады. Бірақ мен жеңіліс табуға тиіс емес едім. Тынығып алғым келді, бірақ мен бар көңілімді ци қуатын басқаруға бағыттадым. Тәсілді өзгертуге тура келді. Жүз сексен градусқа кері айналдым да, тақтайдың үстіне арқаммен жаттым.

Атамның қол астында болған көп жылдардың ішінде мен істіктердің, шегелердің, найзалардың жүздері секілді үшкір нәрселердің батуына шыдауды үйреніп алған едім. Бұл күнделікті жаттығулардың бірі еді: атам найзаның ұшын денеме тіреп, оны бар салмағымен басатын. Кебу ысқыш секілді жұмсақ етті тесіп өту өте оңай. Бірақ бойына ылғал жиып алған ысқыш қатайып алады. Егер дененің бүкіл қуатын бір жерге, мысалы, қарынға жинайтын болса,

онда тері мен бұлшық еттер дәл солай қатайып шыға келеді. Осылайша, терінінің сыдырылғанын және сызып кеткенді есепке алмағанда, жаттығулар кезінде мен жарақатты өте сирек алатынмын.

Қондырғы сықыр етті де, менің салмағыммен қозғалып кетті. Бұған жігерленген мен әрекетімді жалғастыра бердім, бірақ арқама ашалардың батып жатқандарын сезіндім. Қайтадан айналып, бастапқы қалпыма келдім де, ци қуатын жинақтадым және көздерімді жұмып, қондырғыны ойша қозғалта бастадым. Мен тіреуді қолдарыма ауыстырдым және енді менің бүкіл денем жалғыз мақсат – тақтайды орнынан қозғалтуға бағытталды. Сонда тақтай қозғалды, бірақ дөңгелектері орнынан мызғыған жоқ. Сол кезде тынысымның бар күшін қолдана отырып тағы да медитация жасадым. Мен Лоусиді ұятқа қалдыра алмайтын едім. Ол мені мақтан тұтуға тиіс. Бар күшім жинақтап, қондырғыны жарты метрге сырғыттым да, тізерлеп отыра кеттім – бар қуатым денем арқылы тасқа өтті. Алдымнан пайда болға тар қуыс арқылы өтпес бұрын мен тоқтап, масаттана күлімсіредім.

Асқан сақтықпен алға басып келе жатып, үңгір ішінің жарық тарта бастағанын аңғардым. Сынақ аяқталып келе жатқан болатын, бірақ дәстүрді білетіндіктен әлі де кедергілердің кездесуін күттім. Осы сәтте қатты қызған темірдің иісін сездім. Арада көп өтпей үңгірдің шығар есігі көрінді. Күннің жарығымен жарқырап тұрған есіктен атамның сұлбасын байқадым. Бірақ үңгірден шығар есікті іші қатты қызған темір үгінділеріне толы үлкен қазан бөгеп тұр екен. Қазанның өзі де қып-қызыл болып қызып тұр екен, салмағы да жүз килограммнан кем емес. Қазанның ішінен темірден жасалған жолбарыс тырнақтары шошайып шығып тұр, ал сырттан менің денемді парша-парша етуді асыға күткен айдаһарлардың бейнелерін көрдім. Бұл менің батылдығымның, күшім мен төзімділігімнің соңғы сынағы еді. Мен Лоусидің жүзіне назар аудардым. Оның жүзінен әдеттегідей ештеңе оқу мүмкін емес еді. Бірақ мен оның

жігер берген көзқарасына мүлде мұқтаж емес едім. Маған оның осында болғанының өзі жеткілікті болатын.

Мен бойымды жиып, ци қуатын қолдарыма бағыттадым. Аз уақыттан кейін қолдарымнан жан кетіп, мұз секілді сұп-суық болды. Алдыма тура қарап, қызып тұрған айдаһарларды қаусыра құшақтадым. Лезде шаш пен еттің күйген иісі аңқып кетті, бірақ мен үшін мұның еш мәні жоқ еді. Ауруды сезінген жоқпын. Бар күшімді жидым да, жолбарыстың аяқтары секілді қайратты қолдарымның көмегімен алып қазанды көтеріп алдым. Сыртқа шығып тұрған жолбарыс тырнақтарынан жарақат алып қалмас үшін, мен оны қолдарымды алдыға соза көтердім. Сенімді қадаммен, бірақ сәл теңселе басқан күйі ауыр қазанды үңгірден алып шығып, қожайынымның алдына қойдым. Жүзі кенет жайнап шыға келген ол маған күлімсірей қарады. Мен ыстық қазаннан қолдарымды алдым. Медитацияның күшімен олар әлі суық болып тұр еді, бірақ иығымдағы ыстық айдаһарлар батқан жердің терілері күлдіреп қалыпты.

Лоуси айрықша қимылмен маған өзінің құрметін білдірді. (Бұл қимыл арқылы лайықты қарсыластар және шәкірт пен ұстаз өздерінің бір-бірлеріне деген қатынастарын білдіреді). Ол инь мен янь, яғни, күн мен айды бейнелейді. Айды бейнелейтін жұдырық болып түйілген оң қол, күнді бейнелейтін сол қолдың ашық тұрған алақанына барып тіреледі. Әр жаттығудың немесе айқастың алдында мен өз қожайыныма деген берілгендігімді осы қимыл арқылы білдіретінмін. Енд осы қимылды ол тұңғыш рет маған қатысты көрсетті. Мен үшін бұл өте үлкен құрмет еді. Атам маған сәнді қылыш сыйлады. Бұл қылыш менің жаңа жағдайымды бейнелейтін. Осы күннен бастап мен кун-фу шебері Ло Фу Цзайға айналдым.

5-тарау

Ата-бабаларымның ұрыс өнерінің шеберіне айналған мен тек әулетіміздің осы мұрасын қалай сақтау керектігі жайында ғана ойладым. Ал қауіпті жағдайлар мені қорқыта алған жоқ. Мен айқас алаңына шыққан әрбір кезде атамның шеберлігі мен абыройы бәске тігілетін. Мұның оңайға түспейтініне қарамастан, мен оның абыройын қорғаудың өзіме сеніп тапсырылғанын мақтан тұтатынмын.

Жақсы жекпе-жектерімді мен Пакистанда, Карачидегі Ашрафтың мектебінде өткіздім. Ашраф пен атам өздері әлі шаолинь мектебінде шәкірт болып жүрген кездерінде солтүстік Қытайдағы жарыстарда кездесіп жүрген. Кейіннен олардың екеуі де Ұлы шеберлерге айналды. Ашраф түрлі стильдерді, оның ішінде маймылдың, жыланның және айдаһардың солтүстік-қытайлық стильдерін зерттеп, оларды жетілдірді. Бір-бірлерінің шеберліктерін терең құрметтейтін екі ұстаз өмір бойы бітіспес қарысластар болып келді. Ұрыс өнерін дамыту мен оны үйрету туралы олардың көзқарастары бір-біріне қарама-қайшы болды. Егер маған дейін атам өз шеберлігінің құпияларын сеніп тапсыратын лайықты шәкірт таба алмай жүрсе, Ашраф өз мектебіне жүздеген балаларды қабылдап, оларды кунфу өнеріне баулыды. Ашраф мектебінің тиісті орталарда белгілі екеніне қарамастан, Лоуси оның шәкірттерінің мінез-құлықтары мен төбелесу техникаларын жақтырмайтын. «Жекпе-жек кезінде олар ашуға бой алдырады және өздеріне ие бола алмайды, – дейтін ол. – Олардың қимылдарында әсемдік пен дәлдік жетіспейді».

Бірақ Ашраф Лоусидің мұндай мысқылды сын-ескертпелерін құлағына қыстырмайтын. Ол үлкен

табыстарға қол жеткізіп, атаққа бөленіп жүрді. Жылдар жылжып өте берді, ал Лоуси асықпай өзінің жұлдызды сәтін күтті және енді сол сәт келіп жетті. Ол менің көмегіммен таразы басын өзіне қарай тартуға және оның техникасы мен үйрету тәсілдерінің Ашрафтікінен әлдеқай артық екенін дәлелдеуге тырысты. Ал енді осының бәрін жақын арада жүзеге асыру менің мойныма жүктелген еді. Раани Ашрафтың болашағынан үлкен үміт күттірген шәкірттерінің бірі болатын. Әсіресе ол маймыл стилінде табысты өнер көрсететін.

– Ашраф Раани екеуіңді лайықты қарсыластар деп санайды, – деді Лоуси біз Пакистанға бет алып бара жатқан кезде.

Рааниді көрген кезде мен оның дене бітіміне назар аудардым. Оның денесі менікіне ұқсайды, жалғыз айырмашылығы – Раанидің бойы менен аздап ұзын екен. Ұстаздарымыздың күткеніндей-ақ, екеуміз ақтық сында кездестік. Жарысқа он бес шақты ұрыскер қатысқан болатын.

Алаңға бірінші болып мен шықтым. Залдың әр жерінен қолдаған шашыраңқы үндер естілді. Шаршы алаңға жақын маңда Ашрафтың жанында отырған Лоуси менен көзін алмай қарап қалыпты. Мен күтіп тұрдым. Раани шыққан кезде көреремендер қатты айқайлап, оған қол соғып құрмет көрсетті. Ол менің алдыма келіп тұрды және бір қолымыздың жұдырығын екінші қолымыздың алақанына тигізу арқылы бір-бірімізге құрмет көрсеттік. Қарсыласым қолапайсыз шаруа киімін киіп алыпты. Тұрпаты қарапайым, салақ секілді көрінеді, бірақ ол көпшілікке ұнайтын. Бұл олардың қаһармандары еді. Залдағы адамдар тыныштала алмай: «Раани, Раани», – деп айқайлайды. Мені қолдаған ешкім жоқ. Мен өзімнің қожайыныма көз тастадым. Ол сенімді және жайбарақат күйде отыр. Мұндай қолдау маған әбден жеткілікті еді.

Денью атты төреші тым кішкентай адам екен. Ол қолдарын жоғары көтеріп, көпшілікті тыныштандырды да,

Раани екеумізді айқасқа дайындалуға шақырды. Адамдар абыр-дабыр болып бәс тігісіп жатты. Денью алақанымен алақанын салып қалды да, жиналғандардың бәрінің назары шаршы алаңға ауды.

Раанидің соққыларын қайтару үшін мен қолдарымды жолбарыстың тырнақтарына ұқсата жоғары көтеріп, жолбарыстың ұрыс қалпын ұстандым. Онымен шайқаста мен өзім жақсы көретін жолбарыс пен қабылан стилін араластыра қолданбақ болдым (жолбарыстан күші аз болғанымен, қабыланның қимылдары мен соққыларының жылдамдығы одан үш есе жылдам). Біз бір-біріміздің көздерімізге тура қарадық, содан соң мен абайлап оған жақындай бастадым. Ол аттың өте төмен қалпын ұстанды. Менің шабуылымды күткен ол иығын алға қарай төсеп, денесінің салмағын артқа созылған аяғына түсірді. Мен оның қорғаныс қалпындағы әлсіздіктерді бірден байқадым. Мұндай олақ қалып үшін Лоуси мені өлтіре сабаған болар еді. Раани аяқтарын тарпылдатып, қолдарын сермей секіріп-секіріп қояды.

Бір-бірімізден көз айырмаған күйі біз біртіндеп жақындаса бердік. Адамдар демдерін іштеріне тартып, сүйіктілері Раанидің мені алдаусырата қалай айналып жүргенін бақылап отыр. Раани кенет солға қарай алдамшы қимыл жасады. Мүмкін болатын соққыны қайтару үшін қалпымды өзгерткенше, Раани маймыл стилімен мені аяқтан шалып құлатуға талпынды. Мен дереу жоғары қарғып, оның үстіне секіріп кеттім, бірақ ол сол аяғымнан ұстап үлгеріп қалды. Бұған жауап ретінде мен оң аяғымның өкшесімен оның қолынан тептім. Екеуміз де жерге құлап түстік, біздің әрі қарай не істейтінімізді күткен адамдар орындарынан тұрып кетті. Орнымнан қарғып тұрып, қабыланның қалпын ұстандым және орнынан көтеріліп келе жатқан «маймылға» аяғыммен бірнеше қысқа соққылар жасадым.

Раани артқа шегіне отырып, менің аяқпен жасаған соққыларымды жақсы қайтаруда. Міне, ақыры ол алаңның

жиегіне жетті. Мен бір сәтке абдырап қалдым. Шынымен де ол осылай оп-оңай беріле салмақшы ма? Маған оның яғы алаңның жиегінен сыртқа шығып кеткендей болып көрінген сәтте Раани кенеттен маған қарай тап берді. Мен дереу қарсы шабуыл жасап, шабынан тептім. Менің осындай соққы жасайтынымды алдын ала сезіп қойған ол сол жақ жеңімнен ұстап үлгерді. Оның бұл алдамшы қимылы тамаша еді, бірақ мен қауіптілікті бірден сездім. Раанидің қулығын аңғармайтындай мен атамнан аз таяқ жеген жоқ едім. Лоуси осы тәсілді өте жиі жасайтын және мен оның тым ауыр салдарын өз басымнан көп өткерген едім.

Қарсыласым мені жеңімнен тарта төмен қарай сырғыды да, аяғымен шабымнан аямай теуіп өтті. Соққының қатты болғаны сондай, менің көз алдым қарауытып кетті.

Бірақ мен есімді дереу жидым да, шыр айнала секіріп келіп аяқтарыммен жерге түстім. Бұған қоса тепе-теңдікті сақтап қала алғанымды көргенде көрермендер таңданыстан демдерін іштеріне тартып отырып қалды. Мен бір аяғыммен алаңда, ал екінші аяғыммен тақтай үстелде тұр едім. «Маймыл» қайта шабуылға шығып, мені алаңның шетіне ығыстырып шығаруға талпынды. Мен имек көлденең ағаштың үстімен бірнеше жылдам қадамдар жасадым. Алдамшы қимыл жасайтын кезек енді менікі еді. Мен шабымнан ұстап, екі бүктелдім де, ауруға шыдамай құлап түсетін секілді түр көрсеттім. Шынымды айтсам, арудың жан шыдатпай тұрғаны рас еді. Бірақ «маймыл» әп сәтте артқа айналып, келесі соққы жасау үшін жаныма жетіп келгенде мен белтемірде шыр айналып келіп оның қолдарын қағып жібердім де, содан соң қабылан стилінің тәсілімен Раанидің тамағынан ұрдым. Ол көздері аларып, дүрс егіп құлап түсті.

Көрермендер демдерін іштеріне тартып, бір сәтке тынып қалды. Денью: «Бір... екі... үш! Аут!» – деді де, жеңімпаз ретінде менің қолымды көтерді. Көрермендер ду қол соқты. Мен адал еңбегіммен олардың құрметтеріне ие болдым. Менің соққымнан кейін Раани өз-өзіне келді, бірақ менің

көзіме тура қараудан қашқақтап, тағы біраз уақыт есеңгіреп отырды. Мен өз құрметімді білдіру үшін Лоусиге және өзге ақсақалдарға бұрылдым. Менің қожайыным орнынан тұрып қол соқты. Мен үшін бұл ең үлкен құрмет еді.

Бірнеше айдан кейін тағы бір жарыс ұйымдастырылды. Лоуси екеуміз тағы да Пакистанға жол тарттық. Бұл жолы онда мені Раанидің ағайы Аднанмен жекпе-жек өткізуге шақырған еді. Біз бір-бірімізге көп жағынан сәйкес келмейтіндіктен, бұл тең дәрежедегі айқас емес еді және енді менің беделім сынға түсіп отырғандықтан, мен бір шама алаңдаулы едім. Мүмкін, бұл маған кезекті сабақ беруді қалаған Лоусидің айла-тәсілдерінің бірі болар. Ол Аднанмен жекпе-жекте мені жеңеді деп үміттенді ме, онысын біле алмадым, себебі тау құтаны стилінің шебері болып табылатын Аднанның мүмкіндіктері зор еді. Біріншіден, ол тәжірибелі ұрыскер, екіншіден – техникасы жоғары болатын.

– Бұл көпшілік көретін жекпе-жек емес, – деді Лоуси.

Жабық есік жағдайында өтетін кез келген жекпе-жектен өте үлкен бәстер тігіледі. Адамдар орасан зор ақша тіккен жерде биліктің де қатысы болады.

Аднанның түрі дәл немере інісі Раанидікі секілді қарапайым көрінеді екен. Көздеріміз кездесіп қалған кезде, қарсыласымның жел қаққан түсі маған өте кесімді, жинақы және теріс ниетті болып көрінді. Бұл түрі арқылы ол өз қожайынының абыройына қауіп төніп тұрғанын және өзінің ештеңеден аянып қалмайтынын бәріне білдіргісі келетіндей.

Жолбарыс ретінде, маған Аднанмен ұрысты күшті шабуылмен жақын қашқықтықта жүргізу қажет болды. Сонымен қатар мен жақын ұрыстан аулақ болу үшін қарсыласымның құтан стилін таңдайтынын да түсіндім. Ол алдамшы қимылдар жасап, қаша ұрыс салады, содан кейін өзінің сүйікті соққысын жасайды. Қысқасы, бұл жерде мені күтіп тұрған қолайсыздықтар жеткілікті болатын. Мен жолбарыс пен құтанның аралас стиліне жаттықтым,

бірақ осы екі стильді ұстанатын ұрыскерлердің бір-бірімен төбелесін ешқашан көрмеген едім.

Бәрі менің ойлағанымдай болды. Мен Аднанды талмай қуалаумен болдым, ал ол менің «жолбарыс» соққыларым мен «арбайған тырнақтарымды» денесіне дарытпай, ауада қалықтап ұшып жүргендей болды. Мен Аднанға қарағанда күшті соққылар жасадым, бірақ олардың ешқайсысын қарсыласымның денесіне дарыта алмадым. Қолданған тәсілім дұрыс болмады, сондықтан оны ұрыс барысында өзгертуіме тура келді. Менің қорғалақтағанымды байқаған Аднан тәуекелге бел буды. Менің соққымнан әдемі жалтарып кеткен ол «құтанның қанаттарын» пайдаланып, көздерімнен жанай ұрып өтті. Бір сәтке көздерім көрмей қалған мен жағдайды бақылауымнан шығарып алдым.

Ұзын, арық «құтан» мұны дереу пайдаланды. Бір тізесін бүге қолымен жер тіреп жатқан ол мені екінші аяғымен жерді сыпыра теуіп қалды. Менің аяқтарым көкке көтеріліп, жерге арқаммен топ ете түстім. Аднан бар салмағымен үстіме құлады. Сол кезде Лоусидің отырған орнынан қарғып тұрғанын байқап қалдым. Менің ұстазымды масқара етуге қақым жоқ еді.

Мен орнымнан дереу қарғып тұрып, қорғаныс қалпын ұстандым. Аднан тағы шабуылдады. Есімді жиғызбастан «құтан» басыма бірнеше соққылар жасады. Ол мені айнала қалықтап жүрген кезде, мен бағытты жоғалтып алмауға бар күшімді салдым. «Құтанның» соққыларынан басым айналды және сол сәтте бойымда ашу бас көтере бастады. Аднан кезекті рет жақындаған кезде оң қолыммен оның сол жақ білегінен шап беріп ұстадым да, қатты қысып қалдым. Бұл Аднан үшін мүлде күтпеген жағдай болды. Ауру жанына батқан ол қолын жұлып алуға тырысты. Мен аттың ең төменгі қалпын ұстанып, «құтанның» қолын арқасына қайырдым да, оны біртіндеп жерге қарай тұқырта бердім. Қолы артына қатты қайырылып, жерге тізерлей отырған ол бір кезде ауруға шыдай алмай:

– Жеңілдім! Жеңілдім! – деп айқайлап жіберді.

Кейінірек атаммен кездескен кезде мен оның көздерінен бұрын өзім ешқашан көрмеген тентек ұшқынды байқадым. Ол шапанының қалтасын қолымен басып-басып қойды. Кейін білгенімдей, менің жеңісім атама оның жылдық табысына тең қаражат әкеліпті. Сол кезде мен атамның маған бәс тігу арқылы ешқашан ұятқа қалмайтынын түсіндім.

Англияға қайтып оралғаннан кейін Чжан мырзаның мектебіндегі жұмысымды жалғастырдым. Әкем күн санап нашарлай бастады. Оны орнынан көтеріп тұрғызып, серуендеуге алып шығып жүрдім. Анам бұрынғысынша үйде көп болмайтын. Біраз уақыт бірге тұрғаннан кейін, мен олардың ара қатынастарын біртіндеп түсіне бастадым. Олар түсініксіз жұп болып көрінетін. Екеуі де Англияда дүниеге келген, бірақ біреуі италиялық, ал екіншісі – қытайлық дәстүрге сай тәрбие алған. Олардың некесін екі отбасы да құптамаған және олар екі таптан да қуғын көрген. Олардың мәдениеттерінде ұқсастықтан гөрі өзгешеліктер басым еді. Анам бұрынғысынша өз шыққан тегін мақтан тұтатын және оның менмен қылықтары айналадағыларды одан кері итеріп тұратын. Анамның талғамы жоғары еді, ол сәнді киінгенді ұнататын және бұл оның өзін еркін ұстауына мүмкіндік беретін. Бірақ әкем науқасқа шалдығып, жұмыс істей алмай қалғаннан кейін оның молшылықтағы өмірге деген ұмтылысынан бас тартуына тура келді. Бірақ анамның бұрынғы әдеттері қалған жоқ. Ол Найтсбридждегі және Риджент-стриттегі қымбат дүкендерге әлі де барып тұрады. Бірақ бәрібір ол арзанқол пәтерге қайтып оралуға және қалалық кеңестің жәрдеміне иек артуға мәжбүр болатын. Басқа ешқандай амал жоқ еді.

Уақыт елеусіз өте берді. Мектептегі жұмысым көбейе түскендіктен, Чжан мырза менің жалақымды бірнеше рет көтерді. Мен бар табысымды ата-анама беретінмін. Айта кететін нәрсе, менің шет елдерге жарысқа барған сапарларымның ақшасын МФКФ төлейтін. Мен әлі жеңілістің дәмін татып көрмегендіктен, МФКФ менің

болашағыма қызығушылық таныта бастады. Арада көп өтпей мені кун-фудан өтетін әлем чемпионатына қатысуға көндірді. Алғашында бұл ұсыныс маған ұнай қойған жоқ. Атақты кун-фу шеберлерінің көпшілігі МФКФ өткізетін чемпионаттардың ешқайсысын мойындамайды. Чемпионат деген атаудың өзінің кун-фу ұрыс өнеріне ешқандай қатысы жоқ. Шеберлер өз шәкірттерін жарыстарға, тек бір ғана мақсатпен: олардың ұрыс техникаларын жетілдіру үшін жібереді. Бүкіл әлемнің мойындауы, мақтау мен оларға табыну Ұлы шеберлер үшін түкке тұрмайды. Чжанның мектебінен үйге қайтып келе жатқан кезімізде:

– Менің ойымша, әлем чемпионы атағын тек өз-өзін тым жоғары бағалайтын, менмен адамдар ғана жақсы көреді, – дедім мен досым Кингслейге. – Мен жарыстарға тек ұстазым Лоусидің атағын шығару үшін ғана түсемін.

– Қойшы... Нең кетеді? Келіс... сонда ұстазыңның атын бүкіл дүние жүзіне шығаруға мүмкіндік аласың! – деді Кингслей қызбаланып. Содан соң күлімсірей бүйірімнен түртіп қалды. – Содан соң, Тони, жүлдеге алатын он мың фунт ақшаны қайда жұмсайтының туралы ойлан. Әлде, сен мұны ендігі ойластырып қойдың ба?

Кингслей мені кез келген жағдайда да күлдіре алатын еді. Мүмкін, оның айтып тұрғаны дұрыс шығар. Мұны Лоусимен ақылдасқан жөн болар еді.

Мен әлем чемпионаттарына қатарынан үш жыл қатыстым. Оның бірі Тайландта, ал екеуі – Гонконгте өтті. Мұндай жарыстар әдетте «контактсіз жекпе-жек» болып келеді, яғни, «контакттілі жекпе-жектен» айырмашылығы, оларда ауыртатын тәсілдер қолданылмайды. Осылайша, ұрыскерлер ауыр жарақаттар алмайды, олар өз-өздерін бақылауда ұстайды және тамаша техника көрсетеді. Осы чемпионаттардың бәрінде мен ақтық кезеңге шықтым және бұдан үлкен ләззат алдым. Атақты шебер Гок Сю Фунның шәкірті, Сяндік Ли Чжан По менің қарсыластарымның ішіндегі ең мықтысы еді. Осы жылдардың ішінде біз буддалық ордалардағы түрлі жарыстарда жиі кездесіп

жүрдік және бір-бірімізді қатты құрметтейтінбіз. Әңгіме өзара құрмет туралы болған кезде, бақталастық сезіміне орын қалмайды. Біз екеуміздің де қатаң жаттығудан өткенімізді түсінетінбіз және кез келген жекпе-жекке бірдей құлшыныспен кірісетінбіз. Біздің жекпе-жектеріміз қатаң сценарий бойынша өтіп жүрді және мен оны екі жыл қатарынан жеңдім. Мен қатысқан үшінші чемпионатқа Ли Чжан По келген жоқ. Сондықтан бұл жолы мен жеңіске оңай қол жеткіздім.

Ақшалай сыйлықты атамның қолына табыс етті. Әрине, атам олардың көп бөлігін маған жіберді, ал мен олардың басым бөлігін ата-анама бердім.

Дәл осы кездері маған МФКФ-да жұмыс істеуге ұсыныс жасады. Мен жер жүзін аралап, кун-фу мектептерінің жұмыстарына бақылау жасап жүрдім және ондағы ұстаздарды тіркеуге алдым. МФКФ-ның негізгі жұмысы – бұл кун-фу ұрыс өнерінің шынайы жолын сақтай отырып, білім мен тренингті ұштастыра дамыту болып табылады. Ұйымды негізінен өзі құрған күзет агенттіктері қаржыландырады. Бұл күзет агенттіктері өкіметтік ұйымдарды және күзетке мұқтаж жеке тұлғаларды күзетумен айналысады. МФКФ-ға жұмысқа тұрғаннан кейін мен жаңа қызметкерлерді қоян-қолтық ұрыс тәсілдеріне үйрете бастадым. Маған жалақыдан өзге түрлі жеңілдіктер жасалатын. Астыма мотоцикл, Женевадағы бас оқу корпусына жақын маңнан қызметтік пәтер берді. МФКФ шәкірттерді негізінен бұрынғы әскери қызметкерлерден қабылдайтын, сондықтан мен бұл жерде әр түрлі ұлттың адамдарымен таныстым. Олардың қоғамдағы орындары да әр түрлі болатын. Олар француздық Шетелдік легионнан, британдық десантура мен Америка қарулы күштерінен келген өңшең мықты жігіттер болатын. Олардың барлығы әскери ұрыс дайындықтарынан өткен, қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін меңгерген және түрлі әскери техника қару-жарақтарды қолдана біледі. Бірақ МФКФ-те оқытудың мақсаты түрлі нысандар мен жеке тұлғаларды күзету үшін олардың кәсіби шеберліктерін шыңдай түсу

болып табылады. Әрине, бұл жігіттердің бірінші кезекте әлемдегі ең бай, ең құдіретті адамдардың өмірлері үшін жауап бергендері түсінікті.

Менің шәкірттерімнің әрқайсысы кезінде әскери дайындық базаларында арнайы дайындықтан өткен, ал менің міндетім оларға қауіпті сәттерде қоян-қолтық ұрыстың да пайдасы өте зор екенін көрсету болатын. Оларға қоян-қолтық ұрыстың басты тәсілдерін үйретуге бірнеше апта уақытым кетті. Олар қарсыласпен бетпе-бет кездескен кезде әрекет ету дағдыларына жаттықты, кепілге алынғандарды азат етуге, қылмыскерлердің ізіне түсуге, өздеріне сеніп тапсырылған тұлғаларды құтқару операцияларына қатысты.

Уақыт өте келе біздің арамызда достық қатынас орнай бастады. Мен кун-фу өнерін үйретіп жүрген мықты жігіттер сауық кештеріне жиі барғанды ұнататын. Сабақтан қолымыз босаған кезде біз жергілікті клубтар мен барлардан шықпайтынбыз. Біздің жігіттердің көпшілігі есірткіні ермек ететін және естерінен айырылғанша ішімдік ішетін, бірақ менің жеке басым ондайларға құмарлығым мүлде болмады. Тіпті осындай кездердің өзінде жеке дайындығыма күніне бес-алты сағаттан кем емес уақыт жұмсап жүргенімді айта кетуге тиіспін. Мен үнемі жоғарғы дайындықта жүруге тиіс едім, ал бұл тек ми тұнық болған кезде ғана мүмкін болады. Сонымен бірге мені оққағардың өміріндегі көп нәрсе қызықтыратын. Мысалы, бүкіл жан дүниеніңді баурап алатын қауіптілік сезімі. Мұның сыртында, оққағарлар әлемдегі ең бай адамдардың ортасында жүреді және клиенттерінің салтанатты өмір сүрулеріне мүмкіндік беретін нәрселердің барлығы олардың қарамағында болады.

Мен канадалық Джин Ломммен жақын дос болып кеттім. Ол ұзын бойлы, толқынды қалың қара шашты, езуінен күлкі кетпейтін жігіт болатын және қалжыңдасқанды өте ұнататын еді. Ол бұрын француз Шетелдік легионының оқу базасында дайындықтан өткен, ал кейінгі жылдары түрлі қауіпсіздік қызметтерінде агент болып жұмыс істеген.

Бірде кешкісін Джин, бельгиялық Саша және үндістандық Мохаммед төртеуіміз кешкі ас ішуге бардық. Ештеңеге алаңдамай, еркін отырған мен жігіттердің әңгімелеріне құлақ түрдім. Олар бір-бірлеріне өз қожайындары жайлы айтып жатты.

– Менің жолым болды! – деді Джин мақтанып. – Үш ай бойы Маврикия жағажайында болдық. Адамға бұдан артық не қажет? Теңіз жағалауындағы үлкен үй, яхта және «ягуар» немесе «БМВ-7», қалағаныңды мінесің. Тамаша жұмыс!

– Осыны да жұмыс деп отырсың ба? Түкке тұрмайтын нәрсе! Одан да сен нағыз іс туралы айт, – деді Мохаммед оны қоздырып. – Яхтаның палубасында күнге қыздырынып жата беру... мен ішім пысып өлер едім!

Джин өкпелеп қалған түр көрсетті.

– Есесіне есте қалатын нәрселер көп болды. Қожайыным үлкен кәсіпкер болатын...

– Әрине... қожайыныңның саған тапсырған ең қызықты жұмысының жүзу үшін қайықты суға түсіру болғанына бәс тігемін!

– Ал тапаншаны, сірә, ішкіміме жасырып жүрген болармын? – Джин қаруды алған түр көрсетті де, оны Мохаммедтің маңдайына тақаған болды. Мохаммед қарқылдап күліп жіберді.

– Уайымдамай-ақ қойыңдар! Мен қажеттінің бәрін өзіммен бірге алып жүремін, – деген үнділік кеуде тұсын қолымен басып қойды. Оққағар қандай жағдайда да қаруынан ажырамауы тиіс.

– Тыңдашы, Тони... Сен неге жүрексініп жүрсің? – деп сұрады Саша жанындағыларға көзін қысып қойып. – Шынымен-ақ осы болмашы жұмысыңды тастап, нағыз іспен айналысқың келмей ме?

– Ол дұрыс айтады, – деді Мохаммед. – Сен уақытыңды бекерге өткізіп жүрсің. Өздерін сен секілді әдемі жігіттің күзеткенін армандайтын жалғызбасты бай әйелдер туралы ойлап көрші.

Бәрі күліп жіберді.

– Иә, әрине, мен де сендерге ұқсап бай әйелдің сәндік бұйымына айналуды армандап жүрмін, – дедім мырс етіп.

Өңгіме лезде өз оққағарларымен қымбат сырға немесе жанат ішік сатып алғандай мақтанатын ауқатты әйелдер туралы аңыздарға ауысып кетті. Бірақ бұл жерде бәрі анау айтқандай оңай емес еді. Шындығына келгенде, бұл адамдардың әлемдік деңгейдегі беделді тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларына қатыса алатындарын түсінетінмін. Бұларды лаңкестік шабуылдарға қарсы тұра алатын, әлемге белгілі адамдардың, дипломаттардың, корольдік отбасылардың мүшелері мен жоғарғы қызметтегі шенеуніктердің қауіпсіздіктерін сақтап, олардың өмірлері үшін жауапкершілікті өз мойындарына ала алатын кәсіби шеберлер деп батыл түрде айтуға болатын. Иә, мен олардың жұмыстарының қандай екенін көз алдыма толықтай елестете аламын.

МФКФ менің күзет жүйесіне ауысам деген ниетімді қолдады және оққағар дәрежесіне қол жеткізуге қажетті барша сабақтар мен жаттығулардың ақысын төлеп берді. Менің көп нәрселерді үйренуіме тура келді. Мен атыс қаруларының жүйелері мен түрлері жайында ештеңе дерлік білмейтінмін, бірақ тәп-тәуір мерген болып шықтым және арада көп өтпей көптеген қару түрлерін қолдануды үйреніп алдым. Біз дүрбілі мылтықтарды (мергендерге қарсы қолдану мақсатында), жылдам ататын жарты автоматтарды (нысананы қашықтықтан жою үшін), он екінші калибрлі бытыра мылтықты және мылтықтардың, тапаншалар мен нагандардың басқа да көптеген түрлерін қолдануды үйрендік. Әйтсе де, мен өзімді бұрынғыдай қоян-қолтық шайқаста сенімді сезінетінмін. Мен қашан да суық қаруды артық көретін едім. Бұл жағынан өзімізге пышақтар мен өзге де суық қарулардың түр-түрін қалай дұрыс қолдануға болатынын үйрететін нұсқаушымызға ұқсайтынмын. Бирмадан келген ол да мен секілді бала кезінен бастап жаттығыпты. Бұл жерде кун-фу ұрыс өнеріндегі белгілі жолбарыс стилінің көне Бирмада бастау

алғанын айта кету қажет және нұсқаушымның маған жолбарыс стиліндегі шабуыл мен қорғаныс тәсілдерін жиі қайталанатынына таңдануға болмайды.

Мұның артынан мен көлік жүргізу қауіпсіздігі, сыртқы бақылау, дабыл беру жүйелеріне қызмет көрсету, халықаралық қылмыстық құқық, лаңкестікпен күрес жүргізу, жарылғыш заттармен жұмыс істеу курстарынан өттім. Талмай, ұзақ үйренуге тура келді. Әсіресе жазба жұмыстар көп болды. Мұның бәріне қоса біз шетел тілдерін үйрендік. Мен бұл қиындықтардан қорыққан жоқпын, барлық пәндерден жоғары бағалар алдым. Уақыт зымырап өтті де, мен оққағардың антын қабылдауға дайын болдым. Біздің «Тек Құдайдан ғана қорқамыз» деген ұранымыз менің күлкімді келтірді: себебі мен ешқандай Құдайдан қорықпайтын едім, мен үшін ішкі дүниемдегі Құдайдан өзге ешбір құдай жоқ болатын.

Алғашқы жаттығу жұмысымды Уинстонмен бірге атқардым. Чикагода туған ол тәжірибелі оққағар болатын және көп жылдар бойы тек бір ғана әйелдің күзетшісі болып істеп келген. Швейцарияда тұратын голландтық Диана ханым өте ауқатты әйел болатын. Оның биік тауда орналасқан зәулім сарайын алғаш көргенде мен қатты таңдандым. Мұндай байлықты бұрын ешқашан көрмеген едім. Жалпы Диана ханым тұйық өмір кешетін. Ол жасынан ерте дамыған Грегори атты ұлымен бірге тұратын және үй қызметшілерін ұстайтын. Ол ара-тұра дүкендерге және өнер туындылары сатылатын көрмелерге барғаннан өзге ешқайда шықпайтын. Уинстонмен бірге жұмыс істеу жайлы еді. Мен одан күзетті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сырттай бақылау қиын жағдайларда қарамағыңдағы маңызды тұлғаларды қалай қорғау керектігі жайындағы көптеген нәрселерді үйрендім. Ал енді Диана ханымның үйіндегі шынайы жағдайға келетін болсақ, онда бала тәрбиесіне деген қауіп ажырасқан күйеуінің тарапынан болатынын тез байқадым. Соттың шешімі бойынша Грегори анасымен бірге тұруға тиіс болатын, бірақ Диана ханымның

күйеуі атақты бандит еді және оның өз мүмкіндігін жібере қоймайтыны түсінікті. Үйдегілердің барлығы ол қандай да бір жолмен баланы ұрлап әкете ме деп қорқатын. Бірақ олардың үйлерінде Уинстон жұмыс істеп жүргенде ешқандай оқиға болған жоқ. МФКФ басшылығы менің Диана ханымның сарайындағы іс жүзінде дағдыланып үйренуімді үлкен қауіппен байланысты деп есептеді, ал оқу бағдарламасына қажеттінің өзі де осы болатын. Мен нысанның тікелей қауіпсіздігін сырттай бақылаудың бес күзет орнынан бақылап отыратын толықтай жабдықтаған топпен жұмыс істейтін сәтті асыға күтумен болдым. Мұндай жағдайларда топ жетекшісі болу бәрінен де қауіпті, өйткені көбіне жалдамалы кісі өлтіргіштердің нысанасына бірінші болып дәл осы топ жетекшілері ілігеді.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Уинстонды басқа нысанға ауыстырып жіберді де, мен жалғыз қалдым. Бір күні басты қақпадағы күзетші рациямен байланысқа шығып:

– Тони, әлдебіреулер шаруашылыққа қажетті бір нәрселер алып келді, – деп хабарлады.

– Не алып келді?

– Білмеймін. Кір жуу орнынан немесе соған ұқсас бір жерден жеңіл жабық көлік келді. Алдында ақ халат киген екі жігіт отыр. Қысқасы, өзің де түсінген боларсың...

– Жоқ. Олардың кім екендерін және не үшін келгендерін анықта.

– Кешір, Тони, бірақ мен оларды өткізіп жібердім.

– Нақұрыс! Осы сен не ойлап тұрасың? – Мен қатты ашуландым. Диана ханым үйде жоқ, ал Грегори күтушісімен бірге екінші қабатта. Мен дереу соларға қарай жүгірдім. Есі шығып кеткен қызға:

– Бөлмеден аттап шықпаңдар, – деп айқай салдым да, бүкіл теориялық дайындық пен хаттаманы бір шетке ысырып тастап, баспалдақпен төмен қарай жүгіре жөнелдім. Әрине, мен баланың жанында қалып, дереу полиция шақыруға тиіс едім. Бірақ мен бірінші кезекте қаскүнемдер жайында ойладым.

Алдыңғы есікті ашып қалған кезде тура бетіме кезеніп тұрған қосауыз мылтықты көрдім.

– Біз баланы алып кетуге келдік, – деді мылтық ұстаған адам француз тілінде.

Мен есіктің арғы жағын көре алмадым, сондықтан оның артында қанша адам барын білмедім. Қақпадағы күзетшінің айтуы бойынша жабық жеңіл көлікте ақ халат киген екі адам отырған. Мен қаскүнемнің бетіне тура қарадым және екіншісінің оның артында, сол жақта тұрғанына сенімді болдым. Ал қалғандары жабық жеңіл көліктің жабық қорабында жасырынып отырған болар. Мен тез әрекет жасауға кірістім.

Мен қосауыз ұстап тұрғанға қарай ұмтылдым және бұл жолдың ашылуына мүмкіндік берді. Менің есебім дәл келді: алдымда тұрған бұзақы оқ атуға үлгермеді, осыны пайдаланып олардың қанша екендерін бағамдап үлгердім. Олардың бірі сол жақта, тағы үшеуі – оң жақта тұр екен. Сол жақта тұрған екінші қаскүнемнің қолына бір нәрсе ұстап тұрғанына қарамастан, сол сәтте маған олар қарусыз секілді болып көрінді. Шалт қимылдап мылтықты қағып жібердім де, оны айналдырып әкеліп ұңғысын тура бандиттің бетіне тақадым. Содан соң қаруын кезене берген екіншісін шірене тепкен кезімде қолынан алтыатары ұшып кеткен ол кескен теректей гүрс ете құлады. Бұл менің тарапымнан жасалған сәтсіз қадам еді. Енді алтыатарға бірінші болып жеткен олардың кез келгені мені атып тастай алады. Бірінші бұзақыны мылтықтың дүмімен ұрып қалдым да, маймылдың стилімен соққылар жасап қалған үшеуіне қарай ұмтылдым. Олардың үшеуі де жерге құлап түсті. Осы сәтте мен бірінші болып құлаған бұзақының еңбектей қаруға қарай ұмтылып бара жатқанын байқап қалдым да, секіріп барып «жолбарыстың» стилімен желкесінен тептім. Ол ыңырысып жатқан қалғандарының жанына барып етбетінен құлады.

Бұл уақытта әлдененің болып жатқанын сезген күзетші рация бойынша асүймен байланысады да, аспаз

полицияға қоңырау шалады. Полицейлер келген кезде соққыға жығылған қаскүнемдер үйге кіретін баспалдақтың үстінде жатқан болатын. Мен олардың өздерінің қосауыз мылтықтарын ұстап күзетіп тұрдым.

Өзіме көңілім толмады. Мен қарамағымдағы адамды қараусыз қалдырдым және сол арқылы оққағардың бірінші ережесін бұздым. Ана сүті аузымнан әлі кеппеген өзіме тым сенімді болдым және шайқасқа араласуға асықтым. Егер де жағдай басқаша өрбіген болса, онда Грегоридің және бүкіл күтушілердің өмірлеріне үлкен қауіп төнген болар еді. Мұндай жағдайларда ешкімнің ережені бұзуына ерік берілмейді. Осы жағдайдан бүкіл өміріме сабақ алдым.

Бұдан кейінгі жылдары қызмет бабында тез көтеріле бастадым. Қарауыма берілген адамдардың көпшілігі үнемі ұрлап әкету, кек алу немесе өлтіріп кету қаупімен өмір сүретін адамдар болатын. Бірақ ең қиын деген жағдайлардың өзінен абыроймен шығып жүргендіктен МФКФ-нің күзет кәсібіндегі басты мамандардың біріне айналдым және әлемдегі ең ықпалды адамдардың айрықша тапсырмалары бойынша жұмыс жасай бастадым.

Бірнеше ай бойы американдық Уильям Блэкпен жұмыс істедім. Бұл түсінігі мол, іскер адам болатын. Ол өз қаржысын Манхеттеннің ортасындағы алып ғимараттар құрылысына салатын. Мен оның бас оққағарына айналдым. Ол мені өзінің «көрсеткіші» деп атағанды ұнататын. Сірә, бұл менің өзім сөйлесіп отырған адамға саусағымды безеп отыратын әдетіммен байланысты болса керек.

Қызмет бабына байланысты мен ол туралы бәрін білуге міндетті болатынмын. Бұл жердегі айрықша баптардың бірі – әйелдер. Уильям аса әйел құмар адам еді. Менің қытығыма тиетін нәрсе – оның өткінші махаббаттарының көп жағдайда оның өз жоспарларын бұзатыны болатын. Соның нәтижесінде күннің барысында белгіленген бағытымызға өзгерістер енгізуге мәжбүр болатынбыз. Мұның бәрі маған ғана емес, тобымыздың өзге мүшелеріне де қолайсыздықтар туғызатын. Қайда және не үшін кетіп

бара жатқанымызға қарай оққағарлардың саны өзгеріп отыратын – кейде көмекшім екеуміз ғана боламыз, ал кейде менің қарамағымдағы бес адамнан тұратын топ түгелдей шығады.

Жалпы, Құрама Штаттардың аумағында жүрген кезінде менің қамқорлығымдағы адамның өмірі біршама қауіпсіздікте болатын. Бірақ бөтен елге келіп, ұшақтан түсе салысымен-ақ оның кез келген оқыс жағдайларға тап болуы мүмкін. Аса бай, жоғары деңгейдегі кәсіпкер үшін саяхат жасау, әсіресе Америкаға қарсы саясатты ұстанатын елдерге бару қауіпті болып табылады.

Бірде мен Уильямның дербес хатшысынан хабарлама алдым. Уильям Сауд Аравиясына келіссөз жүргізуге бармақшы екен. Хабарламаны оқып шығып оны үстел үстіне лақтырып жібердім.

– Не болды? Қолайсыз бір нәрсе ме? – деп сұрады әріптесім Генри.

– Бізді Сауд Аравиясына жібермекші. Дайындыққа бір апта уақыт беріледі! – деп жауап бердім ашулы үнмен. – Бұл өте аз. Олар не, мұны түсінбей ме?

Сол күні мен жұмыста түннің бір уағына дейін қалып, былайша айтқанда, Уильям Блэкпен Сауд Аравиясында болуы мүмкін қауіпті нәрселерді сарайға салуға мәжбүр болдым.

Уильям Эр-Риядта аттары шулы ағайынды Фахалилермен кездесуге тиіс болатын. Ағайындылар фирмаларының бірінің осыдан бірнеше ай бұрын Уильямның ұйымына сіңіп кеткеніне ашулы еді. Отбасылық мұраны өздеріне қайтару үшін олар Уильямды бетпе-бет кездесуге шақырды. Менің қожайыным ағайындылармен тиімді келісім-шартты бұзғанды қаламайтын, бірақ бір қиыны, әлгі фирма қайта сатылымға шығарылып та қойған болатын. Қысқасы, шегінерге жер жоқ болады. Келіссөздерді бастау қажет болатын, ал Уильямның аяқ-қолдары матаулы еді.

Отбасылық маңызы бар бұл кәсіп менің қожайыныма қолайсыздық туғызды. Мен Таяу Шығыстағы елге осы

сапардың аса қауіпті болатынын жақсы түсіндім. Менің ойымша, біз қастық ниеттегі жұмбақ ортаға бара жатырмыз. Өз басшылығыма жолдаған баяндамамда Сауд Аравиясына барудың Уилья үшін қауіпті шаруа екендігіне баса айттым. Бірінші кезекте мен оның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіспін. Егер кездесуге Уильямның тікелей өзінің қатыспай-ақ қоюы еш мүмкін болмаса, онда кездесуді бейтарап аймақта өткізуге күш салуға ұсыныс жасадым. Ал егер кездесу орнын өзгертуге болмайтын болса, онда мен тобыммен бірге ол жерге қожайынымнан бұрын баруға тиіспін. Себебі, қажетті тексеру жұмыстарын жүргізу және ұйымдастыру шараларын өткізу көп уақытты талап етеді.

Жауапты факспен дәл сол күні-ақ алдым. Менің баяндамамды Уильямның юристік бюросына жіберіпті, бірақ ондағылар ұсыныстарыма немқұрайды қараған. «Блэк мырзаның кеңесшілері ағайынды Фахалилерге ықпал жасау тетіктеріміз жеткілікті және бұл жерде айтарлықтай қауіп жоқ деп есептейді, – делініпті жауапта. – Сонымен, МФКФ-нің Блэк мырзамен жасаған келісім-шартына нұқсан келмеуі үшін, сізден Сауд Аравиясына жол жүруге жүруге дайындықты дереу бастауыңызды өтінеміз».

Әрине, мен дереу Швейцариядағы Сандра Зэпге наразылық танытып факстер жолдадым. Шетелге сапарларды ұйымдастыру кезінде туындайтын қиындықтарды талқылау қажет болғанда мен бас кеңсемізбен дәл осы Сандра арқылы байланысатынымын. Содан соң телефон арқылы Генриге тездетіп маған келуді бұйырдым.

Ол келгеннен кейін екеуміз Сандраға қоңырау шалдық. Тұтқадан оның:

– Сәлеметсіңдер ме, қымбатты достарым! – деген дауысы естілді.

Генри екеуміз бір-бірімізге қарап күлімсіреп қойдық. Біз Сандраны ешқашан көрген емеспіз, бірақ оның дауысы қашан да сергек әрі көңілді естіледі.

– Қайырлы күн, Сандра, – деп жауап бердім мен. – Шаруа әбден былықты, ал оны ретке келтіру біздің мойнымызға жүктеледі.

– Иә, қымбаттым, бірақ біз өзімізге бұйырылғанды істейміз. Клиенттеріміз сондай болса не істей аламыз?

– Жарайды, Сандра, шаруамыз шаш етекпен, – дедім мен іске көшіп. – Блэктің адамдары бүкіл топты алуға рұқсат етпейді, сондықтан Эр-Риядқа Генри екеуміз және Блэктің екі әріптесі ғана барады.

– Сірә, олар өздерінің қандай жағдайға тап болулары мүмкін екенін түсінбейтін сияқты, – деді Генри мырс етіп. – Біздің жылдам әрі батыл әрекет етуімізге тура келетін сияқты, жағдайдың ушығып кетуі мүмкін, ал біз екеу-ақпыз.

Генри жақсы дос және кәсіпқой оққағар болатын. Англияға ол Непалдан келген және сол жақта жақсы дайындықтан өткен. Ол менен әжептеуір бойшаң әрі күштірек болатын. Оның үстіне оның тәжірибесі мол еді. Мен көп адамдарға сене бермейтінмін және Генри сол мен сенетін адамдардың бірі болатын.

Біз Сандрамен алдағы жұмыстың егжей-тегжейін нақтыладық және әркімнің нақты міндеттерін айқындадық.

– Жергілікті тұрғындардың арасында біздің бір тыңшымыз бар, – деді Сандра. – Аты-жөні – Абдулла Алькаф. Суретін пошта арқылы жіберемін, бірақ естеріңде болсын: ол басқа түрге енудің шебері. Сырттай қарағанда ол қарапайым шаруаға ұқсайды, бірақ Абдулланың қолынан келмейтін нәрсе жоқ, ол сендерге дим-самнан (түшпараға ұқсас қытай тағамы) бастап басқарылатын зымыранға дейін тауып бере алады.

– М-мм, Сауд Аравиясындағы дим-сам, оның дәмін татып көруге болады, – дедім мен.

– Абдулла сендерді байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді және жергілікті жүргізушілерді тауып береді.

– Онымен мен арқылы байланысып тұратын боласыңдар, – деді Сандра сөзін жалғап. – Ертең осы уақытта мен сендердің

бағыттарыңның нақты жоспарын және нысан белгіленген сол жердің картасын әзірлеп қоямын.

Біздің Сауд Аравиясында болу уақытымыз келген сәттен бастап үш күнен аспауы тиіс болатын. Ұшу өте ұзақ әрі ауыр болды: біз Ұлыбритания мен Бахрейнге жанармай құюға қондық. Ұшу сапарымыз он екі сағатқа созылды. Бірақ сапар алдыда бар уақытымыз жолға дайындықпен өтіп әбден шаршағандықтан, Генри екеуміз ұшу кезінде біраз тынығып алатынымызға қуандық.

Эр-Риядқа қонған кезімізде жүрегім дүрсілдей соқты. Мен өте сақ болдым. Әрине, шаршаудың салдарынан бойымды сәл мазасыздық биледі, бірақ сонымен қатар мен осы сапардың басында жаман бір нәрсенің болатынын сезінген едім.

6-тарау

Абдулланың күш жұмсауының арқасында Уильямның жеке ұшағы Эр-Рияд әуежайындағы президенттің қону алаңына қонды. Бізді екі- ақ «мерседеспен» күтіп алды, бірақ оларға жету үшін біз бас терминал ғимараты арқылы өтуге тиіс едік. Әуежайда халық тым көп болғандықтан, біздің міндеттеріміз де ауырлай түсті. Оқыс оқиғалардың болмауы үшін мен алда жүрдім және айналадағы адамдардан көз алмай қарап келе жаттым. Ал Генри Уильямды көзден бір сәтке де таса етпестен екі көмекшімен бірге арттан жүрді. Осылайша біз адамдар тобының арасымен алға қарай жылжып келе жаттық. Адамдар тобыры азаяр емес. Оқыс жағдай туа қалса, олардың бізге кедергі жасайтыны анық еді. Адамдар бір-бірлерін шынтақтарымен итеріп, алға жүретін жол салып келеді. Жүк тасушылар шуылдай өз көмектерін ұсынуда. Мен кез келген сәтте шабуылдың болуын күтіп, қатты ширығып келемін. Бұл ырық бермейтін жағдай еді, мен оны басқара алмадым және бұл маған ұнап келе жатқан жоқ.

– Бакшиш, бакшиш, – деді күзенге ұқсаған бір адам қолымдағы сөмкеге жармасып. Оны итеріп жіберуге тура келді.

– Ақырын, ақырын, – деді Уилья күліп. – Тым қаталдық таныта берме. Бұл осы жер үшін әдеттегі жағдай.

Мен мұны онсыз да білетін едім. Өткен аптада араб мәдениеті жайлы қолыма түскеннің бәрін оқып шыққан болатынмын. «Бакшиш» - шайақы, шағын сыйлық; осындай жолмен ауқатты адамдар жарлылармен өзінде барын бөлісулері тиіс. Бұл солай-ақ болсын, бірақ дәл осы сәтте менің бар ойым мүлде басқа нәрседе болатын. Мен баратын жерге жетпейінше сабама түсе алмайтынымды білдім.

Генри екеуміз Уильяммен бірге бір «мерседеске» отырдық. Біз одан бір қадам да алыстауға болмайды. Екі көмекшіміз екінші көлікке отырды. Бірақ мен бәрібір тыныштала алмадым. МФКФ-нің әлемнің барлық елдерінде дерлік өз адамдары бар болатын, бірақ мен ешқашан, ешкімге сенбейтінмін. Мен мүмкіндігінше өз тыңшыларымның көмегіне жүгінуге тырысатынмын. Сандра қанша сендіруге тырысқанымен, әлгі Абдуланны білмейтінмін және түйсік сезіміммен одан оның адамдарынан сескеніп тұрдым. Тексеруден өтпеген жүргізушілермен абай болып, олардың әр қимылдарын қадағалап отыру қажет.

Мәрмәр тастармен апталған «Меридиан» қонақүйі алтын шілтер өрнектермен безендіріліпті. Уильямға салтанатты пентхаус дайындап қойған екен. Мен бірден оның ішін мұқият тескеріп шықтым және бірінші кезекте қолдан жасалған жарылғыш құралдарды іздедім. Уильям тек мен рұқсат бергеннен кейін ғана демалуға кірді. Түнгі кезекшілікке Генри қалды да, мен ұйықтауға жаттым.

Таңертең жарық түсе бере оянған мен бірінші кезекте қонақүйді айналып қарап шықтым. Уильям әлі тұрмапты. Оның ағайынды Фахалилермен келіссөзі бүгінге белгіленген болатын. Мен барлық қабаттарды аралап, лифтілерді, баспалдақтарды, мейрамхананы, асүйді және екі «мерседесті» мұқият тексеріп шықтым. Мен тыңдағыш құралдарды көптеп табатыныма сенімді болдым, бірақ ештеңе таба алмағаныма өзім де таңданып қалдым. Ұйқысынан оянған Уильям тыныққанына қарамастан шаршаңқы көрінді. Кешегі ұшу оны әбден соғып тастаса керек. Уильям жұқа ақшыл шашты, толықтау келген аласа адам болатын. Бірақ ол қашан да өз-өзіне сенімді адам болып көрінетін және рухын жоғалтпай жүретін. Бірақ мұның бәрі оның қолындағы билігі мен байлығының арқасы деуге әбден болатын.

Келіссөзге барар алдында Генри екеуміз Уильямның осы күнге арналған ресми хаттамасына тағы бір көз жүгіртіп өттік.

– Қаңдай жағдай болмасын, менен ажырамаңыз, – деп ескерттім Уильямға.

Біз олардың Генриді оққағар ретінде қабылдаулары үшін, мені Уильямның жеке кеңесшісі деп таныстыруға келісіп алған болатынбыз. Жолға шығар алдында Генри «мерседестерді» тағы бір тексеріп шықты да, біз кездесуге аттандық.

Ағайынды Фахалилердің ғимараты «Меридиан» қонақүйінен де артық алтынмен апталыпты. Бұл жерде бізді жылы қабылдады. Амандасып жатқан кезде мен ғимараттың жоспарын, оның ішінде шығар есіктері мен баспалдақтарын ойша көз алдыма елестеттім. Оның жоспарын Құрама Штаттарда болған кезде-ақ жатқа біліп алған болатынмын. Құдайға шүкір, Сандра бізді жұмысқа қажетті нәрселердің барлығымен қамтамасыз етіп үлгерді. Сондықтан да мен әлдеқандай жағдай бола қалса қосалқы шығар жол ретінде қолдануымызға болатын желдеткіш шахталарының қай жерлермен өтетіндерін нақты білетін едім.

– Бұл жерде сіздер толықтай қауіпсіздіктесіздер, – деді ағайындылардың бірі Уильямға Генриге көз алмай қарап тұрып. – Оққағарыңызды қонақ бөлмеге жіберсеңізші, сонда тынығып алсын.

Жоспар бойынша мен басымды изеп, Генриді Уильямді қорғау міндетінен босаттым. Ағайындыларды Генридің Блэктің бас оққағары екеніне сендірудің оңай жолы осы еді. Ол менен әлдірек болып көрінетін. Мен Гэнридің бос уақытын бекерге өткізбейтінін білетін едім.

Сусын ішіп отырған еркектердің әңгімелері біртіндеп негізгі тақырыпқа ауыса бастады. Уильямның әріптестерінің бірі фирманың қайта сатылуы жайлы әңгіме бастады. Бірақ олар оның өз ойын соңына дейін жеткізуіне мүмкіндік бермеді. Келіссөз еш нәтиже бере қоймағаннан кейін ағайынды Фахалилердің дауыстары қатты шыға бастады. Ағайындылардың бірі қызбаланып:

– Менің отбасым бұл кәсіпке өзінің уақыты мен қаржысын оны қайдағы бір американдықтар пайдаланып кетсін деп жұмсаған жоқ, – деді.

– Сабаңа түс! – деп тыныштандырды оны сырттай сабырлырақ болып көрінетін екіншісі.

Бірақ бұл маған жақсы және жаман полицейдің ойыны секілді болып көрінді.

– Неге қоямын? – деді қызу қанды Фахали жұдырығымен үстелді бір ұрып. – Біздің әулетімізге жасаған қорлығы үшін біреу жауап беруі тиіс!

Әрі қарай екі тарап та дауыс көтеріп сөйлесе бастағандықтан, мен ағайындыларды мұқият бақылай бастадым. Генри өз орнынан табылар деп үміттендім. Уильям әңгімені жалғастыруға талпынды, бірақ ағайындылар ол жасаған барша ұсыныстардан бас тартты. Кенет ағайындылардың қызу қандысы орнынан атып тұрды. Менің қолым еріксіз ішкі қалтама қарай созылды. Бауырына арабша бір нәрселерді айтқан жігіт мәжіліс залынан жүгіре басып шығып кетті. Бір сәтке үнсіздік орнай қалды да, содан соң екінші жігіт өз наразылығын білдіре бастады.

– Біз мұны аяқсыз қалдырмаймыз, – деді ол ашулы үнмен.

Тізгіңді енді мен өз қолыма алуға тиіс едім. Уақытты текке жібермей, Уильямды залдан алып шықтым.

Генридің «мерседестің» жанында тұрғанын көргенде көңілім орнына түсті. Бірақ ол европаша киінген, көздеріне қара көзілдірік таққан алты ірі денелі жігіттің ортасында қалыпты. Генри менің жүзіме барлай қарап тұр. Біз «мерседестерге» жақындап қалған кезде артымызда келе жатқан адам әлгілерге арабша бір нәрселерді айтты. Сонда әлгі жігіттер дереу бізге қарай қозғалды. Егер жалғыз болғанымда, мен оларды әп-сәтте сұлатып салған болар едім. Ал қазір мен бірінші кезекте Уильямның қауіпсіздігін ойлауға тиіспін. Жігіттер бізге ешқандай залаал келтірген жоқ, олар бізді тек көлікке дейін шығарып салды. Маған оларға біздің ғимараттан кетіп қалғанымызға көз жеткізуге бұйрық берілген секілді болып көрінді.

«Мерседеске» отырған кезімізде Генридің бетінен тер моншақтап ағып тұрды.

– Уф, қандай жағымсыз сезім... – деді ол.

– Бұл тек бастамасы ғана, – дедім мен әлгі алтаудың екі «БМВ» көлігіне бөлініп мініп жатқандарын көріп. Содан соң жүргізушімізге:

– Кеттік! – деп бұйырдым.

Ол да шаруаға ұқсайтын Омар атты жігіт жүргізушінің жанында отырған. Ол Абдулланың бізбен бірге тілмаш болып жүрген адамы еді. Түйсік сезімімен мен одан да қауіптендім. Мен Уильяммен бірге «мерседестің» артқы орындығына отырдым. Генри артқы орындықтың артындағы жүксалғыштан қаруларды шығара бастады.

Орнымыздан қозғалған кезде мен артты көрсететін айнадан екінші «БМВ»-нің біздің соңымыздан түскенін байқадым.

– Қиындықтар болатын секілді, – дедім мен.

Генри екеуміз бір-бірімізді қабағымыздан түсініп үйренген едік. Ол менің алдыңғы орындықта отырған адамдарға сенбейтінімді білетін. Енді олардың әр қимылдарын аңди бастадым, ал Генри «БМВ»-ні бақылап келеді. Кенет ол:

– Іс насырға шабайын деді! – деп айқайлап жіберді.

Мен дереу артқа көз тастадым. Екінші «БМВ» Уильямның қызметкерлері отырған «мерседесті» басып озып, біздің артымызға түсті. Менің қаным басыма тепті. Бізді өз жүргізушілеріміз алып жүргенде мұндай жағдай ешқашан болмас еді! Біздің адамдарымыз үлкен жылдамдықта көліктердің арасын отыз сантиметрден аспайтын ара қашықтықта ұстай алатын және ешкімнің қазіргі секілді араға кіріп кетуіне ешқашан ерік бермейтін. Тапаншамды шығарып, жүргізушінің желкесіне тақадым. Ол ойбайға басып, Аллаһқа жалбарына бастады.

Дәл менің ойлағанымдай-ақ, араға кірген «БМВ» тежегішін басып, артымызда келе жатқан «мерседесті» тоқтауға мәжбүр етті. «БМВ»-ден екі жігіт түсті де, «мерседестің» жанына келіп, жартылай автоматтық қарудан оның терезесіне оқ ата бастады.

Мен Уильямды орындықтың артына жасырынуға мәжбүрлеп, үстіне жатып алдым да, қорқыныштан дірілдеп кеткен жүргізушіге:

– Қозғал! – деп айқайлады.

Ол газды басып, жылдамдықты арттырды, бірақ сәл жүргеннен кейін көлік сөніп қалды. Мен тағы да оның басына тапаншамды тақап, көлікті жүргізуді бұйырдым. Бірақ жүргізуші көліктен атып шығып, байбаламға басып қаша жөнелді. Сол кезде мен оның операцияға қатысқан не қатыспағанын түсіне алмадым. Ол бізді әдейі қақпанға әкеліп түсірді ме, әлде, менің қысымыма шыдай алмай қашты ма? Біз оның кімнің адам екенін ақыры біле алмадық.

Сол кезде Генри алдыңғы орындықтың арқалығынан аттап өтіп, рульге жармасты. Енді бізде аз да болса мүмкіндік пайда болды. Генри МФКФ-дағы көлік жүргізудің қас шеберлерінің бірі болатын. Біз дүкендерге, адамдар мен жан-жануарларға толы көшелермен шаңдата жүйткітіп келеміз. «БМВ» артымыздан қалар емес. Генри көлікті тар көшелермен асқан шеберлікпен жүргізіп келеді.

Генри:

– Сақтаныңдар! – деп айқайлады да, біз жол жиегіндегі дүкенге келіп соғылдық.

Есі шығып кеткен сатушы араб дер кезінде секіріп үлгерді. Сөредегі жеміс-жидектер көліктің үстіне төгіліп жатыр. Дүкеннің матадан істелген шатыры көліктің алдыңғы әйнегіне жабысып қалды да, Генри ештеңені көре алмастан айдап келе жатты. Арада сәл уақыт өткенде матаны жел ұшырып әкетті.

Уильямның басын көтеруіне мұрша берместен, мен картадан қайда келе жатқанымызды анықтай алмай әуре болып келе жатқан Омарға тапанша тақадым.

– Британдық немесе американдық елшілікке апаратын жолды ізде, – деп айқайлады мен. – Тез ойлан!

– Былай, енді былай, солға қарай... – деді өз өмірі үшін қауіптенген ол дереу іске көшіп.

Генри тар көшеге түсіп алып зуылдатып келеді

– Жоқ, мұнда емес! – деді тілмаш дауысы қалтырап. –
Былай қарай жүріп көр!

Генри көлікті кең, үлкен көшеге бұрды да:

– Мұнда көліктер көп екен, тығынға түсіп қаламыз! – деді.

Мен тапаншамен Омардың басынан түртіп қалдым. Шынмен бұл да сатқын ба? Генри «мерседесті» тоқсан градусқа бұрды да, тар, қараңғы көшеге түсті.

– Мықтап отырыңдар!

Көліктің бүйіріндегі айналар қабырғаларға тиіп келеді, бірақ Генри жылдамдықты азайтқан жоқ. Содан соң біз қатты жылдамдықта жарық көшеге шықтық. Мұнда да адамдар мен көліктер көп екен. Бұл кезде Омар қорыққанынан қалшылдап отырған болатын. Мен артыма қарадым. «БМВ»-дан қара үзіп кеткен секілдіміз. Генриге:

– Көлікті тоқтат! – деп бұйырдым.

«Мерседес» кілт тоқтады.

– Қараңды батыр! Бол, тез! – деп айқайлады тілмашқа.

Омар дірілдеген қолдарымен есіктің тұтқасына жармасып, оны әзер деп ашты да, жерге домалап түсті. Генри көлікті орнынан шұғыл қозғады. Ақыры біз қаланың шытырман көшелерінен бірашама кең жолға шықтық. Айнала жансыз шөл дала екен. Осылай екі сағаттай жүрдік.

– «Мерседестен» құтылу қажет... – деді Генри. – Бізді іздеп жатқаны анық.

Біраз уақытқа үнсіздік орнады. Мен алдағы әрекеттеріміздің жоспарын құруға талпындым. Уильямды елден заңсыз жолмен шығарып әкету қажет еді. Біздің Иорданияда жасырын пәтеріміз бар болатын және онда өзім жақсы танитын және сенім артатын жақсы адамдар жұмыс істейтін. Бірақ онда жету үшін сегіз жүз шақырымнан аса жол жүру қажет. Мен Абдуллаға деген бар сенімімді жоғалтқан едім, сондықтан оның адамдарынан ешқандай пайда жоқ еді. Кувейт пен Бахрейнде де жасырын пәтерлеріміз болатын. Қазір бізге ең жақыны Бахрейн. Егер Сандрамен байланысқа шығатын болсақ, ол бізге құжаттар дайындап бере алады. Менің ойымды Генри бұзып кетті:

– Жанармай таусылуға тақау. Енді үш шақырымға ғана жетеді.

– Қойшы, қалжыңдап тұрған шығарсың?

– Жоқ. Біз көлікке отырған кезде оның бағы жартылай ғана толы болатын.

Мен қынжыла басымды шайқадым. Көлік жүргізу қауіпсіздігінің бірінші заңы бұзылған – бакта жанармайлық толы болуы тиіс. Мен Уильямға көз тастадым. Қазір тіктеліп отырған оның денесі қалшылдап, қызылкүрең жүзінен тер моншақтап ағып тұр. Қызық, ол жаяу қанша жер жүре алады екен? Біз өзіміздің қай жерде тұрғанымызды, және жақын маңдағы қалаға дейін қанша шақырым бар екендігінен мүлде бейхабар едік. Қыркүйек айы болғанына қарамастан күн күйіп тұр. Мен өзімізде бар нәрселерді тексеріп шықтым. Аздаған азық пен төрт шөлмек минералды су бар екен. Мұндай ыстықта бұлар ұзаққа жетпейді.

Бірақ менің қолымда тұрған ештеңе жоқ еді!

– Жанармай да бітті! – деді Генри көлік тоқтап қалған кезде рульді қолдарымен бір ұрып.

Уильям жолдың жиегіне барып отырды да, галстугін босатып, күннен аздап та болса қорғану үшін беторамалымен желкесін жапты. Біз Генри екеуміз көлікті жолдан әлдебір бұталарға қарай итеріп жібердік. Бірақ өсімдіктер тым селдір болғандықтан, оны жақсылап жасыру мүмкін болған жоқ.

Содан соң біз жаяулатып алға жылжыдық. Жол бойында ешқандай қозғалыс жоқ еді, бірақ мен ол бізді тас жолға алып шығады деп үміттендім.

– Менің ойымша, бұл Харадқа апаратын жол, – деді Генри.

Сол жағымызда сирек өсімдікті құнарсыз жер, ал оң жағымыз – шөлейт дала.

– Егер осы жолмен жүре беретін болсақ, онда кеш бата діттеген жерімізге жетеміз.

– Сен бұған сенімдісің бе?

– Жоқ, сенімді емеспін.

Менде ешқандай ұсыныс жоқ еді, сондықтан Генридің түйсік сезіміне сенім арттым. Біраз жүргеннен кейін суды иегінен кеудесіне төге-шаша ішіп жатқан Уильямның қолынан шөлмекті жұлып алуыма тура келді.

– Үнемдеу қажет, – дедім оған. – Әлі қанша жүретініміз белгісіз.

Бірнеше сағаттан кейін бұлағы бар жерге жетіп, үлкен тастардың көлеңкесінде біраз тынығып дамылдап алдық.

– Екі сағаттан кейін қараңғы түседі, – деді Генри.

Бұл жерде түндер салқын болатынына қарамастан, мен үшін түнде жүрген қауіпсіздеу. Уақыт өткен сайын жүрегімді мазасыздық жайлай бастады.

Ақыры біз әлдебір қалашыққа келіп жеттік.

– Сен жарайсың! – дедім Генриді арқасынан қағып.

Бұл Харад қаласы еді. Кеш батып, салқын түскеннен кейін Уильям ауа райының тез ауысуынан дірілдеп тоңа бастады. Көше бойлары тым-тырыс. Әр жерде адамдар тобы көрінеді. Жайбарақат әңгімелесіп тұрған адамдар бізді көре сала жан-жаққа тарап жоқ болып кетеді.

– Көкмектерің үшін рахмет, – деді Генри мысқылдай күліп.

Ақыры біз жанармай құю бекетіне ұқсайтын әлдебір құрылыстың жанына келіп жеттік. Ішіне кірген кезімізде жас мөлшері айқындауға келмейтін араб бізді басымыздан аяғымызға дейін тінте қарап шықты. Оның бетін жел қағып, күнге сығырайта қарап әдет болып кеткен көздері бір сызық секілді болып тұр. Генри мен Уильям тағамдар мен сусындар алуға беттеді.

– Маған қоңырау шалу қажет, – дедім шала арабша мен ағылшын тілін араластыра сөйлеп.

Араб маған саңырау адам секілді таңқала қарап қалды. Бірақ мен оның бәрін естігеніне және түсінгеніне сенімді едім. Осы сәтте жанымызға қолына әмиянын аша ұстаған Уильям келді. Оның ішіндегі жасыл қағаздарға ашкөздене қараған араб сөренің астынан телефон аппаратын шығарып, маған ұсынды.

Бүгінгі басымыздан өткен шым-шытырық оқиғалардан кейін Сандраның сергек дауысын есту көңілді біраз көтеріп тастады. Сандраға тездетіп болған жағдайды баяндап бердім.

– Қазір сендер біздің Бахрейндегі жасырын пәтерімізден шамамен жүз шақырым қашықтықта тұрсыңдар, – деді ол маған. – Шығысқа қарай бет алыңдар. Мен сендерге төлқұжаттар дайындап беремін.

Одан мекенжайлар мен кездесетін орындар туралы құпияланған ақпарат алып болмай жатып, өзімізге таныс «БМВ»-нің терезе алдына келіп тоқтағанын байқадым. Генри Уильямды жағасынан алып, қызметтік бөлмелердің бірінің ішіне кіргізіп жіберді. Мұны көрген сөре артындағы араб:

– Жоқ, жоқ! – деп айқайлады.

Мен оған жүз долларлық ақшаны ұстата салдым, бірақ ол бәрібір бізге көмектеспейтінін ымдап білдіріп жатты. Генри мен Уильямның соңдарынан ұмтылған мен оларға әрі қарай жүгіре беруді бұйырдым. Ол жер қосалқы шығар тар есік екен және біздің бақытымызға қарай оның есігі ашық болып шықты. Қазір ғана біз шығып кеткен залдан айқайлаған дыбыстар естілді. Біз жүгіріп көшеге шықтық. Уильям шайқатыла жүгіріп келеді. Харад шым-шытырық тар көшелерден тұратын бір қабатты қала екен. Көп өтпей артымыздан қуғыншылардың аяқ дыбыстары естілді. Мылтық дауысы естіліп, қабырғаға тиіп секірген оқ басымыздың үстінен ысқырып өтті.

– Арттарыңа қарайламай жүгіре беріңдер! – деп айқайлады екі тапаншадан оқ атып келе жатқан Генри.

Мен Уильямды жеңінен ұстап алдым да, екеуіміз көшені бойлап жүгіре бердік.

– Саудамыз бітті... – деді ол дауысы дірілдеп.

– Олай деуге әлі ерте, – деп жауап бердім мен қатқыл үнмен.

Атыс қайта басталып кетті. Біз барлық ережелерді сақтай отырып шегініп келеміз. Генри қуғыншылармен атысып,

бізді артымыздан қорғап келеді. Кенет атылған оқтың дыбысы, содан кейін іле-шала жан түршіктіретін дауыс естілді. Жүгіріп келе жатып артыма қараған мен Генридің құлап жатқанын көрдім. Оған көмектесу үшін кейін қарай жүргім келді, бірақ менің міндетім – Уильямды құтқару еді. Біз аласа қоршаулардан секіріп, қараңғы аулалармен жүгіре бердік.

– Тоқта, тоқта... шаршап кеттім... – деді Уильям еңтігіп. – Мен әрі қарай жүгіре алмаймын...

Мен тоқтай қалдым. Генри қуғыншылардың назарын өзіне аударды және енді біз қуғыннан қара үзіп кеткен секілдіміз. Кезекті бір аласа қабырғадан аттап өткен біз тар көшеден келіп шықтық. Генридің кегін қайтарғым келіп, өзімді қоярға жер таппай келемін.

– Біз үшін бұл жер қауіпті... – дедім мен Уильямды жүзім сабақтарының арасына жасырып жатып.

Әрі қарай не істейтінімізді шешу қажет еді. Қуғыншыларымыз бізді осы қалашықтың бір жеріне жасырынады деп күтеді. Ал егер шөл далаға қарай қашсақ ше? Онда қанша уақытқа дейін шыдай аламыз? Бірақ біздің басқа амалымыз жоқ еді. Бұл жерден бізге көмектескісі келетін біреудің табыла қоюы екіталай.

Кенет жанымыздағы үйдің есігі ашылды да, іштен үй иесі – алып денелі араб шықты. Ол біздің сөздерімізді естіп тұрған болса керек. Араб жүзім бұталарын ашып, бері қарай басын сұққан кезде мен өз денеммен Уильямды қалқалай бердім. Біздің көздеріміз кездесіп қалды да, араб кенет қатты айқайлап жіберді. Мен ымдап, айқайлаудың қажеті жоқтығын түсіндіруге тырыстым, бірақ ол тоқтар болмады. Басқа амалым қалмаған мен оны тамағынан бір ұрып тоқтатуға мәжбүр болдым. Кеңірдегі езіліп кеткен араб кескен теректей құлады. Сол сәтте мен қуғыншылардың бірін байқап қалдым. Жаныма жүгіріп жеткен ол маған бірінші болып соққы жасады. Қолдарымның бос болулары қажет екенін түсінген мен бұл соққыны өткізіп жібердім де, оның екінші қолының қимылын бақтым. Бұзақы қолын

қойнына сала бергенде оның саусағынан шап беріп ұстап, бұрап қалдым. Ышқына айқайлаған ол құлап түсті. Мен оның тапаншасын суырып алдым да, басынан атып салдым.

Қайдан шыққандары белгісіз, айналамызға адамдар қаптап кетті және мен солардың арасымен бізге қарай ұмтылып келе жатқан өзге қуғыншыларды байқадым. Уильямды ұстап тұрып, аспанға оқ аттым. Адамдардың бәрі жерге жата қалды.

Біз тағы да тар көшелерді бойлап қаша жөнелдік және шөлдалаға шыққан кезде бір-ақ тоқтадық.

– Былай қарай жүріңіз! – дедім мен Уильямға.

Оның менімен қарсыласуға уақыты да, шамасы да жоқ еді. Сонымен, біз қараңғы, беймәлім, бірақ ашық кеңістікке аяқ бастық.

Құмға малтығып бір сағаттай жүгірдік. Айналаның бәрі құм еді. Ол мұрнымызға кіріп, аяқ киімдерімізге толып алды. Біз енді жүгіріп емес, аузымызды аша тыныстап қыбырлап келе жаттық.

– Тыныс алыңыз, тыныс алыңыз, бірақ тоқтамаңыз! – дедім Уильямды асықтырып. – Жоспарым іске асқан секілді. Олар әлі қаланы тінтікілеп жүрген секілді, бірақ бізге бәрібір асығу қажет.

– Бахрейнге дейін әлі алыс па?

– Ол жайында сұрамай-ақ қойғаныңыз дұрыс.

Қарқынымызды баяулатпауға тырысып, үнсіз келе жатырмыз. Мен қуғыншылардан ұзап кетуге тиіс екенімізді түсіндім. Олар бізді көлікке мініп қуалай қоймайды, себебі құмда тіпті «БМВ»-нің өзі жүре алмайды. Бірақ олар бізді оңайлықпен жібере қоймайды. Біздің қалай қарай кеткенімізді олар көп өтпей-ақ түсінеді.

Кенет біздің артымыздан адамдардың дауыстары естілді. Біз тоқтап, қараңғылыққа көз тіктік.

– Бұл солар, – дедім мен.

Уильям қорқып кетті, бірақ қорқынышқа беріліп отыратын уақытымыз жоқ еді. Бұл уақытта бұл жерді білмейтін бізге жүру тіптен қиындап кеткенеді. Аяқтарымыз

құмға малтығып, әзер жүріп келе жаттық. Мен тек бір нәрседен: құмды дауылдың бас көтеруінен қорықтым.

– Анау не? – деп сұрады Уильям келесі құм төбеден асып түскенімізде.

Мен қараңғылыққа көз тіктім. Жылтылдаған оттар, шатырлар мен жануарлардың сұлбалары байқалады.

– Бәдәуилер.

Бұл біздің жалғыз мүмкіндігіміз еді. Мен ерте ме, кеш пе, қуғыншылардың бізді бәрібір ұстайтындарын түсініп, Уильямның мүлде ұнжырғасы түсіп кеткенін көрдім. Соңғы күшімізді жиып, құм төбенің келесі бетіндегі әлгі оттарға қарай жүрдік.

Ол жерге жеткенімізде түйелердің жанында бір нәрселер істеп жүрген адамды көрдік. Жанына жеткен кезімізде ол бізді күлімсіреп қарсы алды. Біз үшін бұл күтпеген жағдай еді! Мен бұл жерден өзімізге достық пейілмен қарайтын адамды кездестіруді еш күтпеген едім. Онымен арабша сөйлесуге талпындым. Ол ағылшынша тәп-тәуір білетін болып шықты. Бұл да мен күтпеген нәрсе болатын.

– Не болды, мырзалар? – деді ол сол күлімсіреген қалпы.

– Біз өте ауыр жағдайға тап болдық... – дедім мен ентигімді әзер басып. – Бізді біреулер қуалап келеді. Олардың бізді өлтірмекші.

– Ал сендер не істеп қойып едіңдер?

– Біз жаман еш нәрсе істеген жоқпыз... – деп бастадым мен.

Жағдайды егжей-тегжейлі баяндағым келген жоқ, бірақ, қуанышқа орай, бәдәуи осы да жеткілікті дегендей қолын бір сілтеді.

– Жарайды, – деді ол. – Сіздер маған залалсыз адамдар сияқты болып көрінесіздер. – Ол тағы да күлімсіреді де, бізді үлкен шатырлардың біріне алып келді. – Сіздер бүгін менің қонағымсыздар. Ішіп-жеңіздер, тынығыңыздар.

Оның шаруамызды қазбалап сұрамағанына разы болған мен Уильямға қарап, иығымды қозғадым. Ол шаршағанынан жығылудың аз алдында тұр. Үнсіз бәдәуидің артынан

ілесіп, шатырға кірдік. Онда бірнеше еркек ортақ құбырдан қорқор шегіп отыр екен. Олардың бәрі бізге мойындарын бұрып қарады, бірақ ешқайсысы ештеңе деген жоқ. Біздің досымыз біреуге арабша бір нәрселерді сыбырлады және арада бір минут өтпей-ақ алдымызға шелпек нан, бал қосылған қойдың ірімшігі мен жасымықтан жасалған тағам алып келді.

Тамақтанып болғаннан кейін, шашистің иісі өтіп кеткен Уильям бірден ұйықтап кетті. Жаңа досымыз менің жаныма келіп отырып, аты-жөнінің Хашанни екенін айтты. Мен өзге еркектер қабақтарын түйіп отырғанда, Хашаннидің көңілдене әңгіме айтып және үнемі күлімсіреп отырғанына назар аудардым. Хашанни ағылшынша жақсы, бірақ акцентпен сөйлейді екен, сондықтан оның айтқандарының мәнін түсіну үшін күш салуыма тура келді. Сәлден соң ол әңгімесін қайтадан жалғастырды.

– Сен қолайсыз жағдайға тап болғандарыңды айттың. Сендер үш күн осында бола аласыңдар. Біз сендерді қорғаймыз және ақысына ештеңе талап етпейміз.

Мен:

– Рахмет... – дей беріп едім, ол сөзімді бөліп:

– Бірақ үш күн өткеннен кейін сендер не істің мән-жайын түсіндіресіңдер, не – бұл жерден кетесіңдер. – Ол сәл уақытқа үнсіз қалды. – Әйтпесе біз сендерді өлтіреміз. Бәдәуилердің салты осындай.

Осы сөздерді айтқан Хашанни маған қарап күлімсіреп қойды, бірақ мен мұның қалжың еместігін жақсы түсіндім. Оған иіліп тағзым еттім:

– Қонақжайлықтарыңыз үшін рахмет.

Хашанни күліп жіберді және қуаныштан қолдарын шапалақтады.

Қатты шаршаған мен бірден ұйықтап кеттім және орнымнан ұйқым әбден қанып тұрдым.

Келесі күні Уильям екеуміз Хашаннидің жанынан ажырамай, оның түйелерді қалай күтіп-қарағанын бақыладық. Кун-фу ұрыс өнеріне жаттыққан кезімде

мен көптеген жануарлардың әдеттері мен қимылдарын үйрендім, бірақ дәл осы түйелер мен үшін құпия еді. Бір кезде аңдаусызда қолым жем салынған қапқа тиіп кетті. Есімді жиғанша түйе маған қарай тұра ұмтылып, бетіме былш еткізіп түкіріп жіберді. Мен оны үркітуге тырысып айқай салдым, бірақ түйе тістерін ақситып, мені тістеп алуға талпынды. Не істерімді білмеген мен тұра қаштым, ал түйе соңымнан қуды. Мен қашқан күйі шатырлардың бірінінің ішіне кіріп, әрі қарай не боларын күтуге мәжбүр болдым. Бірақ Уильям мен Хашаннидің және бірнеше еркектердің ішек-сілелері қатқан күлкілерінен өзге ештеңе ести алмадым.

– Ол сені жеміне таласып тұр деп ойлап қалды, – деді маған көмекке келген Хашанни. Ол күлімсірегенінен бір танар емес. Ол ашулы түйені қазыққа байлап жеткен кезде хайуан басын қаптағы жемге тықты. Хашанни екеуміз бір-бірімізге барлай көз тастадық.

– Сәлден кейін мен сіздерді оған мініп жүруге үйретемін, – деді ол.

Алғашында мен мұны құптай қойған жоқпын, бірақ содан кейін өзіміздің бұл шөл даладан тек осы жануарлардың көмегімен ғана шыға алатынымызды түсіндім.

– Бір кездері осыны есімізге алып күлетін боламыз, – деді Уильям біз түйелерге мініп, алдымызда әндетіп бара жатқан Хашанниге еріп келе жатқан кезімізде.

– Мені жай ғана Лоуренс деп атаңыз, – дедім мен оған.

Уильям екеуміздің бәдәуидің қорғаны астыңда жүргенімізге екі күн болды. Осы уақыт аралағында біз олардың өмір-салттары жайлы көп нәрсеге қанықтық. Бұлар өте салмақты және діншіл адамдар екен. Шынайы мұсылман ретінде олар күніне бес уақыт намаз оқиды және тамақ ішер алдында үнемі Аллаһқа мадақтау сөздер айтады. Хашанни бізге шатырлардың бәрін аралатып көрсетті. Әйелдер мен балалар тамаша кілемдер тоқумен және түрлі қолөнер бұйымдарын тігумен айналысады екен. Олар бұл заттарын жақын маңдағы қалашыққа апарып

сатады. Біз бәдәуилердің өз ісмерліктерінің арқасында осындай шөл далада өздерін қажетті нәрселердің бәрімен қамтамасыз етіп отырғандарын көріп қайран қалдық.

Хашанни бізді қонақ еткеніне шын жүрегінен қуанды. Ол бізді түйеге мінуді үйретті және Уильяммен оның кәсібі туралы ұзақ әңгімелесті. Бірақ мен оның ескертуін есімнен шығарған жоқпын. Үшінші күні таңертең біз шөлдалаға қарай жолға шықтық. Екі жүз долларға біздің әрқайсымызды түйемен, Катарға дейін жетуі тиіс сумен және азық-түлікпен қамтамасыз етті. Хашанни бізге ол жерден көмек көрсететін сенімді адамды қалай табуымызға болатынын егжей-тегжейлі түсіндірді.

– Үйге оралып келе жатқаныңды сезіну қандай тамаша... – деді Уильям қалаға таяп келгенімізде. Шынын айтқанда, алдымызда не күтіп тұрғанын ешкім білмейтін. Бірақ бір нәрсеге сенімді едім: Уильямды үйіне аман-есен жеткізбейінше мен тыныштық таба алмаймын.

– Кіріңіздер, кіріңіздер! – деді толық денелі жайдары адам. Оның да күлімсірегені бәдәуи досыныкіне ұқсайды екен. Бұл адам да ағылшын тілін аса жетік дерлік дәрежеде біледі екен. Бөлме ішінен інжір мен гашиштің иісі шығады. Бұл жер шағын туристік бюро болса керек. Осы жерден біз Саңдрамен байланысқа шықтық. Ақырында әлгі адам бізге Катардан Бахрейнге жүретін кемеге екі билет берді.

– Бүгін осында түнеп шығасыздар, – деді ол. – Кеме ертең таңертең жүреді.

– Иә, бұл саған «Меридиан» емес, – деді Уильям әлгі адам бізді екі тар төсек тұрған қораштау бөлмеге әкеліп кіргізде кезде. Бірақ біздің бөлме таңдайтындай жағдайымыз жоқ еді. Араб біздің жуынуымыз үшін аздаған су берді. Біз жуынып, қырындық та, демалуға жаттық.

Кемеді адамдар тым көп екен. Көпшілігі жан-жануарлар жетелеген шаруалар. Бір сағаттай жүргеннен кейін ақыры Бахрейнге келіп жеттік. Бізді Юлиан атты неміс күтіп алып, жасырын пәтерге алып барды. Сол жерден қажетті құжаттар мен ұшаққа билеттер алдық.

– Басты бағыттардан сіздерді іздестіріп жатқандары анық, сондықтан ондай жерлер сіздер үшін қауіпті болады, – деді Юлиан.

Мен билеттерге көз жүгірттім. Болгар авиажелілері екен. Америкаға күрделі жолдармен баруымызға тура келеді. Мұның Сандраның ісі екенін түсіндім. Жақсы қыз. Бұл шектен асқан сақтық болуы мүмкін, бірақ ол қатерге бас тікпейді. Құжат бойынша, мен енді италиялық кәсіпкер Антонио Каррерасын, ал Уильям – Нидерландтық Уолтер Шмидт.

Үшінші күні біз аман-есен Нью-Йорктегі Кеннеди әуежайына келіп қондық. Уильям маған атқарған жұмысым үшін мол ақы төледі.

– Сауд Аравиясына енді аттап баспасын, – дедім мен оған көзімді қысып. Бірақ арада көп өтпей-ақ, тағдырдың тәлкегімен осы елге қатысы бар жаңа қызметке тұрдым: Сауд Аравиясының Ұлыбританиядағы, Италиядағы және Кипрдегі елшісі Амин Файедтің оққағары болдым.

7-тарау

Менің ендігі бас ауруым Амин Файедтің күзеті болды. Ара-тұра МФКФ-нің ұсақ-түйек тапсырмаларын орындап жүрдім, бірақ «ірі балық» болатын – ондағылардың мұндай клиенттен айырылғылары келмейтін. Сауд Аравиясының үкіметі Файедтің қауіпсіздігі үшін қомақты ақша төлейтін. Әрине, бәрі үнемі өзгеріп тұратын саясат пен оның әлемнің қай бұрышына жіберетініне байланысты екеніне қарамастан, Файедтің күзеті қауіпті іс еді. Мен бес адамнан тұратын топтың басшысы болдым және онымен бірге бүкіл дүние жүзін аралап шықтым.

Амин құмар ойыншы болатын. Ол қиындықтардан қорықпайтын, керісінше, Амин оларды өзі іздеп жүретін және ештеңеден саспайтын. Байлығы мен билігінің арқасында оның қолынан көп нәрселер келетін. Өзіне қарыз адамдарға кейде ол кешіріммен қарайтын, бірақ төзімі таусылған кезде оларға қатігездік танытатын. Аминнің ұстанымы секілді болып кеткен бір қасиеті: ол өз оққағарларына ешқашан қаталдық танытпайтын. Уақыты өтіп кеткен қарыздарын қайтарып әпергеніміз үшін ол біздің әрқайсымызға қомақты ақша төлейтін. Бірақ біздің арамызда ақымақтар болған жоқ, бірінші кезекте өзімізге жақсы жалақы төлейтін МФКФ-нің мүдделерін қорғайтынбыз.

Бұл кезде мен МФКФ-дағы ең жоғары жалақы алатын оққағарлардың біріне айналған болатынмын. Лондонның батыс бөлігіндегі Паддингтоннан үлкен пәтер жалдап, әкешешемді сонда әкеліп алдым. Анам ақыры өзі қашан да армандап келген молшылықтағы өмірді сүре бастағандай болды.

1987-жылдың жазында бірнеше аптаға демалыс алдым. Бұлуақытта Амин толықтай қауіпсіздікте еді, сондықтан мен Лондонға қайтып оралдым. Әкемнің менімен кездескеніне қуанып қалатынын білетін едім. Ауруының кесірінен ол соңғы кездері үйден шықпайтын болған. Мен оның жалғыздығын жеңілдетуді қаладым. Соның артында, менің ескі достарыммен кездесіп, олармен көп нәрселер жайында сырласқым келді. Бірде Гайд-паркте қытайлық досым Джерриді кездестірдім. Бұл жаздың тамаша таңертеңгілік уақыты болатын. Джерримен Чжан мырзаның мектебінде жүрген кезде танысқан едім. Ол сонда кун-фу ұрыс өнерін үреніп жүрген болатын. Біз қайықты суға түсіріп, көлдің ортасына қарай жүзіп кеттік. Джерри рахаттана ескек есіп келе жатты, ал мен көлдің бетіне қызықтай қарап, күнге қыздырынып жаттым.

Бір кезде Джерри:

– Тони, анда қарашы! – деп дауыстап жіберді. Мен қолдарыммен көзімді көлегейлеп, Джерри нұсқаған жаққа қарадым. Бізге жақын маңда сары шашты үш қыз мінген қайық жүзіп жүр. Қыздар ескектерінің бірін суға түсіріп алыпты да, олардың екеуі қайықтың ернеуінен еңкейіп, ескекті ұстап алуға талпынуда. Сықылықтаған күлкілері мен шыңғырған дауыстары естіледі. Біз олардың суды шалпылдатып ескекті алмақ болып жатқандарын және толқынның оны барған сайын алыстатып бара жатқанын қызыға бақылап тұрдық. Қыздардың бірі ескекті екінші ескектің көмегімен ұстамақ болған кезде Джерри күліп:

– Бұл болмайтын шаруа! – деді. Қайық шайқатылып кеткенде қыздың сықылықтай күлгені сондай, екінші ескекті де суға түсіріп алды. Енді қыздар көлдің дәл ортасында мүлде ескексіз қалды.

– Кеттік, Джерри! – дедім мен. – Оларды құтқарайық!

Біз оларға жақын жүзіп келгенде қыздардың бірі:

– Міне, айбынды құтқарушыларымыз да келіп қалды! – деді күліп.

Бізбен ағылшынша сөйлескендеріне қарамастан, мен олардың өзара скандинав тілдерінің бірінде сөйлескендеріне сенімді едім. Біз олардың ескектерін судан алғанды қалаған жоқпыз: одан да біздің қайығымызға ауысып отырсын. Сықылықтай күлген олар ауысып минуте келісті және өздерін апалы-сіңлілі Лия, Лина және Айя деп таныстырды. Лия біздің қайыққа ауысқан кезде екі қайық та қатты шайқалып кетті. Біздің қайыққа өткеннен кейін Лия артына бұрылып, Айяға қолын созды. Айя қайықтың ернеуінен тас қылып ұстап алды, Лина оның артынан демеп тұр. Айяның көздерінің көрмейтінін мен сол кезде бір-ақ түсіндім. Ол біздің қайыққа аяғын салған кезде екі қайық та қатты шайқалып кетті де, ол құлап қала ма деп қорқып кеттім. Шыңғырып қалған Лия ішек-сілесі қата күліп жатқан Джерридің үстіне құлады. Мен Айяның созған қолынан шап беріп ұстадым да, белінен құшақтап, қайығымызға отырғыздым және дәл осы сәтте менімен бір нәрсе болды. Мен Айяны белінен бір сәтке ғана құшақтадым және сол кезде тынысым тарылып кетті. Зағиптығына қарамастан ол өте әдемі және жұмбақ болып көрінетін. Оны жаным а отырғызып, содан соң Линаға қолымды соза беріп едім, бірақ Джерри менің алдымды орап кетті.

Қайықбекетіне ұзақ, айналма жолмен келдік. Алғыстарын білдіргісі келген қыздар бізді дәмханаға шақырды. Біз бірден келісе кеттік. Джерри, Лина мен Лия жағаға секіріп түсті, ал мен Айяға көмектесу үшін кідіріп қалдым. Мен оған қалай көмектескенімнің дұрыс болатынын білмей қатты толқыдым және оны көтеріп түсіруге бел будым. Қыздар күліп жіберісті.

Лия:

– Абайла! – деді де, қолын иығыма қойып, алға қарай жүр дегендей ақырын нұқып қалды. Менің артымнан ілесе Айя сенімді қадамдап жағаға шықты да, қолын иығымнан алмастан алдыма тұрып, екінші қолымен бетімнен сипап өтті.

Мен оның әдемі көгілдір көздеріне қарадым. Айя көрмейтін көздерін кең ашып тұр. Ол өзінің жұмсақ, бірақ

күшті қолдарымен маңдайымнан, көздерім мен мұрнымнан сипады. Содан соң оның саусақтары бетімді, еріндерімді сипап келіп иегіме тоқтады.

– Хм-м, ал сен әдемі жігіт екенсің! – деді ол күлімсіреп. Мені оның турашылдығы таң қалдырды.

– Сен маған қырындап тұрған жоқсың ба? – дедім күліп.

Жауап орнына Айя менің қолымнан ұстады да, біз өзгелердің соңдарынан ілестік.

Дәмханада қанша уақыт отырғанымызды білмеймін, бірақ біз Лия мен Линаның Айяға Швециядан қонаққа келгендерін және оның ең қалаулы қонақтары екенін білдік. Мен Айяның Лондонда заң факультетінің бірінші курсыңда оқитынын естігенде қатты таңданып, бұған сене алмаған кезімде ол ашулы үнмен:

– Мен зағиппын, бірақ ақымақ емеспін, – деді.

Содан соң ол бәрібір қайта күлімсіреді, ал мен кінәмді жуып-шаю үшін кешірім сұраумен болдым.

Сол кеште мен Айяны қытай кварталындағы өзім жақсы көретін мейрамханалардың біріне шақырдым. Уақыт өте келе біздің жұбымыз жазылмайтын болды. Арамызда сөзбен жеткізуге болмайтын әдеттен тыс, айрықша бір сезім пайда болды. Мен бұрын қыздарға қырындамадым және сүйіспеншілік қатынастардың қандай болатынын білмедім деп айта алмаймын. Бірақ Айямен бәрі басқаша еді. Ол менің ойымдағының бәрін оқи білетін және мені өзімнен де артық түсінетіндей еді. Оның менің рухымды қалай осыншама терең тани білгеніне әлі күнге дейін таңданамын. Ол жағдайы жақсы, сүюші отбасынан шыққан. Оның бет бейнесінен сенімділігі мен батылдығы байқалады. Әйтсе де, болмысының терең түкпірінде ол жалғыздықты сезінетін және кейде қатты торығып кететін. Неге екені белгісіз, кейде осындай торығуға мен де бой алдыратынмын. Батылдығым бір жаққа жоғалып кететін. Бұл мен қорқып жүрген махаббат еді. Айяға ғашық болған мен өз бойымнан көптеген өзге сезімдерді аштым. Менің жүрегімде азапты күрес жүріп жатты. Әрине, Айяны тастап кете беруіме

болатын, бірақ белгісіз бір күш мені оған тарта береді. Бірақ та жан дүниемнің онда біреуді кіргізбек түгілі, өзім қарауға қорқатын қараңғы түкпірлері бар еді.

Мені демалыстан шұғыл шақыртып алды. Айяның жанынан кеткім келмейтін еді. Бір жақсысы Аминге жұмыс істеп жүргенде Лондонға жиі келіп тұра алдым. Өмірімде бірінші рет өзімді бақытты сезіндім.

Үш жыл бойы Айямен жиі кездесіп жүрдім. Демалысымды Стокгольмдегі оның отбасымен бірге өткіздім. Сол жерде бірінші рет полицияға түстім. Мен кун-фу ұрыс өнерінің тәсілдерін қолданудың кейбір елдерде заңмен жазаланатынын есте ұстауға тиіс едім. Бұл туралы бізге қылмыстық құқықты оқып жүрген кезімізде айтқан болатын. Бірде шылым сатып алуға шыққан мен Айяның ата-анасының үйіне жақын маңдағы саябақтың ішінен әйелдің айқайлаған дауысын естідім. Мен бірінші кездескен дүкенге жүгіріп кіріп, сатушыдан полицияға қоңырау шалуын өтіндім. Ағаштардың арғы жағынан дауыс әлі естіліп тұр, бірақ енді ол ащы айқай емес, тұншығып шығады. Саябаққа жүгіріп жеткен бойда бір ер адамның құрсауынан құтылуға талпынып жатқан әйелді көрдім. Еркек шалбарының түймелерін ағытып тастапты. Ол өзінің құрбандығын аяусыз ұрып-соғып, оның көйлегін шешіп жатыр. Мен зорлықшының жанына жүгіріп жеттім де, әйелдің үстінен жұлып алдым. Ұйпа-тұйпасы шыққан әйел өз-өзіне келгенше, еркекті тепкінің астына алдым. Кенет:

– Қозғалма! Полиция! – деген дауыс естілді де, сержант дзю-до тәсілін қолданып, мені жерге жығып алды.

Мен ешқандай қарсылық көрсетпей, өзге екі полицейдің зорлықшыны қалай кісендеп жатқандарына қарап тұрдым. Бір қолымен көз жасын сүртіп, екінші қолымен жырттыған көйлегін кеудесіне тарта өкси жылаған әйел ағаштың астында отыр. Ол мүлде әлсіреп қалған секілді болып көрінеді. Оны жұбатқым келді, бірақ сержант құрсауын босатар емес. Сірә, ол жағдайды әлі бағамдай алмай тұрса керек. Ақыры ол қолымды босатты және мені қайран қалдырып, қолыма

кісен кигізді. Содан соң мені зорлықшымен бірге жергілікті полиция бөліміне жеткізді.

Мен өзім білетін шала-шарпы швед тілінде болған жағдайды түсіндіруге талпындым және тек Айя мен оның әкесі бөлімшеге келген кезде ғана сабама түстім. Айяның әкесі мен полиция сержанты ұзақ тәжікелесті. Мен олардың не айтып жатқандарын түсінуге жан сала тырыстым.

– Сержант сенің өзіне ұнағаныңды айтады, – деді Айя құлағымға сыбырлап, – бірақ сен заңды бұздың. Шығыс жекпе-жегінің тәсілдерін қолднауға біздің елде қатаң тиым салынған.

– Ал ана бейшара әйел ше! – дедім мен қызбаланып.

– Әкем де оған дәл осыны айтып жатыр. Сен оны үлкен бәледен қорғап қалдың.

– Ол мұны түсіне ме?

– Әрине, түсінеді! Бірақ ол заңға қарсы шыға алмайтынын айтады.

Ақыры сержант менің жанымға жақындап келіп, швед тілінде ақырын бір нәрселер айтты. Сөйтсе, бұл ресми ескерту екен. Содан соң ол менің бос екенімді және жүре беруіме болатынын айтты. Айяның әкесі ризашылығын білдіріп, сержанттың қолын қысты.

– Бір бәлеге ұрынуға сәл қалдық! – деді ол маған үйге қайтып келе жатқан кезімізде. – Сені түнімен сонда ұстаулары әбден мүмкін еді.

Айя мені барлық жағынан да қолдайтын, бірақ мен жұмысымның оған ұнамайтынын білетінмін. Кәсібімнің аса қауіпті екенін өзім де түсінемін. Мені кез келген сәтте өлтіре салулары мүмкін. Ал қызға қатысты мен өзімді тәртіпті ұстадым ба? Айя үйлену жайлы әңгіме қозғай бастады. Мен оны өте жақсы көретінмін және оның ата-анасымен және әпкелерімен өткізген уақыт ішінде өзімнің осы жылдар ішінде көп нәрсені жіберіп алғаным жайды жиі ойладым. Менің дұрыс өмір сүріп, отбасылы болғым келетін. «Бір нәрсені өзгертетін уақыт жеткен жоқ па, осы?» – деп ойладым.

МФКФ-нан жаңа тапсырма алған мен арада көп өтпей Аминді күзету үшін Неапольге аттанып кеттім. Ол жақта кәсіби баскетболшылар Уильям және Кевинмен бірге жалдап тұрған пәтерім бар болатын. Оларды да МФКФ қаржыландыратын еді.

Қоңырау шылдырлап, тұтқаны Уильям көтерді. Чикаголық бұл қаратүсті жігіт өте ірі денелі болатын және үнемі өзге жігіттерді мазақтап, қалжыңдап жүретін. Бұл кезде мен теледидар қарап отырған едім, оның телефонмен сөйлесіп жатқандарын естідім, бірақ фильмге көңілімнің ауғаны сондай, оның әңгімесіне еш назар аударған жоқпын. Телефонмен сөйлесіп болған ол теледидарды сөндірді де, дәл алдыма келіп тұрды.

– Саған жаман хабар жеткізуіме тура келіп тұр, – деді ол. – Айя көлік апатына ұшырапты...

Оның айтуы бойынша, Айя Лондонда көлік апатынан қаза болыпты. Әпербақан біреулер ауыр жүк көлігін басып озамыз деп қарсы жолға шығып кетеді де, Айяның құрбысының көлігімен соқтығысып қалады. Айя да, онымен бірге көлік ішінде отырғандардың бәрі де оқиға орнында қаза болыпты.

Төбемнен жай түскендей болған мен не болғанын білмей қалдым.

– Не?! Оны кім айтты? Мені неге шақырмадың? Жалпы, сен өзі не айтып тұрсың?

Не ойларымды білмедім. Уильямды балағаттап, оны кеудесінен бір тептім. Ол құлап түсті. Мен оның айтқандарына сене алмадым.

– Бұл сенің тұрпайы қалжыңдарыңның бірі ғой, солай ма? – деп айқайлады мен оған. Бірақ жүрегімнің тереңінде оның шындықты айтып тұрғанын түсіндім. Мұндай нәрсені тіпті Уильямның өзі қалжыңға айналдыра қоймас еді.

Осы хабардан кейін менің жан дүниемде бір нәрсе күйреп қалғандай болды. Кейде бойымды күшті ашудың жаулап алатыны сондай, тіпті онымен күресу мүмкін болмайтын. Бір күні кешкісін мен мотоциклді итеріп

шығарып, есі ауысқан адамдай бет алды ағыза жөнелдім. Жолдың ой-шұңқырына қарамай зулап келе жаттым. Бір кезде екі полицей соңымнан қуып берді. Олардың мені қуып келе жатып апатқа ұшырағандарын немесе құздан құлап кеткендерін қаладым. Одан кейін не болатыны мен үшін бәрібір еді. Өмір немесе өлім – еш айырмашылығы жоқ. Мен полицейлерді әбден әуреге салдым. Бір кезде сабама түсіп, жолдың жиегіне тоқтадым. Полицейлер қатты ашулы еді. Мен тіл қатпастан оларға өзімнің дипломаттық куәлігімді көрсеттім. Құжатымды мұқият тексеріп шыққан полицейлердің мотоциклдеріне мініп, жөндеріне кеткеннен басқа амалдары қалған жоқ. Дипломатиялық қызметтің қызмкеріне олар тіпті қолдарының ұшын да тигізе алмайтын еді.

Ішімді күйдірген ашуды жеңуіме қалай көмектесерлерін білмеген достарым менен қашқақтайтын болды. Ашық сырласу оларға жат еді. Олар ондай жігіттер емес болатын. Бір күні кешкісін Уильям менімен жай ғана әңгімелесуге талпынды, бірақ мен оған ыңғай бермедім.

Ауыр ойларға бой алдырған мен бірде Неапольдің орталығындағы мейрамханалардың біріне кірдім. Оңаша отырғым, ойланғым келді. Үлдірікке жақындап, бір стақан сүт сұрадым.

– Сүт бере салыңыз, міне ақшасы, – деп, барменге ақша ұсындым.

– Біз сүт сатпаймыз...

– Онда шырын бер!

– Мынау түсініксіз бе болып тұр ма? – деді ол бас жағына ілінген хабарландыруды көрсетіп. – 5000 лирге сыра немесе 12000-ға аққайнар. Содан кейін қыз таңдап алуыңызға болады.

– Қыз? Неғылған қыз? Маған ешқандай қыздың қажеті жоқ! Ішетін бір нәрсе берсең болды!

Мен оның не туралы айтып тұрғанын түсіне алмадым, маған осында жай ғана отырып шығу қажет болатын.

– Сыра ма, әлде, аққайнар ма?

– Сыра бер! – деп айқай салдым мен. Сәл болмағанда оны ұзынынан түсіруге даяр едім. Сырамды алып, үлдіріктен алыс үстелдердің біріне орналастым. Арада екі минут өтпей жатып жаныма әлдебір қыз келіп отырды. Оның жасы он сегізге әлі толмағаны анық көрініп тұр, бетін баттастыра бояп алыпты, үстінен арзанқол әтірдің иісі аңқып тұр. Мен ештеңені түсінбей, оған аңырая қарадым. Бұл не көрініс?

– Саған не керек?

– Маған ішетін бір нәрсе алшы... – деді ол.

Мен аздап абдырап қалдым. Ол маған жасанды кірпіктерін жыпықтата күлімсірей қарап отыр. Бұл менің қытығыма тие бастады.

– Жарайды, не әперейін?

– Аққайнар ішкім келеді.

«Дәмесі зор екен!» – деп ойлады, бірақ тайталаспай, оның сұрағанына тапсырыс бердім. Бармен бір шөлмек аққайнарды әкеліп, үстел үстіне 17 000 лирге есеп-шот қағазын тастап кеткен кезде зығырданымның қайнағанын көрсеніз ғой.

– Не жайыңда әңгімелесеміз? – деп сұрады арсыз қыз тәтті үнмен.

Мен ашуға міндім.

– Сенімен мүлде сөйлескім келіп отырған жоқ!

Енді қыз абдырады.

– Онда аққайнарды не үшін сатып әпердің?

– Ішетін нәрсе әперуді өтінген өзің емессің бе?

Мұнда не болып жатқаны санама енді жетті.

– Ішімдік үшін ақша төледің бе, яғни менімен сөйлесуге тиіссің, – деді қыз.

– Бұл жай ғана түсінбеушілік болды. Менің оңаша отырғым келеді, – дедім де, орнымнан тұруға талпындым.

– Жоқ, өтінемін! Олай істемеші! – деді ол торыққан үнмен. – Сонда сенің менімен болғың келмей ме?

– Жоқ!

Мен орнымнан тұра бастадым, бірақ ол менің жеңіме жармасып:

– Өтінемін... отыршы. Мен жай ғана әңгімелесіп отырғанның өзіне риза боламын.

Қыз үлдірік жаққа ұрлана көз тастап қойды. Мен не істерімді білмей қалдым. Оңаша отырғым келді, бірақ сонымен бір мезгілде қызға да жаным ашыды. Егер қазір тұрып кетсем, қайда бармақпын? Маған әбігерге түсіп, мұны ойлап тағы да бас қатырудың қажеті қанша? Сөйтіп, қызбен бірге мейрамханада екі сағаттай отырдым.

Үстел басында отырған тырнақтарын тістелеп, журналды беріле оқып отырған түр көрсетуде. Жалпы, мен оны бір қарағаннан таныдым. Кешегі мейрамхананың іші ала көлеңке болған еді, бірақ оны бетіндегі бес қабат бояуы мен жезөкшелерге тән тұрпайы киіміне қарап таныдым. Мені байқаған ол күлімсіреп қойды және содан кейін қысылып қалғандай кейіп танытты. Мен екі кофеге тапсырыс бердім де, оның жанына барып отырдым. Кеше оған мен өз өмірім, Айя және жол апаты туралы әңгімелеп берген болатынымын. Енді бүгін оның кезегі. Ол өзінің атының Розанна екенін және Неапольге Румыниядан келгенін, университетке оқуға тапсырғысы келетінін, бірақ жезөкше болып істейтінін, бұл жұмысын жек көретінін ол үшін қатты ұялатынын айтты. Ол көз жасына ие бола алмай, үздіксіз жылаумен болды.

– Саған мұның қажеті қанша? – деп сұрадым мен.

– Мені сатып алды, – деп жауап берді Розанна. – Тамағымды тауып бере алмаған ата-анам мені жасым он алтыға толмай тұрып-ақ сатып жіберген.

– Қожайындарыңнан қашып кетпейсің бе? Жай ғана қашып кет.

– Олай істей алмаймын. Олар мені сатып алды дедім ғой. Төлқұжатым соларда, ақшам да жоқ.

– Адамдарды зат секілді алып-сатуға болмайды. Мен сенің қашып кетуіңе көмектесемін.

Айя қаза болған сәттен бастап алғаш рет мен өз қиындықтарым емес, өзге бір нәрселер туралы ойлады. Бір кезде адамдар ұрлап әкетіп, Шанхайдағы жезөкшелер үйінде жұмыс істеуге мәжбүрлеген немере қарындасым

Сюй Мин есіме түсті. Менің әйелдерді осындай іске мәжбүрлейтін пысықайлармен ырғалып жүретін уақытым жоқ еді. Менімен сөйлескен кезде Розанна ортаңғы саусағындағы алтын жүзігін айналдырып отырды. Оған көмектесетінімді айқан кезде, ол мені сол жүзікті алуға көндірді. Жүзік менің ең кіші саусағыма әрең сыйды. Кетерінде Розанна шылымның қорабына мекен жайын жазып берді.

Арада көп өтпей мен мотоциклмен Розаннамен танысқан мейрамхананың артындағы көппәтерлі үйге келдім. Ол мені көшеде күтіп тұр екен және толқығаны сондай, аузына сөз түспей қалды. Сын сағаты туды, бірақ мен әрекет етуге дайын едім. Біз жоғарыға көтеріліп, екі жағында жағалай есіктер орналасқан ұзын дәлізге кірдік. Есіктердің кейбірі ашық екен, бөлмелерден ұйықтап жатқан немесе журнал парақтап жатқан қыздар көрінеді. Өтіп бара жатқан кезімізде олар бізге ысқырумен болды. Дәліз бойында екі күзетші жүр. Олар біздің жанымызға келіп, менен мұнда не істеп жүргенімді сұрады. Қонақтар келуге әлі ерте уақыт еді. Оның дауыс ырғағы менің ашуыма тиді. Бір сөз айтпастан, оны бір ұрып құлаттым да, тіземмен кеудесінен бастым. Сүйектердің сықырлаған дыбысы естілді.

Содан соң екінші күзетшімен де дәл солай еттім. Өз бөлмесінен шағып сөмкесін алған Розанна мені бірінші қабаттағы қожайынның бөлмесіне ертіп әкелді. Ол аласа бойлы, түрі күзенге ұқсайтын кішкентай адам екен. Мен одан Розаннаның төлқұжатын қайтарып беруді талап еттім. Менің қалжыңдап тұрмағанымды түсінген ол дереу суырман ақтарып, қыздың құжатын тауып берді. Күзен маған қарсылық көрсетуге тырысқан жоқ, бірақ мен бәрібір оның басын апарып компьютердің мониторына ұрып қалдым. Оның қаны менің киімдеріме де шашырап кетті. Қожайынның хаттарды ашатын кішкентай кеңсе пышағын көрген мен оны қолыма алып, оңбағанның қарнын жарып жіберуге оқталдым. Бірақ сол сәтте кенет Розаннаның маған қараған көзқарасын сезіндім. Сасып қалған мен пышақты

алысқа лақтырып жібердім де, қызды жетелеп далаға алып шықтым. Содан соң мотоциклге отырып, менің үйіме қарай зуладық.

Үйге келген кезде Розанна әлі дірілдеп тұрған болатын. Қожайынның бөлмесінде болған жағдай туралы ойдың өзінен-ақ оның жүзін қорқыныш жайлайды. Осында жеткенше ол туралы ойлап келгенін түсіндім, сондықтан да мен оны тыныштандыруға тырыстым. Шын мәнінде мен осындай қатігез емеспін ғой. Мен көбіне оған соңғы апталарда басымда болған жағдайлар туралы айттым. Розанна біртіндеп сабасына түсті де, оны жатын бөлмеге әкеліп кіргіздім.

– Сен маған көп жақсылық жасадың? – деді Розанна. – Менің саған қарыздар болып қалғым келмейді.

Осылай деген ол мойнымнан құшақтады да, еріндерін ерніме тақады.

– Жоқ!

– Менің қолымнан келетіні осы ғана. Себебі саған төлейтін ақшам жоқ.

– Маған ақша қажет емес. Сенен маған еш нәрсе қажет емес.

Мен Розаннаға жататын төсегін көрсеттім де, өзіме шкафтан қосымша көрпені алдым.

– Егер бір нәрсе қажет болса, шақыр. Мен қонақ бөлмедегі диванда ұйықтаймын, – дедім де, бөлмеден шықтым.

Келесі күні Розаннаны әуежайға апарып, үйіне билет сатып әпердім. Ол үстіне джинси шалбар және өзіне үлкен кеудеше киіп алыпты. Бетінде ешқандай бояу жоқ. Мен оның қаншалықты әдемі екенін қазір ғана байқадым.

– Сенің жақсылығыңды ешқашан ұмытпаймын. Бірақ осы жақсылығыңның өтеуіне беретін еш нәрсем жоқ! – деді қыз.

Мен оған ішіне ақша салынған конвертті ұсындым.

– Енді сен жақсы колледждердің біріне түсе аласың, – дедім мен неге екені белгісіз, өзімді оның әкесі секілді сезініп. Оның көздеріне жас үйірілді. Розанна балаша еркелей

бетімнен сүйді. Содан соң оның ұшаққа қалай беттеп бара жатқанына қарап тұрдым.

Қалаға қайтып келе жатқан жолда кешегі оқиғаны, әсіресе әлгі пысықайлардың сазайларын тарттырған сәтімді қайта есіме алдым. Жаман емес, тіпті, жақсы деп айтуға болады. Сол кезде әлгілерді олардың қандарының дәмін сезінгенге дейін тепкілей бергім келді. Әр соққыны жасаған сайын бойдағы ашуымның азайып бара жатқанын сезіндім, бірақ тоқтай алмай, төмпештеуімді жалғастыра бердім. Осы бір қан аңсаған әзәзілдік сезімнен арылу үшін көздерімді жұмып, көлігімді қалай болса солай жүргізіп келе жаттым. Бұл күйім үшін қысылдым және бәрібір бойымды осы жаңа құмарлықтың жайлап алғанын сезіндім. Бұл басқаруға көнбейтін, жаман қалау болатын. Нағыз жын соққандықтың өзі. Мен мотоциклді кері бұрып, тауға қарай құйындай жөнелдім.

8-тарау

Ешкіммен араласуды қаламасам да, бір сәтке де жеке қалғымкелмеді. Бос уақытымды мен дәмханалар мен мейрамханаларда қуанышты, еш қам-қайғысыз адамдарға қарап отырумен өткізе бастадым. Ешкіммен сөйлескім келмейді. Мен көңіл көтеретін орындарға ол жерлердегі шуыл жанымды жегідей жеген қайғымды сәл де болса басатын болғандықтан баратынмын. Бірақ мұның өзім де әлі толық түсіне алмайтын қорқынышты тағы бір себебі бар еді. Аузымдағы түсініксіз дәм кетер емес. Әлгі жезөкшелер үйінде адам ұрған кезімде алғаш сезінген кермек дәм. Оны ұмытуға тырыссамда, ол қайтадан пайда бола берді. Бұл менің алай-дүлей ашуымның дәмі, қанға құмарту болатын. Ащы шындық менің кенет өзгеріске ұшырағанымда еді. Сабырлылығым, ұстамдылығым, дұрыс жолмен жүруді қалауым әлдеқайда жоғалып кетті. Енді мен тек қақтығысты іздейтін болдым.

Бірде, МФКФ маған шағын демалыс берген кезде Амин Файед тікелей менің өзіме қоңырау шалып, Кипрдің астанасы Никосияда кездесуге шақырды. Шынымды айтсам, маған жалынудың қажеті болған жоқ.

Қолым босай қалған алғашқы кеште-ақ Никосияның түнгі өмірін көруге шықтым. «Afrikanas» бары адамдарға лық толы екен, бірақ мен қалтарыстан ыңғайлы орын тауып алдым да, жайлы орындықта отырып келушілерді сырттарынан бақылай бастадым. Бұл жерде бір топ даттық жауынгерлер көңіл көтеріп жатыр екен. Мен оларға жек көре қарап отырдым. Олар ішімдік ішуден жарыс ұйымдастырып жатыр. Біреуі бір стақанның артынан екіншісін ішіп жатқан кезде, қалғандары ән

айтып, қолдарын шапалақтаумен болады. Олар көбіне күшті спирттік ішімдіктерді ішуде. Жауынгерлердің бірі, бойы екі метір болатын еңгезердей жауынгер жарты литрлік саптыаяқ сырадан алтауын бірінің артынан бірін демалмастан бір-ақ ішіп салды. Қалғандары бұған қуана қол шапалақтап, мәз болысып қалды. «Нақұрыстар, – деп ойладым мен, – қаншалықты мықты екендіктеріңді байқап көрере ме еді?»

Уақыт өтіп жатты. Тез масайып қалған жауынгерлер шуылдап, шатақ шығара бастады. Көрші кабинкалардың бірінде үш қыз демалып отырған еді. Олардың ешкімде шаруасы жоқ өзара әңгімелесіп отырды. Олар менің есіме бірден Айя мен оның әпкелерін түсірді. Олардың біреуінің шашы дәл Айяның шашына ұқсас болды. Жауынгерлер кенет өздерімен-өздері отырған осы үш қызға назар аудара бастады. Сары шашты қыз орнынан тұрып, үлдірікке қарай бет алған кезде, жауынгерлердің бірі оның соңынан ілесті. Мен қыздың сыпайылықпен оның бетін қайтаруға қалай тырысып жатқанына қарап тұрдым. Бірақ жігіт оның айтқандарына құлақ асар емес. Менің қаным қыза бастады. Қыздың тапсырысын күтуі ұзаққа созылған сайын даттық жауынгердің оған соқтығуы да күшейе бастады. Қыз одан теріс айналып кетті, бірақ бұл да көмектеспеді. Жауынгердің қызды жайына қалдырар ойы жоқ секілді. Орындығымның ең шетіне сырғып отырып олардан көз алмай бақылап тұрмын. Жауынгер екінші жақтан айналып келіп, тағы да қыздың алдына тұра қалды. Қыз тағы да теріс айналып кетпек болып еді, жауынгер оны иғынан шап беріп ұстап, күштеп өзіне қаратып алды. Сол сәтте мен қыздың көздерінен қорқынышты байқадым. Қыз оның құрсауынан шығуға тырысты, бірақ жігіттің күші басым еді.

Менің қаным басыма шапшыды. Ештеңе туралы ойлап жатпастан үлдіріктің жанына жүгіріп бардым да, стақанды сындырып, оның қолымда қалған бөлігімен даттық жауынгердің бетінен ұрдым.

У-шу басталып кетті. Он екі-он үш адамнан тұратын даттық жауынгерлер үлдірікке қарай лап қойды. Бірақ мен олардың араларынан сыналай өтіп, шамдары жарқырап тұрған көшеге шығып алдым. Енді менде әрекет жасауыма қолайлы кеңістік пайда болды. Жауынгерлер өле мас еді, сондықтан мен бұл жерде олардың барлығын да жусатып сала алатынымды түсіндім. Ал тар дәмхананың ішінде мұны істеу қиындау еді.

– Келіңдер, келіңдер! Сыбағаларыңды алыңдар! – деп айқайлады.

Делебем қозып, денемнің әрбір бөлшегі айқасты аңсады. Жауынгерлер тәлтіректеп сыртқа шыға бастаған кезде мен оларды тоқтатып алып, бір-бірден ұрып құлата бердім. Әйтсе де олардың бірі мені көзімнен ұрып үлгеріп қалды. Көзімнен от жарқ ете қалып, қатты ауырып кетті. Бірақ бұл тек менің ашуыма май құя түсті. Мен үшін оларды дәмханадан шығарып әкету жеткіліксіз болды. Қан аңсаған мен оларды аяусыз тепкінің астына алдым.

Әрбір соққы жасаған сайын бәрін сындырып, бәрін қиратып тастауға деген тілегімнің одан әрмен өрши түскенін сезіндім.

Кенет дабылдың үні естіліп, полицияның қарасы көрінді. Бірақ мен қараңғылықты жамылып, ол жерден ізімді суыттым.

– Кеше шағын төбелес ұйымдастырдың ба? – деді Амин екі езуі екі құлағына жете күлімсіреп.

– Асып бара жатқан ештеңе болған жоқ, – дедім мен көгерген көзімді сипап тұрып. Оның бәрін біліп алғанына жыным ұстады. Бірақ оның бұл туралы білмей қалғаны таңданарлық жағдай болатын еді. Ол айлакер, есепшіл, сабырлы адам болатын және ол менімен қалай сөйлесуді білетін.

Әрине, Амин менің бойымдағы өзгерісті бірден байқады және мұның өз істері үшін пайдалы болатынын түсінді. Ол:

– Бүгін кешке ойынға барамыз, – деді де, сейфті ашып, оның ішінен белі резеңкемен буылған екі бума ақшаны алып шықты.

Ойынханада адам көп екен, Амин екеуміз залдан өтіп келе жатқан кезде олардың барлығы дерлік онымен бас изеп немесе қол алысып амандасумен болды.

– Файед мырза, бүгін қолыңыз жүреді деп ойлайсыз ба? – деген ойынхана қожайыны бізді үстел басына өзі жеткізіп салды.

Аминді бұрыштағы ең жақсы үстел күтіп тұр еді. Амин күлімсіреп қойды. Крупье карталарды тарата бастаған кезде Аминнің жүзінде өз-өзіне ризашылық пен сараңдық сезімдері ойнап тұрды. Ойын жаңадан бастала берген кезде Аминнің жанына бір бейтаныс адам пайда болып, онымен сөйлесе бастады. Әлгі адамның жүзінен оның алаңдаулы және ашулы екені байқалады. Өз орнымда тұрып мен қожайынымның ашуының сәт сайын ұлғайып келе жатқанын байқап тұрдым. Мен оның белгі беруін шыдамдылықпен күттім және содан соң оның жанына барып тұрдым. Бейтаныс жүрексініп қалды, бірақ бұрынғысынша тез-тез сөйлеп, Аминнен бір нәрсе сұрауын жалғастыра берді. Мен басқа белгіні күткен жоқпын. Әлгі адам Аминнің жеңінен ұстамақ болған кезде оны шетке сүйреп алып шықтым да, еденге құлатып түсірдім. Басқа еш нәрсе істеудің қажеті болған жоқ. Орнынан атып тұрған ол шығар есікке қарай жүгіре жөнелді. Амин мақұлдай басын изеді де, ойынын жалғастырды.

Келесі күні қожайыным мені өзінің пентхаусына шақырып алды. Ол менімен тым жылы сөйлескендіктен, бұдан кейін не болатынын түсініп тұрдым. Енді бәрін істеуге дайын едім.

Сол кеште мен Аминге көп ақшаға қарыз болып қалған адамның үйіне барып қайттым. Ол белгілі қару-жарақ сатушысы еді. Мен күтпеген жерден келіп, оны қапыда бастым. Ол күзетшілері жоқ, жалғыз екен. Оған оның Аминге қарыз ақшаларын алып кету үшін келгенімді айттым. Сатушы тек күлімсіреп қойды. Оның өз-өзіне разы, тәкаппар күлкісі біздің көптеген бай, беделді клиенттеріміздің күлкілеріне ұқсап кеткені сондай, менің құсқым келіп кетті. Ол өзім кіммін деп ойлайды?

– Қожайыныңа менде ондай ақшаның жоқ екенін айтып бар, – деді ол. – Мен онымен осы аптаның аяғында толықтай есептесемін.

Осылай деген ол маған есікті нұсқады. Жазасын тартатын уақыты әлі келмегенін білгендіктен, оның мұнысына аса қатты ашулана қойған жоқпын.

Оның жауабын естігенде Амин қатты ашуданды.

– Қайтадан бар да, ақшаны бүгін төлеуге мәжбүр ет, – деп бұйырды ол. – Ақшаны төлегеннен кейін сазайын тартқыз!

Мен өзіммен бұлай сөйлескенге үйренбеген болатыным, бірақ Аминге шексіз қарыздар едім. МФКФ маған оның қауіпсіздігі үшін ақша төлейтін, ал қалғанының маған қатысы жоқ болатын. Мек тек клиент алдындағы міндеттемелердің орындалуы үшін ғана жауапты едім. Аминнің бұйрықтарын орындау менің МФКФ белгілеген міндеттерімнің ішіне кірмейтін еді. Бірақ мәселе менің енді қылмыс пен заңды бөліп тұрған шекарадан өтуге өзімнің талпынып тұрғандығымда болатын. Клиентіме әлдебіреу осылай істей алады деген ойдың өзі-ақ менің зығырданымды қайнатты. Сол күні әлгі адамның үйіне қайтадан бардым да, бәрін қожайыным айтқандай етіп орындап қайттым.

Бұған риза болған Амин қомақты сыйақы төледі. Шынымды айтсам, маған Аминнің сыйлығынан гөрі сатушының сазайын қалай бергенім көбірек ұнады. Енді ше, ол менің бойымды бүтіндей жайлап алған зорлық-зомбылық көрсету тілегін тек ұлғайта түсті.

Бірде ойынханада ақшаны оңды-солды шашып жүрген Чадты көріп қатты ашуға міндім. Алып денелі африкалық өзі сөйлескен адамдарының бәріне аққайнарға тапсырыс беріп жүр. Жартылай жалаңаш даяшы қыздарға ақша тықпалайды. Мен бұл африкалықты жақсы білетінмін. Ол Аминге қомақты ашқа қарыз болатын. Қысқасын айтқанда, бұл менің абыройыма сын еді. Сол күні кешкісін мен оның үйіне бардым.

Зәулім жекежайға келіп есігін қақтым. Чадтың күтушісі есікті аша қоймаған соң, оны бұзып кірдім. Шошып кеткен

күтушіні ұшырып түсірдім де, Чадтың қонақ бөлмесіне келіп кірдім. Ол біреудің иелігіне баса-көктеп кіруге құқымның жоқ екенін айтып наразылық білдіре бастады. Бірақ мен оны сөзін аяқтатып үлгерткен жоқпын. Африкалықты шаштарынан ұстап алып, оны кітап сөрелерінің артында орналасқан үлкен сейфті көрсеткенге дейін ұра бердім. Сейфтен Аминге тиесілі ақшаны алғаннан кейін Чадты қабырғаға тақап алып, қинай бастадым. Осы сәтте бөлмеге «Әке!» – леп шырылдаған оның екі баласы жүгіріп кірді. Олардың айқайларынан есімді жиып, африкалықты қоя берген салғанымда ол еденге «гүрс» етіп құлап түсті. Балалардың жандарынан жүгіріп өтіп, ол жерден қарамды батырдым.

Чадтың сазайын тарттырғаннан кейін мен көп уақытқа дейін сабама түсе алмай жүрдім. Оның балаларының бейнесі көз алдыма келе берді, бірақ олар туралы ойламауға тырысып, соңымнан қалмай жүрген қан иісін құмарта жұттым.

Мұндай көріністер одан кейін де аз қайталанған жоқ және мен өзімді барған сайын айуанша ұстай бастадым. Мен Аминнің де сазайын тартатын уақыты келетінін түсіндім. Ол бәрі үшін жазасын тартуы тиіс. Бір күні жалдамалы қанішер оны іздеп табады да, өзінің арам ойын іске асырады. Сондай-ақ бос уақытымда менің немен айналысып жүргенімді білген кезде МФКФ-мен арамызда үлкен әңгіме болатынын да түсіндім. Мұны болдырмаудың жалғыз жолы – мен туралы дыбыстарын шығармаулары үшін әлгі адамдарды қорқытып қою қажет.

Ал енді әке-шешеме келетін болсақ, олар мен жайлы әдеттерінше еш нәрсе білмейтін және білгілері де келмейтін. Олардың Аяяны бір рет естеріне алмағандары көңіліме келетін. Дәл бір ол менің өмірімде ешқашан болмаған секілді. Бірақ соған қарамастан мен Лондонда болған сайын ата-анама барып тұратынмын және қолымнан келгенше олардың өмірлерін жақсарта түсуге тырысатынмын. Бірде анам әкемді емдеудің жаңа, бірақ өте қымбат курсынан өткізу мүмкіндігі туып тұрғанын айтты.

Әрине, бізде ондай ақша жоқ, – деді ол. – Швейцариядағы ота алдындағы бір ғана медициналық тексерудің өзіне отыз мың фунт ақша болса қажет. Егер сен көмектесе алатын болсаң...

Мен әкеме көз тастадым және осы көп жылдардың ішінде алғаш рет оның көзінен үміт ұшқынын байқадым. Ол ыңғайсыздана күлімсіреп қойды. Маған жақсы ақша төлейтін, бірақ мен ақшамның бәрін жұмсап тастайтын едім, сондықтан жинаған қаражатым да, банкіде есепшотым да жоқ болатын.

– Жарайды, не істеуге болатынын ойластырып көрейін, – дедім мен оларға.

Кипрге келе салысыммен, бірінші кезекте мен ақша табу мәселесін ойластыра бастадым. Аминнен сұрауға болар еді, бірақ менің ешкімге қарыздар болғым келмеді. Бұл уақытта мен адамдарға және олардың мүліктеріне деген барша құрметімнен айырылған болатынмын. Аминге жұмыс істеп жүріп қатал қарыз өндіріп алушыға, тонаушының нағыз өзіне айналдым. Әкеме ота жасату үшін ақша табу қажет. Ал бұл онша қиын шаруа емес. Мен Никосиядағы аса бай адамдарды білетінмін, сондықтан құрбандықты таңдау – қиын мәселе емес болатын.

Әйтсе де маған қадам жасау, әлдебір шектеуден аттап өту қажет болатын. Сөйтіп, мен осы қадамды жасауға бел бұдым. Осында бір жаман адам бар еді. Бірде кешкісін мен оның қала сыртындағы үйіне келіп, қолыма түскен бар ақшасын алып кеттім. Маған кедергі жасамақ болғандарды аяған жоқпын. Менің қатігез болғым келмейтін еді, бірақ мені солай болуға мәжбүр етті. Төбелес мен үшін қосалқы сый іспетті болып кетті. Мен жеңіске жетіп жүрдім және жеңістерді аңсадым. Мен ешкімге бой бермедім. Қалаға қайтып келгеннен кейін бес жұлдызды қонақүйлердің біріне келдім.

– Бес жүз жетінші бөлме, – дедім кілттер ілініп тұрған тақтаға тез көз жүгіртіп өтіп.

– Қайырлы кеш, мырза, – деген кезекші мен айтқан бөлменің кілтін қолыма ұстатты.

Оған күлімсірей қараған мен лифтіге отырып, бесінші қабатқа көтерілдім. Бөлмеге кіргеннен кейін бірден суырмаларды ақтарып, іздеген нәрсемді тауып алдым. Бұл бөлмеде кімдер тұрып жатса да, олардың ойларында бірақ нәрсе бар екен, ол – ақша шашу. Мен ақшаның бәрін сыпырып алдым да, келесі қонақүйге бардым. Осылайша жалғаса берді.

Арада көп өтпей мен қабырғада ілулі тұрған кілттердің қатар тұрғандарын тез есте сақтауды үйреніп алдым. Содан соң өзіме қажетті бөлменің кілтін сұраймын. Ол бөлмені тонап болғаннан кейін балкон арқылы өз есебім бойынша қазір ешкім жоқ болып табылатын келесі бөлмеге өтемін. Бірде, кезекті бөлмені тінтіп болған мен делізден шыққан дыбыстар мен есіктен бұралған кілттің дыбысын естіп демімді ішіме тартып тұра қалдым. Бөлмеге бір жас жігіт пен қыз кірді. Бөлмеде бөтен біреудің бар екені олардың ойларына да кіріп-шықпайды. Егер олар мен жасырынып тұрған терезеге жақындаса не істемекпін? Аузыма бірден таныс кермек дәм пайда болды. Олар қауіптілікті сезбестен көңіл көтеріп жатыр. Мен олардың бөлмелерінен алатынымды алып алған болатынымын. Енді оларды таяққа жығудың қажеттілігі жоқ. Ақырын балконға шықтым да, төменгі қабаттың балконына түсіп кеттім. Сол күні бір кеште әкемнің отасына қажетті ақшаны жиып алдым.

Бірнеше күннен кейін Никосия әуежайында ата-анаммен кездесіп, оларға керекті ақшаларын бердім. Әке-шешемнің ауыздары аңқайып қалды: енді әкемнің ота алдындағы дайындықтан өте беруіне болады. Олар менің үйіме кіріп шықты да, тезірек Лондонға жету үшін әуежайға қайтып оралды.

Әке-шешемді әуежайда қалдырып, Лимассолға бет алдым. Сол жерде екі досыммен кездесуге келіскен едім. Жаздың ыстық кештерінің бірі болатын. Айналада демалушылар мен пәтерлерін жалға беруші іскерлердің қарасы көп. Біз кофе ішіп, әңгімелесіп отырдық. Бір кезде

бір топ ағылшындар пайда болды. Олар бізге жақын маңға үлкен ағаш айқышты орнатты.

– Жоқ, тек мәсіхшілер болмаса болғаны... – деді менің канадалық жолдасым Кевин.

Мәсіхшілер гитарамен ән айта бастады, ал Кевин оларды мазақтауға көшті:

– Мәсіхшіл сұрқылтайлар! Тақуалар – олар Африкада да тақуалар.

Мен зілсіз күліп қойдым, себебі мәсіхшілер маған тиіскен жоқ еді. Ән айтып болғаннан кейін ағылшындардың бірі уағыз айта бастады. Оның дауысы зор екен, адамдардың күлкілері мен зәрлі қалжыңдарына қарамастан ол сөзін жалғастыра берді. Қолына шөлмек ұстап алған ол:

– Мына бір шөлмек шарапты кімнің алғысы келеді? – деп айқайлады. Оны алғысы келетін адам табылған жоқ. – Алсаңдаршы. Мүлде тегін. Бұл жай ғана жақсы шараптың бір шөлмегі. Ол үшін ешнәрсенің қажеті жоқ.

– Нақұрыс! – деді Кевин.

– Келіңіздер, маған жақындап, сыйлыққа ие болыңыздар.

Уағыздаушының әрекеті күлкілі еді, мен үшін өзім ішіп отырған кофем жеткілікті болатын. Кевин кенет клубта әлдебір жолдастарымен кездесуге жинала бастады. Шынымды айтсам, мен оның достарын жаратпайтын едім. Олар өз жұмыстары туралы айтқаннан өзге ештеңе білмейтін мылжың біреулер болатын.

– Жүре бер, мен кейінірек барамын, – дедім Кевинге.

Уағызшы жүргіншілерге әлгі шарабын әлі ұсынумен жүр. Ол шаштары иығына түскен, жасы мен шамалас адам болатын. Бір кезде орта жастағы бір әйел оған жасқана жақындап келді де:

– Мен алайын... – деді уағыздаушыға.

Уағыздаушы оның қолына шөлмекті ұстатып жатқан кезде айналадағы адамдардың бәрі іштен тынып тұрып қалды.

– Алыңыз, алыңыз! Ешқандай шарт қойылмайды! Бұл – сыйлық... – деді жігіт қайталап. – Тек қана алға шығып, оны алу қажет.

Әйел адамдар арасындағы өз орнына қайтып оралды, ал уағыздаушы ақыры өз уағызының мағынасын түсіндіре бастады:

– Міне, Иса да құтқарылуды дәл осылай сыйлайды, – деді ол. – Иса біздің бәрімізді сүйеді және Оның құтқару сыйы үшін бізге еш нәрсе төлеудің қажеті жоқ. Бар керегі – оны қабылдау. Құдай бізге күштеп ештеңені таңбайды. Ол бізге Өзінің сыйын ұсынады, ал алға шығу не шықпауды біздің өзіміз шешеміз.

Осы сәтте мен мектептегі ұстазым Сайзер мырзаны және оның «құтқарылуды» қалай түсіндіретінін есіме алдым. Оның үйретуі бойынша, құтқару – бұл кешіру және Құдайдың алдында таза болу үшін бәрін басынан қайта бастауға мүмкіндік беру. «Иә, мені тазарту үшін Оның ең қатты щетканы пайдалануына тура келеді», – деп мұңая ойладым мен.

Адамдар тобыры ақыры сиреген кезде, мәсіхшілер ақырындап өз заттарын жинастыра бастады. Бір кезде уағызшының көздері менің көздеріммен кездесіп қалды да, ол бірден менің жаныма жақындап келді.

– Сізбен сөйлесуге бола ма? – деп сұрады ол.

– Әрине.

Ол маған жақсы жігіт болып көрінді және мен оның ойында не бар екенін білуге құмарттым. Ол өз есімінің Мартин екенін айтты. Мен онымен біраз әңгімелестім және көбіне біз оның тобының немен айналысатыны жайында сөйлестік. Лимассолға олар осыдан бірнеше күн бұрын келіпті және бір-екі ай жергілікті қауыммен бірге жұмыс істемек ойлары бар екен. Бұл ауданды білетін болғандықтан, мен біраз пайдалы кеңестер бердім және өзімнің Кипрге қалай тап болғаным жайлы әңгімелеп бердім.

– Сізге Майкл Райтпен танысу қажет, – деді Мартин. – Ол жақсы жігіт. Солтүстік Ирландиядан келген, қазір осында тұрады. Сіздер сыйласып кетер едіңіздер.

Мартиннің бойында өзіне тартып тұратын бір нәрсе бар еді. Оның қайырымды, кішіпейіл адам екендігі күмәнсіз.

Ол өзі туралы, қауым және Құдай туралы әңгімеледі. Бірақ мен оның әрекеттерінің себебін түсіне алмадым. Ол менен ештеңе жасырмай, бар шынын айтқандай болды. Ол маған өзінің мәсіхші ретінде Иса туралы, Оның адамдардың барлығын жақсы көретіні жайында әрбір адамның білгенін қалайтынын бірден айтты. Оның сенім туралы сандырақтары мені еш қызықтырған жоқ, бірақ Мартиннің өзі жөні түзу адамға ұқсайды. Жай ғана оның адамдарға көмектескісі келетін сияқты. Мұндайларды ешкіммен шатастыра алмайсың. Достары қайтуға жиналған кезде, олармен бірге кету үшін Мартин орнынан тұрды. Маған онымен әңгімелесу ұнады да, қоштасарда мен оған қолымды ұсындым. Мартин сәл кідірді де:

– Біз пәтерімізге қайтып бара жатырмыз, бізбен жүрсеніңші. Кешкі ас ішеміз... – деді.

Шынымды айтсам, мен қатты сасып қалдым. Мұның артында не тұруы мүмкін екенін ойлап басым қатты, бірақ соңынан бәрібір Мартиннің шақыруын қабыл алдым. «Барайын, – деп ойлады, – нем кетіп барады, ал егер бір нәрсе бола қалса, бәрі сазайларын тартады».

Олардың жалдаған пәтерлерінің Лимассолға келетін демалушыларға жалға берілетін көптеген өзге де пәтерлерден еш айырмашылығы жоқ екен. Мартин мені өзінің жолдастарына таныстырды. Олар тым жас және ақжарқын адамдар екен. Маған олардың өзімді айналшықтамағандары және басы артық сұрақтар қоймағаны ұнады. Біз бірге кешкі ас іштік, содан соң әртүрлі тақырыпта әңгімелесіп отырдық. Мен олардың бойларынан жаңа, жағымды нәрселерді байқадым. Балалардың кейбірі әңгіме барысында Майкл Райтты естеріне алды.

– Қауымға келіңіз, – деді олар маған. – Онымен сол жерде таныса аласыз.

Мен бұл туралы ойлануға уәде бердім. Олардан кетіп бара жатып, бір кездері шынымен де қауымдарына баратынымды ойлап күлімсіреп қойдым. Ал қазір Кевинді

қуып жетуім қажет еді, өйткені клубта маңызды шаруам бар болатын.

Бірақ мен олардың қауымдарына бәрібір бара алмадым. Арада бірнеше күн өткенде көшеде келе жатқан менің жаныма күтпеген жерден полиция көлігі тоқтай қалды. Ішінен екі офицер шығып, құжаттарын көрсетті де:

– Көлікке отыр, – деді олардың бірі.

Мен оны боқтап жібердім.

– Маған ешкім тиісе алмайды, – дедім оған өзімнің дипломаттық құжатымды көрсетіп.

Сонда офицер тапаншасын суырып алды. Мен бұған қарап күліп жібердім. Ештеңеге жарамсыз ойыншықпен мені қорқытпақшы.

– Бұл қойылым сендерге ұнайтын болса, онда жарайды, – дедім мен. – Бөлімшелеріне апарыңдар, мені қалай шығарып алғандарын сонда көресіңдер.

Мен мүлде қорыққан жоқпын және олардың дегендеріне көнуге бел байладым. Сол күні кеште ешқандай шаруаларым жоқ болатын. Полицияға келген кезде олар менің дипломатиялық құжатыма пысқырған да жоқ: артық ештеңе айтпастан жер астындағы камераға қамай салды. Менің британ елшілігімен байланыстыруға жасаған өтініштерім аяқсыз қалды. Күні бойы оқшау отырдым. Тек кешкі сағат ондар шамасында жалғыз кісілік камерама бір топ полицей кіріп келді. Олар менің қолымды кісендеп, тергеуге алып жүрді.

«Қолайсыздықтар енді басталады, – деп ойлады мен. – Айып тағады да, кепілге босатады, ал содан кейін елден шығарып тастайды». Бұл сәтте олар қандай да бір ауыр қылмысты мойныма арта сала ма деп уайымдай бастаған болатынмын.

Үстел үстінде іс қағаздары тізіліп тұр. Кезекші офицер бірінші істі ашып, тергеуді бастады. Іс қағаздарына мен бір кездері тонап кеткен қонақүй бөлмелеріне қатысты материалдар тігіліпті. Мен бөлмелерді тонау деректерінің тек бір бөлігін ғана мойныма алдым, себебі олардың көпшілігі

маған беймәлім еді. Өзге тонау деректерін мойындаудан бас тартқан кезімде полицей қатты ашуланды. Ол менен барлық қылмысты мойындауды күткен еді. Бірақ менде өзім жасамаған қылмыстарды мойындайын деген ой мүлде жоқ болатын. Офицер қояр болмады. Оның мені сұрақтың астына алатынын және өзіне қажетті жауапты алмайынша тоқтамайтынын түсіндім. Жағдай ширыға бастады, оның мені жауаптарымдағы қарама-қайшылықтардан ұстауға тырысатынын түсіндім. Қазір маған сабырлылықты сақтау қажет.

– Елшілікпен сөйлеспейінше бір сөз де айтпаймын, – дедім мен оған.

Сөзімді аяқтатпастан, ол менің бетімнен бір салды.

– Менен ештеңе талап етуші болма. Елшілігіңнің сен секілді бейшарамен кездескісі келмейді. Бұл жерде сен менің елімдесің және сені алда үлкен сәтсіздіктер күтіп тұр. – Осылай деген ол маған жақындап келіп, бетіме түкіріп қалды.

Бойымды ашу кернеді. Мұндай жағдайға бұрын-соңды ешқашан тап болып көрмеген едім. Оны басынан бір теуіп, бөлменің екінші жағына қарай домалатып түсірген кезімде кісен қолдарымды қатты қысып кетті. Өзге полицейлер мені дереу ортаға алып, аяусыз тепкілей бастады. Бар күшімді бойыма жиып, олардың соққыларына үнсіз төзіп тұра бердім.

Камераға қайта әкеліп тастағаннан кейін мен өз жағдайым туралы ойлана бастадым. Бәлеге шындап ұрынған сияқтымын. Қызық, егер Амин бұл туралы естісе, мені шығарып алар ма еді? Келесі күні сағат кешкі онға дейін мені ешкім шақырған жоқ. Содан соң дәл кешегі полицейлер қайтадан келді. Бұл жолы олар қолдарыммен бірге аяқтарымды да кісендеп тастады. Мен сөйлеуден бас тарттым, сөйтіп олар мені тағы да соққыға жықты.

Ұрып-соғу бірнеше түнге жалғасты және олар мені барған сайын қатігездікпен ұра бастады. Мені ұру полицейлер үшін спорттың бір түрі секілді болып алды. Маған олардың

саны күн санап артып келе жатқан секілді болып көрінді. Мұнда тепкі көріп жатқан мен ғана емес екенмін. Мен көрші камералардағы тұтқындардың әңгімелерін естідім. Бейшаралардың кейбірін мүлде аяусыз азаптап жатқанға ұқсайды. Кеш сайын тергеуді өзім жасамаған қылмысты мойныма артпақ болған толық офицер жүргізетін. Бір күні ол өзінің нөкерлеріне мені азаптаудың жаңа түріне дайындауды бұйырды. Аяқ киімімді шешіп алған олар аяғымды орындықтың арқалығындағы қуыстан өткізді. Содан соң күзетшілердің бірі аяқтарымның үстіне отырып алды да, зәрлене күлімсіреген офицер резеңке таяқпен табанымнан оңдырмай ұрып қалды. Табаным қатты ауырып, жаным көзіме көрінді. Қинаудың бұл түрі туралы бізге Чжан мырзаның мектебінде айтқан болатын. Женева конвенциясы бойынша, «bastinado» деп аталатын бұл қинау түріне тиым салынған, бірақ мына жаналғыштар ешқандай тиым салуды мойындамайтын секілді. Мен тістеніп алдым. Офицер тағы да ұруға оқталды. Мен жұлынып шығуға талпындым, бірақ табанымнан дәл жаңағыдай қатты соққы алдым. «Тоқтай тұрыңдар, – деп ойладым мен, – әлі сазайларыңды тартатын боласыңдар». Мені есімнен танғанымша ұрды. Содан соң орындықты аяқтарымнан суырып алды. Ауырып, қызып кеткен аяқтарым бетон еденге құлап түсті. Азаптаудың ізін жасыру үшін олар аяғымды шелектегі мұздай суға матырып қойды. Бір аптаға созылған осындай азаптаудан кейін мен жүре алмай қалдым.

Мұндай жағдайда қарсыласудың еш пайдасы жоқ еді. Менің аяқ-қолдарымды кісендеп қойып, жеті-сегіз полицей жабылып қинайтын. Басыма автожарысушының бас киімін кигізіп қоятын да, мені қабырға қирататын қаруға ұқсатып көтеріп алып, басымды апарып темір шкафқа соғатын. Көздерімнен от жарқырап, неше рет есімнен танып қалдым. Еденге лақтырып тастаған кездерде оларға зығырданып қайнап, атарға оғым болмайтын. Арқама аунап жатсам болды, резеңке таяқпен шабымнан ұратын. Бүкіл тұла бойым құрысып қалатын.

Бір кездері өмір сүру немесе өлудің мен үшін айырмасы болмай кетті. Мен оларға әдейілеп қарсылық көрсете бастадым. Қолына пышақ ұстаған олардың бірі маған жақындап келіп:

– Қолыңды соз, – деп бұйырды.

Ол қолындағы пышақты шыр айналдыра бетімнің алдында ұстап тұр.

– Қолды қайтесің? Одан да бетімнен бір-ақ тіліп таста, – деп айқайлады да, бетіне түкіріп жібердім.

Жаналғыштар ашудан жарылуға шақ қалды.

– Қазір сенің жазанды беремін, Энтони! – деді кезекші офицер айқайлап.

Осылай деген ол өзінің тозығы жеткен тапаншасына салу үшін қалтасынан оқ шығара бастады.

– Міне, қара, мынау сен үшін, – деді ол оқты бетіме тақап. Содан соң тапаншаға оқты салды. Айналадағылардың бәрі демдерін іштеріне тартты. Ал маған бәрібір еді.

– Ал, ат! Әлде, дәтің шыдамай ма? – дедім мен оны қайрап.

Менің өлгім келді. Айяның қазасынан кейін менің өмірімнің мәні жоғалды, сондықтан офицердің ескі тапаншасынан шыққан оқ менің құтқарушыма айналатын еді. Семіз офицерге өзімнің қорыққаннан дірілдеп-қалшылдағанымды көру бақытын бұйыртпау үшін, мен оның көздеріне тіке қарап тұрдым. Күшті адам болғандықтан, мен ол ұйымдастырған орыс рулеткасы ойынын еш қорықпастан ойнай алатын едім. Полиция офицері менің кешірім сұрап жалбарынуымды күтіп баяу қимылдауда. Камера ішінде құлаққа ұрған танадай тынышттық орнады. Офицердің беті-басынан тер моншақтап ақты. Ашудан дірілдеп кеткен қолдарының дірілін басу үшін ол тапаншаны қос қолдап ұстап алды. Тапанша барабанындағы оқты нақты қайда екенін мен анық білетін едім.

– Ал ат, қорқақ! Оңбаған грек! Мен сенімен ойнауға дайынмын, – дедім мен оның шамына тиіп.

Боқтық сөздерді қарша боратқан офицер тапаншасын аузыма тықты да, шүріппесін басты. Сырт еткен дыбыс естіді. Мен тіпті қыбыр еткен де жоқпын. Тапаншасын еденге лақтырып жіберген офицер бөлмеден шыға жөнелді.

Осы қорқынышты жағдайдан бір нәрсе етіп шығу қажет еді. Ертеңгілік ауысым таңғы асты таратып келердің алдында мен білегімді кісенмен қан сорғалап аққанша үйкелеп тастадым. Мұны көргенде кезекші офицер қорқып кетті.

– Олар мені аяусыз ұрып-соғады. Маған дәрігердің көмегі қажет, – дедім мен жалбарынып.

Сірә, ол түнгі қанішерлердей емес, дұрыс адам секілді. Маған оны өзімді абақты ауруханасына жіберуге көндіру қажет еді. Арада бір сағат өткенде екі полицей мені ауруханаға апара жатты.

Ауруханада менің кісендерімді шешіп, жараларымды емдеді. Содан соң білектерім мен аяқтарымды дәкемен қалың етіп орап берді. Енді оларға ешқандай да кісен сыймайтын еді. Бәрі менің жоспарым бойынша жүріп келе жатты. Екі жағымнан ұстап, кейін қарай алып келе жатқан полицейлерге жаным ашыды десем де болады. Мен көзді ашып-жұмғанша артқа қарай айналып түстім де, босанып шыға келдім.

– Тоқта! Атамын! – деп айқайлады олардың бірі.

Бірақ полицейлер тапаншаларын шығарғанша, мен оқ жыланның алдамшы қимылын жасадым да, көшенің арғы бетіне өтіп кеттім. Олар бір оқ шығарып та үлгере алмады.

Арада көп өтпей полиция көліктерінің дабылы естіді. Лимассолдың бұл ауданы тыныш болатын, көшеде жүргіншілер де аз. Кез келген жақтан қауіп-қатер күткен мен жайдақ шатырдың үстіне жатып алып, кештің батуын күттім. Төменде полицейлер көшелерді тіміскілеп жүр. Мен өзімнің жасырынған орнымда жата бердім. Қараңғыда шатыр үстінде жатқан мен өзімнің соңғы айлардағы өмірім туралы ойландым. Жаным жабығып кетті. Мен қандай адамға айналдым? Не істеп жүрмін? Жан дүниемнің

түкпірінде ыза мен бәрін бүлдіріп, қирату тілегі әлі де жасырынып жатқанына қарамастан, бойымды әлдебір түсініксіз сезімдер жайлады. Ауыр ойлардан арылу үшін көздерімді уқалап жатып ұйықтап кеттім.

Мен жарық түспей жасырын түрде өз пәтеріме келдім.

Телефоннан нөмірлерді теріп, тұтқаны құлағыма тостым.

– Тұтқаны көтерсеңдерші!

Лондонда сағат жаңадан таңғы сегіз болды, әке-шешем әдетте таңғы асқа дейін ешқайда шықпайтын. Уақыт өтіп жатыр, бірақ ешқандай жауап жоқ. Тұтқаны орнына қойдым да, басымды төмен сала ойланып отырып қалдым. Полицияның қолына түскеніме аса көп уақыт бола қойған жоқ. Маған әкеммен және шешеммен сөйлесу қажет. Олар қайда жоғалып кетті? Тұтқаны неге көтермейді.

Екі сағат бойына оларға қоңырау шалумен болдым. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ.

– Даунинг ханым, бұл мен, Тони Энтонимін ғой, мазаңызды алғаныма кешіріңіз.

Ата-анамның көршісі өзінің кіммен сөйлесіп тұрғанын түсінгенше біраз уақыт өтті.

– А, иә, Тони. Сен Кипрдесің бе? Жағдайың қалай?

– Әке-шешеммен сөйлесейін деп едім, бірақ олар тұтқаны көтермейді. Сіз олардың қайда екендерін білмейсіз бе?

Тағы да үнсіздік орнады.

– Даунинг ханым?

– Тони, олар кетіп қалды.

– Кетіп қалды?

– Олар осыдан бірнеше күн бұрын кетіп қалған. Біз сен білетін шығарсың деп ойлаған едік. Менде сендердің пәтерлеріңнің қосалқы кілті бар. Олар саған біраз заттар тастап кетті, ал былайынша – пәтер мүлде бос қалды, – деп жауап берді Даунинг ханым.

Менің тамағыма тас тығылып қалғандай болды.

– Олар қайда кетті? – деп сұрадым мен дауысым әзер шығып.

– Өте өкінішті, Тони...

– Олар сізге қайда баратындарын да айтқан жоқ па?

– Жоқ! Олар бізбен тіпті қоштасқан да жоқ. Жай ғана жүктерін тиеді де, кетіп қалды.

Мен тұтқаны тастай салдым да, көмейіме келіп қалған түйірді жұтуға талпындым. Бойымды ашу қысып, өз-өзіме келу үшін жұдырығыммен қабырғаны ұрғыладым. Оларға жасаған соншама жақсылықтарыма қарамастан, әкешем мені қайлайша тастап кетті?

Одан кейінгі бірнеше сағатта өзімді жалғыздықтың тұңғиығына батып кеткендей сезіндім. Мені тастап кетулері арқылы ата-анам ескі жарамның аузын тырнап кетті. Соңғы жылдары мен Айяға деген сағынышымды өзімнен де жасырып келген болатынмын. Енді сол сезімдердің бәрі қайта бас көтеріп, ішімді жегідей жей бастады. Есімнен адасқандай болған мен шылымды бірінің артынан бірін шегумен болдым. Ашумен ата-анама, өз өміріме лағынет айтып, бөлмедегі жиһаздарды қирата бастадым. Осы кезде есіктің қоңырауы шылдырлады.

9-тарау

Ештеңе ойлап жатпастан барып есікті ашып қалған кезімде тапаншаның ұңғысы келіп маңдайыма тақалды.

– Тоқта, орныңнан қозғалма!

Дәрігерлік көмек алуыма көмектескен полиция офицерін көргенде есімді дереу жидым.

– Сен не істедің, Тони? Неге қашып кеттің? – деп сұрады ол.

Ол жалғыз секілді. Сірә, полициядағылар мені бірден өз пәтеріме келеді деп күтпесе керек. Тағы да қашып кету қиын емес еді, бірақ мен жай ғана оған шаршаулы жүзбен қарап тұра бердім.

– Ондағылар мені ұрып-соғады деп айттым ғой.

– Сені ұстап апаруға міндетті екенімді түсінесің ғой?

Оның дауысы өте жұмсақ шықты және ол кісенді де бір түрлі, батылсыздау түрмен ұсынды.

– Егер қашатын болсаң, атып тастаймын, – деді ол жайбарақат үнмен.

Мен қолдарымды алға создым да, ол білектеріме кісенді салды.

– Сізден тек өгінерім, ұрып-соғуға тоқтау салыңыз және елшіліктен біреуді шақыртыңыз...

– Не істеуге болатынын ойланып көреміз, – деді ол мені көлікке қарай әкеле жатып.

Оның бұл уәдесін орындағанын кейін білдім. Әлгі семіз офицердің көмекшілерінің біразын жұмыстан қуды. Бірақ бұл бірден болған жоқ, сондықтан өзіме таныс он сағатқа созылатын азаптау алғашқы түні-ақ қайталанды. Алдымен семіз офицер кіріп, бөлме ішімен асықпай әрі-бере жүре бастады.

– Сонымен, Энтони мырза, менің қол астыма қайтып оралдыңыз. Өтінемін, уайымдамаңыз. Бұл жолы біз сізге жақсы қарайтын боламыз. – Сөйтті де ол бетімнен шапалақпен тартып қалды. – Енді жауап беруге дайын боларсыз деп үміттенемін.

Мен үндеген жоқпын. Ұрып-соғу қайта басталды. Табанымнан ұрған жоқ, бірақ қолдарына не түссе, сонымен төмпештеді, содан соң шашымнан ұстап, еденің үстімен әрі-бері сүйреді. Айызы қанғанша қинап болғаннан кейін мені орындыққа отырғызды да, шылым ұсынды. Мен теріс айналдым.

– Бодды ғой, қойсаңшы. Мен есті адаммын, менімен келісуге болады, – деді кезекші офицер грек тілінде. Содан соң шылым тұтатып алды да, оны менің аузыма тықты. Мен оны түкіріп тастадым. Таяқтау тағы да басталды.

Ақыры мен оның айтқандарына көнуге шешім қабылдадым және мәселе мүлде таяққа шыдамағанымда емес еді. Жай ғана қатты шаршадым, енді ата-анамнан өзге ешкімді ештеңе туралы ойлағым келмеді. Олар маған неге осындай опасыздық жасады? Оларды қатты жек көріп кеттім.

Мен өзімнің де, өзгелердің де көптеген тонау әрекеттерін өз мойныма алдым.

Бірнеше күннен кейін маған британ елшілігінен бір адам келді. Ол үстіне ақ костюм киіп, көзіне сәнді көзілдірік таққан сыпайы ағылшын еді.

– Асықпай келмедіңіздер ме! – дедім мен оны кекетіп.

Ол маған «Мальборо» шылымын қорабымен ұсынды.

– Бізге сіздің бізбен кездескіңіз келмейтінін айтқан болатын.

Шылым тұтатқан кезімде қолдарымның қартадамдардың қолдарына ұқсап дірілдеп тұрды.

– Сіз не айтып тұрсыз? Тұтқынға алынған сәттен бастап сіздермен кездестіруді талап етумен келемін.

– Біз сіздің тұтқынға алынғаныңыз туралы естідік, бірақ бізге сіздің көмектен бас тартқаныңыз туралы айтты, – деді ағылшын. – Сондықтан біз ештеңе істей алмадық.

Бұған сену қиындау еді.

– Өкінішке орай, сіздің бізді қабылдауға дайын екендігіңіз жайлы ресми хабарды біз қазір ғана алдық, – деді британ елшілігінің өкілі сөзін жалғастырып.

Мен оған осында өзімнің басымнан өткергендерімді рет-ретімен айтып жатқан кезде, ол қайта-қайта галстугін түзегіштеп, орындықта қозғалақтап әзер отырды.

– Сіз үшін қолымыздан келгеннің бәрін істеуге тырысамыз, – деді ол, – бірақ сіз көптеген қылмыстар жасапсыз. Гректердің бізді дұрыс түсінулері екіталай және олар қалай дегенде де сізге жақсы қарай қоймайды.

Біз біраз уақыт үнсіз отырдық.

– Елшілік сізді қорғаушымен қамтамасыз ете алады, бірақ өзіңіз түсініп отырғандай, оның сізді ақтап шығатындығына ешқандай кепілдік жоқ, – деді елшілік өкілі. – Біз сіздің ісіңіз бойынша сот отырысы алдағы үш күн ішінде болады ойлаймыз.

Кездесуден кейін мені қайтадан камераға алып келді. Офицер есікті ашып, мені ішке кіргізген кезде мен:

– Қайырлы күн, достым! – деген ағылшынша жақсы сөйлеген дауысты естігенде қатты таңданып қалдым. Орта жастағы нигерлік кітап оқып жатқан төсегінен тұрып, жаныма жақындап келді де, қолымнан қатты қысып амандасты. Алғашында онымен бір камерада болу мені онша қуанта қойған жоқ. Әйтсе де, есі ауысқан біреумен бірге қамап қоймағандары жақсы болды. Дегенмен оның қалжыңдары мен әңгімелерін тыңдауға мәжбүр болдым. Уақыт өте келе мен оған қызығушылық таныта бастадым. Бұл жерге оны қателесіп қамағанға ұқсайды, себебі ол ешқандай да қылмыс жасамаған. Оның рұқсат қағазымен бір нәрсені шатастырып алыпты да, ол шешілгенше нигерлікті осында қамап қойған. Мен ол мен секілді адаммен бір камерада отырудан қорқатын болар деп ойлады. Бұл шынымен де солай шығар, дегенмен, сырттай қарағанда ол маған тым сабырлы болып көрінді.

– Білесің бе, достым, саған мына кітапты оқыған дұрыс болар еді, – деді ол маған қолындағы кітапты ұсынып. Мен

кітаптың сыртынан «Даңқ қақпаларымен» деген жазуды оқыдым.

– Ол не жайында? – деп сұрадым мен еш қызығусыз.

– Бұл жерден сен Иеміз Исаның сүйіспеншілігі жайындағы куәлікті таба аласың, – деп жауап берді ол.

Ол сөйлеп жатқан кезде мен жай ғана сыпайылық үшін кітапты парақтап шықтым. Осы кезде жас уағызшы Мартин және өзім Лиммассолда кездестірген тәлімгерлер есіме түсті.

Арада бірнеше сағат өткенде абақты қызметкерлері жаңа досымды алып кетуге келді. Оны босататын болыпты!

– Мүлде жоғалып кетпе, – деді нигерлік күлімсіреп. – Маған Лагосқа қонаққа кел.

Ол кітаптың мұқабасына аты-жөні мен мекен жайын жазды да, оны маған ұқсатты. Содан соң қолымды қысып қоштасты да:

– Құдай саған жар болсын, Тони Энтони, – деді.

Ол кеткеннен кейін камерада әдеттен тыс тыныштық орнады. Қалай дегенменде, нигерліктің әңгімелері мені біраз алдандырған болатын. Ал енді, кеш бата менің бойымды ашу мен күйініш сезімдері қайтадан жайлай бастады. Ата-анамды іздеп табуды соншалықты қалайтыныма қарамастан, мен оларға ашуланып, жүрегімді барған сайын қатайта бердім. Маған еркіндік қажет еді. Ашуым құтыруға ұласқан сайын, маған бөлменің төбесі төбемнен басып, қабырғалар жан жағымнан қыспаққа алып келе жатқандай болып көрінді. Тынысым тарылып, бойымды үрей басты. Өзімді басқарудан қалдым. Демім жетпей, таза ауа жұтқым келді. Есікті аяқ-қолдарыммен соққылап, еркіндікке шығаруларын талап ете бастадым. Ешқандай жауап жоқ. Сонда мен бір қабырғадан екінші қабырғаға барып соғыла бастадым және ақыры әлім бітіп құлап түстім.

Шаң басқан еденге терім тамшылай ағып жатыр. Осы сәтте сәкінің астындағы қоқыс арасынан мыжылған консерві қалбырын байқадым. Дірілдеген қолдарыммен қалбырдың қақпағындағы темір сақинаны жұлып алып,

онымен жанталаса қолымды кескілей бастадым. Тезірек өле қалғым келді. Бірақ сақина бүктелді де, екіге бөлініп қалды. Мен оның қалған бөлігімен негізгі қан тамырын кесіп жіберуге талпындым, бірақ еш нәтиже шықпады. Өз-өзіме қол салмақ болған ұмтылысымнан ештеңе шықпады. Жараланған білектерімнен қан тамшылап тұрды, бірақ өлімге әкелетін ауыр жарақат салудың реті келмеді. Қатты қалжыраған мен ақыры тіземді құшақтаған күйі ұйықтап кеттім.

Төбеге ілінген үлкен көне желдеткіш сот залының борсыған ауасын ақырын айналдырып тұр. Елшілік менің ісіме қатысты әлдебір құжаттар дайындап қойыпты, бірақ бірақ қанша тырыссам да, гректердің жылдам сөйлеген сөздерінен көп нәрселерді түсіне алмадым. Сот аудармашысыз өтіп жатты. Мен өзімнің мүлде қорғансыз екенімді сезіндім. Айя қаза болған сәттен бастап жанымды жегідей жеп жатқан ашуымның алдында әлсіз едім. Мені үш жылға абақтыға қамауға үкім шығарды, бірақ маған бәрібір еді: сол кезде өзімді тым науқас әрі қалжыраңқы сезіндім. Соттан кейін арада бір сағат өткенде мені Никосияның Орталық абақтысына алып кетті. Бұл жағдай 1989 жылы болған еді.

Еріндеріне шылым қыстырып алған екі офицер абақтыға тіркеу рәсімін жасады. Олар менің үсті-басымды тінтіп, үш қырымнан суретке түсірді. Саусақтарымның таңбаларын алды және содан соң бар заттарымды сыпырып алды да, олардың орнына түктері түрпідей жамылғы, сабын, дәретхана қағазы мен қауіпсіз ұстаралар берді де, түнерген абақты ішіне кіргізді. Бұл қабырғаларының әр жерінің сылақтары түсіп тұрған ескі ғимарат екен. Төбенің әр жеріндегі тесіктерден сәулелер түсіп тұрды. Тас баспалдақтармен төменге қарай түсіп келе жатқан кезімізде адам төзгісіз сасық иіс мұрынға ұрды. Жан дүниемнің түкпірінен қорқыныш бас көтере бастады. Жұдырығымды тас түйіп, өзіме босаңдық көрсетпеуді бұйырдым. Абақтыдағылар зәрлене күлісіп, өзара сөйлесіп

келеді. Баспалдақтар бізді екі жағына жағалай камералар орналасқан өте ұзын дәлізге алып келді. Дәліздің соңында үлкен ауыр темір есік көрініп тұр. Әр тұстан айқайлаған, күлген дыбыстар естіледі. Бір кезде абақтыдағылар тоқтады да, камералардың бірінің есігін ашты. Олар астыңғы төсекті нұсқап, грек тілінде әлдебір ережелер туралы айтты.

Сіңіп қалған тер мен кіші дәреттің иісі мұңкіп тұр. Камера ішіне еденге ауыр шынжырлармен бекітілген екі қабатты жеті төсек қойылыпты. Бұл жерден азған адамдардың неше түрін кездестіруге болады екен. Үстіңгі төсекте екеуі бір-бірімен құшақтасып, итке ұқсап ырылдасып жатыр. Оның астындағы төсектегі жігіт қолын кір-кір инемен піскілеп отыр. Оның қорқынышты тыртықтарына қараудың өзі мүмкін емес. Тағы біреуі әрі-бері теңселе өзімен-өзі ыңылдап, ұстарамен терісін сызғылауда. Енді бірі тыр жалаңаш күйінде еденге отырып алып, міңгірлеп бір нәрселерді күбірлеп отыр.

Бұл әлдебір кеміс жандардың шеруіне ұқсайтын еді.

Мен қатты шошып кеттім. Төсемімнің жанына жүгіріп барып, бүрге қаптаған жұқа төсемені жұлып алдым да, абақтыдағыларға қарай лақтырып жібердім. Камера ішінде адам айтқысыз шу көтерілді. Мен бәрін қирата бастаған кезде естері шыққан тұтқындар жан-жаққа қашты. Тұтқындардың бірі белбеуіндегі резеңке таяғын суырып алмақ болғанда мен оны қолынан жұлып алып, бөлмедегі торланған жалғыз терезеге қарай лақтырып жібердім. Жол-жөнекей таяқ тұтқындардың біріне тиіп, оның бетін қан-жоса етіп кетті. Мен жын қаққандай айқайлап, төсектердің арасымен аласұра жүгірдім.

Арада бес минуттей уақыт өткенде камераға тапанша асынып, резеңке таяқ тағынған тағы бір топ тұтқын жүгіріп кірді. Олар мені жерге жығып алды да, басыма тапанша тақап:

– Жетеді! Тоқта! – деп айқайласты.

Мен орнымнан тұруға талпындым, бірақ тұтқында маған қарай лап қойып, резеңке таяқтарымен соққылай жөнелді.

Ақыры олар менің қолдарымды артқа қайырып, қалың былғары белдікпен байлап тастады. Бірақ мен аяқтарыммен тепкілеуді жалғастыра берген соң, олардың бірі желкемнен қатты соққы жасап, талдырып түсірді.

Арада біраз уақыт өткенде есімді жиған мен өзімді тастақ ауламен сүйретіп келе жатқанын сездім. Аурудан денем дуылдап, басым дыңылдап келеді. Күн қатты жарықрап тұрғандықтан, мен еріксіз көздерімді жұмдым. Осы сәтте басым айналып, қайтадан есімнен танып қалдым.

Есімді жинаған кезде өзімнің терезесіз бетон карцерде отырғанымды көрдім. Бұл өте жиіркенішті, өте суық және қараңғы камера болатын. Төбеде ілулі тұрған шаң басқан жалғыз шамның көмескі сәулесінен адамдардың нәжістерін, әрі-бері жүгіріп жүрген сүйкімсіз егеуқұйрықтар мен тарақандарды байқауға болады. Мен тар ағаш төсектің үстінде жатыр екенмін. Аяқ-қолдарымды ақырын сипап көргенімде, сынған немесе шыққан еш нәрсе байқалмады, бірақ бүкіл денем дуылдап, басым қатты ауырып тұрды. Денемді суық тер басып кетіпті. Айналада жым-жырт тыныштық. Торға түскен аңға ұқсап, бүкіл тұла бойымды қорқыныш жайлады.

– Есіңді жи! Өз-өзіңе мықты бол! – деп бұйырдым өзіме. Ци қуатына ие болу үшін медитация жасауға талпындым, бірақ оның ауылы менен тым алыста еді. Менің ішкі жан тыныштығына ие болғым келді және ол қол созым жерде тұрған секілді болып көрінді, бірақ оған қол жеткізе алмадым. Өкінішке орай, менің алдымнан енді тек қорқыныштың қап-қара жансыз тұңғиығы ғана көрініп тұрды.

Есімнен айырылудан қорыққан мен өзіме таныс бейнелерді көз алдыма елестетуге тырыстым. Сицзян таулары, бір кезде өзім ақ жолбарыстың ізін аңдыған қалың тоғай туралы, шаңғы тепкен Швейцария Альпі, мотоциклмен құйғытқан Монако, Гайд-парктегі қайықпен серуендеген шақтарым туралы ойладым...

Мен жағымды естеліктерге берілдім, бірақ, өкінішке орай, олардың артынан ащы шынайы өмірім бой көрсетті:

атамның көрсеткен қорлықтары, ата-анамның сатып кеткені, Айяның қайғылы қазасы...

Уақыт өте берді және мен өзімнің есімнен адасуым мүмкін екенін сезіндім. Шатыры және қабырғалары қақырап тұрған ғимарат мені жыртқыш аң секілді жұтып қоюға даяр еді. Мен сағаттың қазір қанша екенін және өзімнің осында отырғаныма қанша уақыт болғанын білмейтінмін. Суық пен қорқыныштан тұла бойым дір-дір етеді.

Күтпеген жерден шыққан дыбыстан селк ете қалдым. Кейін білгенімдей, бұл тамақ тарататын дөңгелекті темір үстелдің дыбысы екен.

Тұтқын маған күлімсірей қарады және осы күлімсірей менің жүрегімді бір сәтке жылытып жіберді. Оның грек тілінде айтқандарының көбін түсінген жоқпын, бірақ оның келгеніне қуанып қалдым.

Мен ол ұсынған темір табаққа құйылған ыстық шайға және оның ішіндегі жұмыртқаның, нан мен қызанақтың тілімдеріне жаратпай қарап, үнсіз тұра бердім.

– Тамақ ішу пайдалы... – деді ол маған. – Денеге күш береді...

Амал жоқ, осы быламықтан біраз жеп алдым және қимылдарынмен тұтқынға алғысымды жеткізуге тырыстым.

Күндер өте берді. Мен блокты күзететін күзетшілерді түрлерінен тани бастадым. Олар маған өзгелерге қарағанда аз да болса тәуір адамдар секілді болып көрінді. Мен олардан көрші карцерде тағы бір тұтқын – еврей жігіттің отырғаны туралы білдім. Ол жерде жігітті оның өз қауіпсіздігіне бола ұстап отыр екен. Уақыт өте келе мен Никосияның Орталық абақтысының саяси жек көрушіліктің және ессіздіктің ордасы екенін түсіндім. Палестиналықтар мен арабтар әлгі еврейге бірнеше рет қастандық жасапты. Кейде түн жарымында маған оның ән салған дауысы естілетін.

Мен уақытымды ағаш тақта үстінде төбеге қарап жатумен немесе тай-чи жүйесі бойынша жаттығулар жасаумен өткізетінмін. Себебі маған өзімді жақсы қалыпта ұстау қажет болатын. Бір аптадан кейін мені суық

карцерден шығарып, тас төселген аула арқылы абақтының бас корпусында орналасқан түнерген кеңсеге алып келді. Кеңсе ішінде көріксіз бір адам көне жазу машинкасымен жазу жазып отыр екен. Үстел үстінде іс қағаздары үйіліп жатыр. Күзетшілер мені бөлмеге кіргізген кезде ол маған тек басын көтеріп қана қарап қойды.

– Бұл Антонио Энтони, – деді күзетшілердің бірі оған. Ол ауыр күрсініп қойды да, қайтадан қағаздарына шұқшиып кетті. Мен өзім үшін тағы не дайындап қойғандары туралы ойланып, үнсіз тұра бердім. Ал екі күзетші шылымдарын тұтатып, үлкен үстел үстіне отырып алды да, өзара әңгімелесе бастады. Бір шама уақыт өткеннен кейін кенет есік ашылды да, күзетшілер орындарынан қарғып тұрып, тік тұра қалды.

Бөлмеге офицер киімін киген ұзын бойлы адам кірді де, қатты дауыспен бір нәрсе деп бұйрық берді. Күзетшілер дереу шылымдарын сөндіріп, бойларын түзеп қалшыып тұра қалды. Офицердің артынан түрікке ұқсайтын біреу кірді. Ол үстелге қарай тұра ұмтылып, офицерге орындық алып берді. Содан соң қалтасынан үлкен сигар мен сіріңке қорабын алып шықты да, жағымпаздана офицердің алдына қойды. Содан соң бұрышқа барды да, қорыққан қоянға ұқсап сол жерде тұра берді.

Офицер өзін бұл жердегінің бәрі өзіне тиесілі адам ретінде ұстайды. Мундирінің жеңіндегі жолақтар оның абақты мекемесіндегі аға офицерлердің бірі екендігінен хабар береді. Кейіннен мен оның абақты басшыларының бірі екенін білдім.

Бірақ офицер өзіне дайындалған үстелге отырған жоқ. Мұның орнына ол мені айналып жүре бастады да, бір кезде алдыма келіп қалшыып тұра қалды. Оның аузынан арақ пен сарымсақтың жағымсыз иісі мұңкіп тұр. Ол маған суық көзқараспен қарап тұр. Көздері шүңірейген және көзқарасы қаршығаның көзқарасына ұқсайды екен. Офицер «қорқақ қоянға» бір нәрсе деді, ал ол оң қолын шекесіне қойып құрмет көрсетті де, кеңсе қызметкерінің

қолындағы іс қағазды алып, жылдам қожайынына ұсынды. Офицер қағазға маңғаздана көз жүгіртіп өтті:

– А, иә, Энтони мырза. Сен туралы көп естігенмін... – деді ол ағылшынша тілін бұрай сөйлеп.

Мен оған жауап қатуымның қажет, не қажет еместігін білмедім де, үнсіз тұра бердім.

– Сонымен, енді тынышталған боларсың?

Мен басымды изедім.

– Б блогына барасың. Тағы шу көтеретін болсаң, қайтадан карцерге қамаласың. Түсіндің бе?

Мен тағы басымды изедім. Аға офицер күзетшілерге белгі берді де, олар мені алып кетті.

Мен Б блогын білетін едім: алғашқы күні мені дәл сонда алып келген болатын. Сол екі жағы темір торлы баяғы ұзын бетон дәліз және жағалай камералар, камералар... Бұл жолы мені бір кісілік тар камераға қамады. Алғашқы күні он үш тұтқынды жан-жаққа қалай қуғанымды ұмытпаған абақты басшылығы мені оқшау ұстауға шешім қабылдаса керек. Маған тиген камера емес, қораның нағыз өзі еді, бірақ мен оны ешкіммен бөліспей, жалғыз отыратындығымның өзіне де разы болдым.

Камералардың есіктері күндіз жабылмайтын, сондықтан да тұтқындар дәлізде еркін жүре алатын. Кейбір тұтқындар белгілі бір ақыға күзетшілер әкеліп беретін материалдарды пайдаланып, қолөнер ісімен айналысатын. Бұл жердегі нәрселердің бәрінің өз бағасы бар екенін мен бірден түсіндім. Тұтқындар мен күзетшілер шылым, есірткі сатуды кәсіп ететін және басқа да түрлі қызметтер көрсетумен айналысатын. Тұтқындардың арасында гректер мен арабтардың саны басым еді, бірақ мұнда еврейлер, немістер, италиялықтар, француздар, бір Шри-Ланкалық және британ әскерінің Энди атты бір жауынгері бар болатын. Алғашында ешкіммен жақын араласқым келген жоқ, бірақ күн санап абақтыдағы өміріме үйрене бастаған кезімде Эндидің достық кеңестері көп көмегін тигізді. Никосияда банк чектерімен алаяқтық жасағаны үшін оны екі жылға

соттапты. Шетелдіктер көбіне жасаған қылмыстарына сай емес қатаң жазаға тартылатын. Ақжарқын Энди үнемі өзін жақсы қалыпта ұстауға тырысатын. Маған барлық көршілерімді жақсылап таныстырып берген де сол.

– Кісі өлтіруші, кісі өлтіруші, ұры, лаңкес, кәмелетке толмағандарды азғырушы, лаңкес, ұры, от қойғыш... – деді ол айналамдағы камералардағы тұтқындарды тізбелеп. – Бірақ олардан қауіптенудің қажеті жоқ. Ал есі ауысқандардан сақтану керек. Олардан сақ бол.

– Есі ауысқандардан?

– Иә-иә. Естері ауысқан қылмыскерлерден. Олар ойлары не келсе соны істейді. Енді, өзің түсінесің ғой... Есінен ауысқан адамның ойында не барын ешқашан біле алмайсың.

Эндидің ескертуіне аса мән берген жоқпын. Басқа басқа, ал мен өзімді қорғай алатын едім. Мені бәрінен де қатты таңдандырғаны – бұл кейбір тұтқындардың сыртқы келбеттері еді. Кейбіреулері абақты жағдайында естерін жоғалтпауға және тәни күштерін сақтауға тырысатын, бірақ көпшілігі темекі сасып, азып-тозып жүретін. Алғаш келгендегі екі қабатты темір төсектері бар камера ойыма оралды.

Энди маған сілекейленген темекі тұқылын ұсынды. Мен сәд кідіріп қалғаныммен, оны бәрібір қолыма алдым. Өзім жақсы көретін «Gitanes» шылымының тым болмағанда бір талын шеккім келіп кетті, бірақ, амал қанша, жоққа жүйрік жетпейді. Энди Б блогының тұтқындары жайлы әңгімесін жалғастырды.

– Бұл саған Ұлы мәртебелі Королеваның абақтысы емес, достым, – деді ол. – Мен не айтып тұрғанымды жақсы білемін! Сенгің келсе сен, сенгің келмесе өзің біл. Бұл жерде бәрі тең. Сен ұрысың ба, лаңкесің бе немесе адам өлтіргішсің бе, бәрібір. Есінде болсын, бұл жерде әркім өз алдына тірлік етеді. Сондықтан құлағың түрік жүретін болсын.

– Мен туралы уайымдамай-ақ қой, менімен бәрі дұрыс болады, – дедім мен.

– Әрине. Егер белгілі бір ережелерге бағынып жүретін болсаң.

Ол кезде мен Эндидің қандай ережелер туралы айтып тұрғаны және оларды кім бекіткені жайлы тәптіштеп сұраған жоқпын, бірақ мұның дұрыс нәрсе еместігін сездім. Мұны жақсылап біліп алудың қажеттігі маңызды еді.

Әр блоктың Папа деп аталатын өз серкелері болатын. Блокқа келгеніме екі күн болмастан «қонақтар» қабылдауыма тура келді. Папа тұтқындардың арасындағы беделді адам, ал қалғандары өз «заңдарына» сәйкес оған сөзсіз бағынуға тиіс. Есі ауысқандарды есептемегенде, блоктағы қалған тұтқындардың бәрін оның «құлдары» деп айтуға болатын. Сондықтан олардың бар табыстары, тіпті, олардың өздері де Папаға бағынышты еді. Тұтқындар Папаларға төзімділік танытатын және оларды сыйлайтын. Себебі Папалар тұтқындардың белгілі бір тәртіпті ұстап тұруларына көмектесетін, ал қалғаны оларды қызықтырмайтын. Маған кейіннен белгілі болғанындай, Б блогының Папасы Никосияның Орталық абақтысындағы ең қатігез Папа болып саналады екен.

– Сәлем, балақай! – деді менің камерама рұқсатсыз баса-көктей кірген ол. Жаныңда төрт немесе бес нөкері бар екен. Менің камерам тым тар еді, сондықтан нөкерлер есік аузынан бері аса алмай тұрып қалды. Мен ағаш сәкімнен сырғып түстім. Папа алпамсадай грек жігіті екен.

– Менің үйіме хош келдің, – деді ағылшын тілінде тәп-тәуір сөйлеген ол арқамнан қағып. Бірақ мен оның не қалап тұрғанын сезіп қойған едім. Сен – Джон Бульсің (ағылшындардың лақап аты), ал мен ағылшындарды жақсы көремін, – деді ол. – Сен менің құрбым боласың. – Осылай деген ол жамбасымнан салып қалды.

Дәл осы сәтте мен оны шынтағыммен тамағынан бір-ақ ұрдым. Папа бетон еденге «гүрс» етіп құлап түсті. Ал оның нөкерлері тым-тырақай қаша жөнелді. Жан жақтан күзетшілер жүгіріп келді. Папа аузымен ауа қарманып, дыбыссыз жатыр. Оны бірден оқшаулау орнына алып

кетті. Мен оның кеңірдегін жарып жіберген болсам керек. Одан кейін блоктан оны ешкім қайтып көрген жоқ. Мені кеш батқанша камераға қамап қойды. Мен істің мұнымен бітпейтініне сенімді едім, бірақ уақыт өтіп жатты, бәрі баяғы қалпынша. Кейін белгілі болғанындай, Б блогының Папасын талдырып тастаған жаңа келген жігіт туралы хабардың бүкіл абақтыға тез тарап кетіпті. Осы оқиғаның арқасында өзім де күтпеген жерден абақтыдағылардың құрметіне ие болдым және өзіме біршама тыныш өмірді қамтамасыз еттім.

Абақтыдағылардың көпшілігі үшін әрбір күн өмір үшін қатігез күрес болып табылады, бірақ ешқандай ережені мойындамайтын есі ауысқан қылмыскерлерді айтпағанда, маған ешкім соқтықпайтын. Есі ауысқан қылмыскерлердің арасында Акалиас және «Алькапони» деген екеуі нағыз басбұзарлардың өзі еді. Түрі адам жегіштерге ұқсайтын алып Алькапони тұтқындарға соқтығып, оларды зорлайтын және жай ғана көңіл көтеру үшін оларды ұрып-соғып, неше түрлі жарақаттар салатын. Алькапониге қарағанда сәл тыныштау екеніне қарамастан, Акалиас та жын атып кеткеннің бірі болатын. Ол қылмыс жасамаса тұра алмайтын секілді болып көрінетін. Акалиас айлакер және тым бақай есепшіл адам болатын. Ол өзінің бас пайдасы үшін кімді болса да алдап түсіретін еді. Ол күзетшілерге жағына білетін және соның арқасында ойлағанына қашан да қол жеткізетін. Оған еш сенуге болмайтынын блоктағылардың бәрі жақсы білетін. Ол зұлым, күншіл адам еді.

– Ол туралы не білесің? – деп сұрадым бірде Эндиден.

– Ол әйелін ашынасымен ұстап алыпты, – деп жауап берді ол.

– Кейде мұндай жағдайлар болып тұрады.

– Иә, бірақ олардың екеуін де өлтіріп, денелерін бөлшектеп тастау бәрінің бірдей қолдарынан келе бермейді. Ол бөлшектенген дене мүшелерін ұзақ уақыт бойы мұздатқышында сақтап келіпті деседі.

– Неткен сұмдық!

– Тек оның жолына көлденең тұра көрме, достым.

Алькапониден бір айырмашылығы, Акалиас кейде дені дұрысадамға ұқсап қалатын. Мысалы, ол шахмат ойнағанды жақсы көретін. Акалиас өзге тұтқындарды өзімен шахмат ойнауға мәжбүрлеп, оларды жеңгенінен үлкен ләззат алатын. Оны жеңуге ешкімнің батылы бармайтын еді. Кезінде атам маған шахмат ойнауды үйреткен болатын және жас кезімде осы ойынның нағыз білгірі болып табылатын әкеммен жиі шахмат ойнайтынмын. Акалиас жақсы ойыншы еді, сондықтан мен оның ұсынысын қуана қабылдайтынмын. Кейде, ойын барысында Акалиастың міндетті түрде жеңілетінін байқаған кезімде оның көңіл-күйін жақсылап байқап алып, тек содан кейін ғана онымен ақшаға ойнауға келісетінмін. Оның өзін әлдебір қылығы үшін соққыға жыққан американдықтың бетіне ыстық май шашып жібергені туралы естіген болатынмын.

Біраз уақыт өткеннен кейін маған дөңгелекті темір арбамен абақты ішінде тамақ таратуды тапсырды. Мен медициналық блок пен бір адамдық камералар блоктарын тамақтандыра бастадым. Осылайша мен шылымыма ақша тауып жүрдім және аз уақытқа болса да камерамнан шығып тұруға мүмкіндік алдым. Бірде арбаммен жеке тұтқындар камерасына жақындап келген мен біреулердің күлген дауыстарын естідім. Күзетшілер камералар жақты нұсқап, өте бер деген белгі берді. Бірінші камераға жақындаған мен екі палестиналық пен бір жирен шашты жігітті көрдім.

– Түскі ас, – дедім мен.

Орнынан атып тұрған жирен шашты:

– Ей, сен ағылшынсың ба? – деп сұрады.

– Иә, – дедім мен күлімсіреп.

– Иэв Дэвидсон, – деді ол темір тордың арасынан қолын созып.

– Тони, – деп жауап бердім мен.

Оның қолдары қарулы екен. Иэн Дэвидсон? Оның есімі маған таныс секілді болып көрінді. Мұны байқаған Иэн:

– Иә, мен сол Дэвидсонның дәл өзімін. Көптеген жылдар бойы менің есімім газет беттерінен түскен емес.

– ПАҰ? (Палестинаны азат ету ұйымы)

– Иә, дұрыс айтасың, достым. Ал мыналар менің қарулас достарым Илайес пен Махмуд.

Палестиналықтар бастарын изеді.

– Сендер әлдебір еврейлерді атып тастадыңдар ғой, солай ма?

– Иә, – деді Иэн күлімсіреп. – Бірақ өсекшіл газеттердің жазғандарының бәріне сене берме. Олар әлгі құрбан болғандарды жай ғана саяхатшылар ретінде көрсетті, ал біз көп жылдар бойы олардың іздеріне түсіп келдік. Олардың бәрі Моссадтың (Израильдің құпия барлау қызметі) тыңшылары болатын. Ал әйел көліктерді жарып жіберудің маманы еді.

Атышулы оқиға есіме енді түсті. Иэн Саут-Шилдсте дүниеге келген. Еврейлермен күресу үшін Палестинаны азат ету ұйымына қосылған Дэвидсонды мұздай қаруланған есалаң ретінде алғаш бейнелеп жазған британ газеттері үлкен табысқа ие болды. Иэн мен оның достарын 1985 жылы, соңы маңызды жағдайларға ұласқан бір оқиғадан кейін тұтқындады. Дэвидсонның тобын Ларнак айлағында тұрған яхтадағы екі еврей мен бір әйелді өлтіруге жібереді. Операция кезінде олар Кипр полициясының қоршауына түсіп қалады. Иэн мен оның жолдастары өздерінің қашып құтыла алмайтындарын түсінеді. Ал егер олар израильдіктердің көздерін жоятын болса, абақтыға түсетіндеріне қарамастан қаһармандарға айналады. Олар солай істейді де, өмір бойына абақтыға жабылады.

Өмірлерінің қауіпсіздігін ойлап, оларды бір адамдық камераларға қамапты. Күзетшілер де оларға оң қабақпен қарайтын. Олардың бір-бірлерімен араласуларына, түрлі ойындар ойнауларына, кітаптар оқуларына және басқа да түрлі жеңілдіктерді пайдалануларына ерік берілетін. Тіпті, тұтқындар оларды дақылдардың тұқымдарымен де қамтамасыз етіп қойыпты. Сондықтан Дэвидсон мен оның жолдастары блоктың сыртындағы қоршалған аулаға бақша егіп, түрлі өсімдіктер өсірумен айналысатын. Кипр

абактысы секілді тозақпен тең жерде мұндай жағдай өте сирек кездесетін нәрсе еді.

Иэннің ақылсыз адам емес екені сөзсіз еді. Палестиндік қозғалыспен ол өткен ғасырдың 70-жылдары Америкаға жасаған саяхаты кезінде байланысқа түседі. Мен Иэнге және оның жолдастарына қайран қалатын едім. Олар өз істеріне адал берілген, ол үшін өз өмірлерін қиюға даяр ақылды, парасатты адамдар болатын. Оның үстіне Иэн өте қалжыңбас адам еді. Күн сайын мен тамақ апарған кезде олармен бірге өткізетін жиырма минөтті асыға күтетінмін. Олардың жандарында көбірек отырып қалған кездерімде күзетшілер бұған көз жұма қарайтын.

– Жақын күндері бізді жалпылама камераларға ауыстырады деп естідім, – деді Иэн. – Сірә, басшылық саяси жағдай біршама саябырсыды, сондықтан да бізді басты блокқа ауыстыруға болады деп шешсе керек.

– Қалай ойлайсың, бұл қауіпті емес пе? Қолайсыздықтар туындауы мүмкін ғой...

– Мұндай қолайсыздықтардың талайын көргенмін, бірақ, шынымды айтсам, бұл жерде не ойларымды да білмеймін. Бұл жерде Моссадтың біздің көзімізді құртуға қабілетті тыңшыларының болуы мүмкін екендігін естен шығаруға болмайды.

– Олардың есі ауысқандардың арасында болулары да мүмкін, – деп күлдім мен.

– Иә, ол да мүмкін, бірақ мұнда біздің де бірнеше бауырларымыз бар. Ненің қалай екенін, сірә, солар жақсы білетін болар.

Арада біраз уақыт өткенде Иэнді Блогына ауыстырғанын естіп, қуанып қалдым. Бірнеше айдан кейін біз жақын достасып кеттік. Оның тұрған жерінің бәрінен құпия сақталғанына қарамастан, Иэн бостандыққа шыққаннан кейін де мен онымен хабарласып тұрдым. Бірақ ол кезде Иэнмен және өзге де лаңкестермен достығым өзіме үлкен кесір болып жабысады деп мүлде ойламаған едім.

10-тарау

Абақтыда алғашқы күндерден бастап жақындасып кеткен адамымның тағы бірі Никос Самсон еді. Ол ағылшынша жақсы сөйлейтін және өзін оқыған адамдарға лайықты, жақсы ұстайтын. Дэвидсон секілді, ол да өзге тұтқындардан оқшауланып тұратын онымен әңгімелесу маған ұнайтын. Өз кезегінде Никос Самсон да маған жылы қарайтын. Біз болып жатқан жағдайларды, саясатты талқылайтынбыз және ол менің сүйікті ойыным – нардыны ойнай білетін еді. Бұрын ЭОКА (кипрлік гректердің Кипрдің тез арада Грекияға қосылуын жақтайтын әскери-саяси ұйымы) ұйымының мүшесі болған ол Кипрдің тез арада Грецияға қосылуын талап етті. 1974-жылы Кипрде болған бүліктен кейін ЭОКА-ның серкесі ретінде мойындалған Самсон аз уақытқа болса да билеушіге айналады. Тұтқындар мен күзетшілердің көпшілігі «сегіз күндік президент» ретінде оны құрметтейтін. Қорқыныш пен аяушылықты білмейтін бұл лаңкес өткен ғасырдың 50-60-жылдары британдық жауынгерлер мен жергілікті полицейлердің зәре-құтын қашырған. Міне, көптеген жыл Францияда айдауда болып, жасы жетпістен асқан шағында ол сүйікті отанына қайтып оралуға бел байлайды. Бірақ Ларнакқа келіп қонғаннан кейін ұшақтың баспалдағынан жерге түспестен тұтқынға алынады.

Қарапайым гректер Самсонды соғыстан оралған батыр ретінде қарсы алады. Тіпті абақтыда отырып та ол ешқандай қысым көрген жоқ. Оның камерасына барған кезде мен аз уақытқа болса да абақтыда екенімді ұмытқандай болып, бір жасап қалатынмын. Оның камерасының қабырғаларында тамаша суреттер ілулі тұратын, онда теледидар, радио және демалуға арналған екі жұмсақ кресло бар болатын.

Оларды алғаш көрген кезде, өз көзіме өзім сене алмадым. Оның камерасы екі адым ғана жердегі менің камерама мүлде ұқсамайтын. Оның камерасынан шоколадтар мен жемістер ешқашан үзілмейтін. Айырықша жағдайларда қонақтарға бренди құйылатын. Француз сигареттерін ұнататынымды білетін Самсон мені «Gitanes» сигаретімен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды.

Қалай дегенде де, мен өте сақ болдым. Абақты жағдайында әлде бір беделдінің «қармағына» ілінуі өте оңай. Мен сигареттер үшін өзімнің сызбаларым мен суреттерімді беретінмін. Фотопортреттердің көшірмелерін алып, әдемі жазумен олардың аттары мен тектерін жазатынымын. Самсонның арқасында менде қажетті материалдар жеткілікті болды. Бірақ мен оның ұлтшылдығынан сескенетінмін. Әрине, Самсон менің британ азаматы екенімді білетін, бірақ өзінің ағылшындарды жек көретінін ешқашан жасырған емес.

– Міне, қарашы, – деді ол көйлегін жоғары көтеріп. Оның денесі тыртықтарға толы екен. – Осының бәрін істеген ағылшындар. Ұлы мәртебеліме рахмет! Британияның құпия қызметін айтып тұрмын. Олардың бәрі есерсоқтар.

– Сонда қалай, олар сізді азаптады ма?

– Енді ше, сонда мына белгілерді кім салды деп ойлайсың? Бірақ олар менен ештеңе біле алған жоқ! – деді Самсон мысқылдай күліп.

Самсонның сөздеріне күмән келтіруге болмайтын еді, бірақ уақыт өте келе оның шын мәнінде қандай адам екендігі туралы сыбыстар ести бастадым. Содан кейін онымен байланысымды тоқтаттым. Тұтқындар арасында кешкі мезгілде Самсонның камерасының маңына жақын баруға болмайтыны туралы әңгімелер айтылатын. Бұл жазылмаған заңды тіпті абақты қызметкерлерінің өздері де қатаң сақтайтын. Тәуліктің бұл уақытында оған келуге тек таңдаулыларға ғана рұқсат етілетін.

Бірде, аязды түндердің бірінде біз пешті айнала жылынып отырдық. Сәл уақыттан кейін күзетшілер бізді

қақаған камераларымызға қуады. Суық абақтының табиғи азабы болатын. Күнде таңертең суықтан қалшылдап оянатынмын, аузымнан бу бұрқырап тұратын. Күндіз денені жылыту мүмкін емес еді. Тіпті күні бойы тынбай қозғалып жүргеннің өзінде аяқ-қолдарың жылынбайды. Алда тағы да ұзақ суық түннің күтіп тұрғаны туралы ойлағанда денең қалтырап кетеді.

Мен Панайотосты байқап, суықтан дірілдеген қолыммен оны өзіме шақырдым. Ол ұсақ ұрлығы үшін аз мерзімдік жазасын өтеп жатқан жас, сымбатты грек болатын. Абақтыда оған өте ауыр болып, үйрене алмай жүрді, сондықтан оны назарымда ұстап, көзімнен таса қылмауға тырыстым. Мені жаны ашығыш адам деп айту дұрыс болмас, бірақ мен кейбір тұтқындарға тегін нәрсенің болмайтынын ескертуге тырысатынмын. Никос Самсонның камерасы жағынан аяғын әрең басып келе жатқан Панайотос, бірден басқа тұтқындардың әңгімелерінің тақырыбына айналды.

– Бізге қарай кел, – деп қайталадым мен. – От өшейін деп қалды, бірақ аздап болса да жылынып алуға болады.

Панайотос ешкімнің бетіне қарамаған күйі үстелді алды да, оттың жанына отырды. Бүкіл тұла-бойы дір-дір етеді, мен оның тек қана суықтың әсерінен емес екенін түсіндім.

– Не болды, Панайотос? – деп сұрадым грек тілінде, бірақ жігіт үн қатпаған күйі өшіп бара жатқан шоқтарға қарап отыра берді.

Кейіннен Панайотосты, оның қуарған жүзі мен ойсыз көзқарасын көрген сайын денем мұздап кететін. Жылағаннан көздері жиі ісіп кететін, онымен сөйлесуге тырысқан кездерімде бетіме тура қараудан қашқақтайтын. Бір кездері Самсонның камерасына ол әр күні кешкісін белгілі бір уақытта бара бастады. Ол Самсонның құлына айналды және бұл жайында түрлі әңгімелер тарай бастады. Күзетшілер бірде Самсонның камерасынан пайдаланылған мүшеқаптарды жиі табатындары туралы айтып қалды. Өз әдетім бойынша, абақтыдағы түрлі өсек-аяңды талқылаудан бойымды аулақ ұстайтынмын және Самсон менімен өзін

үнемі әдепті ұстағандықтан, бұл әңгіменің шындығына мен біраз уақытқа дейін күмәнданып жүрдім. Самсон жуық арада босап шығуы тиіс болатын және тұтқындар ол өзінің жас досына сырттан «жұмыс» іздестіріп жатыр деген әңгімелер айтылып жүрді.

Панайотостың үрейге толы қуарған жүзін көрген сайын менің құсқым келіп, қатты жиіркенетінмін. Кейде жек көрушілігім мен ашуым бойыма сыймай кететін. Бірақ Самсонды құр қолмен алу қиын еді. Оны жалғыз жеңе алмайсың. Мұны тіпті менің өзім түсінетінмін.

Ағылшын тілді тұтқындармен жақсы қарым-қатынас орнатқанымға қарамастан, абақты мені бәрібір озбыр болуға мәжбүрледі. Қыс өте суық, бірақ қысқа болды. Көктемнің ерте шығуы жаздың ыстық болатынынан хабар береді. Абақтыдағы ыстықтың азабы қыстағы аяздың азабынан кем болған жоқ. Егер тұтқындар қыста мең-зең болып, ұйқыға бой алдыратын болса, ыстық олардың қандарын қыздырды. Бір күн де ұрыс-жанжалсыз, төбелессіз өтпейтін болды.

Кейбір жанжалдар болмашы нәрседен басталып, соңы қырғын төбелеске ұласып, кім кімге қарсы төбелесіп жатқаны белгісіз болып кететін. Мұндай кездерде төбелестің шығу себебінің еш маңызы болмай қалатын. Гректер мен арабтар арасындағы жанжал әдетте саясатқа қатысты басталатын және соңынан оған тұтқындардың бәрі бірдей араласатын. Бұл іс маған ұнайтын да еді. Бола берсін, әйтпесе дене қалпымды жоғалтып алармын деп ойлайтынмын. Бірде блокта жағдай таңертеңнен бастап ушығып тұрды. Үйреншікті қытыққа тиетін сөздер айтумен басталған жанжал түске таман боқтық сөздер айтуға ұласты. Содан соң арабтардың жетекшісі гректердің бірін ұрып жіберді де, қырғын төбелес басталып кетті. Ішкі ауланың шаңы аспанға шығып, жерге төселген тастың үсті қызыл қанға боялды. Менің де қаным қыза бастады.

Бұл төбелестің маған қатысы жоқ еді, бірақ төбелеске араласатынымға тек қуанышты болдым. Маған кімді ұрсам да бәрібір еді; мені төбелестің өзі қызықтыратын. Артыма

бұрылғанда оны көрдім: мені ұруға дайындалып келеді екен. Соққының алдын алып оны мұрнынан бір ұрдым да, содан кейін оны қабырғаға соққылай бастадым. Оның мұрнынан аққан қан бетіме шашырады. Бұл денелі, ашушаң әрі ақымақ жігіт болатын. Есін жинап алып маған қайта ұмтылды. Оның ішіме жасайтын соққысына шыдау үшін денемді қатайттым да, содан соң жолбарыстың тырнағымен көзінен ұрдым. Қанды айқас барған сайын үдей түсті. Қайдан пайда болғаны белгісіз, тұтқындардың қолдарында ұстара, пышақ, таяқ секілді қарулар пайда болды. Кенет мылтық дауысы естілді. Әскерилер бізді қоршап алды, жараланғандарды емханаға әкетті, ал қалғандарын күні бойына камераларға қамап тастады.

Осы төбелестен кейін бір күні таңғы ас кезінде жаныма Энди келіп отырды. Оқшау камера менің жүйкемді тоздыра бастаған болатын, мұны Энди де сезген болса керек.

– Саған неге ешкім келмейді, Тони? – деп сұрады.

– Өйткені менің ешкімім жоқ, – дедім мен. – Жалпы, сенің не айтқың келеді?

– Майкл Райт атты бір жігіт бар...

– Майкл Райт? – дедім мен оның сөзін бөліп. – Оның есімі маған таныс. Ол ирландтық па?

– Иә, Белфастан. Мұнда ол әлдебір қауымдық топпен келіпті. Адамзаттың жарылқаушылары секілді бір нәрсе, түсініп тұрсың ба? – мен басымды изедім, ал Энди сөзін әрі қарай жалғастырды. – Тони, саған ақыры ешкім келмейді екен, Майклмен кездесуге келіссең қайтеді?

Біз біраз уақыт үнсіз отырып қалдық.

– Мен оған сен жайында айттым, – деді Энди. – Ол сенімен кездескісі келетінін айтып хат жазыпты.

Мен сәл абдырап қалдым. Ол мені қайтпекші? Қызық.

– Жоқ, – дедім мен, – әрине саған рахмет, бірақ менің ешкіммен кездескім келмейді.

Бұл тақырып осымен тәмамдалды.

Бірнеше күннен кейін мен хат алдым. Бұған дейін маған абақтыға ешкім хат жазған емес еді. Алғашында қатты

қуандым, бірақ жазудың ата-анамдікі емес, бөтен екенін түсіндім. Қызығушылықпен дереу хатты аштым. Хат Майкл Райттан болып шықты. Бұл достық ниеттегі ойлы хат болып шықты. Шынайы қарым-қатынасқа мұқтаждығымнан әлгі хатты бірнеше рет оқып шықтым. Хаттың мазмұны анық әрі қарапайым еді. Майкл өз ойын жасыруға тырыспапты да. Ол менімен өзінің Исаға деген сүйіспеншілігінен кездескісі келетінін жазыпты. Менің күлкім келді. Неткен оғаштық! Әйтсе де ол менің қызығушылығымды оятты. Оның ұсынысында жаман ештеңе жоқ секілді. Ол осы жиіркенішті, сасық иісі мұңкіген жерге келуге ерінбеген де, оны тым болмаса бір рет неге қабылдамасқа? Тіпті, бұдан мардымды ештеңе шықпаса да, көңілімді абақтының күнделікті іш пыстырарлық өмірінен жарты сағатқа болса да басқа жаққа аударып, және мүмкін болса, келушілерге арналған асханадан бір тақта шоколад немесе шырын алуға мүмкіндік алармын.

Қысқасы, мен Майклмен кездесуге келістім, келесі бейсенбіде күзетші мені кездесу бөлмесіне алып келді. Кездесу бөлмесінен де абақтының иісі шығады. Бір жақсысы, есік ашылғанда даладан таза ауа кіреді екен әрі терезеден күн сәулесі түсіп тұр. Біреумен кездесу туралы ойдың өзінен толқып тұрғаныма өзім де таң қалдым. Күзетші маған ұзын, жіңішке ағаш үстелдің басына барып отыруды ымдап бұйырды. Тұтқындарды үстелдің бір жағына, ал келушілерді екінші жағына отырғызатын. Майкл Райт әлі келмеді. Кездесу бөлмесі гректерге, олардың ата-аналарына, әйелдеріне, балалары мен құрбыларына толы. Әдеттегі адамдарды көргенде өзімді бір түрлі сезіндім. Олардың арасында маған орын жоқ еді.

Кенет мен өзімнің бақша қарақшысына ұқсайтынымды сезіндім. Менің түрім жасаған қылмыстарымнан хабар беріп тұр. Бірақ Құдайды қастерлейтін бұл адамға менен не қажет болды екен? Барған сайын көңіл-күйім бұзылып, кетіп қалуға оқталған кезде есіктен кіріп келе жатқан ирланддықты көрдім. Ұзын бойлы, сақалды адам тура

маған қарай беттеп келе жатыр. Оның екі езуі екі құлағына жете күлімсіреп келе жатқанын көріп: «Неткен нақұрыс еді!» – деп ойладым. Ол үстіне үтіктелмеген, жеңі тым қысқа көйлек киіп алыпты. Езуін жимаған күйі:

– Тони! – деп дауыстады да, маған қолын созды. – Сізбен танысатыныма өте қуаныштымын. Сіз жайында көп естідім.

Мен бірден сақтана қалғаныммен, оған қолымды создым. Ол менің қолымнан ұстап, құштарлана сілкіп-сілкіп қойды. Мұндай ыстық амандасу мені одан әрмен сақтандырды. Үйреншікті ашуымның бас көтеріп келе жатқанын сезіндім.

Майкл күлімсіреген күйі менің қарсы алдыма келіп жайғасты. Сірә, ол менің азапты жағдайымды түсінсе керек.

– Тони, бұл жерге мен дос ретінде келдім, – деді ол. – Сізге уағыз айтатын ойым жоқ... – Мен оған жақтырмай қарадым. – Мұнда мені Иса Мәсіхтің сүйіспеншілігі алып келді, – деді Майкл сөзін жалғастырып. – Біздің қауымдағылар барынша қолдау көрсетуге тырысып, барлығы сіз үшін мінажат етеді.

Бұрын менімен ешкім және ешқашан мұндай тақырыпта әңгімелескен емес еді. Мен не айтарымды білмедім, бірақ оған сенім арта алмайтынымды сезіндім. Ашуға булығы бастадым. Біз біраз уақыт үнсіз отырдық, менің ойларым шатасып, басым қатты. Бұл жігіт басын қайда сұқпақшы? Оған менен не керек?

Жанымыздағы үстелде жас грек жігіті ата-анасымен қоштасып жатыр. Онымен құшақтасып, жылай қоштасқан анасы шығар есікке қарай беттеді. Менің ата-анам менімен жолығу үшін бұл жерге ешқашан да келмес еді! Олар тіпті қазір менің қайда екенімді біле ме екен десеңші? Түрлі ойларға беріліп кеткенім сондай, тіпті Майклдың не айтып жатқандарын ұққан да жоқпын. Ол мұнда келуден ерінген жоқ, мүмкін, оның мұнысына аздап қуанған түр көрсетсем ше? Егер ол ашуыма тие бастайтын болса, онда шашынан алып үстелге бір-ақ ұра саламын.

Мен оның сұрақтарына жауап қайыруға тырыспастан және тіпті оның бетіне де қарамастан оның мылжыңын тыңдап отыра бердім.

– Тони, менің сізге тағы да келгім келеді. Келесі аптада келсем қалай болады? Не айтасыз? – Не айтарымды білмей, тек басымды шұлғи бердім. – Сізге Құдай жар болсын, Тони. Жуықта тағы кездесеміз деп үміттенемін.

«Есалаң» – деп ойладым мен оның артынан қарап тұрып.

Бірақ келесі бейсенбіде онымен кездесуге тағы да келістім. Ал үшінші және төртінші аптада оның ақымақ күлімсіреуін асыға күтетінімді түсіндім. Ол мені сыртқы әлеммен байланыстырушы іспетті еді. Майклмен менімен қарапайым нәрселер жайында: кешкі салқында қарбыз жегеннің қандай жақсы екені, Никосияда алғаш ашылған «Дэйри куин» (АҚШ, Канада және тағы бас елдерде 6 мыңнан астам нүктелері бар жылдам тағам дайындайтын дәмханалар жүйесі) және тағы басқа тақырыптарда әңгімелесті.

– Эх, гамбургерлер, гамбургерлер! Оларды жемегелі қай заман! – дедім мен күліп.

– Ал мұнда мен грек кофесіне еш үйрене алмай жүрмін, – деді Майкл. – Оны ішкеннен кейін басым мүлде істемей қалатындай. Бірақ маған ауылдардағы шағын дәмханалар өте ұнайды – оларды мұнда «kafeneions» деп атайды ғой, солай ма? – мен оның гректің қиын сөздерін айтуға соншалықты тырысқанына жымия басымды изедім. – Жергілікті қарттар кішіпейіл екен. Мен оларға «Жақсы тұқым» күнтізбелерін таратып жүрмін, – осылай деген ол қалтасынан олардың бірін шығарды. – Қарашы, әр күнге арналған суреттер мен киелікітаптық сөздер қандай керемет. – Майкл маған олардың бір-екеуін оқып берді.

Майкл айтқан әңгімелер мен жаңалықтарды тыңдап отырып, бостандықтағы өмірдің қандай болатынын есіме ала бастадым. «Бостандық» деген сөзді Майкл жиі айтады, бірақ оның «бостандығының» абақтылар мен камераларға еш қатысы жоқ еді. Ол «Мәсіхтегі азаттық» туралы айтатын. Мен одан бұл туралы қазбалап сұрамадым, ал Майкл маған берген уәдесін орындап, ешқандай уағыз жүргізген жоқ. Әңгіме барысында ол Құдайдың өткен аптада өз өмірінде

не істегендері жайлы айтатын. Қауымында болып жатқан жағдайлар туралы айтқан кезде ол Троодос тауларында өзі ұйымдастырған жастар лагерьлері жайында қызу әңгімелейтін. Майклдің өз қауымының күнделікті өмірі жайындағы мылжыңын төзімділікпен тыңдап отыруыма тура келетін. Бірақ, жалпы маған өзге адамдардың қалай өмір сүріп жатқандары жайлы әңгімелерді тыңдау ұнайтын еді. Осылайша Майкл менің шынайы өмірмен байланысымды үзіп алмауыма көмегін тигізді.

Майклдің маған қолдау көрсетуі оның абақтыға келуімен ғана шектеліп қалған жоқ. Ол маған аптасына бір рет өзі хат жазып тұрды және сондай-ақ бауырластарының жазған хаттарын да жолдап тұрды. Мен оларды қызыға оқитынмын. Содан соң ол маған кітаптар жібере бастады. Алғашында мен олардың мазмұнына еш назар аударған жоқпын, жай ғана оларды құмарлана оқумен болдым. Мен абақтыда кездестірген кітаптар мен журналдардың мазмұны көбіне порнографиялық сипатта болып келетін. Ал менің мазмұнды, салиқалы бір нәрселер оқығым келетін еді.

Одан кейінгі алты ай бойы Майкл маған әр бейсенбі сайын келіп тұрды. Ал кетер алдында үнемі мінажат ететін. «Неткен ақымақ еді, – деп ойлайтынмын мен, – есі ауысқан адамша көздерін жұмып алып, дәл бір Құдай өзін шын мәнінде естіп тұрғандай бос кеңістікке бір нәрселерді айтады».

Егер Майкл бейсенбі күні кездесуге өзі келе алмайтын болса, онда орнынан міндетті түрде басқа біреуді жіберетін. Бірде оның орнына Валери атты сүйкімді бір әжей келді. Мен оның батылдығына қайран қалдым. Мұндай жерге келу үшін асқан батылдық қажет қой. Бірақ Майкл секілді Валери әжейді де мұнда оның Мәсіхке деген сүйіспеншілігі алып келді және оның аналық мейіріммен айтқан ақыл-кеңестері мені үлкен рахатқа бөледі. Тағы бір жолы Майкл өзінің орнына Ричард Ноксті жіберді. Ричардпен әңгімелесу оңай болды, себебі оны жазған хаттары арқылы білетін едім.

Ол көп жылдар бойы Ливанның астанасы Бейрутта уағыз жүргізіпті, сондықтан Таяу Шығыстағы жағдайлар туралы сөйлесу бізге ортақ тақырыптар болды. Оның айтқандары менің Ливанда оққағар болып жүргенде көргендеріме мүлде ұқсамайтын еді. Мен оның ержүректігіне тәнті болдым, себебі Таяу Шығыста өмір сүру еуропалық үшін, әсіресе әйелі, балалары бар еуропалық үшін өте қиын. Бірақ Майкл секілді, Ричард та ештеңеге қарамастан өздері айтқандай Құдайға деген сүйіспеншіліктерінен адамдарға көмек көрсетуге ұмтылады.

Ол кезде мен мұны түсінген жоқпын, бірақ Майкл мен оның достарының айтқандарына біртіндеп құлақ сала бастадым. Олар бұрын араласқан адамдарыма мүлде ұқсамайтын еді. Олар менің өміріме шын мәнінде қызығушылық танытты, бірақ бұл маған түсініксіз еді. Мүлде танымайтын адамдардың, лайықсыз адамға осындай достық пейіл танытуларын қалай түсінуге болады? Мен олармен кездесуді және олардың хаттарын тағатсыздана күтетін болдым.

Бірақ абақтыда өткізген алты ай менің санамда із қалдырмай қойған жоқ. Бұрынғы өмірім мені ешкімге сенбеуге және үнемі сақ жүруге үйретті. Міне, енді қазір де өзімнің жаңа достарыма тәуелді болып қалғым келмеді. Бұл туралы көбірек ойлаған сайын, күмәндануым да арта берді. 1990-жылдың 3-мамыры, бейсенбі күні таңертең мен төсегімде Майкл туралы ойланып жаттым. Таңертең оянғанда-ақ мен ол туралы жаман ойлармен оянған болатынмын. Ол менен не қалайды? Оның негізгі мақсаты не? Оның маған жіберген кітаптары еденде ұқыпты жинаулы тұр. Жақында ол маған Киелі кітапты сыйлаған болатын, бірақ мен оны әлі қолыма алған жоқпын. Бірекі жол оқып көріп едім, қызығатындай ештеңе байқай алмадым. Майкл жай ғана менің басымды қатырып жүр. Бар болғаны сол. Мені өзінің түсініксіз ұйымына кіргізіп алғысы келеді. Осындай қулық жасап, менің басымды айналдыруға, бостандық, бостандықтағы өмір туралы

әңгімелер айтып мазақ етуге қалай ғана батылы барады? Осы кезде тұтқындардан бір апта бұрын күтпеген жерден ол туралы естігенім ойыма оралды. Ал қазір енді ол мені абақтыда мазаққа айналдыруда. Ол кім өзі? Бұл кездесулерді қысқарту керек. Мазақ еткендері жетеді!

Таңертеңнен бастап санамды осындай ойлар жайлап алды. Бүгін мен Майклмен жақсылап сөйлесуге тиіспін. Егер менен шын мәнінде нені қалайтынын мойындамайтын болса, онда оған өз орнын көрсетуге тура келетін шығар, сірә.

Түстен кейін күту бөлмесіне келген кезімде бойымды ашу кернеп тұрған болатын. Үстел басына жайғасып, Майклды күттім. Грек тұтқындарға келген туыстарының дабырлаған дауыстары әдеттегідей қытығыма тиді, бірақ Майклге деген бүгінгі ашуым басқа ештеңеге көңіл аудартар емес. Ол қайда жоғалып кетті? Неге сонша кешігіп жатыр?

Бір кезде есік ашылып, бөлмеге Майкл келіп кірді. Әдеті бойынша екі езуі екі құлағына жете күлімсіреп келдеі. Мен өзімді құрбандығын күтіп бүктетіліп жатқан жылан секілді сезіндім. Үстелді итеріп, отырып жатқан Майкл менің бойымдағы ширығысты байқамай қалған жоқ. Ол бірден езуін жиып, байсалды қалыпқа түсті.

– Не болды, Тони? Бір нәрсе болды ма? – деп сұрады ол мазасызданған үнмен.

– Сен мұнда не үшін келесің, Майкл? Сендерге менен не керек?

Майкл орындықтың арқалығына шалқайып, маған жайбарақат қарап отыр. Осы кезде оны шынымен де ұрып жібергім келіп кетті. Ол:

– Тони, мен мұнда Иса үшін келемін, – деді де, менің қандай әрекет жасайтынымды күтіп үнсіз отырып қалды. Оны желкесінен тартып, басын үстелге бір соғу оп-оңай еді. – Иса сені сүйеді, Тони.

Мен ішімнен өзіме қарғыс айттым. Майкл қорқақтардың қатарынан болмай шықты.

– Меніңше, Құдай сенімен мен арқылы байланыс жасағысы келеді.

«Иә, басты айналдыру деген осы болады», – деп ойладым мен.

– Мұнда мен Оның саған деген сүйіспеншілігін көрсету үшін келемін, – Майкл менің көздеріме тура қарады. – Иса сені осы отырған қапасыңнан алып шығуға қабілетті.

Иә, мені мазалайтын да дәл осының өзі! Темір тордың ішінде отырған менімен еркіндік жайында сөйлесуге батылы қалай барады? Оған айтқанға оңай: ол қалаған кезінде орнынан тұрып, бұл жерден кете беруіне болады.

– Қане, Майкл, Исаның мені бұл жерден қалай алып шығатынын айтып берші! – дедім мен айқайлап. – Шын мәнінде жоқ Құдай жайлы бір нәрсе деп қалай айтасың? Сен өзің сол Исаны көрдің бе?

Мен дөрекі сөйлеп, Майклды сұрақтың астына алдым. Бірақ ол былқ еткен жоқ. Ол ештеңеден қорқатын емес. Неге кетіп қалмайды? Неге мені жайыма қалдырмайды? Ол тіпті менен де қорықпайды! Өзін оп-оңай өлтіре алатынымды жақсы біледі ғой. Майкл менің сұрақтарыма рет-ретімен жауап бере бастады және менің оны ұруға қолым бармады.

– Жоқ, Тони, – деді ол сенімді үнмен. – Сенің айтып тұрғаның дұрыс емес, мен Исаны кездестірдім.

Мен Майклға аңырая қарап қалдым, бірақ ол сабырлы қалпы сөзін әрі қарай жалғастыра берді:

– Иса Мәсіх туралы шындықты ата-анам маған кішкентай кезімде айтып берген болатын, Тони, – деді ол. – Мен қауымның жанындағы жастар клубына бара бастаған кезімде Құдай Ұлы Иса Мәсіх жөнінде одан да көбірек біле түстім. Киелі кітапта айтылғандай, егер сен Исаның Құдай екенін мойындайтын болсаң және Құдайдың Оны өлімнен қайта тірілткеніне жүрегіңмен сенетін болсаң, онда құтқарыласың. Мен дәл осымен айналысып жүрмін. Иса мен үшін қымбат құн төледі деп есептеймін.

– Бұл қалай? – дедім мен оның сөзін бөліп.

– Мен күнәһар болдым. Мен өлімге лайықты едім, бірақ Иса мен үшін айқышта Өзі өлуге бел байлады және менің

Құдай сүйіспеншілігін тануым және кешірім алуым үшін Өзінің қанымен құн төледі.

Мен оны егеске шақырғандай болып, жақтырмай қарқылдай күлдім:

– Қойшы. Әлі бала кезінде өзіңнің өлімге лайық екеніңді қайдан білдің? Ол кезде сенің күнә жасамағаныңа бәс тіге аламын.

Майкл алға қарай ұмсынып отырды.

– Киелі кітапта айтылғандай, адамдардың барлығы да күнә жасап, Құдайдың даңқынан құр алақан қалды. Біздің бәріміз күнәкармыз, Тони, бәріміз. Біз бала кезіміздің өзінде Құдайдың еркін орындамаймыз. Бірақ біздің жақсылық пен жамандықтың арасында таңдау жасау құқымыз бар. Сен өзіңнің жамандық және күнә жасап жүргеніңді жақсы түсінесің. Өзімнің күнә жасап жүргенімді мен де жақсы түсінемін...

– Мұнымен не айтқың келеді? Қане, Майкл, бәрін бүкпесіз айт! – дедім мен дөрекі үнмен.

Майкл маған қарай еңкейді:

– Бізді Құдай жаратты, Тони. Ол осы дүниені және ондағының бәрін жаратты. Ол – біздің шынайы Әкеміз. Бірақ та Ол – қасиетті және еш кіршіксіз. Ол жүрегіміз күнә мен жалғандыққа толы біздерге қарап отыра алмайды. Біздің Одан алшақтап қалғанымыздың себебі осы.

Мен Тониге ашулы көзбен қадала қарадым. Бірақ бұл оны еш састырған жоқ. Құдайдың бізді әлі де сүйетінін мен әлі кішкентай кезімде-ақ түсіндім, өйткені Ол біздің Әкеміз ғой. Жасаған барша жамандықтарымыз бен әділестіздіктерімізге қарамастан, Оның бізбен қарым-қатынас жасағысы келеді. Осы себептен Ол осы дүниеге Өзінің Ұлын жіберді. Ол біздің арамызда өмір сүріп, біздің орнымызға өлуге тиіс болды. Иса адамға айналған Құдай болды.

Майклдің сүюші Әке туралы сөздері менің ашуыма тиді. Олар мені сатып кеткен ата-анамды есіме түсірді. Менің ойымды оқып отырғандай, Майкл маған былай деді:

– Тони, адамдардың, ата-анаңның, достарың мен құрбыларыңның сені ұятқа қалдырулары мүмкін. Сенің күтетініңе қарамастан, келесі аптада менің келмей қалғанымды көз алдыңа елестетші. Бұл жерде менің кінәм болған делік. Мысалы, менің көлік кептелісінде тұрып қалуым мүмкін ғой. Бірақ сен мені бәрібір ұятқа қалдырды деп есептейтін боласың.

– Тағы не айтасың?

– Ал Құдай сенімен ешқашан олай етпейді. Ол сені қатты жақсы көреді. Сені тастап кетпейтініне Киелі кітапта Құдайдың Өзі уәде береді.

Бұл сөздер менің аузымды жапты. Айтарға ештеңе жоқ еді. Айқайлап жібермес үшін еріндерімді жымқырып алдым. Ашуым қайтадан бас көтерді.

– Жарайды, Майкл... Егер Ол бар болса және мені сондай жақсы көретін болса, онда Ол қазір қайда? Осындай жағдайда маған неге көмектеспейді?

– Құдай сенің жүрегіңнің есігін қағып тұр, Тони, Ол мұны көптен бері мен, Валери әжей, Ричард және өзің танысқан өзге де бауырлар арқылы жүзеге асырып келеді... Ол саған Өзін танығаныңды қалайтынын айтқысы келеді. Киелі кітаптағы Жохан жазған Ізгі хабардың үшінші тарау, он алтыншы аятында не айтылатынын тыңдап көрші: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады».

– Мәңгілік өмір? Маған онымен не істеді бұйырасың, Майкл? Мен өз өмірімді жек көремін.

– Сен оны абақтыда отырғандықтан жек көресің, – деп жауап берді Майкл.

Ол тағы да еркіндік туралы айтып отыр. Бірақ мойындау керек: ол маған қолын бір сілтеп кетіп қалған жоқ.

– Бірақ сен менің сұрағыма жауап бермедің, Майкл, – дедім мен мырс етіп. – Егер де кіршіксіз Құдай мені соншалықты жақсы көретін болса, онда неге маған көрінбейді? Оған сенің,

Ричардтың және Валери әжейдің бойында жасырынудың қажеті қанша? Ол не, қорқа ма?

Маған бұл жеткілікті дәрежеде тапқыр сұрақ секілді болып көрінді. Майкл орындықтың арқалығына шалқайды да, біраз уақыт ойланып отырып қалды.

– Мен сені түсіндім, – деді ол бір кезде ол байсалды әрі сенімді үнмен, – Тони, егер де Құдай осы жерге, осы бөлмеге келетін болса, онда сен бірден бетінді жерге төсеп жатып қалған болар едің. Басыңды көтеріп, Оған қарауға жүрегің дауаламас еді. Сондықтан да Ол Өзінің сүйіспеншілігін саған таныту үшін Исаны жіберді.

Мен оның айтқандарын түсінуге тіпті тырысқан да жоқпын. Тек оның қытығына тиюге, осал жерін табуға тырыстым.

– Сенің Құдайыңсыз да жап-жақсы өмір сүріп келгенмін. Енді қазір Ол маған не үшін қажет бола қалады деп ойлайсың? Қане, Майкл, осыған жауап берші!

Осылай деп жұдырығыммен үстелді қатты ұрып қалдым. Күзетші селк ете қалып, орнынан атып тұрды, бірақ Майкл оны сабырға шақырып, қолын жоғары көтерді. Бірақ күзетші енді менен көз алмай бағып тұрды.

– Сен өмір бойы жан-дүниендегі қалыптасқан бос орынды бір нәрсемен толтыруға тырысып келдің, – деп бастады Майкл. – Сен оны кун-фу ұрыс өнерімен, буддизммен, оққағардың даңқымен, жыныстық қатынаспен, есірткімен, ашумен, зорлық-зомбылықпен толтырмақ болдың ... Бірақ мұның ешқайсысы сен күткен қанағат сезімін бере алмады. Сен көрмеген тек бір нәрсе ғана қалды – Иса Мәсіх. – Осылай деп үстелді енді Майкл ұрып қалды. Ол қызбалана, шабыттана сөйледі. Оның қолында бір топ кілттің бумасы бар еді. – Тони, осы кілттердің сенің камераның кілті екенін бір сәтке көз алдыңа елестетші. Мен оларды саған бердім дейік және сен бүгін түнде, күзетшілердің бәрі ұйықтап қалған кезде қашып шығасың.

Ол не сандырақтап тұр?

Майкл сөзін жалғастырды:

– Сен абақты қабырғасына өрмелеп шығып, түріктердің жеріне өтіп кетесің және сол жақпен бұл аралдан қараңды батырасың. – Майкл маған қадала қарады. – Сонда сен өзіңді азат адам ретінде сезіне аласың ба?

– Сен не айтып тұрсың? Әрине, – деп жауап бердім мен. – Себебі мен бостандықта боламын ғой.

– Жоқ, Тони, сен азат адам бола алмайсың, – деді Майкл күлімсіреп. – Азат адам бола алмайсың, өйткені сен сол бұрынғы Тони күйінде қаласың. Сен шаш қою үлгіңді, киімдеріңді, банктегі ақшаңның санын, тұрғылықты мекеніңді өзгерте аласың. Сен өз бойыңда көп нәрселерді өзгерте аласың, бірақ сен мәңгілікке бұрынғы Тони күйінде қала бересің. Сен сол бұрын жасап келген қателіктеріңді қайталайсың. Өткеніңді ұмыта алмайсың, күнәларыңның бәрін жуа алмайсың. Сен сол ызақор күйінде қала бересің. Сенің біраз сабаңа түсуің мүмкін, бірақ егер мен сенің қытығыңа тиер болсам, сен бірден ашуланып шыға келесің. Мұның барлығы сенің Исаны өз жүрегіңе кіргізбегендігіңнің кесірінен. Сен өз өміріңе разы емессің және Құдайға бет бұрмайынша осындай бақытсыз, жалғыз күйінде қала бересің.

Мен болмайтын бір нәрсе айтып оның сөзін бөлдім, бірақ Майкл жалғастыра берді:

– Сен бұл жерден шығып, көп ақша таба аласың, зәулім үй салып, оның ішін алтынмен аптай аласың, соңғы үлгідегі автокөлік сатып ала аласың, тіпті, отбасын да құра аласың, бірақ қайталап айтайын, сен сол баяғы Тони күйінде қаласың. Бұлардың бәрі саған шын мәнінде қажет нәрсені бере алмайды. Ал егер бүгін түннен қалдырмай сенің жаныңды алатын болса ше? Ақшаларың саған көмектесе ала ма? Жоқ! Отбасың да, достарың да, ештеңе де енді көмектесе алмайды. – Майклдың маңдайынан тер шықты. – Бұлардың бәрі есірткіге ұқсайды, олар саған уақытша қанағат сезімін береді, бірақ ешқайсысы сені азат ете алмайды, ешқайсысы саған шынайы қанағат бере алмайды. Тони, маған құлақ салшы, – Майкл ентігін басу

үшін сәл кідірді: – Киелі кітап былай дейді: «Сонымен егер Құдайдың Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар».

Осы: «Сонымен егер Құдайдың Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар» деген сөздер менің есімде мәңгілікке жатталып қалды. Сол сәтте мен қолдарымның қалтырап кеткенін сезіндім.

Кездесудің бес минуттан кейін аяқталатынын білдіретін қоңырау соғылды. Майкл менің өз айтқандарым түсінгенімді қалады, бірақ мен әлі ашулы едім және осыны оған көрсетуге тырысып бақтым. Мен әлі де оның айтқандарын жоққа шығаратын бір дәлел табудан үміттендім. Ал Майкл көзіме тіке қарап тұрып былай деді:

– Оған сенуші әркім, Тони, Оған сенуші әркім... Сен істеуге қажетті жалғыз нәрсе – бұл сенім арту. Иса сен үшін бәрін баяғыда істеп қойған. Ол саған жол салып берді, сондықтан енді сен өз қылмыстарыңды мойындап, тәубеге келе аласың, сонда Құдай сені кешіреді. Бұл жерде мен діни рәсім немесе жәдігөй тақуалық туралы айтып тұрған жоқпын. Мен Құдайдың құтқару ісіне деген сенім туралы айтып тұрмын. Саған істеуге тиісті бар нәрсе – бұл Құдайдың сыйына сенім артып, оны қабылдау.

Кенет Лимассолда кездестірген уағызшы ойыма орады.

– Тони, бұрын сен маған ағару жол, күн-фу ұрыс өнерінің жолы туралы айттың, ал енді Иса Мәсіхтің не дейтінін тыңдашы: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды». Ағару жолы жолдардың тек бірі ғана болса, Ол – жалғыз жол. Мұны жай ғана нақты дерек ретінде қабылда, Тони.

Менімен түсінікті тілде сөйлескен Майкл қателескен жоқ. Мен енді моп-момақан болып отырдым.

– Майкл, менің қандай оңбаған адам екенімді, қандай күнәлар жасағанымды білмейсің ғой. Маған көмектесу шынымен де мүмкін деп ойлайсың ба? – деп сұрадым мен жүрегімде болып жатқан нәрселерге қарсыласуға тырысып.

Майкл тағы да Киелі кітапқа жүгінді:

– Пауылдың Римдіктерге жолдауында былай делінген: «Енді Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы адамдарға Құдай жазалау үкімін шығармайды. (Олар өздерінің ескі күнәкар болмысының емес, Құдайдың Киелі Рухының қалауына сай өмір сүреді.) Себебі Иса Мәсіхпен тығыз байланыстырып, жаңа өмір сыйлаған Киелі Рух мені күнәлі құмарлық пен рухани өлімнің күштеуінен азат етті» (Рим. 8:1-2).

Мен Майклге көз тастадым. Ол менің осы естігендерімді түсінуге барынша тырысып отырғанымды көрді.

– Ешқандай айыптау жоқ, Тони. Қайтадан ешкім бүлдірмеген, ешкім тиіспеген таза парақ секілді боласың. Бәрін қайтадан бастайсың. Сенің күнәңді Иса Өзінің мойнына алып, оны жояды. Елші Пауыл осы жайында айтып тұр. Пауыл қанішер адам болған, ол мәсіхшілерді қуғынға ұшыратқан, – деді Майкл. – Бірақ Құдай адамдардың бәрін жақсы көреді, Тони. Менің саған айтқым келетіні осы. Сұмдық күнәлар жасаған Пауыл Иеміз Исаны кекздестіреді де, толығымен өзгереді. Содан соң мыңдаған өзге күнәкарларды құтқарылуға алып келеді. Оның өткенде жасаған сұмдық істері мен бойында қазір де бар кемшіліктеріне қарамастан, Құдай Пауылдың жүрегінде әрекет етеді. Тони, біздің Құдайымыз адамды үмітсіз қалдырмайды, Ол әрқашан тағы бір мүмкіндік береді.

Пауыл менің жанды жеріме тиіп кетті. Соңғы айларда мен өз өмірімнің шын мәнінде де ештеңеге тұрмайтынын, абақтыға қамалуға лайықты істер жасағанымды және маған енді ешкімнің көмектесе алмайтыны жайлы ойлай бастаған болатынмын. Мен түзелуден кеткен адаммын деп ойладым, ал Майкл Құдай өзгерткен Киелі кітаптық кейіпкерлер туралы әңгімесін жалғастыра берді.

– Әңгімеміздің басында әрбір адамның қателесетіні, әрбір адамның күнә жасайтыны туралы айтқаным есінде ме? – деп сұрады ол. – Дәл сол секілді әрбір адам кешірімге мұқтаж. Кешірім Иса арқылы Құдайдың сыйы ретінде тегін беріледі. Бұл үшін бар керегі – Құдайға бет бұру. – Майкл Киелі кітапты

көрсетіп, тез-тез оқи бастады: «Ал енді Құдайдың адамдарды ақтау жолы көрсетілді. Бұл жолға заңды ұстанудың қатысы жоқ. Ол туралы Таурат пен Пайғамбарлар жазбалары білдірген еді. Құдай яһуди және басқа ұлт адамдарының бәрін де Иса Мәсіхке деген сенімдері арқылы ақтайды. Себебі бұл жерде ешқандай айырмашылық жоқ: бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды. Бірақ олар Құдайдың рақымымен Мәсіхтің бұлардың төлемдерін төлеп, құтқарғанының арқасында тегін ақтала алады» (Рим. 3:21-23).

Мен тағы да Майклдың айтқан сөздерінің мәнін түсінуге тырыстым. «Сонымен егер Құдайдың Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар» деген сөздер ойымнан кетер емес. Майкл үстелдің үстіне кеудесімен жатардай болып, маған қарай барынша жақындай түсті.

– Тони, Исаны сен қалаған кезіңде жүрегіңе кіргізе аласың, – деді ол. Бірақ Құдайдың сенің жаныңды қай түні алатынын білмейтінің есінде болсын. Киелі кітап былай дейді: «Оның мейірім көрсететін кезі осы, құтқаратын күні, міне, бүгін!» – сондықтан да бұл істі ұзаққа созба.

Мен оның көзқарасынан қашқақтап:

– Ал мұны қалай істеуге болады? – деп сұрадым ақырын.

– Құдайға мінажат етіп, Одан кешірім сұрау қажет. Оған Исаны өзіңнің Құтқарушың ретінде қабылдағың келетінін айт. Оны көре алмайтыныңа қарамастан Оған сенім артып және бар үмітіңді Оған бағыштағың келетінін айт. Құдайдың сүйіспеншілігіне қол жеткізуің үшін сенің орныңа айқышта жанын қиғаны үшін Исаға алғысыңды білдір.

Осы кезде кездесудің аяқталғанын білдіретін қоңырау соғылды.

– Бар болғаны осы ғана ма?

– Осы жеткілікті, Тони. Бірақ та сенің мінажатың шын жүректен шығуы тиіс. Құдайға сен тек өзің шын мәнінде сезініп тұрған нәрселеріңді ғана айтуға тиіссің. Сен бұрынғы өміріңмен қоштасып, жалған сөйлеуді қоюға тиіссің. Бұл оңай шаруа емес, бірақ Иса саған көмектеседі.

Кездесуге берілген уақыт аяқталды. Кездесу бөлмесіндегі адамдардың қатары сиреді. Майкл көздерін жұмып, мінажат ете бастады:

– Иеміз Иса, бізді абақтыда да ұмытып кетпегенің үшін Саған алғысымызды білдіреміз. Тони үшін істеп жатқан істеріңе рахмет. Тониді жақсы көргенің үшін рахмет. Өке, Сенен өтінемін, Тони Сенің сүйіспеншілігіңді тезірек қабылдасыншы. Аумин.

Мен басымды жерден көтере алмаған күйі отыра бердім.

– Саған келесі аптада тағы келемін, достым, – деді Майкл.

Мен жұдырығымды тас түйіп, үндемей отырып қалдым.

11-тарау

Өз блогыма асыға қайттым, ойымды жинай алар емеспін. Майклдың сөздерін есіме алған кезде, олар менің басымда құйындай ұйытқып, санамды сан саққа жүгіртуде. Абақтының адам төзгісіз ыстығы, сасық иіс пен адамдардың тартып жатқан азаптары бұрынғыдан да қатты әсер етіп, жанымды жабырқатты. Қабырғалар үстімнен басып қалғалы тұрған секілді болып көрінді. Мен торға қамалған, адамдардың үрейін ұшыратын жыртқыш аңға ұқсайтын едім. Есі ауысқан тұтқындардың бірі менің камерамды айналшықтап жүр. Ол шылымының түтінін мұрнынан шығарып, өз-өзінен мәз болып жүр. Жанынан өтіп бара жатқан кезімде ол шылымының шоғын қолыма басып алды. Бұл есерсоқ менімен қалжыңдасуға сәтсіз уақытты таңдаған еді. Бойымды кернеген ашуым бұрқ етіп сыртқа тепті. Мен оны шашынан алып, екеуміздің де үстіміз қызыл қанға боялғанша қабырғаға соққылай бердім. Мен ұруымды тоқтатқан кезде енді оны туған анасы да танымастай еді, бейшараның мұрнының сау-тамтығы қалмай, оның орнында бір нәрсе салбырап тұр.

Камерама қайтып келіп, айқайлай бастадым. Бұл қажыған жан-дүниемнің белгісіздіктің алдындағы жанайқайы болатын.

Майклдың сөздеріне қарсы уәж келтіру мүмкін болмағандықтан, мен ол туралы ойлардан арылуға талпындым. Көздерімді жұмып, құлақтарымды бітеп алдым. Бірақ әлгі сөздер ойымнан кетер емес. Майклдың күлімсіреген түрі мен өңменнен өтетін көзқарасы көз алдыма елестей береді. Ол маған неге жабысып қалды? Енді мен еріксіз өзімнің кім болғаным және қазір кімге

айналғаным жайлы ойлана бастадым. Мен бүкіл өмірім бойына ешкімді дерлік қажетсінген жоқпын. Мен өз күшімді сезіндім, кез-келген салада табысқа жететініме сенімді болдым, өз-өзімді басқара алдым. Бірақ Майкл «игілікке толы» және «қуанышқа молынан кенелген өмір» туралы айтты. Әрине, абақтыда өткізген соңғы айларда менің өмірімде ондай ештеңелер болған жоқ. Мен күн фу ұрыс өнеріндегі жолымды, жарыстардағы жеңістерім мен оққағар болып істеген шақтарымды есіме алдым. Майклдың сөздерінің жаны бар. Маған ақшаны оңды-солды шашқан ұнайтын, қауіпке толы өмірді жақсы көрдім және маған үнемі бір нәрсе жетіспейтін. Мен қашан да жақсы және үлкенірек бір нәрсені қалайтынмын. Ал қазір мені осының бәрінен айырды және тәни дайындығым да онша мәз емес болатын. Тіпті әр минутім есептеулі болған кездің өзінде мен күнделікті дайындыққа кем дегенде бес сағат уақытымды бөлетін едім. Ал қазір менде уақыт жеткілікті, бірақ жаттығу жасауға еш құлқым жоқ. Ал енді медитация мен ағару жолын іздеуге келер болсақ, бұл үшін ең бірінші жан-дүниедегі тыныштық қажет, себебі шынайылықты тек тәртіпті сана ғана аңғара алады. Ал менің тұла бойымды тек зорлық-зомбылық көрсету тілегі ғана жайлап алған болатын, мен тек тірі қалу туралы ғана ойладым. Абақтыда мен біртіндеп айналамдағылар сияқты айуанға айнала бастадым. Тек уақытты өткізу үшін есірткі шегіп, мағынасыз жанжалдарға араластым. «Игілікке толы өмір»... мұның нені білдіруі мүмкін? Мен толыққанды өмірге ұқсас нәрсені Айямен бірге болған кезде ғана сезіндім, бірақ бұл бір-ақ рет болды.

Мен қауіпті жолға аяқ бастым. Соңғы бірнеше айда Айя туралы мүлде ойламауға тырыстым. Ал қазір оның тамаша, бейкүнә бейнесі есіме түскенде бүкіл тұла-бойым дірілдеп кетті. Иә, сүйіспеншіліктің қандай болатынын маған дәл осы Айя көрсетті, бірақ қазір ол жоқ. Көздерімді жұмып, оның мені «көру» үшін бетімнен қандай мейіріммен сипап өткенін есіме алдым. Осы сәтте көз алдыма кенет

есінен адасқан тұтқын мен жаңағы қанды төбелес елестеді. Содан соң Айяны елестеттім: ол әлгі қылмыскердің сынған сүйектер мен сау тамтығы қалмаған бет әлпетін көріп тұр және саусақтарымен жып-жылы, жабысқақ қанды сезініп тұр. Маған оның жылаған дауысы естіліп тұрғандай болып көрінді. Бір кезде ол мені сүйген еді, ал егер менің қандай айуанға айналғаным туралы білетін болса, қазір ол мені жақсы көрер ме еді? Жоқ! Біреуді өлердей тепкілеп, мүгедекке айналдырған адамды ол қалай сүйе алады?

Өзәзіл ойлардан арылу үшін төсеніштің астына кіріп, құлағымды жастықпен басып алдым. Әлсіреген денемді қорқыныш жайлады.

«Құдай сені сүйеді, Тони».

Мұны Майкл айтқан еді. Осы сөздер ойымнан шықпайды. Оларды санамнан қууға тырыстым, бірақ бұл сөздер біртіндеп мені өз еркіне бағындырды. Мен Майкл айтқан аятты есіме түсіруге талпындым. Ол менің есімде үзік-үзік болып сақталып қалыпты. «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады...» Бір нәрселерді түсіне бастадым. Құдай ендігі беріп қойған. Иса Ғолғотада айқышқа керіліп өлді және енді мен болашағымды қаншама қазбалап, болашақта не істесем де, оны ештеңе де өзгерте алмайды! Дәліздегі бағанағы адам тағы ойыма оралды. Әрине, Құдай менің бұл қылығыма көз жұма қарамайды, яғни, мен жаза тартуға тиіспін бе? «... Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». Аятты түгелдей есіме түсіру үшін әрбір сөзді қайталап айта бастадым. Осы камерамның ішінде оларды түсіндіргісі келген біреу құлағымға сыбырлап тұрғандай болып, бұл сөздер санама сыналай ене бастады. «Енді Оған сенуші әркім... сенуші әркім...» Әрбір сөздің мағынасы үңілген сайын әдеттен тыс түсінікке келдім. Доп енді менің қақпамның маңайына келді. Егер де мұнымен келісетін болсам, онда Майклдың Иса туралы айтқан басқа сөздерінің бәріне сенуім тиіс.

Неден бастау керек? Өзім соққыға жыққан тұтқынның бейнесі тағы көз алдыма елестеді. Бұған енді төзе алмаған мен:

– Құдайым, мені кешіріші! – деп айқайлап жібердім.

Бұл бөгетті бұзып өткен сенге ұқсайтын еді.

Бүкіл өмірім, ұмытыла бастаған балалық шағым күтпеген жерден дәл кино секілді болып көз алдымнан өте бастады. Қайғы-қасірет пен азаптың қорқынышты үңгір сияқты жолының ішімен ұшып келе жатқандай болдым. Ойларым сан-саққа жүгіріп, өзім өлтірген адамдардың бейнелері көз алдыма елестей бастады. Олардың қан-жоса болған денелерін, өзім салған әрбір жарақатты көрдім.

– Сенен өтінемін, Тәңірім, егер бар екенің рас болса, менің күнәларымды кешіріші, – дедім мен жалбарынып.

Кино жылдам жүре бастады. Бәрін есіме түсіру үшін мен оны баяулатуға тырыстым және есіме түсіре алмағандарым үшін Құдайдан жалбарына кешірім сұрадым. Өксіп жылай бергенім сондай, тынысым тарылып кетті. Дауысым барған сайын қатты шыға бастағандықтан, өзге тұтқындырдың естіп қалмаулары үшін бетімді жастыққа басып, Құдайдың алдында бүкіл жан-дүниемді аша бердім. Бұл бірнеше сағатқа созылған болуы тиіс.

Ақыры орнымнан тұрған кезде камераның іші қараңғы болып кеткен екен. Есік жабық, абақтының іші тыныштықта мүлгіп тұр. Темірмен торланған кішкентай терезеден ай көрініп тұр. Мен темір тордың арасынан түсіп тұрған ай сәулесіне қарадым және темір торларды емес, Исаны керген Ғолғота айқышын көріп тұрғандай болдым. Маған енді Майклдың айтқандарын еске түсірудің қажеті болған жоқ. Сөздер санама тасқындап құйылып жатты. Мінажатта Исадан кешірім сұрадым, Одан жүрегімдегі бос орынды толтыруын жалбарына өтіңдім, ескі өмірімді тастап, Онымен бірге жаңа өмір бастауға уәде бердім. Исамен түні бойы сөйлесіп, ақыры талықсып ұйықтап кеттім.

Келесі күні таңертең маған бәрі басқаша болып көрінді. Көңіл-күйім мүлде өзгеше. Мен есімді білгелі ашушаң адам болатынымын, ешкімге аяушылық жасағым келмейтін,

ал бүгін таңертең мен күтпеген жерден ашуымның әлдеқайда жоқ болып кеткенін аңғардым. Жан-дүнием байыз тауып, өзгеше бір тыныштықты сезіндім. Бұл өте таңқаларлық сезім еді. Мен терезенің тор көздерінен түсіп тұрған күннің сәулесіне қарап төсек үстінде отырмын. Бүгін күн бұлтсыз, ашық екен. Кенет мен соңғы кездері мүлде дерлік терезеден сыртқа қарамағанымды есіме алдым. Өзім жоғалтқан нәрселер туралы ойлап, жүйкемді жұқартқым келмейтін. Абақтының қалың қабырғаларын күн сәулесінің әлі жылытып үлгермегеніне қарамастан, мен әдеттен тыс жылуды сезіндім. Өткен күнді және Құдаймен болған түндегі әңгімемді есіме алып күлімсіреп қойдым да: «Рахмет, Иса», – деп сыбырладым. Өзіммен не болғанын әлі түсінбедім, бірақ бойымда өзгерістердің болғанын білдім. Өзімді иығымнан ауыр жүк түскендей сезіндім. Майклмен сөйлескім келді де, оған Құдайға қалай сиынғаным және Исаның мені құтқарғанына деген сенімділігім жайында хат жазуға бел байладым. Мен оның бұған қуанатынын білдім.

Ашылған есіктің сықырын естіп селк ете қалдым. Абақты қозғалысқа еніп, ашық есіктен дәлізге шыққан тұтқындардың шуылы естіле бастады. Осы сәтте мен өзімнің қатты ашыққанымды сезіндім. Бұрын абақтының быламығын ұнатпайтын едім, бірақ қазір сұлы көжені әкелуін тағатсыздана күттім. Төсегімнен қарғып тұрған кезде шылым қорабына көзім түсіп кетті және кенет ояңғаным екі сағаттай уақыт болғанына қарамастан, шылым шегуге деген ықыласымның болмағанына таңдандым. Бұрын кем дегенде екі шылым шекпей төсегімнен тұрмайтын едім. Осы өзгеріске таңдана жүріп шылым қорабын алдым да, төсектің астына лақтырып жібердім – беті аулақ!

Камерамның есігінің алдында сары шашты, ірі денелі тұтқын тұр еді. Бұл абақтыдағы қаніпезерлердің бірі болатын. Кешегі жағдай ойыма оралды. Камерамның еденіндегі қан әлі кеппеген болатын. Кешегі болған жағдайдан денем тігіркеніп, жирен шашты тұтқынның жанынан елеусіз өтіп кетуге тырыстым. Ол маған қарай

бұрылды да, бір боқтап, сол қолыма шылымын басып алды. Мен оның көздеріне тура қарап, қолымдағы күлді қағып тастадым да, кетіп қалдым. Асханаға жеткеннен кейін күйген қолыма көз тастадым да, өз көзіме өзім сене алмай тұрып қалдым. Күйіктің орны жоқ еді. Менің қолдарым түрлі төбелестерден түскен тыртықтарға толы болатын, кешегі күйіктің орны аздап әлі де ауырып тұр, бірақ жаңа күйіктің орны жоқ.

Бірнеше күннен кейін мен кітапханада Майклге екінші хатымды жазып отырдым. Оған қоятын сұрақтарым жиналып қалған еді, сондықтан онымен кездесуді асыға күттім. Жанымда Шейн атты Шри-Ланкалық жас жігіт сурет салып отырған болатын. Біз отырған орынды кітапхана деп атау қиын еді. Бұл дөрекі істелген үстелдердің үстінде тоз-тозы шыққан бірнеше кітаптар жататын әдеттегі камералардың бірі болатын. Бірақ бұл камерада тыныш еді. Соңғы кездері мен негізгі блоктағы у-шумен төбелестен қашып, көп уақытымды осында өткізетінмін. Жүрегім қуанышқа кенеліп, Майклге хат жазып отырмын. Айналамды қоршаған сұрықсыздықтарға қарамастан, менің көңілім көтеріңкі еді. Қай кезде болмасын мен өзімді дәл қазіргіден жақсы сезіне алар ма екенмін?

Шейни әлдеқандай бір жолмен бір құты қайнаған су мен аздаған құрғақ кофе тауып алыпты.

– Тони, саған не болған? – деп сұрады ол құтысын маған қарай жылжытып. – Езуіңнен күлкі кетпей қалыпты ғой? Енді болмаса камера ішінде билей жөнелетін секілді болып көрінесің.

Мен күліп жібердім.

– Мойындасаңшы! Не қабылдап жүрсің? Маған да берсеңші, – деді Шейн.

– Мен екпеймін де, шекпеймін де, Шейн, – деп жауап бердім күлуімді тоқтатпастан.

Шейн маған қарай бұрылып, көздеріме барлай көз тастады. Бір кездері есірткі сатумен айналысқан болатын және есірткіге елудің кез-келген түрін бірден анықтай алатын.

– Бір нәрсе қабылдағаның анық, әйтпесе неменеге мәз болып жүрсің? – деді ол күмәнді үнмен.

Мұның есірткіге еш қатысы жоқтығына қарамастан, сырттан қарағанда менің шегіп алған адам секілді болып көрінетінім анық еді.

– Мен жай ғана бақыттымын, Шейн, мен Иса Мәсікке сеніп тәубеге келдім.

Осылайша, мен мойындадым.

– А-а, «Иса»... Бұл маған таныс емес. Мұндай есірткі жайында бұрын ешқашан естіген емеспін. Сен оны қайдан таптың? – деп сұрады Шейн.

– Жоқ, мен мүлде қалжыңдап тұрған жоқпын. Өткен түні Құдайға бет бұрдым және қазір мен басқа адаммын. Мен сондай бақыттымын!

Шейн күліп жіберді. Әрине ол менің айтқандарыма сенген жоқ, бірақ мен оған Майкла Райт туралы, онымен кездесулерім және оның маған Иса туралы айтқандары жайлы әңгімелеп бердім.

– Бұл қуанышты сезіну үшін маған ешқандай есірткінің қажеті жоқ, Шейн. Саған не айтқым келетініне құлақ салшы. Есірткі қабылдаған кезде сен өзіңді жақсы сезінесің. Бірақ содан кейін өзіңді осылай жақсы сезіну үшін сен есірткінің мөлшерін көбейтуге мәжбүр боласың. Осы бақыт па, Шейн? Бұл ауру, құмарлық, тәуелділік. Мұны қалай атасаң да өзің біл, бірақ бұл сені уысынан шығармауға тырысады, қазір сен құздың жиегінде тұрсың.

Шейн басын изеді, мұны ол менсіз де білетін еді.

Шейнге Құдайға мінажат еткенім және ашушаңдықтан қалай сауыққаным туралы әңгімелеп бердім. Мен оған өмірімді толықтай Иса Мәсікке тапсырғаннан кейін болған шылым туралы және басқа да таңқаларлық нәрселерді айттым.

– Сенің өзгеріп кеткеніңді бірден байқадым, – деді Шейн. – Бірақ мен бұл жолы саған жақсы тауар тап келген ғой деп ойлаған едім.

Шейн таңдана басын шайқады. Жохан жазған Ізгі хабардың сөздері есіме түсіп оған былай дедім:

– Саған жай ғана сеніммен мінажат ету қажет, бар болғаны осы.

Шейн мені мұқият тыңдады. Ол менің шындықты айтып отырғанымды түсінді. Ол маған сұрақтар қойды, бірақ менің Майклмен сөз таластырғаным сияқты емес, қарсыласқан жоқ.

– Дегенмен мен бір нәрсені түсінбеймін: Исаға өлу не үшін қажет болды? Құдай неге осылай болғанын қалады? – деп сұрады ол.

Мен аз-кем ойланып қалдым. Бұл мен үшін де әлі түсініксіз еді. Бірақ енді мен тәубеге келдім. Құдаймен кездестім және Оның кешірімін алдым, бірақ бұл тәжірибемді біреуге, әсіресе ағылшын тілін жеткілікті дәрежеде білмейтін адамға түсіндіріп беру қиын еді.

– Шейн, Құдай – кіршіксіз және қасиетті, – деп бастадым мен. – Ал біз мүлде кемелді емеспіз.

Біздің бәріміз күнәкарлармыз. Тіпті әлемдегі ең ізгілікті адамның өзі Құдайдың өлшемдеріне сай келе алмайды. Бұл туралы Киелі кітапта айтылады. Бірақ бұл Құдайдың бізді сүймейтінін білдірмейді. Шындығын айтқанда, Ол біздің Өзімен бірге болғанымызды қалайды. Біраз уақытқа адамға айналғысы келгендіктен, Ол Өзінің Ұлы Исаны жерге жіберді. Адамға айналған Ол бізге жерде өмір сүрудің және адамдар секілді қайғы-қасірет шегудің қандай болатынын шын мәнінде түсінетінін көрсетіп берді.

– Түсінікті, әрі қарай айта бер, – деді Шейн тағатсызданып.

– Сондықтан, Иса біздің орнымызға өлді. Біздің кешірім алып, Құдайдың алдына Оның, Мәсіхтің қасиеттілігімен бара алуымыз үшін біздің бар күнәларымызды Өзінің мойнына алды. Мәсіхтің кіршіксіз құрбандық болған себебі осы. Ол біздің орнымызға өлді, яғни, бізге өмір беру үшін біздің жасаған қылмыстарымыз үшін болатын жазаны Өзінің мойнына алды. Яғни, бізге өмір мен өлімнің арасында таңдау жасау еркі берілген.

– Демек, өз күнәларымыз үшін біздің бәріміз жаза тартуға тиіс едік, бірақ Құдай бізді бұл жазадан құтқарып қалды ғой?

– Солай деуге болады. Тек Құдай бізді жазадан азат еткен жоқ. Күнә үшін жаза сақталады. Бірақ бұл жазаны біз емес, Иса тартады.

Азырақ ойланған мен бұл шындықты басқаша, өмірлік мысал арқылы түсіндіруге бел будым.

– Екі бала жастайынан бірге өсіп, бірге ойнайды және есейген кездерінде айырылмас достарға айналады. Арада жылдар өткенде олардың жолдары екіге айырылады. Бірі жоғары білім алып, сот болып қызмет етеді. Ал екіншісі жаман адамдармен байланысып, ұры болып кетеді. Бірде сот болып істейтін жігіт қылмыскер орындығында отырған адамның өзі өте жақсы көретін бала кезгі досы екенін байқайды. Сот қиын жағдайға тап болады. Сот ретінде ол заңды орындауға, яғни, ұрыға үлкен сомада айып пұл салуға міндетті. Бірақ сонымен бірге ол досының бұл айып пұлды төлей алмайтынын да біледі. Егер досы айып пұлды төлемесе, онда оны абақтыға қамайды.

– Әрі қарай не болды? – деп сұрады Шейн.

– Сот заңға сай үкім шығарды. Бірақ үкімді оқып болғаннан кейін ол сот киімін шешіп, адамдардың бәрін таң қалдыра қылмыскер орындығында отырған досының жанына барды. Содан соң қалтасынан чек кітапшасын шығарып, өзі сондай жақсы көретін адамы үшін айып пұлды төледі. Енді оның досы азат еді. Ешқандай айыптау, ешқандай айып пұл, ешқандай қарыз жоқ.

– Сонымен, сот – бұл Иса ғой, солай ма?

– Иә, тек мынау есінде болсын: оның өзі заңның бейнесі болып табылатындықтан, сот заңды орындауға тиіс болды. Ол өзінің досының қылмысына көз жұмып қарай алмайтын еді. Бірақ сот ол үшін айып пұлды өзі төлеуді қалады. Сот ретінде ол айып пұл төлей алмайтын еді. Сондықтан ол уақытша, тек уақытша ғана өзінің сот киімін шешіп, қылмыскер орындығындағы ұры досының жанына барып тұрды.

– Енді бәрін түсіндім. Қане, жаңағы аятты тағы бір қайталап жіберші. Әлгі, сенім мен мәңгілік өмір жайлы...

– Бұл Жохан жазған Ізгі хабардың үшінші тарауының он алтыншы аяты: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады».

Мен осы сөздерді айтқан кезде Шейннің көздерінен аққан жасы оның бетін жуды.

– Шейн, сенің тәубеге келіп, мәңгілік өмірге ие болғың келе ме? – дедім мен оған қозғау салып. – Мен секілді кешірімге, тыныштыққа және Құдаймен болатын қуанышқа ие болуды қалайсың ба?

– Иә, – деді Шейн нық дауыспен. – Бірақ та мен не айту керектігін білмеймін. Қалай мінажат ету керек екенін білмеймін.

– Мен де бұрын ешқашан мінажат етіп көрмегенмін. Кеше түнде бірінші рет сиындым, – дедім мен оған. – Бірақ, егер қаласаң, біз мұны бірігіп істей аламыз.

Алдымен мен сөйледім, содан соң ол менің артымнан қайталап тұрды. Ол Құдайдан кешірім сұрады, бұрынғы өмірінен бас тартқысы және жүрегін Иса үшін тазартқысы келетінін айтты. Осылайша мен біреумен бірге, сонымен бір мезетте біреу үшін алғаш рет мінажат еттім, бұл жақсы болды. Шейннің көздерінен жас моншақтап ақты. Ол менің қолымнан ұстап тұрып, өз тілінде мінажат етті. Мен оның бір сөзін де түсінген түсінген жоқпын, бірақ Шейннің шын жүрегімен өтініш айтып жатқанына сенімді болдым.

Мен Шейнді Майкламен кездестірдім және ол бізге Киелі кітапты оқып-зерттеудің әдістемелерін әкеліп беріп тұрды. Шейн ағылшынша жақсы сөйлейтін, бірақ біз Майкл екеуміз ол үшін шри-ланкалық Киелі кітапты табуды қатты қаладық. Қамауда отырған менің қолымнан не келер еді? Тек қана мінажат ету! Ал Майкл болса уақытын текке жіберген жоқ; ол қауымдағы бауырларынан сұрастыра бастады, міне, керемет, әйелдердің бірі үйінен шри-ланкалық Киелі кітапты тауып алды. Шейннің қуанышында шек болған жоқ. Арада бірнеше апта өткенде ол есірткіге тәуелділігінен толықтай арылды.

Арада көп өтпей Майкл енді неміс тіліндегі Киелі кітапты іздестіре бастады. Берлиндік Зигги – Зигфрид фон Гребер жасы қырықтар шамасындағы ірі денелі, ебедейсіз адам болатын. Шылымды тым көп шегеді. Бұл пысықай кезінде фондылық биржада алаяқтық әрекеттері арқылы көп табыс тапқан. Ал қарны шығып, сақал-шаштары өсіп кеткен ол әккі алаяқтан гөрі байкерге көбірек ұқсайтын еді. Зигги мінезі шадыр, дөрекі адам болатын. Ол еш себепсіз, тек бүлік шығару үшін ғана әкімшілікке қарсы шығатын. Сонымен қатар ол адамдармен жұғыса білетін және қашан да асханадан қосымша тамақ алып жүретін. Заңсыз тауар тасығаны үшін жазасын өтеп жатқандықтан ол өзін кінәсіз етіп көрсетуге тысатын, бірақ мен оның айқандарына онша сене бермейтінмін. Біздің ортақ таныстарымыз болды, сондықтан абақтыға келген сәттен бастап біз істес болып кеттік. Зигги бар уақытын қарапайым сіріңке шилерінен теңіз кемелерінің күрделі модельдерін құрастырумен өткізетін. Біз жиі ұзақ уақыттар бойы бірге отыратынбыз, мен сурет салумен айналысамын, ал ол – модельдерін құрастырады. Біздің «өнер туындыларымыз» үлкен сұранысқа ие болды, сондықтан да шылымға және абақтыда қол жетімді өзге де нәрселерден мұқтаждық көрген жоқпыз.

Исамен кездесуім жайлы алғаш айтқан кезімде ол мені күлкіге айналдырды және содан бері мені «уағыздаушы» деп атайтын болды. Ол мені сыйлайтын, бірақ өзге де көптеген адамдар секілді, бұл дүние оны да бүлдірген болатын, сондықтан дінге ешқандай қызығушылық танытпайтын. Мен оның келетін ешкімі жоқ екенін білетінмін, сондықтан бір-екі аптадан кейін мен оны Майкл Райтпен кездесуге көңірдім. Майклмен кездесу оған ұнағандай болып көрінді, бірақ досымның сыртынан жаман сөздер айта бастағанын естіген кезде, кездесуге келісудің оның кезекті қулығы екенін түсіндім. Кездесулер оның келушілерге арналған асханадан шоколад тақтасы мен бір құты сусынға тегін қол жеткізуінің тәсіліне айналды.

Бірде өз камерасында отырып онымен сөзге келіп қалдым. Бұл мағынасыз талас еді. Ол Майклды жамандай бастады және аузына келгенін көкіп, Құдайға қарғыс айта бастады. Бұл мені ызыландырды, оған қатты ашуландым.

– Айтшы, уағыздаушы, сенің Исаң мына камераның қай жерінде тұр? – деді Зигги аузынан көбігін ағыза айқайлап.

Мен жақындап:

– Иса саған Майкл арқылы келеді, – деп жауап бердім.

– Ха! Жоқ Құдай туралы мылжындай беретін әлгі ақымақ па? Оны осы жерге әкеліп, мұнда не болып жатқанын көрсетер ме еді.

Жан-дүниемнің белгісіз түкпірінен бұрынғы ашуымның бас көтеріп, бақылаудан шығып бара жатқанын сезіндім. Мен Зиггидің жейдесінің жағасынан шап бердім.

– Майкл туралы тағы бір нәрсе айтар болсаң, мен сенің бар тісіңді қағып аламын.

– Кел, уағыздаушы, кел. Ұр, – деді ол маған бетін тосып. «Ұр» деп тұрғаннан кейін ұрдым. Аузынан соққы тиіп, ол үстел үстіне құлап түсті. Соңғы күндері ол суретке қарап желкенді кеме құрастырып жатқан болатын. Бұл суретті оған тұтқындардың бірі, испандық Чико берген еді. Бітуге таяп қалған әдемі желкенді кеме үстел үстінде тұрған болатын. Зигги үстел үстіне етбетінен түскен кезде кеме жерге құлап, мыңдаған бөлшектерге бөлініп түсті.

Қаны басына шапшыған Зигги маған тұра ұмтылды. Бұл жолы мен оны еденге сұлатып түсірдім. Аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып менің қолымнан босанып шығуға талпынды.

– Зигги, Зигги, тоқтат! Мұны сен менің досым болғандықтан айтып тұрмын. Иса сені сүйеді және құтқаруды қалайды.

Ол қарсыласуын жалғастыра берді, ал мен ол әбден әлсірегенге дейін өз шақыруымды қайталай бердім.

Енді Зигги айғайға көшті:

– Менің сенгім келеді, бірақ абақтыда бұл қиын, тіпті, мүмкін емес деуге болады! Мен бұдан әрі төзе алмаймын.

Оның бүкіл денесі дірілдеп, енді өзін ұстай алмады. Менің жүрегім сыздады. Бұл абақты. Абақтының күшті, батыл деген адамдарды қалай сындыратынын күнделікті көріп жүрмін. Жалғыздық пен үмітсіздіктен адамдар өздеріне қол салатын, естерінен адасатын. Мұның барлығы біздің көз алдымызда болып жататын. Екеуміз де жылап жібердік.

– Зигги, кел, мінажат етейік, – деп ұсындым. – Дәл қазір, осы жерде. Сен үшін басқа не істей алатынымды және не айтатынымды білмеймін. Сен менімен бірге сиынасың ба?

Зигги ақырын басын изеді және арада көп уақыт өтпей жұпыны, тар камераның ішінде Құдайдың аясын сезіндік.

Одан кейінгі апталарда ең түзелмес және қаніпезер деген қылмыскерлердің біразы құдіреті күшті Құдайдың алдында тізелерін бүкті. Күнәларын мойындаулары таң қаларлық дәрежеде оңайға түсті. Жасаған қылмыстарының кесірінен барып тұрған кұнакарларға айналғандары туралы дерекпен олардың ешқайсысы қарсыласқан жоқ. Олар өз күнәларын терең сезінді. Кешірім сыйы, өздерін тіпті абақты қабырғаларының ішінде азат еткен Құдайдың рақымдылығы үшін Исаға алғыстарын білдірген кезде олар көпшілігі жас балаша жылап тұрды.

Майкл Райттың жұмысы күрт көбейді. Ал маған қалғаны тек адамдарға қолдау көрсетіп, оларды Майклмен кездесуге көндіру болды. Бірде ол он тұтқынмен кездесуге келді, бірақ тіпті сол кездің өзінде ол маған ақыл-кеңесін беруді және Киелі Жазбаны түсіндіруді ұмытқан жоқ. Оның қауымы біз үшін мінажат етті. Менімен кездесулерінің бірінде Валери өздерінің Құдай егістігіндегі еңбекшілердің көбеюі, біздің сенушілердің шағын тобының ұлғаюы үшін бұл абақтыға мәсіхшілердің көбірек түсуі үшін мінажат ететіндерін мойындады. Мұны естігенде мен шошып кеттім.

– Жоқ! – деп дауыстап жібердім мен. – Олай деп мінажат етпеңіздер. Тек қазір қамауда отырған бақсытсыз жандардың Мәсіхті тануларын сұрап сиыныңыздар.

Мохаммед атты мұсылман жігітпен осылай болды. Ол үлкен адам болатын және оның қиындықтары да үлкен

болды. Ол такси жүргізушісі гректі өлтіргені үшін жазасын өтеп жатқан болатын. Оның әйелі Таммам мен бауыры Ахмед те абақтыда отыр. Әйелдер блогында отырған Таммамның аяғы ауыр болатын. Мен Мохаммедтің имаммен бірге күнделікті Аллахқа сиынып жүретіндерін көріп жүрдім. Мұсылмандардың кейбірі намазға жығылған кезде шекелерін жарып алуға шақ қалатын. Бірде жайнамазын қолтығына қысып, камерасына қарай келе жатқан да оны өзіме қарай шақырдым да:

– Кел, Мохаммед, сөйлесейік, – дедім күлімсіреп.

Мохаммед жалғыздықты сезініп жүрген болатын. Гректер оны жек көретін еді. Ол гректі өлтірді, соның кесірінен ол абақтыда көп қиындық көрді. Сонымен қатар оны өз қандастары да жақтыра бермейтін еді, себебі мұсылмандар оны әйелі және бауырымен бірігіп қылмыс жасауы арқылы өз әулетінің атына кір келтірді деп есептейтін. Абақтыда оның тіршілік ету үшін үздіксіз күрес жүргізуіне тура келді, сондықтан да ол бәріне күмәнмен қарайтын еді. Мен Мохаммедке жақындамақ болған әрбір кезде ол маған көздерін сығырайта сенімсіздікпен қарайтын. Бірақ уақыт өте келе онымен жақындасуға жасаған талпыныстарым жемісін берді де, арамызда достық қатынас орнай бастады. Ол досқа зәру болатын. Мен оған шылым беріп жүрдім, сурет салатын құралдарыммен бөлістім, осылайша ол біртіндеп жіби бастады.

Сол күні Мохаммед қатты қапаланып жүрді. Темекі тұтақан кезде никотиннен сарғайып кеткен саусақтары дірілдеп кетеді.

– Аллах менен теріс айналды, Тони, – деді ол көздері жасқа толып. – Енді не істерімді білмей қалдым.

– Анықтап айтсаңшы, – дедім мен Құдайдың жетелеуін сұрап іштей мінажат етіп тұрып.

Мохаммед сыбырға көшті.

– Тони, әйелдер блогы жайлы сұмдық әңгімелер естіп жатырмын. Таммамды ойлап мазам кетті.

– Мұнымен не айтқың келеді?

– Абақты қызметкерлері әйелдерді ұрып-соғып, зорлайды деген әңгімелерді естіп жатырмын, – деп жабыға сөйлеген ол шылымын құныға сорды. – Жақында сәбиіміз дүниеге келуі тиіс. Мүмкін, мен оны ешқашан көре алмайтын шығармын.

– Осы жерден шығатын күнің де келеді, Мохаммед. Өмір бойына абақтыға қамалу деген сен онда өмір бойы отырасың дегенді білдірмейді. (Өмір бойына абақтыға қамалу жазасы аса ауыр қылмыс жасаған қылмыскерлерге тағайындалады. Өлім жазасына балама ретінде қолданылады. Бірақ жақсы тәртіп пен белгілі бір мерзімді өтеп болу абақтыдан шартты түрде босатуға негіз бола алады).

– Тіпті осы жерден шыққан күннің өзінде менің өмірімнің қара бақырлық құны болмайды. Таммамның отбасы оны менімен ажырасуға мәжбүр етеді. Оған тіпті не айтарымды да білмеймін.

– Сен онымен кездесе аласың ба?

– Егер бастықтар рұқсат етсе, келесі аптада кездесуіміз мүмкін. Кездесу мерзімі жарты сағат. Білмеймін, оның көзіне тура қарауға батылым жетер ме екен?

– Мен сен үшін мінажат ететін боламын, Мохаммед.

– Бәрінің жақсы өтуі үшін өзіңнің Құдайыңа мінажат ет, Тони. Тіпті туыстарымның өзі менен теріс айналып кетті. Үлкен күнә жасағанымды білемін, бірақ ол кезде менің басқа амалым болмады. Әлгі гректі өлтіру үшін маған өте мол ақша ұсынды. Бұл ақша менің отбасымды бір жыл бойы асырауыма жететін еді. Иорданияда жүрген кезімде әке-шешемнің, бауырларым мен немере ағайындарымның аштан өліп қалмас үшін бар күштерін салып жүргендерін күнделікті көретінмін. Мен оларға керекпін, әйтпесе олардың бәрі қаза табады. Олармен енді не болатынын мен қазір білмеймін.

Мохаммед бетін қолдарымен басып отырып қалды.

Бірнеше күннен кейін Майкл Райтты шығарып салып тұрып кездесу бөлмесінен мұсылман әйелді көрдім. Оның аяғы ауыр екен. Оны алып келген күзетші әйел

асханада кофе дайындап жатты. Бұл әйелді Таммам болар деп ойладым. Бұл жаз кезі болатын, адамдардың бәрі, оның ішінде күзетшілер де ыстықтан бей-жай болып маужырап жүретін. Мен тез оның жанына жақындадым. Ол ағылшынша тым нашар түсінеді екен, дегенмен біз бір-бірімізді түсіне алдық.

– Мен сіздің күйеуіңіздің досымын, – дедім мен оған күлімсірей қарап. – Мохаммед жақсы, қайырымды адам.

Таммам күзетші жаққа ұрлана көз тастап, қысыла күлімсіреп қойды. Мен оған Майклдың мекенжайы жазылған тілдей қағазды ұстаттым.

– Одан өзіңізбен кездесуге келуін өтініңіз. Майкл сізге міндетті түрде көмектеседі, – дедім оған.

Оның мені түсінгеніне жүз пайыз сенімді болған жоқпын, бірақ басқа не істей алар едім? Осы сәтте оның күзетшісі біздің сөйлесіп тұрғанымызды байқап қалды да, менің кетуімді талап етіп айқайлай бастады. Арада бес күн өткенде Майкл маған Таммамның кездесуге келісім бергені туралы жазды. Менің күткенімдей-ақ, ол бірден іске кірісіпті: Таммаммен өзі кездесіпті және қолдау көрсету үшін қауымдағы әйелдермен кездесу ұйымдастырыпты.

Бірнеше күннен кейін маған Мохаммед келді. Қатты толқып, бетінен тер моншақтай ағып тұр.

– Таммамнан хат алдым, – деді ол аман-саулықсыз.

Күтпеген жағдай! Абақтыдағы әйелдер бұған дейін ешқашан бір-бірлеріне бір нәрселер жолдаған емес. Кейде, ішкі аулада серуенде жүрген кезде біз қақпа арқылы өтіп жатқан тұтқын әйелдерді көретінбіз. Сірә, олар бір нәрселерді сол кездерде беріп қалатын болса керек.

– Ол сенің Исаға сенім артқаны туралы жазады, – деді ол қамығып. – Сен бір нәрсе түсінесің бе? Бұл не болғаны? Егер бұл туралы бауырым Ахмед еститін болса, онда бұл хабар туыстарымызға ғана емес, бүкіл ауылға жайылады. Абақтыдан шыққан кезінде Таммамды жай ғана өлтіре салады.

Ол күні Мохаммедпен жөндеп тілдесу қиын еді. Ол аласұрып, жанын қоярға жер таппады. Бірақ, оның жан-

дүниесінде өзгеріс жүріп жатқаны байқалып тұр еді. Оны да Майклмен кездестірудің сәті түсті. Арада екі-үш күн өтпей ол маған қайта жүгіріп келді. Мен оның күлімсірегенін сол кезде алғаш көрдім. Ол жасарып кеткен секілді, көздерінде нұр ойнап тұр. Оның қиындықтары шешімін тапты. Мен секілді, ол да өзінің Құтқарушысын тапты. Басындағы барша қиындықтарына қарамастан, енді оның алдында өмірдің жаңа мәні мен жаңа үміт пайда болды. Енді Ол Құдайға сенім арта алатын және әйелін Оның қорғанысының астына бере алатын еді. Осыдан бастап біз ынтымақтас болып кеттік.

Абақтыдағы ресми дін грек православиесі болатын. Өзге дінді ұстанатындарға төзімділікпен қарайтын. Тұтқындардың арасында мұсылмандар көп еді. Алайда Иса Мәсіх арқылы «жоғарыдан қайта туылу» туралы Киелі кітаптық ілімді уағыздауды басшылар дін бұзушылық деп санайтын. Бірақ бұл мені абыржыта алған жоқ. Мен бәрінен де Құдай туралы ізгі хабарды әркіммен, оның ішінде күзетшілермен де бөлісуді және оларға Құдайдың менің өміріммен не істегені туралы әңгімелеп бергенді қаладым. Бірақ та біз өз жиналыстарымызға қатысты шараларын сақтауға тиіс едік. Бұл кезде блокта жаңадан тәубеге келген мәсіхшілердің саны бүтіндей бір топқа жеткен болатын және, әрине, біздің бір-бірімізбен араласқымыз және бірге мінажат еткіміз келетін. Жиналыс кездерінде менің бір кісілік камерам тарлау еді, бірақ біз өзімізді Иса айқышқа керіліп және қайта тірілгеннен кейін биліктен жасырын жиналған Оның шәкірттері секілді сезіндік. Біз ертедегі Қауымның тарихын оқып, алғашқы мәсіхшілердің өмір салттарын үлгі еттік және Жаңа өсиеттік ілімді қолымыздан келгенше ұстанып жүрдік. Иеміз Иса Мәсіхтің атына әрбір жиналыс жасаған сайын, біз зор құрметпен нан үзу рәсімін орындайтынбыз. Абақты жағдайында мұны орындау оңайға түскен жоқ, бірақ Құдай бізге барынша көмектесті. Нан үзу өсиетін орындауға қажетті нәрсенің бәрі қашан да табыла кететін. Топтың әрбір мүшесі нанды және кейде

түске асқа берілетін жүзімді үнемдейтін. Бұл жүзім бәрібір жеуге жарамсыз еді, сондықтан біз оларды жаңа шұлыққа салып сығып, шырынын алатынбыз. Уақыт өте келе бұл шырын шарапқа айналатын. Оны өндіруге Исаның Өзінің де қатысуы әбден мүмкін.

Мен камерамды көзбен шолып өттім. Бауырлардың бірнешеуі төсегімнің үстінде, ал өзгелері еденде жүрелеп отыр. Зигги мен Мохаммед өзара әзілдесіп отыр. Ыңғайлырақ орын тауып алуға тырысып жүрген британдық тілші Мартин алып денелі Зиггидің жанында мүлде кішкентай болып көрінеді. Мартин жалған виза жасағаны үшін абақтыға қамалған ол бұл жерге еш көндіге алмай жүрді. Қорғаныс іздеген ол абақтыға келген алғашқы күннен бастап-ақ менің жанымнан шықпайтын болды және арада көп өтпей-ақ Ізгі хабарға құлақ сала бастады. Бұл жерде ливандық есірткі сатушы Хасан, абайсызда кісі өлтірген грек Андреас және басқа да адамдар жиылған болатын.

– Ал Шейн қайда? – деп сұрадым мен. – Симоне ше?

Айтып ауыз жиғанша камераға түрі бұзылып кеткен Симоне жүгіріп кірді де:

– Шейнді Алькапони зорлап тастады, – деді ентігіп.

Мен дереу Шейннің камерасына қарай ұмтылдым. Күзетшілер оны зембілге салып көтеріп келе жатыр екен. Досыма жақындау үшін үймелеген өзге тұтқындарды итере алға жылжыдым. Ол шала-жансар күйде жатыр екен. Тілім-тілімі шыққан шалбары балағына түсіп кеткен. Үстіңдегі жейдесі қанға малшынған. Аяқ-қолдарының терісі сыпырылып, қанталап тұр, кеудесіндегі қорқынышты жарадан (ұстарамен тілінгені анық) қан тамшылайды. Ал оның беті...

– Құдайым-ай, оның беті не болып кеткен... – ашудан жанымды қоярға жер таппадым. Зембілде жатқан адамнан бір кездегі әдемі жігітті тану мүмкін емес еді.

Лап еткен ашу оты денемді шарпыды. Мұндай нәрсені мен ұмыта бастаған едім, мен қайтадан бұрынғы – қатал және ашушаң Тониға айналдым. Сол кезде мен досым

Шейнді әкетіп бара жатқан күзетшілердің артынан қарап тұрып, Алькапониді өлімші етіп тепкілеуге ант еттім және ауыздағы өзіме өте таныс кермек дәмді тағы сезіндім. Мен Алькапонидің қанын аңсадым.

12-тарау

Жұдырығымды түйіп, қабырғаны бар күшіммен ұрып қалдым. Кеуіп кеткен сылақтар жарылып, жерге шашылып түсті. Басымды камерама қарай бұрып қараған кезімде мені қоршап тұрған тұтқындардың барлығы біреу пәрмен бергендей екіге жарылды. Мен мінажат ететіндей жағдайда емес, өте ашулы едім. Аяусыз соққыға жығылған досым және Мәсіхтегі бауырым жайлы ойлап сағаттар бойы ұзын дәліздің бойымен әрі-бері жүрумен болдым да, ақыры өз камерама келіп, төсектің үстіне сұлай кеттім. Көп күндері бойы Құдаймен күрестім. Киелі кітапты оқып жүрдім, бірақ ашудың бұғауында қала бердім. Құдайдан Шейн үшін кек алуға мүмкіндік беруін сұрадым. Менің Алькапониді өлтіріп тастағым келді және Құдайға бұл туралы ашық айттым. Мен Алькапониді ешқашан кешіре алмаймын және оның көзін құртпайынша тыным таппаймын... Ал енді Шейнге келетін болсақ, мен енді ол ешқашан сауықпайтын болар деп қауіптендім.

1990 жылдың 3-мамырында өз өмірімді Исаға арнаған кезімде азат адамға айналдым. Бұрынғысынша темір тордың арғы жағында болсам да, мен жаңа, рухани азаттыққа ие болдым. Бұл тәндік бостандықтан әлдеқайда жоғары еді. Бірақ Алькапонимен тіресуім маған бірнеше аса маңызды сабақ болуға тиіс болатын. Арада көп өтпей өзімді менен де артық білетін құдіреті күшті Құдайдың алдында қорқышышпен және құрметпен тізе бүгу күтіп тұрған еді.

Алькапони менің ізіне түсіп жүргенімді білді. Бір-бірімізбен жан аянбас айқасқа түсер сәтімізді екеуміз де күтіп жүрдік және бұл айқас арада екі апта өткенде, абақтының елсіз дәлізінде болды.

Никосияның Орталық абақтысының тас қабырғаларын сонау заманда осман түріктері қалаған екен. Ол заманда абақтыдағы адамдардың денсаулығы, қауіпсіздігі, өмірлері олар үшін түкке де тұрмайтын еді. Бұл жерде бос қалған ғимараттар көп болатын. Жан дүниемді билеп алған қара түнек мені дәл осы жерлерге алып келді. Мен қаңырап қалған осы жерлерге бой тасалап, бойымдағы ашу-ызамен күрестім және бұл азғыруды жеңуге шамам жетпей, кек алудың жоспарын құрастыра бастадым. Бұл жоспарымның ішінде Құдайға орын жоқ еді. Бойымды жайлап алған жындармен мен тағы да жалғыз қалдым.

Кенет бос дәлізді жаңғырта боқтаған дауыс естіліп, қараңғылықтан Алькапонидің сұлбасы көрінді. Ол қайдан шыға келді? Осылай ойлап үлгергенімше ол мені жағамнан шап беріп ұстап, қабырғаға тақап алды. Оның жүзіне қадала қараған мен өзім іздеген рахаттан сезініп күлімсіреп қойдым. Міне, Алькапонидің көзін жоятын мүмкіндік! Енді мен Шейннің кегін қайтаруыма болатын. Есеп айырысып, мына айуанның қанын суша ағыза аламын. Аузыма өзіме таныс кермек дәм келді және мен оның зәрінен ләззат алып тұрдым. Ци қуатын жинақтап, кун фу ұрыс өнерінің тұжырымдарына сай қарсыласымның денесінің салмағы мен ұстанып тұрған қалпын, оның қалай қозғалу мүмкіндіктерін бірден бағаладым. Есебім дұрыс болатын. Алькапони менің тамағыма тақап тұрған, бірақ қазір мұның ешқандай мәні жоқ еді. Маған өмір ме, өлім бе – бәрібір болатын. Бірақ алдымен ол өлуге тиіс. Мәселе басқада еді: өлмес бұрын ол барынша азап тартуға тиіс.

Оның қанының дәмін татуға асықтым. Мен оның бетінен, аузынан, мұрнынан, көзінен, құлағынан соққы жасауға дайын едім. Иә, Алькапонидің оң жақ құлағы ұруға өте ыңғайлы болып тұр...

«Иса: оған:

— Достым, сен не үшін келдің? — деді. Сонда жасақшылар жақындап келді де, Исаға тап беріп, Оны ұстай алды. Кенеттен Исаның қасындағыларының біреуі

семсерін суырып алып, бас діни қызметкердің малайына қарай сілтеп қалып, оның бір құлағын шауып түсірді. Ал Иса оған: «Семсеріңді қынабына сал! — деп бұйырды. — Семсеріне сенген семсерден өлер. Мен қазір Әкемнен сұрасам, Ол Маған дереу он екі әскери бөлімнен астам періштелерін жібереді! Әлде солай болмайды деп ойлайсың ба?» (Матай 26:50-53).

Бүгін таңертеңгісін ғана Исаның Ғетсиман бағында қалай тұтқынға алынғаны жайлы киелікітаптық әңгімені оқыған болатынмын. Осы оқиға есіме кенеттен түсе кетті. Кун фу ұрыс өнерінің жолына сай мен күшімді жинақтауымды еріксіз түрде жалғастыра бердім, бірақ осы сәтте Ол менің тікелей өзіме сөйлеп тұрғандай болып Исаның сөздері санама сап ете қалды: «Жол... Менмін. Жол... Менмін. Жол... Менмін. Жол... Менмін».

Жақыннан тым ірі болып көрінген Алькапонидің жүзіме бетіме тақалған кезде менің бойымда ашуым әлі қайнап тұрған болатын. Мен оның бетінен аққан терінің кермек дәмін сезіндім.

«Жол... Менмін. Жол... Менмін», – деген сөздер санамда әлі жаңғырып тұрды.

«Мұны дәл қазір істе! Міне, оның құлағы, тістеп жұлып ал! Оны адам танымастай ет!» – деді ішкі дауысым.

«Семсеріне сенген...»

«Шейн үшін кек ал... Болсаңшы... неге тұрсың тұрсың... Шейн үшін кек ал...»

«Жол, шындық және шынайы өмір...»

Кенет, мен өзім де күтпеген жерден сөйлей бастадым. Мен өз сөздерімде сырттан тыңдап тұрғандай болдым. Қатты үрей мен түңілу сезімдері жоғалып кетті. Сөйлей бастаған кезімде Алькапонидің қанын ішуді аңсауым жоқ болып кетті. Күтпеген жерден сабама түстім, бірақ аузымнан шыққан сөздердің күшіне өзімді қатты қысып ұстап тұрған оңбағаннан кем таңданған жоқпын:

– Саған Иеміз Иса Мәсіхтің атымен бұйырамын – мені жайыма қалдыр!

Мен сол сәтте-ақ қабырғаға сүйеніп төмен қарай сырғи бастадым. Содан соң жүрелеп отырдым да, шынтақтарымды тізелеріме қойып, басымды қысып отырып қалдым. Алькапони жоқ болып кетті. Мен оның қайтып келуін күткендей болып отыра бердім. Бірақ уақыт өте берді, ал ол келер болмады. Қысылып әрі абдырап отырған мен біртіндеп өз-өзіме келе бастадым. Құдай маған ғажайып жолмен көрінді. Мен бұл туралы сұрамасам да, Ол менің өмірім мен денсаулығымды сақтап қалды. Ол кезде мен ештеңе жайлы мінажат еткен жоқпын, бірақ сол жерде айтқан сөздерімді аузыма Құдай салды. Мұны түсіну үшін мен бәрін бір жерге жинақтауға талпындым. Құдайға мен өз өмірімді тапсырып, Оның ұлына айналдым. Құдай менің көмек сұраған өтінішімді қажетсінген жоқ: Ол іске Өзі араласып, мұны қалаған не қаламағанымға қатыссыз мені құтқарып қалды.

Болған оқиғаға мен дәл Құдайдың күші мен билігіне көздерін жеткізген кездегі шәкірттеріне ұқсап қатты қатты қайран қалдым. Елшілердің істері кітабының бірінші тарауында Исаның жолын қуушылардың Иерусалимде Оның бұйрығы бойынша Киелі Рухтың күшінің көрінуін күткені жайында баяндалады: Онда былай делінген: «Иса осылай деді де, олардың көзінше жоғары көтеріліп кетіп, бір бұлт Оны көзден таса қылды. Олар аспанға қадала қарап тұрған кезде, кенеттен ақ киімді екі жігіт қастарында пайда болды...» Мен отырған сұрықсыз бос дәлізді Құдай толтырып тұрды және мен періштелерді көруім мүмкін сияқты болды.

Құдіретті Құдайдың күшінің жебеуімен аяңдап негізгі блокқа қайтып оралдым. Бұл күш айқын сезіліп тұрды. Болған оқиғаға қатты қайран қалдым. Алькапониге ағылшынша сөйлегенім анық есімде. Ал ол болса өз тілінде әзер сөйлейтін және ағылшынша бір сөз де білмейтін еді! Өз камерама жетіп, айқыш секілді болып тұрған терезе торының көлеңкесіне көз тастадым. «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін...» Мен бұл сөздерді қайта-қайта

қайталай бердім және өмірімді сақтап қалған мүлде ци қуаты мен кун фу ұрыс өнері еместігін түсіндім. Үлкен қауіптен мені Иса және Құдайдан берілген сенімім қорғап қалды. Осылайша Құдай маған алғашқы сабақты берді және бұл сабақтың күшті болғаны сондай, мен оның өмір бойына есіме сақтап қалдым. Енді мен ағару және кун фу ұрыс өнерінен бас тартып, Құдайдың жетегіне толықтай сенім артатын уақыттың келгенін түсіндім.

Бұл оқиғаны өмірімдегі шешуші сәт ретінде ұзақ жылдар бойы есіме алып келдім. Адамдардың: «Мінажат көмектеседі», – деп жатқандарын жиі естуге болады. Мен бұған үнемі қарсылық айтамын. Мінажат емес, Құдай көмектеседі. Марқа жазған Ізгі хабардың он бірінші тарауында шынайы мінажаттың құпиясын Иса былай ашады: «Құдайға сеніңдер! Сендерге шындығын айтайын: біреу мына тауға «Орныңнан көтеріліп, теңізге лақтырыл!» деп, айтқан сөзінің іске асатынына жүрегінде еш күмәнданбай сенсе, сол өтініші орындалады. Сондықтан сендерге былай деймін: Құдайға сиынып (Оның еркіне сай) не сұрасаңдар да, соны қабылдадық деп сеніңдер! Сонда ол орындалмақ». Алькапонимен айқаста мен тек өзіме ғана үміт арттым және өз тәжірибем мен дайындығымның арқасында оны жеңген болар едім, бірақ Құдай менің жағдай шиеленісіп, шегіне жеткен кезде Ол маған өз күшіме сенуден бас тартып, тек Өзіне ғана сенім артуыма күш сыйлады.

Сол кезде мен өзімнің Мәсіхтің жолын қууға бел байлағаным жайлы қытайлық туыстарыма айтатын мезгіл жеткенін түсіндім. Өз сөздерімнің шынайы екендігіне толықтай есеп бере отырып, Лоусиге хат жаздым. Ұрыс өнерінен бас тарту арқылы мен атамның өсиетін бұздым. Бабаларымыздың мұрасынан бас тартып, кун фудың жолын жалғастыруға деген қасиетті келісімді бұзған болар едім. Өзімнің жаңа, құтқарушы сенімім жайлы айтсам болды, Лоуси бәрін түсініп, мені кешіреді және ешқандай түсінік беруді талап етпейді деп үміттендім. Бірақ та жүрегімнің терең түкпірінде мұның артынан не болатынын түсінікті еді.

Менің басым үшін сыйлық тағайындайды көзімді жоймай тыным таппайды. Мен мұны бұрын да білетінмін. Көне дәстүрлер бойынша тәрбиеленген, бірақ одан бас тартқан немесе олардың түпкі мақсатын бұрмалаған әркім жауапқа тартылатын. Мен қытайлық отбасымның мені бетімнен қайтарып, жаңа сенімнен бас тартқызуға және өздерінен кешірім сұрауға мәжбүрлеу үшін жиналыс ашатындарын білдім. Содан олар маған мен онымен шайқасқа түсіп, өзімнің деңгейім мен беделімді дәлелдеуім үшін бір кун фу шеберін жібереді. Жекпе-жектен бас тартқан жағдайда менің соңыма түседі және бағынуға мәжбүр етеді. Тіпті, өлтіріп тастаулары да мүмкін.

Хатыма жауапты бірнеше апта күтуіме тура келді. Оны жамағайын қарындасым Си Куон жазыпты. Хат суық және қатал тілде жазылған. Ол атамыздың қайтыс болғанын жазыпты. Оның жасы тоқсан беске келген болатын. Әрі қарай Си Куон менің атамды жерлеу рәсіміне келмей, Су әулетінің абыройына нұқсан келтіргенімді айтыпты. Содан кейін ол бүкіл отбасының атынан менің мәсіхшілік сенімімнен бас тартып, ата-бабаларымыздың ізгілікті жолына қайта оралуымды талап етіпті. Өйткені Чжэн Ли Су әулетін жалғастырушы жалғыз мен болғандықтан, отбасымыздың ендігі абыройын тек мен ғана қорғуым керек. Ойлағанымдай-ақ, хаттың соңында мен келіспеген жағдайда жаза тартатыным жайында ескертіліпті.

Лоусидің қазасы жайлы хабар мені қатты жабырқатты. Тіпті не ойларымды да білмедім. Өмірімнің басым бөлігінде мен атамды жек көріп келдім, бірақ соған қарамастан менің жан дүниемді үлкен із қалдырған дәл соның өзі болатын. Дербес өмір сүруге қабілеттілікті менің бойыма дәл сол сіңірді. Енді мен оның өлімімен әлдебір нәрсенің менен мәңгілікке кеткенін түсіндім. Мұның үстіне, қытайлық туыстарымның талаптарын орындаудан бас тарту арқылы олармен байланысымнан да мәңгілікке айырылдым. Мұның артында шын мәнінде не тұр? Мен үнемі жан-жағыма жалтақтап өмір сүремін бе? Менімен

есеп айырысу үшін туыстарымның «Триада» қанішерлерін жалдайтындарына күмән жоқ. Бұл бір жағынан. Ал екінші жағынан, мен жаңа өмірімнің, жаңа сенімім мен Құдайдың қорғанысының Лоуси үйреткендерден әлдеқайда шынайы және маңызды екенін түсіндім. Таңдау жасалды, шегінетін жер жоқ! Атамның бейнесін ойша көз алдыма елестетіп, онымен өткізген жақсы күндерімді және соңғы кездердегі оған деген құрметімді есіме түсіруге тырыстым. Бірақ Жан дүниемде ештеңе селт еткен жоқ.

Алькапонидің менен қашқаны және менің кун фу ұрыс өнерінен бас тартқаным жайлы хабар блогымызға тез тарап кетті. Қаныпезерлердің кейбірі соңғы жағдайды өз пайдаларына жаратуға талпынып көрді, бірақ Құдай мені таң қаларлық жолдармен аман сақтап қалып жүрді. Сондай-ақ мен ақыл-естері түзу тұтқындардың көңілдеріне жаға бастаған секілдімін. Сірә, мінез-құлқымдағы өзгерістер көзге анық көрініп қана қоймай, олардың қызығушылықтарын да оятса керек.

Бірнеше жыл бұрын чикаго газеттері банкке бес доллар ақшаны ұсақтатып әкелуге жіберілген қытай мейрамханасының жас жұмыскерімен болған оқиға жайында жарыса жазған болатын. Мейрамханаға екі жүз елу доллар монетпен және соншалықты сома бір долларлық қағаз ақша қажет болады. Кассир қыз қателесіп, оған екі жүз елу доллар монетпен және жиырма бес мың доллар қағазбен беріп жібереді.

Мейрамхана жұмысшысы әрине, мұны бірден байқайды бірақ күтпеген олжа туралы ешкімге жақ ашпайды. Банктен шыққан ол ақшаны туыстарының бірінің үйіне жасырып қояды. Жолым болды деп ойлаған ол содан кейін мейрамханаға қайтып оралады.

Ақшаның жетіспейтінін байқаған кезде кассир қыз өзі жүз долларлық ақшадан екі жүз елуін санап берген адамды есіне түсіре алмайды. Бірақ та ол сол адамның үстінен аңқып тұрған иісті есінде сақтап қалады! Сол иістен қыз оның қытай мейрамханасында жұмыс істейтінін түсінеді.

Ол иісті есіне түсіріп қана қоймай, оны әлгі жас жігіт жұмыс істейтін қытай мейрамханасымен байланыстырады. Қыз полицияға арызданып, қытай мейрамханасын табады және сондағы жас жігітті көрсетеді. Осылайша ақша өзінің заңды иесіне қайтарылады.

Бұл оқиғаны мен Киелі кітапты оқып отырып, Мәсіхтің жолын қуудың нені білдіретіні туралы ойланған кезімде есіме алдым. Елші Пауыл былай дейді: «Себебі құтқарылу жолындағылар арасында да, тозаққа қарай бара жатқандар арасында да Құдай үшін Мәсіхтің хош иісі іспеттіміз» (2Қорынт. 2:15). Бұл жерде елші біз мұрнымызбен сезе алатын иіс туралы айтып тұрған жоқ. Бұл хош иісті күн барысында бізбен жолыққан адамдардың барлығы алтыншы сезімдері арқылы сезінеді.

Жалпы, иіс адамның кәсібінен хабар береді. Күн фу ұрыс өнерін үйреніп жүрген кезімде менен тердің иісі аңқып тұратын. Сарымсақты жақсы көретін адамдардан сарымсақтың иісі шығады. Егер сізге иіс су сеуіп жүру ұнайтын болса, онда айналаңыздағы адамдар сіздің сүйікті хош иісіңізді сезінеді. Дәл осы секілді, егер сен Исаға қызмет етсең және мұны сүйіспеншілік пен мойынсұну рухында атқаратын болсаң, онда сенен Мәсіхтің хош иісі аңқып тұратын болады.

Мен күн сайын дерлік жаңа тұтқындармен және тіпті күзетшілердің де кейбірімен араласып тұрамын. Көпшілігі маған сұрақтарына жауап іздеп немесе қиындықтарын айту үшін келеді. Бірі түрлі жағдайлардың кесірінен нашақорға айналса, енді бірі отбасындағы қиындықтарға төзе алмай, әлсіздік танытқан. Осындай адамдарға көмектесу үшін мен даналыққа үйрендім және мұның өзі керемет еді. Мен олардың кейбірімен Киелі кітапты бірлесіп оқып, Киелі Жазба арқылы Құдайдың біздің әрқайсымызға не айтатынын түсіндірдім. Жаңа келгендердің әрқайсысын Майклмен кездесуге үгіттеуден жалыққан жоқпын. Себебі бір кезде маған көмектескеніндей, оның бәріне көмектесетініне сенімді болатынмын.

Бірде Майклдан жаман хабар жазылған хат алдым. Абақты әкімшілігі оның тұтқындармен кездесуіне тиым салыпты. Бұған дейін Майкл ерлер блогындағы ондаған тұтқынмен, ал қауымның өзге мүшелері әйелдер блогындағылармен кездесулер өткізген болатын. Майкл біздің бағыт ұстайтын мұнарамызға, өмірлік жолымызға айналды. Бізді мықты болуға шақырғанынан қарамастан, хатының сарынынан мен оның қатты ренішті екенін сезіндім. «Мінажаттарыңды тоқтатпаңдар, – деп жазыпты ол, – Құдайдың нақты жағдайлар арқылы не айтқысы келетінін түсінуге тырысыңдар. Егер бұған Құдайдың еркі болатын болса, онда сіздермен жұмыс жасауға қайта әкелуін сұрап мінажат етіңдер». Мен Майклдың бізге бар ынтасымен көмектесіп жүргенін білетін едім. Әрбір кездесуге екі сағат жол жүріп келу мұндай ыстыққа үйренбеген тұманды Альбион тұрғыны үшін өте қиынға түсетін. Сыртқа шығып, аздап демалып алу үшін қайтар жолда оның жол жиегіне бірнеше рет тоқтауына тура келетін. Әрбір кездесуден ол өзі қазір ғана кездескен тұтқындардың ауыртпалығы өз иығына түскендей болып, бүкірейіп кетіп бара жататын. Бірақ Құдайға деген сенімінде нығая түскен Майкл өз қызметінен бас тартқан жоқ.

Өз өмірім үшін мен Майклға қарыздар едім. Егер мен онымен кездеспегенімде, Иса Мәсіх туралы Ізгі хабарды естімеген болар едім. Хатты оқып шыққаннан кейін мен бірден мәсіхшілер тобын жинадым. Біз нан үзу рәсімін жасап, жасаған құрбандығы үшін Исаға алғысымызды білдірдік, содан соң тізерлей отырып, Құдайдан Майклды біздің абақтыға қызмет жасауға қайта жіберуін сұрап мінажат еттік.

Осы мінажатымыздан және мен абақты әкімшілігіне бастықпен кездестіруді сұрап өтініш жазғаннан кейін арада екі күн өткенде мені Майклмен кездесуге қатысты әкімшілікке шақырды.

– Сен туралы маған тек жақсы жағынан баяндайды,

Тони, – деді бастық. – Күзетшілердің бәрі бір ауыздан Тони Энтонидің қалай өзгеріп кеткені туралы айтады.

– Иә, қазір мен мәсіхшімін.

– Яғни, «жоғарыдан қайта туылдыңыз ғой» – сіздерде бұл осылай аталады емес пе? – деді бастық мысқылдай сөйлеп.

– Дәл солай, – деп жауап бердім мен.

Менің оған көбірек нәрселер айтқым келді, бірақ ол менімен тышқанмен ойнаған мысық секілді ойнап отыр еді. Мен оның өзімді торына түсіруге тырысып отырғанын жақсы түсіндім.

– Бастық мырза, Майкл Райтпен кездесу тұтқындардың көпшілігіне көмегін тигізеді, – дедім мен тәуекелге барып.

Бастық беторамалымен маңдайын сүртті де, маған жалғастыра бер деген белгі берді. Б блогындағы жағдайдың қалай жақсарғаны жайлы күзетшілердің сізге баяндағанына сенімдімін. Тұтқындар қазір сіздерге қолайсыздықтар туындатпайды. Бір-бірлеріне зорлық көрсету де азайды.

– Иә, мұның солай екені рас. Бұл жайында маған үнемі баяндап тұрады, бірақ...

– Онда сізден өтінемін, Майклдың тұтқындармен кездесуіне рұқсат етіңізші, – дедім мен іштей Құдайдан бастықтың жүрегін жібітуін жалбарына өтініп тұрып.

Екіаптаданкейін Майкл тұтқындармен кездесуге қайтадан рұқсат алды және біз бәріміз Құдайға мінажатымызға оң жауап қайырғаны үшін алғысымызды білдірдік. Бұл аз десеңіз, Майклдың тұтқындармен кездесуіне рұқсат етілгеніне қоса, оның абақты кітапханасында киелі кітап сабақтарын өткізуіне ерік берілді. Бұл сабақтарға Ричард Нокс те қатысатын, ол өзінің кернейімен біздің әндерімізді сүйемелдейтін еді. Мен бұл кездесулерімізді ешқашан ұмытпаймын.

Бірақ бұл кездеулеріміздің құны оңайға түскен жоқ. Менің үш жылдық мерзімімнің екі жарым жылға жуық уақыты өтті. Бәрі мені жақын арада рақымшылық бойынша босатады деп күтіп жүрді. Бір күні бастық мені тағы да шақыртып алды.

Оның езуінде сол баяғы таныс мысқыл күлкі ойнап тұр.
– Сен туралы бұрынғысынша жақсы айтады, Тони. Тұтқындар да сіздің әлгі Майкл Райтыңызбен кездесуге мүмкіндік алды.

– Иә, бастық мырза, сізге алғысымды айтамын. – Қызық, ол неге менің азаттыққа шығуым туралы сөз қозғамайды? – Бастық мырза, – дедім мен тәуекелге бел буып, – менің рақымшылыққа ілінуім туралы жарлық қашан шығар екен деп күтіп жүрмін. Мен шынымен де рақымшылыққа ілінгендердің тізіміне ілінбеймін бе?

Бастық зәрлене күлімсіреді:

– Саған қалай жақсы қарайтынымды білесің ғой, уағызшының келуіне де рұқсат бердім, бірақ... – Ол менің алғыс айтуымды күткендей кідіріп қалды. Ал мен оның бетіне үнсіз қараған күйімде отыра бердім. – Басшылық саған қалай қарайтынын өзің де жақсы білесің ғой.

– Бастық мырза?

– Мұның бәріне сенің киелікітаптық сабақтарың кінәлі... Сен діннен азуды уағыздап жүрсің, сондықтан да рақымшылыққа ілінген жоқсың. Үш жылың толықтай өтелгенше отыратын боласың.

Әрине, бұл өкінішті еді, бірақ бұған таңданған жоқпын. Майкл маған грек православтық шіркеуінің тарапынан болатын қауіп туралы ескерткен болатын. Бірақ мен ашуланған жоқпын – бұл мәсіхшіге лайық нәрсе емес. Абақты Құдай айтқан «оруға дайын, пісіп тұрған егістіктің» бірі болатын және бұл жерде атқаратын іс жеткілікті еді, оның үстіне, Майклдың мұнда келуіне кез келген уақытта тиым салулары мүмкін.

Әр күні таңертеңгі тыныштықта Құдаймен сөйлесетінмін. Менолардыңағы-жөндерінатайотырыпкөптегентұтқындар үшін сиынатынмын. Мінажаттарымның кейбіріне Құдай бірден жауап қайыратын, бірақ күн өткен сайын жүрегім жабырқай берді. Жүздеген тұтқындар құтқарылуға мұқтаж болатын. Кейде мен әдеттегі адамдарды қанішерлерге, зорлықшылар мен ұры-қарақшыларға айналдыратын жан

жаралары мен қайғы-қасіреттер туралы ойлаған кезде жүрегім сыздап кететін. Осында, Никосияның Орталық абақтысында күнәлары шын мәнінде жандарына батып, өмірден әбден түнілген адамдар жатқан болатын.

Абақты ішінде ағаш шеберханасы мен баспа цехы бар еді. Қолдарынан іс келеді деген тұтқындар сол жерлерде жұмыс істейтін. Біздің арамызда сенделіп бос жүретіндер болған жоқ, жұмыс бәріне де табылатын. Әдетте маған айналаны тазалау мен ас тарату тапсырылатын. Бізде Газанта атты араб жігіті бар еді, ол ағаш шеберханасының ішінде тұтқындардың сақал-шаштарын алумен айналысатын.

– А, Тони, достым! Кел, отыра қал, – деді ол екі езуі екі құлағына жеткенше күлімсіреп. – Әдеттегідей сақалыңды алып берейін бе?

– Иә, достым, бүгін мен батырмын, бірақ сонда да байқа, ұстараңмен не алып жатқаныңды есіңнен шығарма.

– Бүкіл Никосияда сақалды менен артық алатын адамның жоқ екенін білесің ғой.

Өзілдей жүріп Газанта өзінің ісіне кірісті. Жарықшақтар түскен кішкентай айнадан мен ағаш кесетін шеңбермен жұмыс істеп жатқан тұтқындарды көріп отырмын. Айнала у-шу болатын, станоктар жұмыс істеп тұр, адамдар бір-бірлерімен айқайлай сөйлесуде. Кейбіреулері ән салып жүр. Менің назарым Кириаκος атты тапал грекке ауды. Ол үнсіз ағаш кесетін станоктың алдында тұр. Мен біраз уақыт оны сырттай бақылап отырдым. Ол арбалған адамдай айналып жатқан шеңберге қарап тұрып қалыпты. Айналадағылардың бәрі өз шаруаларымен болып, ешкім ештеңеге назар аударар емес. Газанта әңгімесін айтып, жұмысын жалғастыруда. Кенет мен бір түрлі мазасызданып, Крикакостан көз алмай қарап қалдым. Міне, бір кезде ол қатты жылдамдықпен айналып жатқан шеңберге қолын апарды да, ара оның саусақтарын бірінен кейін бірін кесіп түсіре бастады. Саусақтар еденге домалап-домалап түсті. Кириаκος еш дыбыс шығарған жоқ, тек иықтары селк-селк етеді. Мен орнымнан қарғып тұрдым да, жүгіріп жанына бардым.

Менің шалт қимылымды көрген өзгелер де жұмыстарын тастап, станоктың жанына жинала бастады. Не болғанын көрген кезде гректер мен арабтардың көпшілігі қорыққандарынан қатты айқайлап, үстілеріндегі киімдерін жырта бастады. Кириакос қолын жоғары көтеріп, қозғалмаған күйі әлі қалшыып тұр. Айналып тұрған араның жүзінен аққан қан айналадағылардың киімдеріне шашырап жатыр. Адамдардың бәрі не істерлерін білмей қалды. Көздерінен жас тамшылаған Кириакос ыңырсыған күйі тас еденге құлап келеді. Шеберхана ішінде тұрған бастық оның белінен шап беріп ұстап қалды да, адамдарды көмекке шақырды. У-шудың арасында мен Кириакостың саусақтарын тауып алуға тырысып, қанға малшынған ағаш үйінділерінің арасын ақтара бастадым.

Бұл өте қорқынышты көрініс еді. Абақты кез келген адамды есінен адастырады. Кириакос әйелінің жеңіл жүріске салынғаны туралы естіпті. Мұның сыртында, жақында оны кейбір жеңілдіктерінен айырып, бояулары мен қағаздарын алып алған болатын. Осының бәріне ол төзе алмады. Өз-өзін осылайша әдейілеп жарымжан ету оқиғалары абақтыда жиі кездесіп тұратын.

Абақтыдағы зорлық-зомбылық – бұл әдеттегі көрініс, бірақ қазір мен бұрын өзім еш мән бермейтін қантөгістерге тойып біттім. Абақты – бұл сезімдерді ширықтырып жіберетін орын, әрі жарылғыш дәрі салынған бөшке сияқты. Өкпе лезде оталдырғыш жіпке айналып, сен бір нәрсені түсініп үлгергенше блокта жарылыс болып, яғни, қырғын төбелесте басталып кететін. Ондай кездері мен камерамнан шықпай қоятынмын. Жүйкеме тиген тұтқындарға тап берген кездерім болған. Тұтқындардың бәрі де осылай істейтін. Төбелес олар үшін ширығуды басудың құралына айналады. Мұндай қақтығыстар қантөгіссіз аяқтала қоймайтын еді, сондықтан мен ондай істерге араласпауға тырысатынмын.

1992-жылдың жазы өте ыстық болды және бұл тұтқындардың онсыз да пәс көңіл-күйлерін одан әрмен

жабырқата түсті. Адамдар себепсізден себепсіз ашуланып, ұрынарға қара таппай жүретін. Олардың көпшілігі гректер мен палестиндіктердің арасында бұрқ ете қалуға дайын тұрған үлкен жанжалды күтіп жүрді. Бұл жанжал ақыры болды. Сол кезде көптеген адамдар жапа шекті. Осыдан кейін әдеттегідей оларды бір-бірлерінен ажыратып тастады. Бірде мен оқшау камераларда отырған палестиндік достарыма бардым.

– Тергеу басталды, – деп сыбырлады Иэн Дэвидсон мен тамақ таситын арбамды итеріп жанына келген кезімде.

Сол күні кезекшілікте «жақсы» күзетшілер болатын. Бізді жақсы білетін олар ұсақ-түйекке назар аудара бермейтін.

– Не болды? – деп сұрадым мен.

– Әлдебір гректі ажал құштыра жаздапты. Жарақаты өте ауыр, аман қалуы екіталай деседі.

– Солай де. Бірақ неге осыншама шу көтерілді? Бұл бірінші рет емес қой?

– Ол беделді тұлғалардың бірі болса керек. Біздің ойымызша әлдеқандай саясаткер сияқты.

Мен Иэнге жағымсыз иісі аңқып тұрған піскен жұмыртқа мен уақыты өтіп кеткен бір табақ қызанақты ұсындым.

– Біз бұл быламықты қашанғы жей береміз деп ойлайсың, Тони? – деді Иэн күлімсіреп.

– Мен сендердің сыра мен балыққа берген тапсырыстарыңды жеткіземін, сондықтан оны ертең алып қалуларың мүмкін, – дедім мен қалжыңдап.

– Осында бір-екі тілші тіміскіленіп жүрді деп естідім.

– Содан?

– Өздерін шенеуніктер ретінде көрсетпек болған, бірақ олары сенімсіздеу болып шығыпты.

– Онда не тұр? Сыртқы әлемнің бізді әлі ұмытпағандары жаман ба?

– Жалпы – жоқ, бірақ нақты осы жағдайда – онша емес. Біз туралы мүлде ұмытқандары жақсы болар еді. Біздің есімдеріміздің тағы да газет беттерінде жүргені қажет емес.

– Бірақ оларға сұхбат беруді қалаған ешкім болмапты ғой?

– Бір көк ауыз табылыпты деген сыбыс бар. Оның кім екенін білсек қой...

Осы сәтте күзетші бізге қарай беттеді.

– Уақытымыз бітті, достым, – дедім мен арбамды кері айналдырып жатып. – Сау бол.

– Джон Смиттің балығы мен сырасы бәрінікінен жақсы екені есіңде болсын, – деді Иэн көзін қысып.

Бірнеше күннен кейін мен Иэннің жақтасы Адлимен әңгімелестім. Адли палестиндіктердің басшыларының бірі болатын. Кезінде ол Ясир Арафаттың оққағарларының арасында болған және Палестинаны азат ету ұйымының беделді мүшесі еді. Бұл адаммен араласудың қауіпті екенін білсем де, біз екеуміз жақсы қарым-қатынаста едік. Мен оған тамақ құйып жатқан кезде Адли бір жапырақ қағазға бір нәрселерді жазып жатты. Содан қағазды тордың арасынан маған қарай созып, көздеріме қадала қарады.

– Бұл сол, Тони, – деді ол жан жағына ұрлана көз тастап.

– Кім?

– Өлгі көк ауыз, тағы өзі палестиндік, – деді ол жерге бір түкіріп.

– Палестиндік? Қалайша?

– Солай, – деді ол сыбырға көшіп. – Бірақ ол біздің топтан емес. Ондай адамның Никосияның Орталық абақтысында жазаларын өтеп жатқан Палестинаны азат ету ұйымындағы серкелердің арасында болуы мүмкін емес. Ол көк езуді бәрі жек көреді, Тони. Түсінемісің, біз оның жазасын беруге тиіспіз.

– Адли, сен менің ондайға бармайтынымды жақсы білесің ғой...

– Қойшы, Тони, – деді ол сөзімді бөліп. – Біз жолдас адамдармыз ғой. Бұл жерде отырған бәріміз бір арқанмен матаулымыз. Ал оған жақсылап сабақ беру қажет...

Қуанышқа орай, осы кезде күзетшілер маған тамақты тездетіп таратуды бұйырды. Мен қағазды қалтама салдым

да, арбамды итеріп асүйге қарай беттедім. Қағазға жазылған есімге қарамаған күйі апарып отқа тастадым.

Оны тәубесіне келтірудің маған еш қажеті жоқ еді. Бірақ көбінің менен дәл осыны күткендерін білгенімде жақсы болатын еді!

Бірнеше күннен кейін мен ішкі аулада серуендеп жүрдім. Ауа тазарып қалыпты. Бұл бірнеше айға созылған аптап ыстықтан кейінгі жанға жағымды өзгеріс еді. Жанымнан екі палестиндік – Хуссейн мен Юсеф өтіп бара жатты. Мен оларға ешқандай мән берген жоқпын. Өзіммен сәлемдескен оларға күлімсірей жауап қайырдым да, ойға берілген күйімде әрі қарай жүре бердім. Ауланың шетінен кері айналып, оларға қарсы жүре берген мен қаққан қазықтай болып тұрып қалдым. Ол не істеп жатыр? Тұтқындардың жастауы екіншісін шашынан ұстады да, арқалығы бар орындықтың үстіне лақытырып жіберді. Содан соң оның үстіне мініп алып, бет-аузынан ұра бастады. Мен оның қолына ұстара ұстап алғанын байқадым. Осы сәтте Хуссейн Юсефтің етін ұстарамен тілгілей бастады. Юсеп жұлқынып, оның құрсауынан босап шығуға тырысты. Екеуінің де үсті-бастары қызыл ала қанға боялды.

– Тоқта! – деп айқайлап, оларға қарай тұра ұмтылдым. Бірақ мен жеткен кезде Хуссейн ізін суытып үлгерген еді. Юсеф сәкінің үстінде шала-жансар күйде жатыр. Бетінің сау-тамтығы қалмаған. Мен Юсефті жерге жатқыздым және оның тыныс алмай жатқанын тек сол кезде ғана түсіндім. Осы кезде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету сабақтары есіме түсті. Юсефтің бетінің талқан болып кеткені сондай, мен оның аузын әрең тауып:

– Құдай, оны тірілте гөрші! – деп мінажат етуімді тоқтатпастан оған дем бере бастадым.

Оқиға орнына абақты күзетшілерінің жүгіріп келіп жатқан дыбыстары естіліп тұрды. Юсеф дір ете қалды да, менің үстіме құсып жіберді.

Маған көмекке ұмтылған күзетшілерге:

– Тоқтай тұрыңдар, – дедім де, құсығына қақалып қалмауы үшін палестиндікті қырынан жатқыздым.

Бір-екі минуттан кейін дәрігерлердің қарасы көрінді. Сол кезде денем тітіркеніп кетті. Мен адам өмірін сақтап қалдым, бірақ ол сауығып кетер ме екен?

Осындай қатігездіктер мен зорлық-зомбылықтың арасында мен Құдайдың жаңадан тәубеге келген мәсіхшілерді қалай қорғаштайтынын айқын сезіне бастадым. Біздің әрқайсымызды кез келген уақытта Юсефке ұқсатып ұстарамен тілгілеп тастаулары мүмкін еді; естерінен адасқан тұтқындар себепсізден себепсіз бетке қайнақ су немесе ыстық май шаша салатын. Абақтыда Құдайға үміт арту оңай! Біздің Құдайдың қорғанышына күмәндануға ешқандай негізіміз жоқ болатын.

Менің еркіндікке шығатын күнім де жақындап келе жатты. Мерзімімді толықтай өтеген мен Құдайдың маған дәл осындай жолды дайындап қойғанын түсіндім. Тони Энтониге қатысты Оның өз жоспары болды. Мен жүрегімнің түкпірінде өзімнің өткеніммен мәңгілікке қоштасуға тиіс екенімді білдім. Бұрынғы байланыстарымнан бас тартып, Өзіне толықтай тәуелді жаңа өмірді бастауым үшін Ол маған бар үмітімді Өзіне артуға бұйрық берді.

Құдай маған қамқорлығын арада көп өтпей-ақ көрсетті. Ол менің алдымнан пайда болған кедергілерді жоюға көмектесті. Уақыты өтіп кеткен төлқұжатымның мерзімін созырту үшін маған ақша қажет еді. Еркіндікке босатылғаннан кейін де тұтқындардың көпшілігі отандарына қайтуға ақшалары болмағандықтан абақтыда қала беретін.

Майкл Райт пен Ричард Нокс менімен соңғы рет кездесу үшін Никосия абақтысына келді.

– Келесі жолы сенімен темір тордың сыртында кездесеміз, – деді Майкл күлімсіреп.

– Біз британ елшілігімен байланысып, саған жаңа төлқұжатқа тапсырыс бердік, – деді Ричард. – Бұған қоса,

абақты әкімшілігіне сенің атыңа алынған билет тастап кеттім. Екі құжатты да саған сәрсенбі күні береді.

Мен оған алғысымды қалай айтарымды білмедім. Біз біраз уақыт үнсіз отырдық. Майкл әдеті бойынша күлімсіреп, қуаныштан жүзі жайнап отырды.

– Құдай саған көмектеседі, Тони, – деді ол.

Алда өзімді не күтіп тұрғанын білмесем де, оған бас изеп жауап қайырдым.

– Мен досым Кор Брейнспен сөйлестім, – деді Ричард. – Біз онымен Ливанда бірге ізгі хабар айтқанбыз.

Мен осы голландтық бауырымыздың есімін Ричардтан бұрын да естіген болатынмын.

– Кор Брейнстің қызы Кэролайн Англияға келген кезінде сені қабылдап алуға дайын екенін айтты.

Ричард қалтасынан кішкентай конверт алып шықты. Ішінде Брейнстің отбасының суреттері бар екен.

– Мынау Кэролайн мен оның күйеуі Джон, – деді Ричард суретті көрсетіп. – Ал мыналар олардың балалары екі жасар Анна мен кішкентай Джошуа.

Бұл адамдардың отбасылық қарым-қатынастарының кіршіксіз әсемдігін көріп, өзімді өте жалғыз сезініп кеттім. Ричард Брейнс отбасы туралы әңгімесін жалғастырды:

– Олар Нью-Молденде тұрады, жергілікті баптистер қауымына барады...

– Ал олар мен туралы біле ме? – дедім мен ыңғайсызданып. Ричард күлімсірей жауап қайырды:

– Есіңде болсын Тони, «...Енді Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы адамдарға Құдай жазалау үкімін шығармайды. (Олар өздерінің ескі күнәкар болмысының емес, Құдайдың Киелі Рухының қалауына сай өмір сүреді.)» Брейнстер – тамаша мәсіхшілер отбасы. Олар сені айыптамайды, сенің Никосия абақтысынан шығып келетініңді біледі. Дәл осы себептен сені әуежайдан күтіп алып, өз үйлеріне алып бармақшы.

Ричард тағы да конвертті ашып, ішінен хат алып шықты. Ол Кэролайн мен Джоннан екен. Олар біздің кездесуімізді

асыға күтетіндерін және өздерінің шағын бірақ жайлы үйлері маған ұнайды деп үміттенетіндерін жазыпты. Маған таныс емес бұл адамдардың мейірімі мен үшін әдеттен тыс нәрсе еді сондықтан да бұл мені қатты таңдандырды.

13-тарау

1992-жылдың 11-қарашасы. Менің еркіндікке шыққан күнім. Бұл күні мен өте ерте оянып, бірінші кезекте күнделікті мінажат етуге арналған нұсқаулықтың бетін аштым. Әлсіз жарықта өзіме қажетті бетті ашқан кезде қатты таңдандым. Бүгінгі күнге арналған мінажаттың тақырыбы «Шынайы азаттық» болып шықты. Мен Жохан жазған Ізгі хабардағы осы аятты құныға оқыдым: «Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар» (Жохан 8:36). Бұл менің аятым еді. Мен Құдай Иемнің менің өмірімдегі әрбір қадамды көріп тұрғанын білдім. Енді Оған өз болашағымды сеніп тапсыруға тиіс едім.

Сол күні таңертең мен бүкіл блокты аралап, тұтқындармен әңгімелестім және оларды өз өмірлерін Иса Мәсікке сеніп тапсыруға шақырдым. Әсіресе достарыммен қоштасу оңай болған жоқ. Біз ұзақ уақыт бірге болып, қуанышты да, қайғыны да бірге көрдік. Зигги, Симоне, Иэн, Мартин, Андреас, Хасан... Мохаммед көзіне жас алды.

– Сен осы уақытқа дейін Құдайға адал болып келдің. Сеніміңнен айныма. Оған өкінбейтіңіз сөз беремін. Біз сенуге және үміт артуға міндеттіміз, – дедім оған. – Себебі біз шынайы азат адамдармыз, – онымен құшақтасып қосшастым.

Блокқа соңғы рет көз тастап, кері бұрылдым да, аяңдап үлкен дүниеге бет алдым.

Бастық отырған бөлмеде маған жеке заттарым салынған сөмкені берді. Жөні түзу аяқ киімді кию жаныма жайлы тиді. Бірақ олар маған соңғы үш жыл бойы киіп жүрген абақты аяқ киімінің жанында тым ауыр секілді болып

көрінді. Сөмкемде джинсы шалбар мен жағасы биік қара кеудеше бар екен. Мен сөмкемнен шыққан үш қойын дәптерді парақтап біраз тұрдым. Онда менің бұрынғы жұмысыма қатысты адамдардың есімдері мен телефон нөмірлері бар еді. Құдайға берген уәдем есіме түсті де, қойын дәптерлердің бәрін қоқыс жәшігіне тастадым да, олардың орнына Жазбаны оқып-үйренуге арналған әдістемені, Киелі кітабымды және Майкл әкеліп берген бірнеше кітаптарды салдым. Кітаптарымның көбін достарыма таратып бердім. Кітаптарымның арасында өзім одан ешқашан ажырамайтын – «Даңқ қақпаларымен» атты кітап бар еді. Бір нигерлікпен бір камерада өткізген кешті есіме алып күлімсіреп қойдым. Мен ол туралы жиі ойлайтынмын. Ол шын мәнінде кім болды екен? Құдайдың жіберген адамы емес пе? Мүмкін, ол Оның періштесі болар? Ол маған өзінің Лагостағы мекен жайын осы кітаптың бетіне жазып берген болатын. Сол күні ол жазуды өз көзіммен көрдім. Бірақ кейіннен ол жазуды ол жерден таба алмадым. Кітаптың беттерінің бәрі бүтін, бірақ нигерліктің жазған жазуы еш жерде жоқ! Осы жазудық жоқ болып кеткеніне әлі күнге дейін таң қаламын.

Бастық маған ішіне жаңа төлқұжат пен авиабилет салынған конвертті ұсынды. Бір сәтке мен өзімнің оққағар болып істеген жұмысымды есіме алдым. Швейцария банктерінің бірінде менің бір топ жалған төлқұжаттарым сақтаулы болатын және ол әлі күнге дейін сақтаулы тұрған болуы тиіс. Ол кезде жалған төлқұжат жасату оңай еді – бұл үшін керекті адамдармен байланысқа шығу жеткілікті болатын. Ал қазір мен қолыма британ елшілігі берген жаңа төлқұжат ұстап тұрмын. Бірақ ол жаңа болғанымен, сапасы өтенашар, қалай болса солай жасалған. Төлқұжаттың ішінде Ричардтың хаты бар екен: «Бұл құжат үшін біз елшіліктегі бір әйелге өте ризамыз. Англияға келген кезде саған оны қайта тіркету қажет болады, бірақ бір жақсысы – ол саған үйіңе апаратын жолды ашып береді». Абақтыда түсірілген суретіме қараудың өзі қорқынышты еді. Төлқұжатымды

Лондонның Хитроу әуежайына дейінгі авиабилетпен бірге шалбарымның артқы қалтасына салып, күзетшілерге:

– Ал, кеттік, – дедім.

Ларнаки әуежайына мені бес полицей апарып салды. Кипр үкіметі менің бес жылға дейін мұнда келуіме тиым салған болатын. Сондықтан полицейлер менің елден кетіп қалғанымға көздерін жеткізуге тиіс болатын. Көліктің артқы орындығына отырып алып, айналаның әсемдігіне қызыға қарап келемін. Көк аспан, таулар, ағаштар, әйелдер, балалар, теңіздің иісі. Мұның бәрін мен осыдан үш жыл бұрын көрген едім және абақтыда отырған кезде оларды жиі көз алдыма елестететінмін. Мен бұл сұлулықты үш жыл бойы көре алған жоқпын, енді, міне, олар маған жаңаша қырынан көрініп келеді.

Ұшаққа отырғанға дейін мені әуежайдағы полиция басқармасында ұстады. Сонда отырған кезімде кенеттен өте таныс дауысты естідім. Бұл Майкл Райттың дауысы еді. Ол қайынатасы екеуі менімен қоштасуға келіпті. Олар маған жылы пальто ала келіпті.

– Бұл Элизабеттің ұсынысы, – деді Макл күлімсіреп. – Ол қазір Англияда күннің суық екенін айтты.

Маған қолдау көрсету үшін ол өзінің Киелі кітабын ашып, бірнеше тамаша аяттарды оқып берді. Сырттан қарағанда ол менің әкем, ал мен – оның бүгін үлкен өмірге шағарып салып тұрған ұлы секілді көрінемін. Біздің қоштасуымыз жан толқытарлық болды. Ол мен үшін көп нәрсе жасады. Майкл өзінің қауымын тастап, азап шегіп жүргендерді іздеп шықты. Құдайдың шақыруына құлақ асқан ол өз халқының арасындағы үйреншікті өмірін тастап, бөтен елге келді. Тілге, дәстүр өзгешеліктеріне қатысты қиындықтарды жеңе отырып, ол осы жерде рухани күрес жүргізді. Никосияның Орталық абақтысы – бұл қаніпезер қылмыскерлердің ордасы және Майкл секілді тамаша адам үшін жер бетіндегі ең лайықсыз орын. Бірақ ол ештеңеге қарамастан ойларында да, істерінде де Құдайға адал болып қала берді. Ол құрып бара жатқандарды Исаның

сүйіспеншілігімен сүйді және шарасыздық пен торығу жайлаған ортаға үміт алып келді. Менің түсінуім бойынша, Майкл дәл Исаның біздің бәрімізді істеуге шақырған істі атқарып жүр. Ол өз қажеттіліктерін қанағатандыруды былай ысырып қойып, мен секілді адамдарға Мәсіх туралы ізгі хабарды жеткізуге аттанды. Майкл кейіннен мен Ұлыбританиядағы сенушілерді бағалауды соны бағытқа алған белгілі бір өлшем ді орнатты. Өкінішке орай, бұл мені бұлдыр үміттерден толықтай арылуға және қатты көңіл қалуға алып келді.

Өз өмірімде ұшақпен қаншама көп ұшсам да, сол күні ұшақ жерден көтеріліп, бұлттарды жара әуеге қалықтаған кезде мен төмендегі белгі беруші оттарға жүрегім дүрсілдей қарап отырдым. Бұл жан толқытарлық көрініс болатын. Өмірдің өзі жан толқытарлық еді. Көзімді жұмдым да, ұшақтың бір қалыпты гуілінің астында соңғы үш жылдағы өмірімді көз алдыма елестете бастадым. Мен қуанышқа бөленіп, бәрі үшін Құдайға алғысымды білдірдім.

Ұшақ қонуға бет алған кезде қорқыныш пен толқыныстан аяқ-қолдарым дірілдеп кетті. Сабама түсу үшін жиырма екінші зәбүрді іштей қайталай бастадым:

Жаратқан Ием — менің Бағушым,
Мен еш нәрседен де тарықпаймын.
Ол мені жасыл жайлауға жаяды,
Тұнық суға жетелеп апарарды.

Ием жанымға күш дарытады.
Есімі «Қасиетті» деп аталады,
Содан артамын Оған сенімімді:
Ол мені тура жолмен жетелейді

Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен,
Қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,
Себебі Өзің менің қасымдасың,
Жігер береді сойылың мен таяғың.

Сен маған дастарқан жаясың
Көз алдында дұшпандарымның,
Мені құрметпен қарсы аласың,
Тостағанды толтыра құясың.

Жақсылық пен мейірімділік
Үлесім болады өмірлік,
Жаратқан Иенің үйінде
Мен қала беремін мәңгілік.

Хитроу әуежайындағы құтушілердің арасынан Джон және Кэролайн Нанндар мен олардың балаларын бірден таныдым. Өзімнің олар үшін қандай қараңғы тұлға болып көрінуге тиіс екенім жайлы жаным ауыра ойладым. Өзімнің атымды атаған мен олардың көздеріне тура қарай алмадым, бірақ олар менімен көптен көрмеген туыстарымен кездесіп тұрғандай қатты құшақтап көрісті. Мен жаңа әсерлерге бөленіп, не айтарымды да білмедім. Абақтының тар бөлмесінде өткізген үш жылдан кейін бәрі маған үлкен, қатты дауысты және тіпті, қорқыныншы болып көрінді. Көлікпен жүргеннен басым айналды, бірақ мен өзімді жақсы қабылдауға барынша тырысып келе жатқан осы отбасына шексіз риза едім. Джонның үйіне келгеннен кейін де мен өзімді ыңғайсыз сезінумен болдым. Құдайдың батасына кенелген үй жайлы да жылы еді, тәтті бір нәрсенің иісі аңқып тұр. Үйде отбасылық суреттер, жайлы орындықтар көп екен. Едеңде балалар ойыншықтары шашылып жатыр. Кез келген отбасы үшін қалыпты нәрсе болып табылатын бұл жағдай мен үшін мүлде әдеттен тыс еді.

Джон маған үйді аралатып көрсетті де, мен үшін дайындап қойған бөлмеге бастап әкелді. Асүйден түскі астың он бес минуттан кейін дайын болатынын хабарлаған Кэролайнның дауысы естілді. Қатты ашыққанымды мен тек осы кезде ғана түсіндім. Төсектің шетіне отырып алып, өзіме дайындалып қойған әппақ қардай жұмсақ сейсепті, таза ормал мен жеке басқа қажеті басқа да нәрселерді қолыммен

сипап көрдім. Бәрі сондай керемет, бірақ менің еңбегім сіңбеген нәрселер! «Бұл адамдардың ештеңеден хабарлары жоқ», – деп ойладым мен айнадан өзіме қарап тұрып.

Шешініп, ыстық себезгінің астына тұрдым. Үш жыл бойында денеме сіңіп қалған кір мәңгілікке шайылды. Абақтыда шомылудың өзі қауіпті нәрсе еді. Қанға толған қорқынышты көздер үнемі құрбандық іздеумен жүретін, сондықтан ол жерде толықтай шешіну үлкен ақымақтық болып табылатын еді. Ыстық суды тек анда-санда ғана беретін. Кейде ол бірінеше күн қатарынан жоқ болып қалатын, ал құбырдан жылы лай су аға қалған кезде кезекке талас басталып кететін.

Төменнен музыка мен кішкентай Аннаның аяқ дыбыстары естілді. Қыз бөлме ішінде жүгіріп жүр, ал әкесі оны биік орындықтың үстіне отырғыза алмай әуре. Мені байқап, күлімсіреп:

– Кел, төменге түс, өзіңді үйіңде жүргендей сезін, – деді.

Ол қызды шап беріп ұстап алды да, екі қолынан ұстап шыр айналдыра бастады. Сәби қуаныштан сықылықтай күле бастады. Сол кезде Джон оны көтеріп алды да, абайлап менің жанымдағы биік орындықтың үстіне отырғызды. Анна маған қарап күліп қойды да, бетін қолдарымен жауып, мені саусақтарының арасынан бақылай бастады.

Бөлмеге қолына буы бұрқыраған қаңылтыр таба көтерген Кэролайн кірді де, оны үстелдің үстіне қойды.

– Табаны үстелдің үстіне қойғаным үшін кешірім сұрамаймын, Тони.

Мен оған таңдана көз тастадым.

– Сен қонақ емес, отбасының мүшесісің, сондықтан қаласаң да, қаламасаң да біздің тамақты қалай қоятынымызға үйренуіңе тура келеді. – Осылай деген ол жұпар иісі аңқыған тағамды табақшаларға бөліп сала бастады. Джон тағам үшін Құдайға алғысын білдірді де, біз тамақтана бастадық. Бұл тамаша көрініс еді.

Нанндар мені жақсы қабылдады, бірақ олар осындай қалыпты отбасылық жағдайдың маған қаншалықты біртүрлі

болып көрінгенін, менің бұған қаншалықты қиындықпен үйренгенімді бәрібір түсінбеген болулары керек. Мен мұндай қатынасқа бұрын ешқашан үйренбеген едім. Олардың маған толықтай сенетіндеріне таңдандым. Джон жұмысқа кеткен кезде Кэролайн кішкентай Джошуамен бірге жатын бөлмеде болатын, ал біз кішкентай Анна екеуміз қонақ бөлмеде жалғыз қалатынбыз. Қызық, олар менің қандай зорлық-зомбылықтардың арасында болып келгенімді және олардың менің өмірімнің бір бөлшегіне айналып кеткені туралы ойламайтындай соншалықты аңқау ма деп ойлайтынмын.

Анна еркелегенді ұнататын. Мен осыған дейін кішкентай балалармен араласып көрмеген едім және бұл қарым-қатынастың қаншалықты тамаша екенін білмейтінмін. Бірақ балалардың дәл осы алаңсыздығы мені сабама түсіретін. Аннаның таңғы асын тым ұзақ ішегініне ашуланған Кэролайн бірде үстел басына таймер әкеліп қойды.

– Оның қоңырауы соққан кезде сен бәрін жеп бітіруге тиіссің! Ал егер жеп бітірмесең, онда... сені жазалауға тура келеді! – осылай деген анасы бөлмеден шығып кетті.

Анна табақтағы ботқаға біраз қарап отырды да:

– Жегім келмейді, – деп оны кері ысырып тастады.

Мен оның жанына келіп отырдым.

– Анна, жеп көрші, ол өте дәмді, – дедім онымен тіл табысуға талпынып.

Қыз маған шұбалана қарады. Мен таймерді алып, уақытын бірнеше минутке созып қойдым. Анна күліп жіберді.

– Тсс-тсс... – дедім мен оған көзімді қысып.

Қыз саусағымен ернін басып:

– Тсс-тсс.. – деп қайталады ды, содан соң тездетіп ботқасын жеп алды. Біз осылай достасып кеттік.

1992- жылдың 15-қарашасы, жексенбі күні мен Нанн отбасымен бірге Нью-Молдендегі баптистер қауымына бардым. Қауымға баруды мен көптеген айлардан бері асыға күтіп жүрген едім. Маған Майклдың және өзге де бауырлар

мен әпкелердің Ұлыбритания қауымдары туралы айтқан әңгімелерін тыңдаған ұнайтын және өзге мәсіхшілермен кездесудің өзім үшін үлкен мереке болатынын білетінмін. Қауымға үш жүзге жуық адам жиналды. Құдайға құлшылық ету қызметі мені қайран қалдырды. Қауымдағы ыстық ықылас пен музыкалық сүйемелдеу мақтауға тұрарлық еді, ал уағызшы мінберге көтерілген кезде мен бар назарымды соған аудардым. Уағзының соңында ол өздерінің Құдайға қалай келгендері жайлы әңгімелегісі келетін адамдарды алға шығуға шақырды. Денем қалшылдап кетті, бірақ мен Құдайдың маған алға шығуды бұйырып тұрғанын түсіндім. Мен орнымнан тұрдым да, айтуға тиіс нәрселерімді ойымда асығыс екшелей алға шықтым. Содан соң тұтыға және мүдіре сөйлеп, өз басымда болған жағдайды баяндап шықтым. Бұрын мен мұндай жиналыстың алдында ешқашан сөйлеп көрмеген едім. Абақтыда көп адамдармен сөйлестім, бірақ бұл табиғи нәрсе болатын және оның үстіне қажеттілік те еді. Ал қазір, күлімдеген жылы жүздерге қарап отырып, мен өзімді сондай ыңғайсыз сезіндім және оны жеңуге әлім келмеді.

Сол күні мен көптеген жаңа достар таптым. Шомылдыру рәсімінен өтуді қалайтын топтың қатарына жазылдым. Абақтыда отырған кезімде шомылдыру рәсімінен өтуді көп армандайтынмын. Майкл Райт маған Кипрдегі өз қауымының шомылдыру рәсімін теңіз жағалауында қалай өткізетіні жайлы жиі әңгімелейтін. Иэн Ревезер атты жас кәріс жігіті бірде маған өзінің теңізде шомылдыру рәсімінен қалай өткені жайында жазды. Мен оған қалай қызғана қарадым десеңші! Киелі кітаптан Исаның Өзін шомылдыру рәсімінен өткізген Жақия шомылдырушы туралы оқыған болатынмын және өзімнің Мәсіхтің осы өсиетін міндетті түрде орындауға тиіс екенімді білетінмін. Абақтыда менің шамамның келгенінше орындауға тырысқан рәсімім болды. Себезгінің астында тұрған әрбір сәтімде мен бұрынғы өмірім үшін бейнеді түрде өліп, өзімді тазарған, күнәсіз адам ретінде есептейтінмін.

Қауымнан оралғаннан кейін үй иелеріне жексенбілік мерекелік үстел жасауға көмектестім. Нанндар Фил мен Сараны қонаққа шақырған болатын, олар қауымнан бізбен бірге келді. Олар Джон мен Кэролайнның жақын достары болатын. Филдың жасы менімен қарайлас екен. Оның ерекшелігі – үнемі күлімдеп жүреді және қолды қатты қысып амандасады. Арада көп өтпей-ақ біз жақын достарға айналдық. Біздің екеуіміз де мотоциклді жақсы көретін болып шықтық. Сара маған қолын ұсынып және көзіме тура қарап тұрып:

– Сізбен танысқанымға өте қуаныштымын. Сіз туралы көп естідік, – деді.

Мен қысылып қалдым. Сара маған күлімсірей қарады және оның жүзінде нұр ойнап тұрды. Мен оған, оның көздеріне қызыға қарадым. Маған оның өз өмірінде Құдайдың Өзін қалай көрсеткені жайлы әңгімелері ұнады. Фил мен Сара Исаны сүйетін, ал мен дәл осындай адамдармен қарым-қатынас жасауға мұқтаж едім.

Сол күні кешкісін мен Сара туралы ойламай отыра алмадым. Ол ғажап адам еді. Оны есіме алған кезде көңілімді қуаныш кернейді. «Бұл не, Тәңірім? – деп сұрадым мен Құдайдан. – Мен мұндай нәрсеге дайын емеспін!» Мен мұның соңы неге әкеліп соғатынын білмейтінмін, бірақ Сараның нағыз алтын екенін жақсы білдім. Сол кеште Сараның менімен жылы сөйлескені сондай, менің оған сыйлық жасағым келіп кетті. Каллиграфиялық жазуға арналған құралдарым мен бояуымды шығарып, іске кірістім.

Бірнеше күннен кейін Сараның үйіне қонаққа аттандым. Ол Лондонның оңтүстік шетінде, бізден бір шама алыс жерде тұратын. Оққағар болып жүрген кезімде көп саяхаттап үйренгеніме қарамастан, абақтыдағы оқшаулық мені үйден шықпайтын адамға айналдырып тастаған еді. Ал қазір үйден шығар кезде қатты толқыдым. Автобус немесе поезд туралы ойдың өзі мен үшін жан төзгісіз еді. Жақында ғана Нанндардың үйіне жап-жақын жердегі

жергілікті суретші мен декоратордың жанына жұмысқа тұрған едім. Жұмыстың аяғында ол маған еңбекақымды төлеген болатын. Сол ақшаның бәріне Сараның үйіне апаратын такси жалдадым.

Сараның есігінің алдына келген кезде жүрегім кеудемнен шығардай болып қатты соғып кетті. Мен бұл жерде не істеп жүрмін? Қолымда мөртаңбалы суреттім мен гүлшоғыры бар болатын. Есіктің қоңырауын басқан кезде толқыныстан қолдарым дірілдеп тұрды. Бұл үйде Сарамен бірге тағы төрт студент қыз тұратын еді. «Сара, өтінемін, үйінде болшы», – дедім мен іштей жалбарынып. Есікті сары шашты, ұзын бойлы қыз ашты. Сараны шақыруды өтінген кезімде ол түсіністікпен жымыып қойды.

Іштен Сара шыққан кезде мен қыздардың қонақ бөлмеден сығалай қарап тұрғандарын байқадым. Сара қызарып кетті.

– О, Тони, қандай тосынсый!

Мен не айтарымды білмедім.

– Жай ғана сізге мынан сыйлайын деп едім, – дедім мен сөзімді бөліп-бөліп. Содан соң әкелгендерімді Сараға тапсырдым да, қайтуға оқталдым.

– Тоқтаңыз, – деді сәл абдырап қалған ол. – Осылай кетіп қалмақшысыз ба? Үйге кіріп, тым болмағанда шай ішіп кетіңіз.

Денемнің дірілі әлі басылмаса да, мен оның айтқанына келістім. Бұл дірілім тек мен Сараның үйінен шығып, Нью-Молденге қайтып оралғанымда бір-ақ басылды. Кешкісін мен оған қоңырау шалдым және біз ертең кездесіп, бір жерден барып түскі ас ішуге келістік.

Одан кейінгі апталарда біз жиі кездесіп жүрдік. Рас, әр кездескен сайын мен қатты толқитынмын, бірақ біз көбіне сеніміміз жайында әңгімелесетінбіз және бұл мен өзімді аздап болса да табиғи қалыпта ұстауыма көмектесетін. Жаңа достарыммен кездескен кезде өзімді тұйық ұстап, Құдайға келген жолымның абақты, тозақ тұңғиығы арқылы өткені үшін қысылатынмын. Ал Сараның жолы мүлде басқа болды. Әдемі, кеңпейіл және бейкүнә бұл

қыз өзінің бүкіл өмірінде Исаның жақсы көрген. Мен оған қызыға қарайтынмын. Бірақ ол Құдайды өзінің мен секілді нағыз қиын жол арқылы танығанын қалайтынын айтты. Мен Сараны түсіне алмадым. Басымнан өткен нәрселерді ешкімге де тілемейтін едім. Құдай маған ашылғаны сияқты Сараға ашылған жоқ. Бірақ мен бәрібір оның «соқыр» сенімінің алдында бас иетін едім. Сара өмірін кішкентай кезінен бастап Исаға арнаған.

– Маған әкеммен бірге ол уағыз айтатын қауымға барған ұнайтын еді, – деді ол күлімсіреп.

Әкем қауымның заңды қызметкері емеас еді, бірақ біздің қауымда бауырлардың барлығы уағыз айта беретін. Бірде, он жастағы кезімде әкеме еріп қауымға бардым. Сол кеште әкемнің «заманның аяғы» туралы уағыз айтқаны әлі есімде. Әкем заманның ақырының кез келген сәтте болуы мүмкін екенін айтты. Иса міндетті түрде қайтып келеді және Оған сенбейтіндердің бәрі өлімге душар болады. – Осы жерде Сара селк етіп, мүдіріп қалды. – Ойлап қарашы, шынымен де менің өлімге душар болатындардың арасында қалуым мүмкін еді. Бұл уақытта мен түрлі киелкітаптық оқиғаларды оқыған болатынымын және Иса туралы бірталай нәрсені білетін едім. Құтқаруға ие болу үшін Оған сенім артуым қажет екенін түсінетінмін. Бірақ мен барлық уақыттағыдай, сол кезде де Оған сенетін едім. Мен тек қана өзімнің тәубеге «дұрыс» келгеніме күмәндандым. Сол кеште әкемді тыңдап отырып, Құдайға өзімнің жиналғандарды үйреткендей мінажат етуім қажеттігін түсіндім...

Мен Сараның әңгімесін жалғастыруын күттім. Оның көздері жасқа шыланып тұр еді.

– Иә, иә, Тони... Мен әкем үйреткендей мінажат еттім, – деді ол. – Бірақ та ештеңе болмады. Жай ғана ештеңе болған жоқ. Бұған дейін мен мінажат ету қажет, сонда өмірің өзгереді немесе Құдайдың өзіңе кешірім сыйлағанын іштей сезінетін боласың деген сөздерді жиі еститінмін. Бірақ менде ондай ештеңе де болған жоқ.

– Ештеңе болған жоқ па? – деп сұрадым мен камерада өзімнің Исаға алғаш рет қалай шынайы өтініш жасағанымды есіме алып.

– Жоқ, қатты жарқыл да, көктен шыққан дауыстар да, ғажайып сезімдер де – ештеңе болған жоқ. Сонда мен өзім бір нәрсені дұрыс істеген жоқпын деп шештім. Мүмкін, сөздерді дұрыс ретімен айтпаған болармын. Мүмкін, жүрегім жеткілікті дәрежеде мойынсұнбай, Құдайға мінажатым жеткілікті дәрежеде шынайы болып көрінбеген болар... – деді Сара. – Мен бір жыл бойы осыдан қорқып жүрдім, – деді ол сөзін жалғастырып. – Түнде төсекте жатқан кезде түрлі дыбыстарға құлақ түріп жататынымын. Мен кез келген дыбысқа – баспалдықтың сықырына, еміс-еміс естіліп жатқан ата-анамның дауыстарына қуанатынымын. Қысқасын айтқанда, әкем мен шешемнің үйде екенін білдіретін дыбыстардың бәріне қуанатынымын. Кейде өтірік жөтеле бастайтынмын, сол кезде анам жүгіріп келеді, яғни, мен үйде жалғыз емеспін. Ал үйде толықтай тыныштық орнай қалған кезде мен Иса бәрін алып кетті, ал мен жалғыз қалдым деп қорқатынымын...

Мен Сараға таңдана қарап қалдым. Ол күлімсіреп былай деді:

– Ақырында мен бар батылдығымды бойыма жиып, бұл туралы ата-анаммен сөйлестім. Осыдан кейін бәрі айқындалды.

– Қалай? – деп сұрадым мен. – Олар саған не айтты?

– Анам маған өздерінің мені өмірімнің алғашқы күнінен бастап қорғап келгендерін және жан-дүниеме зиянын тигізетін еш нәрсеге еліктеп кетуіме жол бермегендерін түсіндірді. Сондықтан менің өмірімді кілт өзгеретіндей ештеңе болған жоқ...

Бірақ та құтқарылу – бұл дұрыс өмір салтын ұстану дегенді білдірмейді ғой, солай ма? – деп күбірледім мен бойымды мазасыздық жайлап келе жатқанын сезініп. Құтқарылу одан әлдеқайда үлкен нәрсені білдіреді.

– Әкем Елшілердің істері кітабындағы абақты бастығы Філіпті есіме салды, – деді Сара әңгімесін жалғастырып. – Пауыл мен Сыйластың жер сілкінген кезде аяқ-қолдарындағы шынжырлардан босанып кеткендерін көрген кезде абақты бастығы олардан: «Мырзалар, (Құдайдың қаһарынан) құтқарылуым үшін не істеуім керек?» – деп сұрады». Содан соң әкем елшілердің берген жауаптарын келтірді: «Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!» Мен әкемнен тағы да: «Шынымен де бары сол ма? Басқа еш нәрсе істеудің қажеті жоқтығына сенімдісің бе?» – деп сұрадым. Әкем маған Киелі кітаптан бұл аяттан өзге де көптеген тұстарды көрсетіп берді. Ол Құдайға алғаш келген кейбір адамдардың өмірлерінде өте маңызды оқиғалардың болатынын, бірақ бұл бәрімен бірдей солай болуы тиіс дегенді білдірмейтінін айтты. Бұл жерде ең маңыздысы – менің Исаға деген сенімім мен үмітімнің тұрақтылығына бйланысты екендігіне сендірді. Неге екені белгісіз, мен дәл осыны естуді қалаған едім, – деді Сара әңгімесін аяқтап.

Мен абақтыдағы достарымды есіме алдым. Олардың көпшілігі Құдайға өмірдің азабын көп тартып, арып-ашқан күйде келді. Оларға жай ғана Мәсіх туралы айттым – мен өзге ештеңе білмейтін едім, бірақ та осының өзі жемісін беретін. Мен Киелі кітап аяттарын олардың мағынасын сақтай отырып өз сөздеріммен жеткізетін едім. Мен «формуларды» да, жаттанды мінажаттарды да ешқашан білген емеспін. Және мұндай біздің ешқайсымыздың басымызға келмейтін де еді. Сондықтан бір кезде мінажаттарымының дұрыс болмауы мүмкін деген ойдан азап шеккен Сараға жаным ашыды. Мәселе сөзде емес қой. Шын жүректен шыққан кез келген мінажат Құдайдың назарынан тыс қалмайды, сондықтан да ешқандай формулардың, ешқандай жаттанды сөздердің қажеті жоқ. Мен Майкл Райттың сөздерін есіме алдым. Ол былай деген еді: «Құтқарылу – еңбекақы емес, бұл – сый. Иса біздің құтқарылуымызға қажетті нәрсенің бәрін істеп

қойды. Бізге тек Оған сенім арту және Оның сыйын қабыл алу қажет. Мұны қалай істейтіндігіміздің ешқандай мәні жоқ».

Сараны тыңдап отырып, біздің әрқайсымыздың өміріміздің соншалықты әр түрлі болғаны туралы ойладым. Ол сенімді, қалыпты нәрсе ретінде қабылдаған сүюші отбасында тәрбиеленді. Мен оның алаңсыз, жайлы, күнәсіз өміріне қызыға қарайтынмын. Бірақ осындай өмірден кейін ол мені, менің кім болғанымды және не істегенімді қалай түсіне алады? Мен өткен өмірім үшін қатты ұялдым. Мүмкін, Сараға мен секілді адаммен араласпағаны дұрыс болар. Бірақ Сараның мені тыңдағанында, сұрақтар қойып, қолдау көрсеткенінде әдеттен тыс бір нәрсе бар еді. Неге екені белгісіз, онымен сөйлескен кезімде мен өзімді маңызды және құнды адам ретінде сезінемін. Мен оның достығынан бас тарта алмадым.

Бүкіл өмірімде бойында мен өзіме сенімді болдым. Көпшіліктің алдында ешқашан қысылған емеспін және өз-өзіме ие бола алатынмын. Бірақ Кипрде басыма түскен сынақтан кейін мен өзгердім. Адамдардың алдында қысылып, толқыныстан дірілдеп кететін болдым. Әрине, Сара мұны байқады. Мен тіпті оған жанасып кетудің өзінен қорқатынмын. Ақыры бір күні оның өзі маған жанасты. Мен дереу бойымды тартып алуға тырыстым, бірақ ол мұны істеуге үлгертпей, мені құшақтады да, сүйіп алды. Мен қатты таңданып қалғаныммен, ақыры толқуым басылды. Толқудың орнын бұрын ешқашан болмаған қуаныш басты.

Бірнеше айдан кейін мен Джон мен Кэролайнның үйінен қауымдағы тамаша жас жұптар – Алан және Ирэн Киркамдардың үйлеріне қоныс аудардым. Содан кейін Кламп теміржол торабы ауданынан бөлме жалдадым. Бұл үйдің бірінші қабатына «Оак Рум» атты шағын қауым орналасқан еді. Арада екі күн өтпей-ақ мен бұл қауымда тек бір ғана бауыр бар екенін білдім. Жиналысқа негізінен бірнеше жасы келген қара нәсілді әпкелер қатысады екен. Мені көрген кезде Джо Макдоналдтың жүзі қуаныштан

жайнап кетті. Дәстүрлі Бірегей бауырластық қауымы (Ұлыбританиядағы жер ауған неміс баптистерінің қауымының салаларының бірі) бауырлар мен әпке-қарындастардың қауымдық қызметтеріне қатаң қарайтын болғандықтан, Джо қауымдағы жалғыз уағыздаушы болып қала берген. Қауымдағы қызметтің басым бөлігін, әрине, әпкелер атқарған, бірақ мұның уағыз бен нан үзу рәсіміне қатысы жоқ болатын. Джо бауыр көптеген жылдар бойы қауымдағы жалғыз және ең маңызды, сүйікті бағушы болып келді. Ол күніне екі рет – таңертең және кешке уағыз айтатын. Сондықтан оның жұмыстарының басым бөлігі бірнеше күнге менің мойныма ауысты. Бірақ арада аз уақыт өткеннен кейін Джо бауыр барша қызмет атаулыдан бас тартты да, жауапкершіліктің бәрі менің мойныма мінді. Қысқасын айтқанда, иығыма ауыр жүкті артып алдым. Бұған дейін адамдарға тек Мәсіх жайында куәлік етіп келдім, ал уағыз айту және Құдайға құлшылық қызметін жүргізу – бұл мүлде басқа нәрсе ғой! Әпкейлеріміз қатал болатын және мені бірден түзетіп отыратын, бірақ олар маған кеңпейілдікпен қарады және мен бұл қауымда қызмет етуімнің Құдайдың еркі екенін түсіндім.

Бірегей бауырластық қауымының мүшелері өздерінің Киелі кітапты жетік білетіндіктерімен әйгілі, сондықтан менің бірнеше сағаттар бойы Киелі кітапты зерттеп, уағызға дайындық жасауыма тура келді. Уағыз жүргізуге тәжірибе жинақтағанға дейін, алғашқы кездерде мен уағызымды қағаздан оқып айтып жүрдім. Бақытыма қарай, арада көп өтпей Жаңазеландиялық Майк Ливингстон маған көмекке келді. Майк Лондонға менен біраз уақыт кейін келді және біз тез достасып кеттік. Ол біздің әпкейлерімізге ұнады және біртіндеп ол маған қызмет өткізуге көмектесе бастады. Біз өмірімізде болған жағдайларды айтып жиі түннің бір уағына дейін отыратынбыз. Сара секілді, Майкл да мәсіхшілер отбасында өскен, сондықтан менің Мәсіхпен таң қаларлық кездесуім туралы әңгімені ол да аузын аша тыңдады.

– Білесің бе, кейде мен өзімді екінші сұрыптағы мәсіхші ретінде сезінемін, – деді ол бірде кешкі әңгімеміздің үстінде.

– Бұлай деп қалай айтасың, сен Құдайды барлық уақытта да білдің емес пе? – деп сұрадым мен.

– Иә, білдім, бірақ маған үнемі дүниеге мен әкем мен шешемнің көздерімен қарайтындай және сенімім менікі емес, ата-анамдікі сияқты болып көрінетін.

– Түсінбедім.

– Маған қашан да өз сеніміме көз жеткізу, нығаю қажет болды, – деп жауап берді ол. – Сен Құдаймен шынайы кездестің. Сен өз өміріндегі Құдайдың әрекеттерінің көруі енді қажет еместігін, Оған онсыз да сенетініңді айттың емес пе?

– Иә, – деп жауап бердім мен. – Абақтыда болған кезімде өзімді Оның кез келген уақытта, күндіз де, түнде де қорғап жүретінін білетін едім. Абақтыдан мен тек осының арқасында ғана аман шықтым және мұның артында Құдайдың тұрғаны күмәнсіз.

– Ал менде ондай тәжірибе болған жоқ. Менің өмірім қашан да тыныш болды, сондықтан да Оған ондай күшпен үміт артуыма тура келген жоқ, – деді Майк.

Бұл кезде мен Құдаймен осындай кездесулер жайлы көп естіген болатынмын. Майктың Мәсіхке қалай бет бұрғаны жайлы әңгімесі Сараныкіне өте ұқсас еді. Ал мен мұндай «соқыр» сеніммен қалай өмір сүруге болатынын түсінбейтін едім. Бірақ та бәрінде Құдайға үміт артулары және Оған шын жүректерімен қызмет етулері арқылы Майк пен Сара жыл санап сенімдерінде нығая берді.

– Онда не тұр? – дедім мен Майкке. – Қалай дегенде де, Құдай қашан да сенімен бірге, сен өз күшіңмен ештеңе істей алмайтын едің.

Біздің екеуміз де уағыз айтатынбыз, қауымға жетекшілік жасайтынбыз және бұл қызметте бізге Құдайдың көмектесетінін жақсы түсінетінбіз.

– Саған дәл осы туралы айтқым келіп тұр, Тони, – деді Майк күлімсіреп. – Менің Құдайға келген жолым сенікіне

мүлде ұқсамайды, бірақ Құдайға шын сенетінімді білемін, тек жай ғана Құдайдың мені дәл қай уақытта «жаңа адам жасағанын» сен секілді тап басып айта алмаймын.

Майктің шын жүректен сөйлеп отырғанын біліп тұрсам да, оның не айтпақ болып тұрғанын жақсы түсіне алмадым.

– Дұрыстап айтшы, мен ештеңе түсіне алар емеспін, – дедім мен.

– Мен Исаны сүйетін отбасында тәрбиелендім, сондықтан да нағыз мәсіхші мен жай ғана қауымға келушінің арасындағы айырмашылықты бала кезімнен білетінмін. Шамамен он жасымда мен өзімді белгілі бір өтілі бар мәсіхші санайтынмын. Мен Исаның өз Құтқарушым екенін білдім, бірақ мұны қай уақытта түсінгенімді және таңдауды қай кезде жасағанымды есіме түсіру маған қиындық туғызады. Мен жай ғана сендім, бары сол. Сірә, Оған сенбеген күнімді білмейтіндіктен болар, мен Мәсікке сенім артқан күнімді есіме түсіре алмаймын... – деді Майк күлімсіреп.

– Ал маған мұны түсіну қиын, – дедім мен. – Менде бәрі басқаша болды. Күнәнің батпағына батқаным сондай, Құдайдың менімен біраз еңбектенуіне тура келді.

– Иә, солай шығар, – деді Майк. – Күнәһарлардың шынайы жолға бет бұруын кейбіреулер екі қала арасына пойызбен саяхат жасауға теңейді. Егер ұйықтап қалмайтын болсаң, онда пойыздың шекарадан өткен кезін көресің, ал егер ұйықтап қалсаң – оны өзің түсінесің. Сен шекараны көрдің, ал маған келетін болсақ, мен қашан мәсіхшіге айналғанымды есіме түсіре алмаймын. Мәселе осыда тұр.

– Бірақ сен Құдайға бет бұрғаныңа күмәнданбайсың ғой? – деп сұрадым мен.

– Бұл мен соңғы жылдары шешуге тырысқан мәселелердің ішіндегі ең қиыны сияқты болып көрінеді. Жасым он үшке келгенде, мен бәріне Исаны өзімнің Құтқарушым ретінде танығанымды көрсетуім үшін шомылдыру рәсімінен өтуіме Құдайдың Өзі түрткі болғанын шынайы сендім. Осылайша, мені шомылдыру рәсімінен өткізді. Тек кейін, ержеткен шағымда мен өзімнің Құдайға бет бұруымның

«дұрыстығына» күмән келтіре бастадым. Мен дәл қай уақытта тәубеге келгенімді бәрібір есіме түсіре алмадым – менің күмәнімнің мәні осында еді және бұл әсіресе Құдайды тану тәжірибесі сенікіне ұқсакитын адамдармен кездескен кезімде айқын сезілетін.

Мен мұңая күлімсіредім:

– Сонымен?

– Сонымен, маған мұндай күмәннен тек үздіксіз мінажат ету арқылы ғана арылуға болатын секілді болып көрінеді. Егер мен күнәларым үшін қайта-қайта тәубеге келетін болсам, оның кімге зияны бар? – деді Майк күліп. – Бұған қоса, мен Құдайды тануды саған ұқсап өмірдің қатаң шындығын бастан өткермеген адамдар Оның барлығын ғылыми және пәлсапалық көзқарастар тұрғысынан түсінеді. Мен Оған сенетінімді білдім, бірақ Құдайға «неліктен» сенетінімді бүкіл саналы өмірімде өзіме жақындарыма дәлелдеуге тырысып келдім. Иә, менің ғылыми ой құрылымым дәл осындай. Бірақ Құдайдың бар не жоқ екенін ғылыми түрде дәлелдеу мүмкін емес. Құдайдың барлығын тәжірибе жасау жолымен дәлелдеуге болмайды. Сайып келгенде мен рухани салада Құдайдың бар екендігіне тәни дүниеде бізге дәлелдер жеткілікті деген қорытындыға келдім.

– Мұнымен не айтқың келеді? – деп сұрадым мен.

– Бірінші кезекте, бұл дүниенің өзінің бар екендігі. Содан соң өзге сенушілердің куәліктері. Тек осылардың бәрін бір жерге жинастырып, жай ғана саналы түрде сенімнің қадамын жасау қажет.

Біз біраз уақытқа үнсіз қалдық. Мен Майктен естігендерімді ойымда қорытуға талпындым. Оның куәлігінің күші мені шын мәнінде таңдандырды.

– Иә, Құдай маған ешқашан саған көрінген қырынан ашылған емес, бірақ Ол бәрібір менің өмірімде таңқаларлық кереметтер жасап келді және жасап жатыр, – деді Майк әңгімесін аяқтап. – Өмірімнің әрбір бөлігінде мені дәл Соның бағыттап, батасын беріп келгенін анық білемін!

– Аумин! – дедім мен күлімсіреп; мұның дәл солай екендігіне еш күмәнім болған жоқ.

Қауымдағы қызмет менің өмірімнің көп бөлігін алатын, бірақ маған тіршілігіме қажетті қаражат табу қажет еді. Қауымдағы шаруаларымнан бос уақытта мен ешқандай жұмыстардан бас тартқан жоқпын. Тәуір жұмыс табу кейде қиынға түсетін, бірақ еш уақытта жұмыссыз ұзақ отырған емеспін. Біраз уақыт даяшы болып істедім, содан кейін мөртаңбалы суреттермен айналыстым да, ақыры күзет саласына қайтып оралдым. Бұл мен үшін қиын жұмыс емес болатын, бірақ мұның артында бұрынғы жолыма қайта түсіп кету қаупі тұр еді. Қарапайым күзетші болу бір жағынан өз дарынымды жерге көмуді білдіретін және оның жалақысы да төмен еді. Бірақ бұл жұмыс маған бәрібір ұнайтын еді, себебі ол біршама тыныш болатын. Қызмет бабымен Кью-Гардензде (Лондонның батыс бөлігінде орналасқан үлкен ботаникалық бақ; 1759 жылы құрылған) және Лондонның өзге де көрікті орындарында жиі болатынмын. Күнделікті өмірге қажетті қаражатты қандай жолмен табу керек екендігіне аса назар аудармайтынмын. Өмірімнің қозғаушы күші бәрібір Иса және Оның маған сыйлағандары туралы куәлік айту тілегі болды. Өз сенімім туралы адамдарға жеткізу мүмкіндігі үшін үздіксіз мінажат еттім. Ал мүмкіндіктер көп болды, сондықтан мен олардың бірін де босқа жіберген жоқпын.

Бірақ мен жұмыс істеп жүрген фирманың басшылығы менің күзет саласындағы бұрынғы тәжірибеме тез назар аударды. Менің дәрежемді жоғарылатты және арада көп өтпей-ақ қызмет сатысында өрлей бастадым. Маған Құдайға қызмет еткендей адал еңбектену ұнайтын еді. Жаңа орында мен фирманың жұмысын жақсарту үшін не және қалай істеу керектігін жақсы білдім. Арада көп өтпей мен өзіме де байқамастан бойымда бұрынғы атақ құмарлығым қайта оянды. Екі жыл ішінде кәсібіміз жақсы дамып, үлкен табыс әкеле бастады. Мен көзді ашып-жұмғанша фирманың коммерциялық директоры болып шыға келдім. Маған

қызмет көлігі мен Лондонның қақ ортасынан қызметтік пәтер берілді. Алатын жалақым да әлдеқайда көбейді. Мен өзіме Оның еркі секілді болып көрінген осы жағдай үшін Құдайға алғысымды айттым. Бұл уақытта Сара оқуын аяқтап, мұғалім болып жұмыс істеп жүрген. Біз үйлену тойына дайындалып жүргеміз.

Сара екеуміз демалыс күндерімізді жиі оның Эссекстегі ата-анасының үйінде өткізетінбіз. Үйленуімізге олардың баталарын алу үшін олардың көздерін көп нәрсеге жеткізіуім қажет еді. Сараның ата-анасы сүюші, ашық адамдар болатын, бірақ өзімнің олар үшін қалаулы күйеу бала емес екенімді жақсы түсінетінмін. Олардың қыздарының күйеуінің мен секілді адам болғанын қаламағандары анық. Бұл жағдайда менің қолымнан бар келетіні, бұл Құдайдан күн санап өзімді күнәнің кірінен тазарта отырып, оларға «жаңа мені» ашып беруін сұрап мінажат ету еді.

Бірақ бұл оңай шаруа емес еді. Кун-фуды баяғыда тастап кеткеніме қарамастан, ол әлі де менің бір бөлшегім болып қала берді. Бір демалысымызда мен Сараның ата-анасының үйіне бардым және дүйсенбі күні таңертеңгілік Лондонға баратын пойызға үлгеріп кетпекші болдым. Таңғы бестер шамасында Сараның әкесі Дейвид мені оятып, шай бермекші болды. Мен қатты ұйықтап жатыр едім, тіпті, қорылдап жатқан болуым да мүмкін. Бойымдағы көне түйсіктерім бір сәтке ояна кетті: менің бөлмеме біреу кірді. Мен дереу оянып кеттім де, орнымнан қарғып тұрып, қорғаныс ретінде аттың ұрыс қалпын ұстанып тұра қалдым. Дейвид байғұс қатты шошып кетті. Әрине, ешқандай соққы болған жоқ, мен дер кезінде тоқтап үлгердім. Шошығаннан орнынан секіріп кеткен Дейвид әйтеуір қолындағы шайын төкпей ұстап қалды.

Кейіннен осы жағдайды Дейвид күле есіне алатын. Ал бұл мен үшін санамнан еш шықпайтын көне «жолды» есіме салатын жағымсыз жайт еді. Кун-фу ұрыс өнері мәңгі-бақи менің «денеме қадалған тікен» болып қала береді. Мен адам денесіндегі оларға әсер ету арқылы санаулы секөндтердің

ішінде өлтіре салуға болатын анатомиялық нүктелерді білемін. Мұндай білім өте қауіпті. Бұл үнемі оқтаулы қару ұстанып жүргенмен бірдей. Алғашқы кездері Сара біз бірге жүрген кезде өзін қауіпсіз сезінетінін жиі айтатын. Бірақ бұл мен естуді қалайтын сөздер емес еді!

Алькапонимен болған жанжал кезінде Құдай Өзінің құдіретін көрсеткен сол бір күннен бастап мен адамдарды ұрыс өнерінің кез келген түрін үйренуден бас тартуға үгіттей бастадым. Батыста оларды негізінен денсаулықты қалыпта ұстау үшін және өз-өзін қорғай білу үшін үйретеді, бірақ шығыс жекпе-жектерінің түрлерінің бәрінің негізінде мен оны алдамшы және қауіпті деп есептейтін рухани бастау жатыр. Кун-фу жолы Иса Мәсіхтің шынайы жолына қарама-қайшы және адамның бойында өз күшіне деген жалған сенімнің туындауына себепкер болады. Ұрыс өнері адамның жүрегінің тереңіндегі қорқынышты, оның құмарлықтары мен атаққұмарлығын оятады. Ал Мәсіхтің жолы адамды күнәнің құлдығынан азат етеді, Ол арқылы және Онымен болатын қауіпсіз жаңа өмірге жетелейді.

14-тарау

Сара екеуміз 1995-жылдың 22-маусымында шаңырақ көтердік. Дәл сол жылы, бізден біраз уақыт қана бұрын Сараның жақын құрбысы Элен майкке тұрмысқа шықты. Өкінішке орай, бұл Майк екеуміздің «Оак Рум» қауымынан кетуге тиіс екенімізді білдірді. Алдымен Майк, содан соң бірнеше айдан кейін мен кеттім. Сара мен Элен әке-шешелері тұратын Эссексте жұмыс істейтін. Олар кішкентай кездерінен бастап дос болды, екеуі де – жергілікті «Моркрофт Холл» қауымының мүшелері.

Арада көп өтпей-ақ біз қауымның жұмысына белсене араласып кеттік. Тәубеге келген алғашқы күндерден бастап-ақ мен Қытайда немесе тым болмағанда қатал режимдегі абақтылардың бірінде уағыздаушы болуды армандайтын едім. Бірақ мұның орнына мен жүрегін балаларға арнаған Сараның соңынан ілестім. Оның әкесі көптеген жылдар бойы балалардың жазғы лагерлерін ұйымдастыруға жетекшілік етті. Мен оған көмектесе бастадым және де күтпеген жерден өзіме балалармен жұмыс істеудің ұнайтынын байқадым. Маған олармен түрлі ойындар ойнаған ұнайтын. Сірә, бұл бала кезімде маған осының жетіспегендігінен болар. Балалардың жазғы демалыс бағдарламасын да суға шомылу мен қозғалысты талап ететін түрлі ойындар ойнату және спорттық жарыстар болатын. Кешкісін біз бәріміз бірігіп балаларға Иса Мәсіх туралы әңгімелейтінбіз. Бұл балалар үшін қызықты еді және олардың мені қандай қызығушылықпен тыңдайтындарына өзімнің де көзім жетті.

«Моркрофт Холл» қауымы інжілдендіру шараларын өткізбейтін және оның үстіне қауымда жастардың қарасы да аз еді. Осы айтып отырған жағдайлардан аз ғана уақыт

бұрын біз Сара, Майк және Элен бәріміз қауымның жанынан жастар клубын ашуды ұйғардық. Қалада не істерлерін білмей көшеде сенделіп жүрген жастар көп болатын. Мен көшеде жасөспірімдермен танысып, оларды қауымға шақырамын. Майк ізгі хабар айтады. Жұма күндері біз жастарды жинап қауымға әкелу үшін шағын автобуспен бүкіл Базилдонды аралап шығатынбыз. Сол кездері жастардың көпшілігі Мәсікке келді. Мысалы, Джейми. Ол өте әлжуаз және тым мазасыз бала болатын. Жасы тоғызда болса да ол тым кішкене болып көрінетін. Сонысына қарамастан ол үйінен жиі қашып кететін және міндетті түрде түрлі ыңғайсыз жағдайларға тап болып жүретін. Ол ешкімге сенбейтін және мазасызданған кезінде кекештеңе бастайтын. Өзіміз жұмыс жасап жүрген балалардың көпшілігі секілді, біз оның шыққан тегі мен алған тәрбиесі жайлы егжей-тегжейлі білмейтінбіз. Оның әкесі жоқ болатын. Оған жалғызбасты анасы қарайтын. Біз балалардың бәрінің ата-аналарымен мүмкіндігінше байланыс орнатуға тырыстық және мен олардан өзімнің абақтыда отырып шыққанымды ешқашан жасырған емеспін. Бірақ біз жүрген ортада бұл асқан масқара іс болып саналмайтын. Біздегі балалардың туған немесе өгей әкелерінің көпшілігі абақтыда отырып шыққандар. Оның үстіне аналар балаларын көшенің жағымсыз ықпалынан аман алып қалуға көмектесетініміз үшін бізге разы болатын.

Джейми біздің жастар клубымызға келіп жүрді. Арада көп өтпей ол өзінің бауыры мен қарындасы – Джон мен Мэндиді ертіп келе бастады. Қазір мен егер Джейми өміріндегі қиын кезеңде біздің жастар клубымыздан қолдау таппағанда оның тағдыры қандай болатын еді деп жиі ойлаймын.

Бекки Уотсон әдемі, жас қыз болатын. Біз оны Биллеркейден әр апта сайын қауымға алып келетінбіз. Клубымыздың мүшелерінің саны күн санап көбейе бастады да, енді оларды әкелу үшін біз шағын автобуспен бірге екі жеңіл көлікпен шыға бастадық. Бірде кешкісін ойын алдында Беккиді алып келуді ұмытып кеткенімді байқадым.

Ойынды жүргізе беруді көмекшілеріме тапсырдым да, өзім оны алып келуге аттандым. Өзімнің көлікті жақсы жүргізетін дағдыма сенім артқан мен жиырма минуттық жерге лезде жетіп бардым. Қуанышыма қарай, тоңып қалғанына қарамай ол әлі күтіп тұр екен. Қыз менің оны әкетуді ұмытып кеткенімді кең пейілдікпен кешірді. Бұл оған тән қасиет болатын. Көлік ішінде әңгімелесіп келе жатқан кезімізде мен одан:

– Айтшы, Бекки, сен Иса Мәсіхке сенесің бе? – деп сұрадым.

Көлік ішінде тыныштық орнады. Бұл туралы одан ешкім және ешқашан бұлайша тура сұрамаған еді. Ол алдына тура қарап отыр, ал мен жолдан көз айырмай келе жатырмын. Біз қауымның көлік тұрағына жеткенге дейін үнсіз келдік. Көлікті тоқтатып, қауіпсіздік белдігін шеше бастаған кезімде Бекки кенет:

– Иә! – деді.

– Иә? – дедім мен түсінбей.

– Иә, мен Исаға сенемін, – деді Бекки көздеріме тура қарап. Оның әдемі жүзінде күлкі табы пайда болып, көздері жарқырап кетті. – Иә, Тони, – деді ол қайталап. – Енді мен Исаға сенемін.

Сол кезден бастап Бекки Мәсіх туралы үздіксіз куәлік айтып келеді. Және ол Құдайға өзінің тамаша кештердің бірінде менің көлігімнің ішінде келгенін айтуды ұмытпайды. Мен сол кезде оған әлгі сұрақты қоюға батылымның жеткеніне қуанатынмын. Бекки қазір де ізгі хабар айтады ол мұны сондай табиғи және қарапайым түрде айтады.

Өз жүректерін Исаға ашқан және Ол туралы көбірек білгілері келген өзге де көптеген балалар болды. Біз ондай балаларды Киелі кітапты оқып үйрену үшін әр аптаның сейсенбі күндері өз үйімізге шақыра бастадық. Бізде бос бөлмелер жоқ болатын, сондықтан бұл қыздар мен ұлдар он-он бестен қонақ бөлмемізге жиналатын. Бөлме тар болса да, көңіліміз кең еді. Қысқасы, бұл керемет кез болатын.

Бұл арада күзет саласындағы жұмысым жақсы жүріп жатты. Мен қашан да алға қарап, өз әрекеттерімді қарсыластарымнан бірнеше қадамға бұрын есептей білетінмін. Бұл менің қызметімнің жоғарылауына және жалақымның көтерілуіне септігін тигізді. Мен әлі де Исаны білмейтін адамдардың қамдарын ойлап жүрдім, бірақ рухани өмірімнің діңгегінің сол кезде-ақ басқа жаққа қарай қисая бастағанын қазір түсініп жүрмін. Сара екеуміз Құдай бізге бұдан да көп құрбандық жасауымыз үшін көп беріп жатыр деп өзімізді шатастыра бастадық. Ал шын мәнінде бәрі керісінше болатын. Мен көп уақытымды жұмыста өткіздім, ал бұл жағдай мені Сарадан және Құдайдың шақыруы екенін жақсы түсінетін қауымдағы қызметімнен алшақтата бастады. Өзім де байқамастан «өз-өзін алдарқату қақпанына түскен мәсіхші» деп атайтын адамға айналдым.

Осыдан бар-жоғы бірнеше жыл бұрын ғана мен өзім де соған айналған мәсіхшілер туралы қатаңдау, жақтырмайтын сөздер айтатын едім. Англияға келген сәттен бастап мен қауымның бір бөлшегіне айналуды армандадым. Абақтыда отырған кезімде алғашқы Қауым жайындағы Көне өсиеттік әңгімелерді оқитынмын және қазіргі қауымдардан дәл сондай нәрселерді көз алдыма елестететінмін. Құдай маған осы қуанышты сезіну мүмкіндігін берді. Әрине, Кипрдегі рухани қайта туылудан кейін сенімдегі бауырлар арасындағы өмірді мен сый ретінде қабылдадым. Бірақ уақыт өте берді және мен барған қауымдардың көпшілігі көңілімді барған сайын қалдыра берді. Иә, бауырлар мен әпке-қарындастар бір-бірлерін жақсы көретін, бірақ негізінен оларды жеке шаруалары мен қажеттіліктері көбірек қызықтыратын еді. Әрине, олар мұқтаждар үшін мінажат етті, бірақ өздерінің қауымдарынан тысқары жерде ізгі хабар таратуды олардың бірең-сараңы ғана қалайтын еді.

Марқа жазған Ізгі хабарда Иса Өзінің жолын қуушыларға былай дейді: «Иса оларға тағы былай деді: «Бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Ізгі хабарды жариялаңдар!» (Марқа 16:15). Исаның бұл бұйрығы сол уақытта қандай

болса, қазір де сол күйінде қалады. Бұл бұйрық барлық уақыттарға және барша мәсіхшілерге қатысты. Бірақ соған қарамастан мен көптеген мәсіхшілердің бұл бұйрықты орындамайтындарын байқаймын. Кипрде құдіретті Құдайдың күшімен құтқарылып, қайта туылған мен Иса Мәсіх туралы шындықты жасырып отыра алмадым. Бұл біреудің қатерлі ісікке қарсы дәрі ойлап тауып, оны ешкімге айтпай жасырып қалғанымен бірдей. Мәсіх туралы Ізгі хабар мен үшін дәл осындай жаңалық болды. Бірақ менің бұл жерден көргендерім тым мардымсыз еді! Құтқарылу мәселесін бәрінен бұрын, ешқандай кешеуілдесусіз шешуі тиіс. Біз адамдарға осы туралы айтуға тиіс едік, бірақ бізде бұл атымен болған жоқ. Және де мен айналада дәл осылай ойлайтын мәсіхшілердің неліктен тым аз екендігін түсіне алмадым.

Арада алты не жеті жыл өткенде тоқшылық өмірдің қақпанына менің өзім де түсіп қалдым. Мен өзім де байқамастан рухани шөлдалаға аяқ бастым. Сара екеумізді алда ауыр кезеңдер күтіп тұрды.

1999-жылдың жазында Майк пен Элен Беркширге жақын маңға қоныс аударды. Ол жерде Майкке жақсы жұмыс ұсынған еді. Жастар тобы бұрынғысынша біздің үйімізге жиналатын, бірақ Сара екеуміз қауымның өміріне қатты наразы едік. «Моркрофт Холл» қауымында жасы бізбен қатар мәсіхшілер болған жоқ, ал біз тереңірек қарым-қатынасты қаладық. Құдай, әрине, біздің наразылығымызды түсінді, біз бұған сенімді болдық. Фелтамнан маған жұмыс ұсынған кезде мінажатымызға жауап бергені үшін Құдайға алғысымызды білдірдік. Менің табысым тоқтаусыз өсе берді де, біраз уақыттан кейін біз Лондонның жақсы аудандарының бірінен тәп-тәуір үй сатып алдық.

Біз қандай ақымақтар болдық десеңізші! Артыма қарап отырып, Құдайдың қамқорлығының мәнінің үлкен жалақыда немесе жақсы үйде болмағанын қазір жақсы көріп тұрмын. Бұл қажетті нәрселердің бәрі молшылықтағы өмірдің қақпаны екен. Құдайдың еркімен біз Эссекстегі

қызметті тапқан едік. Балалар бізге мұқтаж болды, ал біз оларды тағдырдың талқысына тастап кеттік. Иә, біз балалармен жұмысты жергілікті қауым мүшелеріне бөліп бердік және олардың балаларға қамқор болатындарына көз жеткіздік, бірақ біз Құдайдың емес, өз жолымызбен кеттік. Шіркін, сол кезде осыны түсінгенімізде ғой!

Қоныс аударардан екі апта бұрын штаттың қысқаруына байланысты мені жұмыстан босатты. «Бұл не? Құдайдың жоспары ма?» – деп ойландым мен. Бірақ өзімнің басқа жұмыс тауып алатыныма сенімді болдым. Шынында да, бірнеше аптадан кейін күзетпен айналысатын бір фирмаға коммерциялық директор болып жұмысқа тұрдым және бұл фирма әлде бір жақта емес, Лондонның қақ ортасында орналасқан болатын. Арада көп өтпей Сара балалы болатынымызды айтып қуантты. Өмір сондай тамаша болып көрінді. Біз өз жолымыздың дұрыстығына, өзімізге лайықты орынға тап болғанымызға сенімді едік.

Жергілікті інжілшіл мәсіхшілер қауымында маған жастармен жұмыс істейтін бағушы болуды ұсынды. Сөйтіп мен жастар тобын құра бастадым. Бұл қызмет үшін біраз күрес жүргізуге тура келді. Кейбір сенушілермен арамызда жағымсыз қақтығыстар болды.

– Маған олар бәрінен де балалар кілемдерін таптап тастайды деп қорқатын секілді көрінеді, – дедім Сараға.

Олардың дегеніне көнбеймін деп өзіме серт бердім. Оларды істерім арқылы ұялтамын, қауымда не істеуге болатынын және не істеу қажеттігін көрсетемін. Сөйтіп, арада бірнеше ай өтпей-ақ қауымның жанында жастар клубы құрылып, табысты жұмыс істей бастады.

Клубтың жұмыстарына ынталан кіріскен жастар қауымға өздерімен бірге достарын ертіп әкеле бастады. Мұны қауымдағылар байқамай қалған жоқ. Бірақ келушілердің бойында ізгі хабар айтуға деген тілек бәрібір оянған жоқ. Мен бұған назар аудармай, өз ісімді жалғастыра бердім және кесімді әрекеттер жасадым. Ізгі хабар тарату Исаның бұйрығы және мен Ізгі хабар айтамын, мұны жалғыз немесе

біреулермен бірлесіп істеймін бе – бұл енді басқа мәселе. Біреуге үйретпес бұрын, тек өзімнің жақсы ниетіме үміт арта бермей, алдымен өзімнің үйренуім қажет болғанын қазір түсініп жүрмін. Сол кезде мен Құдайдың өз істеріме батасын бермей жүргенін көре алған жоқпын.

2000-жылдың март айының басында, дүйсенбі күні кешкілік біздің үйімізге жастар тобынан бір бала келді. Біз онымен сөйлесіп, оның мектептегі қиындықтары үшін мінажат еттік, содан кейін мен оны үйіне апарып салдым. Қайтар жолда қытай мейрамханасына соғып, үйге дайын тамақ алдым. Күн ауыр болып, қатты шаршаған едім.

Ақырын жаңбыр себелеп тұрды. Қараңғы түсіп кеткендіктен, мен көлікті өте абайлап жүргізіп келе жаттым. Өткен айларда бірнеше рет шағын жол көлік оқиғаларына ұрынға болатынмын. Мен көлікте көп жүрдім, жұмысқа барып келдім, кешкісін балаларды үй-үйлеріне тараттым. Сондықтан қазір қатты шаршаулы күйде келе жаттым.

Мен жарығы жоқ сүрлеу жолмен келе жатқан болатынмын. Бұл жерде бұғылар көп жүретін. «Жылдамдық көрсеткішке қарап отыр», – деп ескерттім өзіме. Ендігі жетіспегені бұғымен соқтығысып қалу еді!

Әйтсе де мен бір кезде тоқтау керектігін білдіретін ескерту белгіні байқамай қалдым да, не болғанын ұғып болғанша көшенің түйіскен жеріне жетіп келдім. Алдымнан қызыл жарық жанған кезде тежегішті кілт бастым. Дөңгелектер бірден тоқтады да, көлік екпінімен алға жылжи берді. Бақытыма орай, басты жолда ешкім жоқ еді. Ешқандай көлік те, көлік жарығы да көрінбейді. Менің көлігім сырғанаған күйі қарсы жолға шығып кетті. Мынау не болды екен? Тежегішті басып келе жатқан кезімде көліктің алдынан бір нәрсе көлбең ете қалғандай болды. Сол кезде мен көлікке соғылған әлсіз дыбысты естіп шошып кеттім. Сірә, бұл әлдебір аң болар. Мен көлікті тоқтатып сыртқа шықтым. Көліктің алдыңғы жарық бергішінің әйнегі шағылыпты, өзге ештеңе жоқ. Жолда да ештеңе көрінбейді. Бұл бұғының баласы немесе тұлкі

болар деп ойладым. Ол кім болса да, орманның ішіне кіріп кеткенге ұқсайды.

Көлігіме қайтып оралып, бірнеше метір артқа жүріп, жол торабына келдім. Онда да ештеңе байқалмайды. Бірақ бойымды жалаған мазасыздықтан еш арыла алмады. Рульден тас қылып ұстап біраз уақыт қозғалмай отырдым. Көше түйілісіне жақын маңға жол жағасына екі көлік келіп тоқтады. Көліктерден ешкім шыққан жоқ. «Мүмкін, олар жаңағы аңның кесірінен тоқтаған болар», – деп ойладым мен. Не істерімді білмедім. Ыдыстағы тағам суып барады. Мен өзіме жол үстіндегі бейқамдығым үшін ашуландым. Көліктегілерге барып мәселені анықтағым келген жоқ. Көлігімді қозғалтып, басқа жолмен үйіме қайттым. Одан кейін қайтып бұл оқиға туралы ойлаған жоқпын.

Келесі сенбі күні үйге кезекті киелікітап сабағына жастар тобының балалары келді.

– Ей, Тони, көлігіңе не болған? Бұзақының оғы тиген бе? – деп қалжыңдай сөйлеген Том орындыққа гүрс етіп отыра кетті. Том криминалистикаға қызығушылық танытатын. Ол үнемі жаңалықтарды тыңдап, жергілікті із кесушілер жайында жазған газеттердің бәрін оқып жүретін. – Білесің бе, полиция сенікі секілді көлікті іздестіріп жатыр екен, – деді ол.

– Не дейсің?

– Дүйсенбі күні кешкісін бір әйелді автокөлік қағып кетіпті. – Том осыны айтқан кезде денем қалтырап кетті.

– Оқиға қай жерде болыпты? – деп сұрадым мен жайбарақат болып көрінуге тырысып.

– Брэкнелл-роудте. Әйел мотоциклмен келе жатқан екен. Оны қағып кеткен көлік жүргізушісі тіпті тоқтамапты да.

Мен өзімді мүлде жаман сезіндім.

– Жарайды, тергеу ісінің қалай жүріп жатқанын кейін айтарсың, – дедім өзімді қалыпты ұстауға тырысып. Балалар үйлеріне қайтқанша әзер шыдап отырдым.

– Саған не болды? – деп сұрады Сара біз соңғы қонақты шығарып салғаннан кейін. – Сабақты бұлай тез аяқтайды деп күтпеген едім.

Мен басымды қолдарыммен қысып, диван үстіне отыра кеттім. Мұны көргенде Сара қатты мазасызданды.

– Саған не болған? Науқастанып қалғаннан саумысың? – деп сұрады ол.

– Саған бір нәрсені мойындауға тиіспін, – дедім мен көздерімнен жас парлай. Сөйттім де Сараға өзімнің әлдебір жануарды қағып кеткендей болғанымды және қаза болған әйел жайындағы Томның әңгімесін айтып бердім.

– Ал неге сен ол екеуі бір жағдай деп ойлайсың? – деді Сара өз-өзіне ие болуға барынша тырысып.

– Басқаша болуы мүмкін емес. Оқиға бір уақытта, бір жерде болған. Ол жерде меннен өзге біреудің болуы мүмкін емес.

– Бұл туралы маған неге айтпадың?

– Маңызды бір нәрсе болды деп ойламап едім.

– Сен көліктің бір нәрсеге соғылғанын сездің ғой, солай ма?

– Сондай бір нәрсе болды. Мен оны әлдебір жануар болар деп ойладым. Өзің қарашы, алдыңғы жарық бергіш қана сынған.

– Енді не болады?

– Енді не болады? – деді Сара абыржып.

Мен өз-өзіме келуге тырысып, бөлме ішінде әрі-бері жүре бастадым.

– Не болғанына көзімізді анық жеткізгенше ештеңе істемегеніміз абзал, – дедім мен ақыры.

Сара оқылмаған газеттерді ақтара бастады. Брэкнелл-Роудтағы қайғылы оқиға туралы мақаланы оқыған кезде ол айқайлап жібермес үшін алақанымен аузын баса қалды.

Мен оның қолындағы газетті жұлып алдым.

Онда болған оқиға туралы егжей-тегжейлі жазылыпты. Дүйсенбі күні кешкісін, сағат тоғыз жарымдар шамасында Брэкнелл-Роудта белгісіз автокөлік көше түйілісінен өтіп бара жатқан мотоциклді қағып кетіпті. Мотоциклді жүргізіп келе жатқан әйел бұта арасына құлап түседі де, кейіннен жан тапсырады. Ол жергілікті жасөспірімдер

отрядының жетекшісі екен. Артында екі баласы қалыпты. Сол қайғылы кеште ол жиналыстан қайтып келе жатады. Әрі қарай газетте әйелді соққан автокөлік жүргізушісінің оқиға орнынан қашып кеткені және із кесушілердің қылмыскерді табатындарынан үмітте екендіктері жайлы жазылыпты.

Менің тұла-бойым қалшылдап кетті. Сара баламызды қорғағандай болып ішін басып алып жылап отыр.

– Егер әлгі әйелді мен басып кеткен болсам, онда мені абақтыға қамайды... – дедім мен.

– Бірақ бұл жай ғана бақытсыз жағдай ғой, қисынсыз кездейсоқтық! – деді Сара жанұшырып.

– Адам қаза болды! – дедім мен жабығып. – Кездейсоқтық болсын, болмасын, мені бәрібір абақтыға жабады.

– Ал сәбиіміз ше? – деді Сара өксіп. – Біз не істейміз?

Біз түннің бір уағына дейін әңгімелесіп, Құдайдың мені тағы да абақтыға жібергісі келетіні екіталай екендігі жайлы ой қозғадық. Оның бізді бұдан құтқарып қалатындығы айдан анық! Біз бірге көп мінажат еттік. «Иеміз Иса! Бізді құтқарып, аман сақтап қалшы». Құдайға өтініш жасадық, бірақ біздің өтініштеріміз аянышты еді. Біз одан Оның Өзінің емес, біздің еркімізді орындауын сұрадық. Біздікі дұрыс емес еді, сондықтан мінажатымызға жауап болмады.

Біз ешқандай әрекет жасамауға шешім қабылдадық.

Бірнеше күннен кейін көлігімізді көлік жөндеу орталығында қалдырдық. Жөндеушіге көлігімді автотұрақта зақымдап алдым деп өтірік айттым. Ол жерде бізге уақытша басқа көлік берді. Мен Сараны өзі жұмыс істейтін мектепке апарып салдым. Мектептен қозғала беріп көліктің артқы айнасынан велосипед мінген әлдебір полицейдің оның жанына тоқтап, сөйлесе бастағанын көріп қалдым. Қайтадан кері оралуыма тура келді. Мен Сарадан да әрмен мазасыздандым. Ол әлгі полицейді білетін еді, оның баласы Сараның сыныбында оқитын.

Мен жақындап келген кезде ол Сарадан:

– Сіздердің көліктеріңізге не болды? – деп сұрап жатты.

Сара маған мазасыздана көз тастады.

– Мен оның көлік жөндеу орталығына тастап кеттім, – дедім мен.

– Жақсы, – деді полицей күлімсіреп. – Қазір біз дәл сіздікі секілді көлікті іздестіріп жатырмыз. Ауданда сондай көліктің бес жүзі тіркелген. Олардың бірі адам өліміне әкеліп соқтырған жол көлік оқиғасына себепкер болды.

«Тек Сара өзін ұстаса екен», – деп ойладым мен көңілім жабырқап. Біздің қуанышымызға орай, полицей көп кідірмей өз шаруаларымен кетіп қалды.

Осы кездесуден кейін мен бірден үйге қайтып келіп, телефонның анықтама кітабын ақтара бастадым. Өзімнің үлкен бәлеге ұрынғанымды түсіндім. Бізге қорғаушы қажет еді.

Келесі күні таң атпай жатып үйдің есігі қатты қағылды. Ментөсегімнен қарғып түсіп, төменге, есікке қарай жүгірдім. Есікті ашқан кезімде ит ерткен бірнеше полицейді көрдім. Баспалдақта өңі қуарып кеткен Сара тұр. Полицейлер бізді тұтқындауға берілген рұқсат қағазды көрсетті де, үйді тінте бастады. Қоқыс салған жәшіктерді ақтарып, алып кету үшін компьютерді тоқтан ажыратты.

Сара жақ ашқан жоқ. Сара екеумізді екі бөлек көлікке мінгізіп жатқан кезде көршілеріміз терезелерінен сығалап тұрды. Менің басым айналып кетті. Не істедім? Жағдайды осындай күйге жеткіздім. Енді бұдан қалай құтыламын? Сарамен не болады? Ол бұған қалай төзеді? Полиция бөлімшесінде бізді бөлек ұстап, бөлек бөлмелерде жауап алды. Біздің тездетіп болған жайды сол күйінше баяндап бергіміз келді. Өтірік айтқанымыз жетеді! Екеуміз де осы қорқынышты оқиға туралы бүге-шігесіне дейін айтып беруге барынша тырыстық. Бірақ жауап алу мені онша мазалап отырған жоқ еді. Мен тек өзім өлтіріп алған әйел туралы ғана ойладым. Ізгі хабар таратушы ретінде мен адамдарды оларға жаңа өмір сыйлауы үшін Исаға алып келуге тиіс едім. Ал мен не істедім? Мен өзіме бейтаныс бейкүнә әйелдің өліміне себепкер болдым. Мен секілді, ол

да жастармен жұмыс істеп болғаннан кейін үйіне қайтып келе жатқан. Үйінде оны күтіп отырған екі баласы бар еді. Ал егер ол мәсіхші болмаса ше? Бұл менің оны мәңгілік өмірге ие болу мүмкіндігінен айырғанымды білдіреді! Мен Құдайдан көктегі орнымды оған беріп, мені тозақтың отына тастауын жалбарына өтіндім. Егер бұл оны тірілте алатын болса, мен өз өмірімді аямайтын едім.

Полицияда бізге жанашырлықпен қарады. Ондағылар жағдайды дұрыс бағалауға тырысты. Сот тергеуі менің жылдамдықты арттырмағанымды, жай ғана сол күні жаңбыр жауып, жолдың тайғанақ болғанын және оның үстіне мотоциклде жарық беретін белгілердің болмағанын анықтады. Бірақ та бұл мені еш қуанта алмады. Қалай дегенде де, мен адам өліміне және отбасының қайғысына себепкер болдым.

– Мұның бәріне әйелімнің еш қатысы жоқ, – дедім мен полицейлерге жалбарынып, – өтінемін, оны босатыңыздаршы.

Сараға бұл жерде болудың өте қиынға түсетінін түсіндім. Оны көлігіміз соның атына тіркелгендіктен тұтқындады. Полицейлердің пікірлері бойынша, оның тұтқындалуы маған бәрін тезірек мойындатудың құралы болып табылады.

– Тыңдаңызшы, бұл жай ғана бақытсыз жағдай, – деді маған сержант, бірақ бұл мені мүлде тыныштандыра алмады. – Куәліктердің бәрі сіздің жағыңызда. Қылмыстық қудалау қызметі сізге жеңілдік жасайды.

Мен торыға басымды шайқадым. Бұл мені қызықтырмайтын. Мен жазамды тартуға тиіспін.

– Егер әлгі әйел аман қалғанда, сот тергеуін жүргізуге еш негіз болмас еді, – деді сержант сөзін жалғастырып. – Сізге төнетін бар қауіп, жүргізуші куәлігінен айырыласыз.

Бұдан кейінгі уақыттар біз үшін өте ауыр сынаққа айналды. Адамдармен болған жағдай туралы сөйлесу оңай емес еді. Бұл оқиғаны еске алған әрбір сәт бізге өте ауыр тиетін. Тіпті ең жақын деген достарымыздың өздері болған жайдың тек бір шетін ғана білетін. Қатты соққыны

біз қауымның тарапынан алдық. Қауым мүшелерімен біз өзімізді барынша адал ұстадық, бірақ олардың қолдаулары мен сүйіспеншіліктеріне аса мұқтаж болған кезімізде олар бізден теріс айналды. Жастармен жұмыс істейтін бағушы міндетін менің мойнымнан алып, оны өзге бір бауырға жүктеді. Бұл мен үшін арқамнан пышақ сұққанмен бірдей болды. Мен бауырлар кеңесінің бұл шешімінің себебін түсінуге тырыстым. Бұл менің жан дүниемде ауыр күрестің жүруіне себепкер болды.

Жағдай күн санап шиеленісе берді. Дәл осы уақыттарда, 2000-жылдың 11-маусымында Сара босанып, дүниеге ұл алып келді. Біз оны Этан деп атадық. Өмірімдегі ең қуанышты күн қайғылы жағдайлармен сәйкес келді. Егер мен сотталып кетсем не болады? Сара жалғыз өзі балаға қалай қарайды? Ең жақын адамдарыма қалай көмектесе аламын?

Осылай жарты жыл өткенде біз Лондоннан кетуге бел байладық. Дидкоттан үй таптық, бірақ онда да көп тұрмадық. Жас баламен Сара ата-анасына жақын тұрғысы келді. Біз Эссекске қайтып оралдық. Мен сол жерде Саутэндегі қараусыз балалар үйінде жастардың рухани жетекшісі болып жұмыс істедім. Балалар үйінің директоры Рон Райт маған барынша адал болды. Ол менің тергеуде жүргенімді білетін, бірақ Құдай менің ізгі хабар айту және жастарға қызмет ету тілегіне толы жүрегімді оған ашып берді. Сірә, өмірдің қатал мектебінен өткен менің қараусыз балалармен тіл табыса алатынымды ол түсінсе керек.

Бұл арада Құдай Сара екеуімізге тізе бүккізді. Мәсіхке деген сенімде өсудің, Онымен және бір-бірімізбен қарым-қатынасымызда нығаюдың ауыр кезеңі осылай басталды. Сара әлгі оқиғаға басқаша көзбен қарай бастады. Ал маған Құдай өкінудің, мойынсұнудың және рақымдылықтың көптеген сабақтарын берді. Мен көптеген жылдар бойы өзімнің ізгі хабар айтуға деген үлкен тілекпен алға ұмтылғанымды және тек өз жоспарларымды қолға алып келгенімді түсіндім. Мен Құдайға орын бермедім,

мені Өз еркі бойынша пайдалануына кедергі жасадым. Мен өзіме тым сенімді болдым және өз ойым бойынша Құдайдың сенімін ақтамады деп есептеген адамдарды оңай жазғыратынмын. Өзімнің қандай тайғақ жолға түскенімді тек қазір ғана түсіне бастадым. Сарамен қарым-қатынасымызда екеуміз алғаш рет шын жүректен бірлесіп мінажат ете бастадық. Мінажаттарымыздың тақырыбы мен мазмұны да өзгерді. Бұл енді өзімшіл тілектер емес еді. Енді біз толықтай Оның қолына берілдік және Құдайдан Оның жоспарлары мен мақсаттарын тани білу қабілетін сыйлауды сұрадық. Сараның Құдаймен жүргеніне көп болғанына, менің Оны Кипр абақтысында ғажайып жолмен таныған тәжірибеме қарамастан, біз екеуміз де Құдаймен қарым-қатынасымыздың ең төменгі сатысында жүр едік.

Ай сайын біздің ісімізге қатысты сот отырысы болып тұрды және әр тыңдау кезінде жаңа жағдайлар ашылып отырды. Біз өз қорғаушыларымызбен жиі кездесіп жүрдік. Сара бұл кездесулерді ұнатпайтын. Бүкіл әділет жүйесінің жемқорлығы мені таңдандырмайтын, ал Сара бұдан қатты шошынды. Біздің ісімізге қатысты куәгерлер жалған куәлік айтты, ал қорғаушылар бізге шындыққа мүлде қатысы жоқ нәрселерді айтуға кеңес беретін және мұның бәрі сотта жеңіп шығуымыз қажет нәрселер деп түсіндірілетін. Қорғаушылар мен айыптаушылардан бастап барлығы бір-бірлерімен келісімдер жасасатын.

– Болған нәрсені сол күйінде айтуға неге болмайды? – деп сұрайтын Сара өзінің қорғаушысынан. Ал қорғаушы болса оның аңқаулығына тек күліп қана қоятын. – Біз бір орнымыздан қозғалмай, күнәміздің үстіне күнә жамаудамыз, – деді Сара маған торыға қарап.

Не істеу керектігін менің өзім де білмейтін едім. Бұл жүйені мен Сарадан кем жек көрмейтінмін.

– Маған тағы бір рет түсіндіріп беріңізші, – дедім мен өз қорғаушыма қарап, – мені нақты не үшін айыптайды?

– Ресми айыптау мынандай: көлікті абайсыз басқарудың нәтижесінде кісі өліміне әкеліп соқтырған оқиғаға себеп

болу және сотты адастыру мақсатында жағдайды бұрмалап жеткізу, – деп жауап берді ол маған. – Соңғы мәселе сіздің велосипед мінген әлгі полицейге өтірік айтқаныңызға қатысты, – деп қосты ол. – Мұның сыртында, айыптаушының сізді оқиға орнында қалмағаныңыз және бұл туралы тиісті орындарға хабарламағаныңыз үшін айыптауы мүмкін.

Мен күйінгеннен саусақтарымды қатты қыса бердім.

– Бірақ бұл дұрыс айыптау, Тони, тым болмағанда, біз үміттен алатындардың ішіндегі ең тәуірі, – деді қорғаушым. – Бұл айыптау бойынша ұзақ жылдарға абақтыда отыруға жаза кеспейді. Қалай дегенде де, сізге өлім жазасын бермейді.

– Ал Сарамен не болады? – дедім жаным түршігіп кеткен мен.

Екі қорғаушы өзара кеңесе бастады да, содан кейін Сараның қорғаушысы маған қарап былай деді:

– Егер сіздер тергеуді саналы түрде шатыстырғандарыңызды мойындайтын болсаңыздар, ол жауапкершіліктен құтылады. Оны ақтайтындарына мен сенімдімін.

– Бірақ ол шын мәнінде ешкімді алдаған жоқ қой, – дедім мен түңіліп. – Өтірік айтқан менмін. Сара бір сөз де айтқан жоқ.

Қорғаушылар қағаздарын ақтара бастады.

– Ал полицей жағдайдың керісінше болғанын айтуы мүмкін, – деді олардың бірі. – Сол күні көлігінің қайда екенін сұрағанда ол өзін дәл осы Сараның шатастырғанына куәлік береді.

Бұл сөздерді естіген кезде Сара астыңғы ернін тістелей берді. Қорғаушы оның қолынан сипады.

– Уайымдамаңыз, Сара, сот отырысында бұл туралы айтылады деп ойламамын. Сіздің арыңыз таза, сондықтан ешқандай қиындық туындамауы тиіс.

Біз бір сәтке үнсіз қалдық.

Кенет қорғаушылардың бірі сыбырлай сөйлеп:

– Тони, тағы бір мәселе бар... Оны есепке алмай-ақ қоюға да болады, бірақ сіз ол туралы білуге тиіссіз, – деді.

Оның не жайында айтпақ болғанын мен білетін едім. Бұл жайсыз жағдай осыдан бірнеше апта бұрын болды. Содан бері мен шошыну мен ұяттан өз-өзіме әлі келе алмай жүрмін.

Біздің компанияның жоғары қызметтегі клиенттерінің бірі менен Лондондағы грек мейрамханаларының бірінде өзі үшін іскерлік кездесу ұйымдастыруымды өтінді. Орын алу үшін грек ресторанына қоңырау шалған кезімде бір дөрекі адамға тап болдым.

– Ертең кешке алты адамға орын алып қояйын деп едім, – дедім мен. – Бұл мүмкін бе?

– Әрине, мүмкін, – деп жауап берді ол, – біліп қойыңыз, бұл мейрамхана!

– Маған өте беделді адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелді, – дедім мен. – Маған жақсы үстел дайындап қоя аласыз ба?

– Біздегі үстелдердің барлығы жақсы, – деген ол танауы астынан: – Қызтеке! – деп күбір ете қалды.

– Не дедің?

– Біздегі үстелдердің бәрі жақсы деймін.

– Мен сенің не айтқаныңды естідім. Сенің өзің қызтекесің, мен грекше білемін және мені кім деп атағаныңды түсіндім.

– Ой, оңбаған! Басымды әбден қатырдың ғой, құрышы әрі! – деді ол қызбаланып.

Менің таңданысым ашуға алмасты. Ұзақ уақыт бойына жиналып қалған ол шөлмектен шыққан жындай сыртқа бір-ақ атылды. Грек тілінде оның ата-бабасынан бастап сыбай жөнелдім. Дәл бір есімнен адасқандай болдым. Ұзақ жылдарғы Мәсіхтегі азаттық болмағандай, мен қайтадан бұрынғы Тониге айналдым. Мен оны ең соңғы, ең лас сөздерді айтып боқтадым. Қайғылы жол оқиғасы болған уақыттан бастап жиналып қалған ширығу ашу болып бұрқ ете қалды. Оны айызым қанғанша боқтаған мен ақыры тұтқаны тұғырына лақтыра салдым. Телефон сол сәтте қайта шылдырлады. Бұл жаңағы адам екен, мен оны қайтадан сыбай жөнелдім. Боқтық сөздер мен қорқытып-

үркіту қайтадан қарша борады. Ол телефон тұтқасын қоя салды. Ашуыма ие бола алмаған мен оған қайтадан өзім қоңырау шалдым. Ол тұтқаны бірден қоя салды. Келесі қоңырау полициядан болды. Әлгі дәрекі менің үстімнен полицияға шағымданыпты.

Қорғаушы маған әлдебір құжатты ұсынды.

– Тони, сіздің үстіңізден мынандай мазмұнда шағым түсіпті...

Ұяттан өртенген мен көзімнің астымен Сараға қарадым.

– Сіз үшін мұның түкке тұрғысыз нәрсе екенін түсінемін, бірақ мұндай айыптау жол көлік оқиғасына қатысты негізгі айыпты ауырлата түседі.

Мен орымнан тұрып кеттім. Бәрінің қисыны кетті. Бірақ мен әлі де тек әлгі өзім өмірін қиған бейшара әйел мен жетім қалған екі бала туралы ғана ойлаумен болдым.

Сот 2001-жылдың маусым айының алғашқы күндерінің бірінде болды. Сот отырысының алдында біз қорғаушыларымызбен қысқаша кеңес өткіздік. Олардың екеуі де өздерін сенімді ұстауда, бірақ мен өзімді науқас адам секілді сезіндім және көңіл-күйім болмай тұрды.

– Бекерге мазасызданбаңыз, – деді мұны байқаған менің қорғаушым. – Бәрі жақсы болады. Тек жүргізуші куәлігіңізден айырылатыныңызға және қоғамға пайдасын тигізетін жұмыс істеуге немесе мүлде шартты түрде жаза тартуға кесілетініңізге уәде беремін.

Соттың қарауын Сара екеуміз айыпкерлер орындығында отырып тыңдадық. Арада шамамен бір сағат өткенде сот төрағасы қорытынды шығара бастады, бірақ одан бұрын ол қорғаушылармен көптеген онша маңызды емес жағдайларды талқылады. Мен мазасыздана бастадым. Мұнда не болып жатыр? Сот төрағасы ақырында менің ісім бойынша үкім шығару отырысының әрі қарай тергеудің қажеттігіне байланысты кейінге шегерілетінін жариялады. Мен Сараға қарадым. Ол да дәл мен секілді таңданып отыр екен. Ақырын ғана күлімсіреген ол менің қолымды қысып қойды. Оның жүзі қуарып отыр. Мен оған қандай азап

тарттырдым десеңші! Өзіне осыншама азап шектіргенімді ол кешіре ала ма?

– Сара Энтони, орныңыздан тұрыңыз, – деді сот төрағасы.

Сара орнынан тұрған кезде оның тізелерінің дірілдеп кеткенін байқадым. Мен демімді ішіме тарттым. Сот төрағасы оның жол көлік оқиғасы туралы ести сала полицияға хабарламағаны үшін кінәлі деп табылатынын айтты. Сара үнсіз басын изеді. Сара бойын тік ұстап, күшті болып көрініп тұрғанымен, мен оның қылмыскерлер орындығын бөліп тұрған ағашты қалай тас қылып ұстап тұрғанын байқадым. Мен өзімді өте әлсіз сезіндім.

– Сізге жүз жиырма сағат қоғамға пайдалы істер атқаруға үкім шығарылады, – деді сот төрағасы. – Өтінемін, отырыңыз.

Көздері жасқа толған Сара орындықтың арқалығына сүйеніп отыра кетті. Ол өз-өзін ұстай алды, ал мен ашуым мен абдыраушылығыммен күресумен болдым. Оның қорғаушысына жазғыра көз тастадым. Ол неге бұлай болғанын өзім де білмеймін дегендей басын шайқап қойды.

Біздің ісіміз бойынша келесі сот отырысы 29-маусымда болды. Сараға өткен отырыста үкім шығарылғандықтан, айыпкер орындығында мен жалғыз отырдым. Залдағы адамдарға көз тастаған мен Сараны көре алмадым, бірақ та оның сонда екенін білетіндігім маған қуат берді. Кенет мен айыпкер орындығын бөліп тұрған әйнектің ар жағынан біреудің жүзін байқап қалдым. Дұрыстап көз салған мен оны таныдым. Мен оны бұрын көрген болатынымын. Бұл адам соттың әрбір отырысына келіп отыратын. Ол жасы он сегіздер шамасындағы, қысқа қара шашты жігіт еді. Ол маған көз алмай қадала қарап қалыпты. Мен көздерімді одан бұрып әкеттім және өзімді тамағыма бір нәрсе тығылып қалғандай сезіндім. Сірә, бұл әлгі қаза болған әйелдің баласы болса керек. Шынымен де оны мен жетім қалдырдым ба? Содан соң әйнектің арғы жағынан басқа жүз көрінді. Бұл кішкентай қыз екен. Мен оның бетіне қарай алмадым. Өзімді өте жайсыз сезіндім. Егер қорғаушымының

айтқандарына сенетін болсам, онда мен бұл жерден ақталып шығамын. Бірақ мен ешқашан тыныштана және кінәлілік сезімінен арыла алмаймын. Әлгі баланың жүзін ешқашан ұмыта алмаймын.

Сот отырысы басталды және маған қорғаушыларым өнбейтін іспен әуре болып жатқандай болып көрінді. Олардың айтып жатқандарының бәрін сот төрағасы бұрын естіп алған болатын. Өз қорғаушымның сөздері маған мүлде ұнаған жоқ. Ол жай ғана өзінің жұмысын атқарып жатыр, бірақ мен оны өзімді судан ақ, судан таза секілді етіп көрсетіп жатқаны үшін жек көрдім. Мен әйнектің арғы жағында балалар жайында ойлаумен болдым. Менің кінәм мен жан қиналысымның қаншалықты ауыр екенін ешкім түсіне алмайды. Содан кейін айыптаушы сөз алды. Бұл жолы ол халықаралық полициядан алынған ақпаратты оқыды және бұрын менің Кипр абақтысында отырып шыққанымды жария етті. Менің қорғаушым бұған бірден қарсылық білдірді.

– Мұның бұл іске ешқандай қатысы жоқ, – деді ол.

Сот төрағасы оның қарсылығын қабылдамады да, қорғаушы қайтадан орнына отыруға мәжбүр болды.

Сот отырысы әрі қарай жалғасты. Мен олардың не айтып жатқандарын мүлде дерлік естіген жоқпын. Болып жатқан жағдайдың бәрі маған шынайы емес секілді болып көрінді. Мен Құдайдың алдында кінәлі едім. Менің өлгім келді. Ақыры үкімді оқи бастаған кезде сот залында тыныштық орнай қалды, анда-санда әлде кімдердің өксіген дыбыстары естіледі.

Маған он бес ай абақтыда отыруға үкім шығарды.

15-тарау

Полицияның қара автофургоны Оксфордшир жазығымен зулап келеді. Менің қолдарым кісендеулі еді, сондықтан көліктің темір тормен қоршалған тар бөлігінде тіземді құшақтап отыруыма тура келді. Жан дүниемді ұят сезімі өртеп келеді. Мен кімге айналдым? Егер Майкл Райт мені қазір көретін болса не ойлайтын еді?

Бір әннің сөздері ойымнан шығар емес. Бұл «Кінәні не шая алады?» гимні еді. Мен осы гимннің бір жолының терең мәні туралы ойландым: «Жанды күнәдан тек Исаның қаны ғана тазарта алады». Осы гимнді алғысқа толы жүрекпен айтып жүрген сәттерім есіме түсті. Осы гимннің сөздерінің шынайылығы жаныма қатты әсер етті. Көздерімнен жас парлай жөнелді. Өзімнің бүкіл саналы өмірімді қайта қарап шықтым. Мен бұған лайықта болмасам да, Құдай құтқарған және сақтап қалған күнәһар едім. Ал қазір мен бәрін жоғалтқан секілдімін. Қазір Құдайдың маған не істегені туралы айта алмай қалдым, Иса Мәсіх туралы куәлік айтуға сөз таппаймын. Енді мен қайтадан Құдайдың қаруына айналамын деп үміттенемін алар ма едім? Енді Ол туралы ештеңе айтпауға бел байлады. Жеке өз басым Құдайдан ешқашан бас тартпаймын. Мен үшін Ол дәлелдеуді қажет етпейтін шындық болатын және солай болып қала береді. Бірақ енді мен Иса Мәсіхтің атын атауға лайықты емеспін.

Басымды көтеріп, алдымда отырған өзге тұтқынды көрдім. Автофургондағы тұтқындар тек екеуміз ғана едік. Ол қасына үлкен сақина іліп алған тақыр бас жігіт еді. Ол маған күлімсіреп қойды. Оның бұл күлкісі «саспа, достым, бәрі жақсы болады» деп тұрғандай болды. Ол ештеңе түсінбейтін еді. Мені мазалап келе жатқан абақты емес.

Мен кез келген абақтыға шыдай аламын. Никосиядан кейін Баллингтонның абақтысы маған демалыс үйі секілді болып көрінді. Бірақ менің өз абақтым бар еді. Менің ұят пен күнәға батқан ар-ожданым абақтыға қамалды. Өзімді ешқашан дәл осындай жаман сезінген емеспін.

Баллингдон абақтысы алдағы сегіз айға менің үйіме айналуы тиіс болатын. Абақтыға кірер кездегі барлық шараларды өте жайбарақат өткіздім. Тінту, суретке түсіру, саусақ таңбаларын алу... Мұның барлығы маған өте таныс болатын. Никосиядан айырмашылығы, бұл жер жарық екен және ешқандай жағымсыз иіс жоқ.

Мен екі тұтқын отырған камераға түстім. Күзетшілер маған бұл жердегі тәртіпті түсіндіріп жатқан кезде тұтқындар оларға өз шағымдарын айтып үлгерді.

– Камера емес, қоқыс тастайтын шұңқыр, – деді олардың бірі боқтанып. – Бізге теледидарды қашан әкеледі? Уәде еткендеріне жарты ай болды!

Оларға жыным келді. Сірә, олар өздерін демалыста жүрміз деп есептейді. Никосияның қасында бұл жерді балалар бақшасы деуге болады. Блокпен өтіп келе жатып тұтқындардың бильярд, үстел теннисін ойнап жатқандарын көрдім. Мұнда компьютерлер, теледидарлар, қысқасы, қажеттінің бәрі бар екен. Мен өз төсегіме шығып жаттым. Ол онша кең емес екен, бірақ оның есесіне мұнда қалың көрпе мен жамылғы бар екен және олардың бәрі тап-таза.

Сара мен Этан жайлы ойлауға батылым бармады. Сірә, Сара қазір мені жек көріп жүрген болар. Оған істеген нәрсем үшін мен де өз-өзімнен жиренемін. Оған күйеу болып жетістірмедім. Бұл менің баламның бүкіл өміріне қара дақ болатын шығар.

Сара маған күн сайын дерлік хат жазып тұрды. Киелі кітабымды және басқа да бірнеше кітаптар жіберді. Хаттарында Сара маған жігер беретін сөздер жазатын, бірақ оған жақсы болу үшін онымен кездесуді қаламайтынмын. Үкім бойынша ол жергілікті қайырымдылықпен айналысатын дүкенде жұмыс істей бастады. Әрине,

баламен жалғыз қалған оған ауыр болды, бірақ ол ешқашан шағымданған емес. Этанмен бірге ол әзірше ата-анасының үйінде тұрып жатты және арзан пәтер іздестіріп жүрді. Бұл оңай шаруа емес еді. Мен абақтыда отырғандықтан, үкімет оған жақсы жәрдемақы төлеп тұрды, бірақ жақын маңдағы пәтерлерді жалдауға оның шамасы келмейтін еді. Мен Эссекстегі алғашқы жылдары өзіміз жұмыс жасаған бірнеше отбасын есіме алдым және Сара мен Этанға да соларға ұқсап қиыр шеттен жалғыз бөлме жалдауға тура келе ме деп қорықтым.

Күндер өте берді, бірақ өз ойларыма беріліп кеткен мен ізгі хабар айту туралы ойламадым да. Өзімді «үлгілі» ұстағаным үшін мені жеке камераға ауыстырды. Енді мен аз да болса тыныштықтың рахатын көре бастадым. Аз да болса дейтін себебім, Баллингдонде ешқашан тыныш болып көрген емес. Әсіресе дәстүрлі емес сексуалдық бағытты ұстанатын тұтқындарды негізгі блокка шығарған кезде қиын болатын. Бұл аптасына екі рет болатын. Ол кезде өзге тұтқындарды камераларына құлыптап тастайды. Әлпі тұтқындарды абақтыдағылардың бәрі жек көретін еді. Олар жас балаларды жыныстық қатынасқа мәжбүрлеушілер болатын. Әрине, өзге тұтқындарға мұның бәрі ұнамайтын. Олардың шуларынан менің құлағым бітеліп қалатын еді. Тұтқындар өз камераларының есіктерін тоқпақтап, бар дауыстарымен айқайлайтын, көбірек шу көтеріп, сол арқылы өздерінің оларды қаншалықты жек көретіндерін көрсету үшін қолдарына түскеннің бәрін шағатын.

– Шіркін, осы сұмырайлардың бірімен жеке кездесуге мүмкіндік берсе ғой, – деді Ленни қызбалана жұдырығымен алақанын соғып.

– Бұрын мен туралы да осылай дейтін, – дедім мен.

– Жоқ, сен ол оңбағандар секілді емессің.

– Ұқсаймын.

Жалпы алғанда, мен Леннимен келісетін едім. Осы адамдар мен өз ұлым туралы ойлаған кезде аза бойым қаза болады. Мұндай адамдарға деген жеккөрініш маған

түсінікті еді. Бірақ, екінші жағынан алып қарағанда мен және өзге тұтқындар олардан қаншалықты артықпыз?

Мұндай көзқараспен келісу қиын, бірақ мен «... бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды» дейтін киелікітаптық ілімді білетін едім. Осы сәтте Майкл Райттың күнәні әппақ көйлекке жұққан бір тамшы сиямен теңеген сөздері есіме түсті. Бір ғана тамшы сия – кішкентай, зиянсыз өтірік – көйлекке тамған кезде, көйлек енді таза деп саналмайды. Ол ластанды. Мұндай көйлекті суға салатын болсаң, сия жайылып, үлкен даққа айналады. Мен өз жаным туралы ойладым. Қазір онда үлкен қара дақ бар ғой!

Камераның темір торларына қарап отырып, ойша Кипр абақтысына оралдым және Майклдің кейбір кеңестерін есіме алдым. «Бұл дүние күнәні ешқашан жеңе алмайды», – деді ол бірде. Ол кезде біз кездесу бөлмесінде отырған болатынбыз.

– Біз күнәнің дәрежесін шамасын айқындауға тырысамыз және өзімізден жаманырақ деп есептегендерімізді қамап тастаймыз. – Майкл алға қарай ұсымынып, енді ақырынырақ сөйлей бастады. – Өзіне-өзі әділірек болып көріну үшін қоғам өзінің жауыздығын осындай мекемелерге жасырады, Тони, – деді ол. – Бірақ Құдай бір күнәһарлар мен екінші күнәһарлардың арасынан ешқандай айырмашылықты көрмейді.

– Барлығымыздың да бірімізден-біріміз өткен күнәһарлар екенімізге қарамастан, билік пен айналамыздағы адамдардың бізге қоқыс үйіндісіне қарағандай қарайтындарына күмәнім жоқ, – дедім мен оны қолдап.

– Иә, Тони. Құдайдың көз алдында біз дәл осылаймыз. Біз кез келгеніміз, мейлі, ол – қылмыскер немесе қылмыскер болмасын, Құдайдың алдында күнәһар және сондықтан Одан ажырап қалғанбыз.

– Бірақ кейіннен Иса келді ғой?

– Сен ең бастысын түсіндің, – деді Майкл күлімсіреп. – Мәсіх Ғолғотада өлген кезде, Ол бүкіл дүниенің күнәсін

Өзінің мойнына алды, өткендегі, қазіргі және болашақтағы күнәлардың бар ауыртпашылығын көтерді. Тек Исаның осы ерлігінің арқасында ғана біз кешірім алудан үміттенеміз. Бізге күнәларымыз үшін өзіміз лайықты құн төлеудің немесе абақтыда отырып шығудың қажеті жоқ. Бәрі үшін Иса құн төледі.

Майклдың өзінің ирландтық сөйлеу мәнерімен бұл туралы қалай қызбалана айтқанын есіме алып күлімсіреп қойдым.

– Дәл осы себептен қазір сен мен секілді азат адамсың, Тони, – деді Тони күлімсіреп. Ол менің өзін жақсы түсінетінімді білді.

Сол кезде маған бәрі үлкен мағынаға толы секілді болып көрінді. Бір қызығы, мәсіхші болу кейін, еркіндікке шыққан кездегіден гөрі, Кипр абақтысында оңайырақ болды. Ол кездегі менің бар қалайтыным – бұл маңайымдағыларға Мәсіх туралы әңгімелеу еді. Ал бұл тілегім қашан өзгеріске ұшырады?

Бірде, камерамда Киелі кітапты оқып отырған кезімде маған Даррен Браун келді. Бұл Баллингдон абақтысына менімен бірге жеткізілген жігіттің дәл өзі болатын. Мен дереу Киелі кітабымды жастықтың астына жасыра қойдым.

– Сен не оқып отырсың? – деп сұрады ол.

– Ерекше ештеңе емес, – деп жауап бердім мен құлықсыз.

Ол туралы айтқым келген жоқ. Даррен менің төсегіме жайғасып отырды.

– «Ерекше ештеңе емес» деген не? – деп сұрады ол. – Анайы суреттері бар кітап немесе соған ұқсас бір нәрсе ме?

Оның бұл сөзі менің ашуыма тиіп кетті.

– Шын мәнінде бұл Киелі кітап, мен жай ғана Киелі кітапты оқып отырмын, – деді біршама дөрекі үнмен.

– К-и-е-л-і к-і-т-а-п-? – деді Даррен дауысын созып. – Сен не, діндарсың ба? Әлгі, қалай еді... мәсіхшілердің бірісің бе?

– Жоқ, мен енді мәсіхші емеспін... Мен абақтыда отырмын.

– Қойшы, бауырым, бәрі де қателік жасайды.

– Бірақ мұны мен үнемі есімде ұстауға тиіс едім.

– Киелі кітабыңнан не оқыдың? Қызық па, өзі? – Даррен маған сұрақтарды жаудыра бастады.

Мен одан әрмен ашуландым. Ол неге мені жайыма қалдырмайды?

– Шаруаң қанша? – дедім мен. – Бұл туралы сенімен сөйлескім келмейді.

– Жарайды, ашуланба. Мен жай ғана сұрадым... – деді ол орнынан тұрып жатып.

Оған бекерден бекер тиіскенім басыма енді жетті.

– Жарайды, – дедім құлықсыз, – мен қазір ғана Жохан жазған ізгі хабардан өзімнің сүйікті аятымды оқыдым. Сегізінші тараудың отыз алтыншы аяты, онда мені азат еткен Иса жайында айтылады.

Наразылығым дауысымнан әлі де білініп тұрған еді және Даррен мұны жақсы түсінді. Кетіп бара жатып ол маған былай деді:

– Сабаңа түскен кезде теннис ойнауға кел, жарай ма?

Ол шығып кетті, ал мен торыға жұдырығымды түйдім. Менің сенімім... Ол туралы ешкіммен сөйлескім келмеді.

Арада үш күн өткенде Даррен тағы да қонаққа келді. Екі езуі екі құлағына жете күлімдеген ол бұл жолы төсектің жиегіне тізе бүкті.

– Не болғанын ешқашан таба алмайсың, бауырым!

– Не жайында айтып тұрсың? – дедім мен күліп. Оның қуақы жымыиысы менің қызығушылығымды тудырды.

– Өткен жолы сенен кете салысыммен үлкен қолайсыздыққа тап болдым.

– Не болды?

– Киелі кітап алу үшін мен бірден абақты шіркеуіне бардым. Сен Киелі кітаптан не оқығаныңды айтпай қойдың ғой, сондықтан оны өзімнің оқығым келді, – деді ол.

Мен иегімді сипалап отырып оған мұқият қарадым. Қызық, ол не айтады екен? Даррен сөзін жалғады:

– Мен діни қызметкерден Киелі кітап беруін өтіндім. Ал ол болса мен Киелі кітапты шылым орау үшін сұрап тұр

деп ойлаған болуы керек. Әрине, ол маған ештеңе берген жоқ, бірақ ол теріс айналған кезде мен Киелі кітапты лып еткізіп ұрлап алып, кеудешемнің ішіне салып қойдым.

– Тек содан соң мені ұстап алды деп айта көрмеші.

– Иә, мені үсті-басымды тінгті де, Киелі кітапты тауып алғаннан кейін бір тәулікке карцерге қамап қойды.

– Ал керек болса!

– Бірақ та ең қызығы, олар бәрін тауып алған жоқ! Тағы бір Киелі кітапты мен шалбарымның ішіне салып алған болатынмын, – деді ол көздері жайнап.

Бұған күлмеу мүмкін емес еді.

– Сондықтан карцерде ішім пысқан жоқ, – деді ол. – Менің сен одан сен айтқан орынды тапқым келді. Бірақ оны қайдан іздерімді білмедім. Сенің кім туралы айтқаныңды есіме түсіруге тырыстым. Себебі мен Киелі кітапты бұрын ешқашан қолыма ұстап көрмеген болатынмын. Жақып па еді, Жохан ба еді, әлде, Джек пе еді...

– Ол Жохан жазған ізгі хабар болатын, – дедім мен.

– Қазір оны өзім де білемін, – деді Даррен күлімдеп. – Мен көрші камераның қабырғасын тықылдаттым:

«Әй, бауырым, сен Киелі кітаптан бір нәрсе білесің бе?» Ал ол маған былай деп жауап берді: «Иә, мен мәсіхшімін. Ал сенің не жайында білгің келеді?» Мен оған сенің өзіңді азат еткен Иса жайында айтқаныңды айтып бердім, сонда ол маған: «Жохан жазған ізгі хабарды қара», – деді. Мен кітаптың мазмұнына қарадым да, әлгі тарауды басынан бастап оқи бастадым. Басқа істейтін ісім де жоқ еді. Жиырма төрт сағат бойы төбеге түкіріп жатпаймын ғой, – деді Даррен күліп. Алғашында мен ештеңе де түсінбедім, Тони. Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді... Құдды бір жаңылтпаш дерсің. Бірақ содан кейін түсінікті бола бастады... Иса суды шарапқа айналдырды және онда тағы біреу болды... әлгі... құдық басындағы самариялық әйел... Бірақ ол әйелдің күйеулерінің көп болғанын Исаның қайдан біліп қойғаны түсініксіз. Қызық қой, солай емес пе?

– Қызық болғанда қандай, – деп келістім мен жайбарақат, – бұл шынымен де қызық.

– Осылайша мен бүкіл кітапты оқып шықтым. Сен айтқан орынды да таптым, – «Сонымен егер Құдайдың рухани Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар». Мен кітапты оқи бердім, оқи бердім, ал содан соң ойлана бастадым.

Даррен менің пікірімді білгісі келгендей кідіріп қалды.

– Мен түсінген секілдімін, достым. Мен бұл орынды шынымен де түсіндім, – деді ол. – Мен Иса туралы оқып шықтым және Оған сенім арттым. Тіпті, кеше кешкісін Онымен сөйлестім де. Сонда, енді мен – мәсіхшімін бе?

Аң-таң болған мен қаққан қазықтай болып тұрып қалдым. Мен Дарренді қуып жіберу үшін мүмкін болғанның бәрін жасадым, бірақ қарсыласқанымға қарамастан, Құдай мені Өзінің қаруы еткенді қалайтынын көрсетті. Ол маған: «Міне, қазір сен қайғырып, әлсіз болып жүрсің және Мен сен арқылы өз істерімді атқара аламын», – деп тұрғандай болды.

Дарреннің:

– Сен жылап тұрсың ба, бауырым? – деген үні ойымды бөліп жіберді.

Мен асығыс дымқылданған көздерімді сүрттім. Оған тіпті не айтарымды да білмедім, бірақ оның сөйлескісі келді. Сөйтіп біз ұйықтайтын уақыт болғанша әңгімелестік. Даррен өзі туралы айтты. Ол Жетім өсіпті. Оны әр отбасы бір асырап алып жүріпті, ал өскен кезінде оның полициямен қиындықтары басталған. Абақты оның туған үйіне айналған. Бұл оның осында бірінші рет отыруы емес екен. Бұл жолы оны құрбысын бір жігіттен қызғанып, оның басынан шөлмекпен ұрып жарып жібергені үшін соттапты.

– Осыдан кейін құрбым мені тастап кетті, – деді Даррен, – және қазір сонымен көңіл көтеріп жүргенге ұқсайды.

– Кел, осы туралы мінажат етейік, – деп ұсындым мен.

Даррен қатты толқыды. Менімен бірге мінажат ету ол үшін қиын шаруа еді.

– Мен қалай мінажат ету керектігін білмеймін, – деді ол.

Мен басымды идім де, жаңа ғана Дарреннің маған сөйлегеніндей Құдаймен сөйлесе бастадым. Осыдан кейін Даррен екеуміз көп күндерімізді бірге өткіздік. Ол менен бірге мінажат етуді жиі өтінетін. Біз

Киелі кітапты оқып үйрене бастадық. Мен Никосиядағы достарыммен өзімді осылай ұстайтынмын.

Дарреннің өмірі оңай емес болатын. Ол есірткіге тәуелді еді. Ал абақтыда есірткі табудың еш қиындығы жоқ болатын. Тексерулер жиі жүріп тұратынына қарамастан абақтыдағылардың көпшілігі есірткі қолданатын. Қандарынан есірткі табылған жағдайда нашақорлар рақымшылыққа ілігу, мерзімінен ерте босап шығу құқықтарынан айырылатын және тіпті қайтадан сотталып жататын. Бұл көптеген тұтқындардың өмір салттарына айналып кеткен. Даррен өзінің осы тәуелділігінен шын мәнінде азап шегетін. Гашиш оның миын кептіре бастаған. Нашаны он екі жасынан бастап шеге бастаған ол қазір күйзеліске ұшырап, көзіне қос көрінетін болған. Мен оны нашаны тастауға үгіттеп, есірткі сатқыштардан аулақ ұстауға тырыстым және оның сауығуы үшін мінажат еттім. Кейде ол бірнеше апта қатарынан есірткі қабылдамай жүретін. Бұл ол үшін үлкен табыс болатын. Мен оған көмектесуге барынша тырыстым. Себебі мені Құдаймен тиісті қарым-қатынас жасауға қайта алып келген адам дәл сол еді.

Онымен араласа жүріп мен Ізгі хабарды құпия ұстауға ешқандай құқымның жоқ екенін түсіндім. Маған Құдайдың мен арқылы әрекет жасауына ерік беру қажет еді. Мұның сыртында, мен бәрінің өз уақытында іске асуы тиіс екенін түсіндім. Енді ешқандай кең көлемдегі ізгі хабар тарату жұмысын жүргізудің қажеті жоқ. Өзіме, өз күшіме сенім арту да қажет емес. Мен басымды төмен салып, Құдайдың алдында тәубеге келуге тиіс едім. Менің мінажатым өмірім түбегейлі өзгеруі тиіс. Мен бұрын мінажатқа тиісті дәрежеде көңіл аудармағанымды түсіндім. Мұндай қызметке менің үнемі қолым жетпей, уақытым болмай жүрді.

Мінажаттарым қалауларымның тізімін еске салатын. Мен оларды Құдайға қойып, содан кейін олардың орындалуын күтетінмін. Бір қызығы, осы уақыттың бәрінде Құдай менің тоқтап, жай ғана Оның қатысуында болғанымды қалады. Мен бәрінен де Құдайды тыңдап, уақытымды Онымен бірге өткізуге мұқтаж болғанымды енді түсіндім.

Мен ұстараны алып, қағаздан айқыш ойып алдым да, оған өзендері, ағаштары мен шөптері бар таудың көрінісінің суретін салдым. Содан соң тіс шаятын пастамен оны терезенің әйнегіне жапсырып қойдым. Менің камерам бірінші қабатта болатын және оның терезесі тұтқындар жұмыс істейтін ішкі аула жақта болатын. Мен камерамды өте таза және жинақы ұстадым. Бұл ізгі хабар айтудың бәсең, қарапайым түрі еді. Тұтқындармен өзімде бардың бәрін бөлісуге серт бердім және олардың әрқайсымен ашық, достық көңілде болдым.

Біртіндеп адамдар менен кеңес сұрап келе бастады. Тұтқындарға да, күзетшілер мен абақты басшыларына да өзім туралы әңгімелеу оңай болды. Менің Баллингдонге қалай келгенім туралы естігенде олардың көпшілігі қатты таңданатын. Олар жолда болған жай ғана бақытсыз жағдайдың осындай үкім шығаруға қалайша негіз болғанын түсінбейтін еді. Мені жиі «кінәсіз зардап шегуші» деп атайтын. Бұл менің мәсіхші екендігіме қарамастан қателіктер жасауға қабілетті екенімді мойындауыма жиі мүмкіндік беріп отыратын.

– Менің ойымша, бұл нағыз менің орным, – дейтінмін мен. – Осында келуіме кезекті сабақ беру үшін Құдай жол берді.

Арада көп өтпей бәрі мені «бағушы», ал кейде «үміт сатушы» (абақтыдағы «есірткі сатушыларға» қарамақайшы) деп атай бастады.

Қырық минутқа созылатын ауладағы күнделікті таңертеңгілік жаттығу кезінде мен Мәсіх туралы куәлік айтуға мүмкіндік алатынмын. Бірде адам өлтіргені үшін жазасын өтеп жатқан Найджел Питерс жаныма келді.

Ол жасы отыздар шамасындағы тақыр бас, таза қырынып жүретін адам болатын. Ол ешқашан шылым шекпейтін және күнделікті жүгірудің арқасында өз денесін жақсы қалыпта ұстайтын. Біз асықпай қатарласа жүріп, бір-бірімізге өз өміріміз жайлы әңгімеледік.

– Мен сенің өзгелерге ұқсамайтыныңды байқадым, – деді ол. – Өзгелердің бәрі жасаған қылмыстарын айтып мақтанып жатады. Ал менің естуім бойынша сен тек Құдай туралы ғана айтасың.

Мен оған қарап жай ғана күлімсіреп қойдым.

Екі күннен кейін мен жаттығу залынан шығып келе жатқан Найджелмен кездесіп қалдым. Оның бетінен тер моншақтап ағып тұр.

– Қалай, жақсы жаттықтың ба? – деп сұрадым мен одан.

– Шынымды айтсам, бәрінен шаршадым, – деп жауап берді ол. Маған ол шынымен де шаршаулы және көңілсіз болып көрінді.

– Менің абақтыда отырғаныма он төрт жыл болды, Тони. Қажетсіз жерге ешқашан басымды сұқпайтынмын. Ал енді менің кімге айналғанымды қарашы.

Нейджелді Баллингдонге жақында ғана өзге абақтыдан әкелген болатын. Ол жердің тәртібі мұндағыға қарағанда босаңдау болыпты. Онда ол аптасына бір рет демалыс алып тұрыпты, бірақ кейін блогындағы нашақорлармен болған қолайсыздықтардың кесірінен жеңілдіктерінен айырылыпты.

– Бірде кешкісін солардың бірімен сөйлесе қалып едім, бітті – бар жеңілдіктерімнен айырылдым, – деді ол. – Сонда жынданып кете жаздадым. Сондықтан мені осында ауыстырды. Мерзімім біткенше демалыс алудан еш үміт жоқ, ал бұл әлі үш жарым жыл ешқайда шықпай қамалып отыру дегенді білдіреді.

Біз біраз уақыт үнсіз жүрдік.

Кенет ол күтпеген жерден:

– Осындай нәрселер болып жатқан кезде дүниеде Құдай бар деп қалай айтуға болады? – деді.

Мен біраз ойланып тұрдым да, содан соң:

– Кел, мен саған бір астарлы әңгіме айтып берейін, – дедім.

– Жарайды, айт, тыңдайын.

– Бір кеме су асты тастарына ұрынып, апатқа ұшырайды. Кемедегі адамдардың ішінен тек біреуі ғана аман қалады. Ол қандай да бір жолдармен адам тіршілік етпейтін аралға кез келеді және өзінің қандай қиын жағдайға тап болғанын тек сонда ғана түсінеді. Сонда ол Құдайға жалбарына мінажат етеді, бірақ ештеңе болмайды.

– Егер ешқандай Құдай жоқ болса, ол нені күтеді? – деді Нейджел менің сөзімді бөліп.

– Сонда ол күн мен жауыннан қорғану үшін лашық жасап алады, – дедім мен әңгімемді жалғастырып. – Бірде азық іздеп кеткен ол қайтып оралған кезде лашығының өртеніп жатқанын көреді. Түсте күн қатты қызған кезде шатырын жапқан сабан тұтанып кетсе керек. Бейшара адам жанып жатқан соңғы үмітіне қарап тұрған ол қатты қапаланады. «Құдайым-ау, бұған қалайша жол бердің?» – дейді ол көкке қарата жұдырығын түйіп. Сол түні суықтан және үрейден қалшылдаған күйі ағаш астына түнеп шығады. Таңертең ол адамдардың дауысынан оянып кетеді. «Мені қалай таптыңдар?» – деп сұрайды ол таңданып. «Біз түтінмен берілген белгіні көрдік», – деп жауап береді әлгілер.

Мен әңгімемді аяқтаған кезде Нейджел тек мырс етіп қана қойды.

– Кейде Құдайдың сүйіспеншілігі бізге Оның жек көргені сияқты болып көрінеді, – дедім мен. – Біз Оның өз өмірімізде кейбір жаман жағдайлардың болуына неге жол беретінін үнемі түсіне бермейміз. Оның мені неге осы абақтыға түсетіндей етіп жасап қойғанын мен де түсіне алмадым. Өзіңнің жеңілдіктеріңнен неге айырылып қалғаныңды қазір сен де түсінбей тұрсың. Бірақ та маған сенің соңғы үмітің – бұл сенің түтінмен берілген белгің секілді болып көрінеді.

– Мүмкін, мүмкін... – деп жауап берді Нейджел.

– Тыңда, Киелі кітаптағы Римдіктерге жолдаудың сегізінші тарауының жиырма сегізінші аятында мынандай сөздер бар: «Тағы да мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді өз мақсатына сай таңдап алды». Яғни, Құдайды сүйетін адамдардың өмірлерінде болып жатқан нәрселердің бәрі олардың пайдасына қызмет етеді. Егер сен Иса Мәсіхке сенім артатын болсаң, қазір басыңа түскен ауыр жағдайдың өзінде сен зиян шекпейсің. Осы жағдайлар, дәл осы қазір Құдай сенің пайдаң үшін әрекет етіп жатыр.

Нейджел қалшыып тұрып қалды. Маған бұл сөздер оның жүрегіне қозғау салып кеткендей болып көрінді.

– Ол сені жақсы көреді, Нейджел, Ол сенің қамыңды өз баласының қамын ойлағандай ойлайды.

Нейджел маған қарап:

– Астарлы әңгімең үшін рахмет, – деді де, ақырын басып бұрылып кетті.

Келесі күні ішкі ауламен келе жатқан кезімде Нейджел артымнан қуып жетті.

– Тони, кешегі сен айтқан астарлы әңгіме ойымнан кетер емес, – деді ол. – Өзіммен ештеңе істей алар емеспін. Өзіңнің Құдайың туралы тағы да айтып берші.

Мен Мәсіх және Оның Ізгі хабары туралы куәлік айттым, бірақ мен оған тек құтқарылу туралы айтып қана қоймауға тиіс екенімді жақсы түсінетін едім. Мен мәсіхшілік өмірдің қиындықтары туралы өте жақсы білетінмін.

– Құдай сені азаптарыңнан арылтпайды, – дедім мен Нейджелге. – Бірақ Ол сені дәл осы қайғы-қасірет кезінде жақсарт алады. Жағдайы жақсы болып тұрған кезде адамның Құдайға үміт арта қоймайтынын мен өз өмірімнен жақсы білемін. Мен мұны үлкен қиындықпен түсіндім, Найджел, бірақ бәрібір Оның мені осында алып, келіп, осы шындықты түсіндіргені үшін Құдайға күн сайын алғысымды айтамын.

– Менің бойымда сенімнің бар екеніне күмәндімін, Тони...

– Күмәнданба, достым, – дедім мен оған қарсы болып. – Тыңда. Сен бүгін таңертең ұйқыңнан ояндың. Ауамен тыныстадың және немен тыныстап жатқаның туралы ойлаған да жоқсың. Біз ауаны көре алмаймыз! – Найджел күлімсіреп қойды, ал мен әңгімемді әрі қарай жалғадым. – Орындыққа отырар кезде сен оны айналдырып қарап, оның өзінді көтере алатынын тексеріп жатпайсың ғой. Жоқ, сен олай істемейсің. – Осы тұста Найджел күліп жіберді. – Құдаймен де дәл осылай, – дедім Найджелдің көздеріне тура қарап. – Ол осында, саған тек осыған сену қажет.

Найджел көздерін көкке тігіп отырып қалды.

– Бірде бір балақай аспанға қағаздан жасалған жыланды ұшырды, – дедім мен оған. – Күн бұлыңғыр болатын. Оның жанына атасы келіп: «Мұнда не істеп жүрсің?» – деп сұрады. «Қағаздан жасалған жылан ұшырып тұрмын». «Мен ешқандай жылан көріп тұрған жоқпын», – деді атасы оның қытығына тимек болып. Басын жоғары көтерген бала да оны көре алмады. Азырақ ойланып қалған бала атасына былай деді: «Иә, сен дұрыс айтасың. Жылан көрінбейді, бірақ ол анық сонда. Мен оның сонда екеніне сенімдімін. Себебі мен жіптің қалай тартылып жатқанын сезіп тұрмын ғой». – Найджел, егер сен Мәсікке сенім артатын болсаң, онда Онымен осы байланысты сезінетін боласың.

Сол күні кешкісін Найджелге хат жаздым. Онда мен серуен кезінде оған айтқандарымның бәрін жаздым және Киелі кітаптан аяттар қосып, оған көмегін тигізе алатын тұстарын оқуға кеңес бердім. Менің хатымды алғаннан кейін арада көп өтпей Исаға деген берік сенімге ие болды. Мен Баллингдон абақтысынан босап шыққаннан кейін оны Челмсфордке ауыстырды. Мен оған сонда әлі күнге дейін барып тұрамын.

Тұтқындардың ішіндегі ең бірбеткейлері Балла мен Фергюсон болатын. Бірақ арада көп өтпей-ақ олар да ішкі аулада бізбен бірге серуендейтін болды. Балла Лондонның ең кедей батыс бөлігінен шыққан еді. Ол өте қайратты жігіт болатын. Сыртынан қарағанда оның мойны жоқ секілді

болып көрінетін. Құдды бір ауыр салмақты боксшы дерсің! Еркіндікте жүрген кезінде ол қарыздарды қайтарумен айналысатын агент болып істеген, ал абақтыға өзге ұлт өкілдеріне қатігездік көрсеткені үшін түскен. Оның бүкіл отбасы фашистік идеяға көзсіз сенетін. Бұл әдеті оған ана сүтімен сіңді десе де болады.

Балламен ешкімнің байланысқысы келмейтін, сондықтан оған ешкім қолайсыздықтар туғызған жоқ. Есесіне бәріне, әсіресе қара түстілер мен аралас қанды тұтқындарға ол күн көрсетпейтін. Оған тоқтау салуға тырысқан абақты қызметшілерінің бірі оған менің құжаттарымнан кейбір мәліметтерді жеткізеді. Бұл құпия ұсталуға тиісті ақпарат, бірақ абақты қызметкерлері өз пайдалары үшін оларды жиі өздері таратып отырады. Олар менің кун-фудан үш дүркін әлем чемпионы болғанымды білетін және олар Халықаралық полициядан мен туралы мәліметтер ала алатын.

– Мұнда оны Бағушы деп атайды, бірақ бұл жігіт бүкіл дүние жүзіне әйгілі. Ол сенің мойныңды жалаңаш қолымен ақ бұрай салады, – дейді әлгі қызметкер Баллаға.

Балла мені көруге құмартады. Сірә, оған менің таза қанда ақ нәсіл еместігім маза бермесе керек. Бұған қоса оның кун-фу туралы көбірек білгісі келеді. Менің өткенім туралы сыбыстар абақтыға лезде тарап кетті. Мен өмірімнің бұл бөлшегі туралы айтқанды ұнатпайтынмын, бірақ тұтқындардың көпшілігі, әсіресе Балла секілді дүлейлер мені осы үшін құрметтейтін. Сірә, олар мен секілді адам неге өз тамағымен бөліседі, өзге тұтқындардың хат жазуларына көмектеседі және неге тілек білдірген әркіммен бірлесіп мінажат етеді деп таңданатын болса керек.

– Қара, мен кун-фуды үйреніп алған секілдімін, – деді ол бірде аула ішінде серуендеп жүрген кезімізде маған соқтығып. Сөйтті де ол аяқ-қолдарын сермеп, соққылар жасаған түр көрсете бастады.

– Несі бар, Будда маған ұнайды. Мен аса діншіл емеспін... бірақ сен үшін оның өте маңызды екенін білемін. Менің де

мұнымен жақын танысым келеді – буддизм бе еді, әлде, шамандық па?

Мен тоқтап, оның көздеріне тура қарап:

– Иә, сен ең бастысын аңғара біліпсің, достым, – дедім нық үнмен.

Балла аздап сасып қалды.

– Сенің айтып тұрғаның тұмаңды нәрсе, өзге ештеңе де емес! Діннен ешқандай пайда жоқ. Өңшең өтірік.

– Сабаңа түс, Тони.

– Жоқ, маған құлақ сал. Таразының бір басында Құдайға деген сенім, ал екінші басында – әлемнің бүкіл діндері. Мен жалғыз Жаратушы Құдайға және Оның Ұлы – Иса Мәсіхке сенемін. Өзі туралы тек Иса ғана: «Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды», – дейді.

– О-о, бұл аздап тәкаппарлау естіледі екен!

– Бұл тәкаппарлық емес, шындық. Киелі кітапта, Қорынттықтарға бірінші жолдаудың сегізінші тарау, алтыншы аятында бәрінің бастауы бізге бәрін беретін Құдай Әке және Иеміз Иса Мәсіх екендігі жайында айтылады. Балла, сен шындықпен таласуға және оны адамдар ойлап тапқан ілімдермен араластырып, бұрмалауға тиіс емессің.

Біз қайтадан қатарласа жүрдік. Бір кезде Балла:

– «Миллуолл» мен үшін қандай болса, сенімің сен үшін дәл сондай екен, – деді.

– Не жайында айтып тұрсың, Балла?

– Тыңда, «Миллуолл» - ең мықты команда, солай ма? Жалғыз және қайталанбас команда. Ал өзгелері – жәй, болмашы нәрселер.

– Жалғастыра бер, – дедім мен. – Не айтады екенсің, естийік.

– Сен үшін бұл сенің сенімің және Исаң. Ал мен үшін – «Миллуолл» футбол клубы. Түсіндің бе?

Уақытымды бекерге өткізіп жатырмын деп ойладым, бірақ онымен бірге мен де күлдім.

– Жоқ, жоқ, сен ештеңе түсінбедің...

– Нені түсінбедім?

– Мен үшін Иса ермек немесе пайда әкелетін іс емес. Мені Исаға сенің футболға немесе өзге біреудің шахматқа, не биге берілгені секілді берілген деп айтуға болмайды... Мен үшін Иса – бәрі. Ол жақсы дос қана емес. Ол – менің өмірімнің негізі. Ол – өмірдің өзі. Мұның қабылдау немесе қабылдамау – сенің шаруаң, бірақ бұл солай. Аспанның көк екеніне, ағаштардың – жасыл екеніне қалай сенімді болсам, бұған да дәл солай сенімдімін. Бұл ойымнан мені ешкім немесе ештеңе де айныта алмайды. Бірақ мен мұны басқалардың да білгендерін қалаймын. Бұл өмір мен өлімнің мәселесі.

– Сенің сүйікті тақырыбыңды тауып алғаныңды көріп тұрмын! Солай-ақ болсын, сен бұған сенесің, бірақ бұл сенің сенімің.

– Менің ғана емес, сенімге қадам жасап, өздері үшін шындықты ашқан миллиондаған өзге де адамдардың сенімдері.

– Иә, бірақ олардың ішінде мен жоқпын...

– Жарайды. Сен достарыңмен бірге бір дәмханада үлкен футбол жарысын тамашалап отырсың дейік. Төреші айып добын белгіледі, бірақ дәл осы сәтте сенің дәретханаға барғың келіп кетті. Сен шығып кетуге мәжбүр болдың, ал бұл арада қақпаға соққы жасалды және сендердің қақпашыларың допты ұстап алды. Сен жүгіріп келген кезде достарың айқайлап, бір-бірлерін құшақтап қуанысып жатты. Олар жаңағы соққыны және қақпашының допты қалай қақшып алғанын көрді. Бұл өте тамаша көрініс болды. Ондайды сен ешқашан көрген емессің. Қақпашы бүкіл команданы құтқарып қалды! Мұндай көріністі жіберіп алғаныңа қатты өкініп тұрсың. Бірақ сен бұған күмәнданасың ба? Әрине, жоқ! Өзің көрмесен де, бұған сенесің. Достарың тек осы туралы айтып жатқандықтан, сен бұған сенесің. Сен бұл жерде болған жоқсың, бір қақпашы бүкіл команданы құтқарып қалған ең керемет көріністі көре алмай қалдың. Бірақ достарың мұны көрді, сондықтан да сен бұған сенесің.

– Енді түсінікті. Менің өз көзіммен көрмегендігім мұның олай еместігін білдірмейді. Сен Исаның бар екенін айтасың, Оны көрмесем де, мұның солай екені рас шығар.

– Дұрыс айтасың. Мен саған айқышта сен және мен үшін өлген кезде Исаның бізге құтқарылу сыйлағаны туралы айтамын. Бір адам осы жайында айтқан кезде мен бұған сендім. Енді мен Исаның құтқартынына сенемін, бұған өзімнің көзім жетті. Мен құтқарылғанымға өмірімнің ақырына дейін қуанып өтемін.

– Менің әлі дәретханада отырғанымды айтқың келе ме?

– Жоқ, Балла, мен саған Иса туралы айтқан кезде сен ол жерден шықтың. Енді саған сөреге жақындап, тегін сыраны алу қажет.

– Міне, бұл енді басқа әңгіме! Ақыры сен адамша сөйледің-ау!

– Иә, онда саған саптыаяқ дайындап қойды, – дедім мен күліп.

Балла мені түсінді. Одан кейін де біз жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Мен оның шындықты табуы үшін әлі күнге дейін мінажат етемін.

Фергюсон да дәл сондай «қатты жаңғақ» болатын. Қара нәсілді жігіт, Балланың билік жолындағы бақталасы. Ол ас дайындайтын блокта жұмыс істейтін. Бірде ол да маған келді:

– Ей, Тони. Мен сені мәсіхші деп естідім.

Мені аяқпен бір тебейін деген ойы бар ма деп қауіптеніп, сәл кідіріп қалдым. Оның соққысын қалай жақсырақ қайтарсам екен?

– Иә, солай, – дедім мен оған қорқынышымды сездірмеуге тырысып.

Оның әрекеті мені бір шама таңдандырып тастады.

– Қазір ғана менің әйелім қайтыс болды, – деді ол.

Мен дереу бойымды жиып алдым. Сонымен, ол бар ашуын менен алғысы келеді. Бір секунд өтті... екі... үш... Мен оның қолын иығыма қойғанын сездім.

– Ол үшін мінажат етесің бе? – деп сұрады Фергюсон.

– Әрине, мінажат етемін, – дедім мен, – бірақ мен сондай-ақ Құдайға сен үшін де мінажат ететін боламын, себебі Ол сені тірі қалдырды ғой.

Біз әңгімелесе бастадық. Ол балаларына қатысты өз қорқыныштары мен уайымдарын айтты. Менің қолымнан бар келетіні, бұл онымен бірлесіп мінажат ету еді. Фергюсон мұны ризашылықпен қабыл алды.

Осы оқиғадан кейін Фергюсон өзі кезекші болған кезінде маған үнемі қосымша тамақ әкеліп жүретін болды.

Тұтқындардың барлығы істеуге ұмтылатын жұмыс – бұл «қызыл шүберекпен» жұмыс болатын. Оларға аптасына бес фунтқа дейін ақша төлейтін. «Қызыл шүберектерге» блоктан тыс аумақтарды тазалау жұмысы сеніп тапсырылатын. Олар ешқандай бақылаусыз барып-келіп жүре беретін. Бастықтар тұтқындарды бұл жұмысқа қойған кезде айырықша сақтық жасайтын. Абақты айнала биік қабырғамен қоршалған болатын, бірақ одан өтіп кету аса үлкен қиындық тудырмайтын еді. Бұл жұмыс мен үшін Құдайдың сыйы іспетті еді. Оның жеңіл және таза жұмыс деп айтуға келмейтін, бірақ мен таза ауада оңаша жұмыс істеуден үлкен ләззат алатынмын. Сыпырғыш пен қалақшаның көмегімен мен күніне тек өз бөлімімнен ғана жиырма қапқа дейін қоқыс жинайтынмын. Баллингдон «В» дәрежелі, яғни, қатаң режимдегі абақтылардың қатарына жатады. Бірақ бір таң қаларлығы, бұл жердегі адамдар қалаған нәрселерінің бәріне қол жеткізе алатын. Екі қабатты абақтының терезелері аулаға қарап тұрады. Тұтқындар терезелерден аулаға бір рет қана қолдануға арналған инелер, мүшеқаптар, шіріген жемістер, шөлмектер, газеттер және кейде өз нәжістерін лақтырып тастайтын. Адамдардың кейбірі өздерін айуаннан да әрмен ұстайтын.

Менің алып жүрген жеңілдіктеріме қызғана қарайтындар да табылатын. Ондайлар маған терезеден қолдарына түскен нәрселерді лақтыратын, кейде қайнап тұрған суды да шашып жіберетін. Мұндай нәрселерден сақтану қиын

еді, сондықтан да мен жұмыс істеп жүрген кезде үнемі мінажат ететінмін. Уақыт өте келе мен төменгі қабаттағы тұтқындардың басым бөлігімен таныс болып алдым. Арада көп өтпей олардың әрбіріне түрлі жолдармен Құдай туралы куәлік айта бастадым. Бір камерада Анджей және Болек атты екі поляк жігіті отыратын. Олар қатігез, кәсіпқой ұрылар еді. Екеуі де ұзақ мерзімге абақтыға кесілген. Олардың бірі ағылшын тілінде шала-шарпы сөйлей алатын, бірақ та олармен сөйлесу оңай емес еді.

Бірде мен Құдай туралы түсіндіру үшін оларға қарапайым ағылшын тілінде хат жаздым. Оларға түсініктірек болар деген оймен грек тілінде де бір-екі ауыз сөз жаздым. Бірнеше күннен кейін олардың терезелерінің алдын сыпырып жүрген кезімде Анджей маған:

– Хатың үшін рахмет, Тони. Бірақ біз бір нәрсені түсіне алмадық, сен не, полякша білесің бе? – деді.

– Не? – дедім мен таңданып.

– Хатыңды айтамын... Тамаша поляк тілінде жазылған, – деді ол күлімсіреп. – Үлкен рахмет.

Мен таңданып қалдым, себебі полякша бір де сөз білмейтін едім.

– Бұл мүмкін емес, – дедім мен. – Хатты мен ағылшын және грек тілдерінде жаздым.

Абдырап қалған Анджей полякша бір нәрселерді күбірлеп, терезеден көрінбей кетті. Терезеден енді қолына хат ұстаған Болек көрінді.

– Иә, иә. Тамаша поляк тілі, – деді екі езуі екі құлағына жете күлімсіреген ол.

Бұл жерде кереметтің орын алғаны менің басыма енді жетті. Бұл жерде де Құдай әрекет етті.

Мен Оған алғысымды білдірдім де, мінажат етіп, жұмысымды одан әрі жалғастырдым. Жұмысымды аяқтағаннан кейін мені негізгі блокқа қайта кіргізулері үшін қоңырауды бастым. Күзетшілер мен туралы жиі «ұмытып» кететін. Мен олардың осылайша маған көк шөптің үстінде отырып Киелі кітапты оқуыма немесе абақтыны айнала

көлбеп жатқан жоталарды тамашалауыма мүмкіндік беретіндерін түсіндім.

Бірде жоғарғы қабаттағы камералардың бірінен:

– Әй, Бағушы! Білесің бе, Иса өліп қалған, – деген дауыс естілді.

Мен бірден бойымды жидым. Бұл тұтқын маған бұрын да соқтыға беретін. Ол терезеден шөлмек лақтырып, мені аузына келгенін айтып балағаттайтын. Бірақ оның түрін ешқашан көрген емеспін. Оны басынан бір ұрғым келгендей, мен еріксіз күректің сабынан шап бердім. Бірақ менің орнымда Исаның не істеуі мүмкін екені жайында ойлап, дер кезінде есімді жидым және оған ешқандай назар аудармауға бел байладым. Бірақ ол қояр болмады. Өзін өте дөрекі ұстаған ол енді есі ауысқан адамдай қарқылдап күле бастады. Маған бір нәрсе істеу қажет еді. Бойымды ашу керней бастады. Бірақ мен берік шешім қабылдадым ғой.

– Жоқ, сенікі мүлдем дұрыс емес, – дедім барынша сыпайы сөйлеуге тырысып. – Иса тірі. Мен мұны білемін, себебі Ол менің жүрегімде өмір сүреді, сондықтан да сені кешіремін. Саған Құдай жар болсын!

Бір сәтке тыныштық орнай қалды. Мен мұның артынан не болатынын түсіндім. Тоқтап, басымды төмен салдым да, жиырма екінші зәбүрді айта бастадым...

Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен, қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден. Себебі Өзің менің қасымдасың, жігер береді сойылың мен таяғың...

Үстіңгі қабаттан үстіме ыстық су шашылды. Мен тұрған орнымда қалшыып тұрып қалдым. Үстімдегі киімдерімнен бу шыға бастады, бірақ неге екені белгісіз, су маған ыстық емес, тіпті аздап салқын секілді болып көрінді. Денемде ешқандай күйіктің орны қалған жоқ. Мен аң-таң болып біраз тұрып қалдым да, содан соң әлгі тұтқынды шақырдым:

– Ей, терезеге келші! – Жауап ретінде тек қарқылдай күлген дыбыс естілді. – Немене, қорқасың ба? – деп айқайладым мен. Тыныштық. Енді не істесем екен? Оны тағы шақыруыма тура келді. – Сен кім болсаң да, мынаны

білгенінді қалаймын: мен арызқой емеспін, сондықтан сенің үстіңнен шағым жасамаймын. Мен тіпті сені іздемеймін де. Мәсіхші болмағанымда, мен сенің миыңды аузыңа түсіретін едім, бірақ олай істемеймін, себебі мен Исаны сүйемін. Мұнда мен өз күнәларым үшін отырмын және ол үшін қатты ұяламын. – Ешқандай дыбыс жоқ. Мен сөзімді әрі қарай жалғадым: – Сені Иеміз Иса Мәсіх үшін кешіретінімді білгенінді қалаймын. Құдай саған жар болсын!

Болып жатқан жағдайды көпшілігі көріп және естіп тұрды.

– Тони, оның сазайын бер, – деп кеңес берді олар маған. – Судың қай жерден төгілгенін айтсаң болды, оны өзіміз тауып аламыз.

– Жоқ, олай істемеймін, – деп жауап бердім мен. Тұтқындардың бәрі мені есінен адасты деп ойлады. Блокқа қайтып оралған кезімде күзетшілер болған жайды естіп алыпты.

– Оның кім екенін айтшы, Тони. Біз тиісті шара қолданамыз, – деді олар.

– Жоқ, айтпаймын. Мен оған сөз бердім.

– Мұны бұлай жазасыз қалдыруға болмайды, – деді олар қарсы болып. Күзетшілердің бірі менің қолымнан ұстап, асықпай түсіндіре бастады: – Тыңдашы, біз ештеңені көрмеген боламыз. Жоғарыға бар да, оның жазасын бер. Ал біз сенің артыңнан барып, тағы сазайын тарттырамыз.

– Мен бұлай істей алмаймын, – деді оларға. – Мен қазір басқа жолдамын.

Күзетшілер қатты таңданды. Мен оларға:

– Білесіңдер ме, менің ол адамды жай ғана кешіргім келеді. Кешірімнің күші еркіндік береді. Кешірім кек қайтарудан жоғары, – дедім.

Оларға мерейтой жылдары ханзадалар патшалар абақтыдағыларды еркіндікке шығарып, барлық қарыздарды кешіретін көне яһудилік дәстүр жайында айтып бердім.

– Иса Мәсіхке сенім арту – дәл осындай азаттық алумен бірдей, – дедім мен. Кешірім адамдардың жүректеріне

шынайы азаттық пен бақыт алып келеді. Ал жек көрушілік өмір бойына абақтыға қамайды. Ол адам кім болса да, оны кешіруге тиіс екенімді білемін.

Күзетшілер бір-бірлеріне қарап, иықтарын қозғасты. Тіпті олардың бірі менің арқамнан қағып:

– Сен менен гөрі жақсы адамсың, Бағушы, – деді.

Мен әлгі адамнан ақыры кек қайтарған жоқпын, бірақ кейінірек төменгі қабаттағы достарымның судың қай камераның терезесінен төгілгенін анықтағандарын естідім. Қолайлы сәт туа салысымен олар жоғарыға көтеріліп, әлгінің жазасын беріпті. Осыдан кейін ол маған қайтып соқтықпайтын болды.

16-тарау

Абақты шіркеуі кездесу үшін қашан да жақсы орын еді. Тұтқындар онда камераларынан шығуларына мүмкіндік беретіні үшін баратын. Англикандық шіркеудің діни қызметкері Інжілді уағыздауда онша ынталылық таныта қоймайтын. Оның абақтыда қызмет етіп келе жатқанына көптеген жылдар болған және бұл жұмыс ол үшін тым іш пыстырарлық іске айналған. Әр күні кешкісін ол сыртқы дүниеге қайтып оралатын, бірақ камераларда отырған біз секілді ол да тұтқын болатын. Менің Мәсіх жайындағы куәліктерім, әрине, оған ұнамайтын, бірақ соған қарамастан ол маған кедергі жасамайтын.

Тұтқындар біртіндеп Құдайға бет бұра бастады. Біз күн сайын абақты шіркеуіне жиналып әңгімелесіп жүрдік. Киелі кітапты оқып, мінажат еттік. Біздің жиналыстарымызға әуестіктің жетегіне ерген адамдар жиі келетін. Сымбатты жас жігіт Бислей солардың бірі болатын. Ол нашақор болатын, өмірінің басым бөлігін абақтыларда өткізген. «Еркіндікте мен не жоғалтыппын?» – деді ол маған бірде. Абақтыдан босап шығар кезі таяған кезде ол міндетті түрде бір нәрсені бүлдіріп, қайтадан сотталуға тырысады екен. «Бұл жер менің үйім, – деп түсіндірді ол маған. – Еркіндікте өмір сүру қиын. Онда мен ешкімге керек емеспін. Тұратын жер, жұмыс іздеу керек. Маған оның қажеті қанша? Ал бұл жерде мен мен тым болмағанда үш мезгіл тамақ ішемін, бұған қоса, достарым да осында». Абақтыда дәл осы Бислей секілділер тым көп болатын.

Мысалы, Құрт ауру деген лақап аты бар тағы бір тұтқын бар. Ол үнемі абақты шіркеуінің маңын айналышықтап жүретін. Еркіндікте ол ұлт қаһарманы болды. Қоршаған

ортаны таза ұстау үшін аянбай күрес жүргізген оның суреттері газет беттерінен түспейтін. Ал темір тордың арғы жағында ол әдеттегі жолы болмағандардың бірі болып көрінетін. Жасыл желектер мен жайылымдардың сақталуы Баллингдондегілерді онша қызықтыра бермейтін. Құрт ауру пұтқа табынушылыққа қатты еліктейтін және шіркеуде өзінің «абыз» әйелімен жиі кездесіп тұратын. Әлгі әйел тіпті діни қызметкердің басын айнадырып, ол әйелге Англикандық шіркеу рәсімі бойынша оның құлшылық қызметінің бір бөлігін жүргізуге ерік беретін. Бұл менің ашуымды келтіретін еді. Бірақ мен тек мінажат еткеннен өзге ештеңе істей алмайтын едім. Сөйтіп, шынымен де бұған Құдай араласты. Не себеп болғаны белгісіз, әйтеуір «абыз» әйелге онымен кездесуге тиым салынды.

Бірде Құрт ауру менің камерама баса-көктей кіріп келді. Мені әдейілеп итеріп жіберген ол былай деді:

– Ей, мен сен және сенің сектанттық мылжыңдарың жайлы естідім. Менің құрбымды сенің кесіріңнен қуып жіберді. Тоқтай тұр! Мен саған көрсетемін.

Мен шалт қимылмен оның қолын иығымнан қағып жібердім. Ол менен бір шама ұзын болатын, сондықтан орнымнан тұрған кезімде менің көздерім оның мұрнының дәл астына келді.

– Енді мені тыңда, – дедім. – Ойыңа алғанды істе. Егер мұны дәл қазір істеуді қалайтын болсаң, онда мен теріс айналып тұрайын, сонда сен маған соққы жасай аласың, – дедім оған тура қарап. – Бірақ біліп қой, не істесең де мен сені кешіремін. Мен сені Иса Мәсіхтің атымен жақсы көремін. Мен саған ешқандай жамандық ойламаймын, ал сен қалағаныңды істе.

Ол маған қадала қарап, үнсіз тұр. Келесі сәтте не болатынын біздің ешқайсымыз білмейтін едік. Ақыры ол боқтап жіберді де, камерадан шығып кетті.

Алты айдан кейін менің абақтыдан босап шығатын уақытымның жақындап қалғанын хабарлады. Мен өзімді алда не күтіп тұрғанын білмейтін едім, бірақ бұл жерде

Құдай маған көптеген тамаша сабақтар берді. Енді мен басқа адам едім. Сара да рухани өсе түсті. Ол Құдайға көбірек сене бастады және дәл мен секілді уақытының көбін мінажатта өткізе бастады. Сара мен Этанның өмірлері оңай емес еді, бірақ оның Исаға деген сүйіспеншілігі туралы қалай қызбалана айқанын естіген кезде мен қуанып қалдым.

2002-жылдың 12-ақпанында абақтыдан босаған кезіме қарай мен біраз ақша жинаған едім. Кетер алдында менің көптеген айларды бірге өткізген достарыма тосынсый жасағым келді. Мен осында күнде келетіндер мен бірнеше жаңа адамдар жиналып отырған абақты шіркеуіне келдім.

– Бағушы, сөмкендегі не? – деп сұрады маған осы атты берген Сэм Пол. Мен сөмкемнің аузын ашып, ішіндегі «Марс» шоколадтарын үстел үсіне төктім.

– Егер бір-бірден алса, олар бәріне жетеді, – дедім мен у-шу мен күлкіні баса дауыстап. Шоколад абақтыда өте үлкен сұранысқа ие болатын, әсіресе абақтыда алған ақшаларының бәрін шылым сатып алуға жұмсайтындар үшін.

– Тыңдаңдар, жігіттер, бүгін менің бұл жердегі соңғы күнім. Өздерің білетіндей, мен шылым шекпеймін, сондықтан сендерге жағымды бір нәрсе сыйлау үшін азынаулақ ақша жинаған едім. Осы арқылы менің: «Сендерге Құдай жар болсын», – дегім келеді.

Шоколадтың бәріне жеткенін тексеру үшін залдың ішін аралап шықтым. Олардың арасынан Құрт ауруды да көрген кезде қуанып қалдым. Мәсіхшілер дәстүрі бойынша біз дөңгелене тұрып, бір-бірімізге батамызды бердік:

Лайым Иеміз Иса Мәсіхтің рақымы, Құдайдың сүйіспеншілігі және Киелі Рухпен қарым-қатынастарымыз бәрімізде бола берсін! Аумин.

Біз дөңгеленіп тұрған кезімізде мен айналама көз тастадым. Кейінгі айларда өмірлері түбегейлі өзгерген тұтқындардың көпшілігі осында екен. Құрт ауруы да қатарда тұр. Ол бізбен бірге мінажат еткен жоқ, бірақ та күлімдеп тұр. Содан соң ол қоштасу үшін жаныма келді.

– Бәрі жақсы, бауырым, – деді ол қолымнан ұстап.

– Құдай саған жар болсын, – деп күлімсіредім мен оның қолын қысып.

Абақтыдан босап шыққаннан кейін де Құрт ауруға және көптеген өзге тұтқындарға хат жазуымды тоқтатқан жоқпын. Жауап хаттар өте көп келетін, сондықтан бұл енді менің қызметіме айналды: мен Баллингдондегі көптеген тұтқындармен байланыс жасап, оларға қолдау көрсетіп тұрамын. Олардың кейбірі еркіндікке шықты, екіншілері басқа абақтыларға ауысып кетті, бірақ мен мүмкіндігінше оларға барып тұруға тырыстым.

Алты ай ішінде Баллингдон абақтысы өмірлерін өзгерткен адамдардың арасында менен артық өзгерген адам, сірә, жоқ шығар. Қайғылы оқиға болған уақыттан бергі өміріме көз сала отырып, мен Құдайдың өзімді рухани айдала арқылы өткізгенін түсіндім. Себебі Ол менімен қажетті жұмысты тек сонда ғана істеді. Менің өз-өзіме сенімділігім мен шамадан тыс құлшынысыма Ол тек сонда ғана қарсы тұрды. Ол маған тек сонда ғана тізе бүккізіп, мойынсұнуға үйретті. Бұл сабақты алу маған аса қажет еді.

Киелі кітапты зерттей отырып, мен Құдай таңдап алған көптеген адамдардың рухани айдалада сынақтан өткендерін түсіндім. Олардың кейбірін Құдай нағыз шөл дала арқылы өткізді. Мұса бастаған исаилдіктер құлдықтан таң қаларлық жолмен азат болғаннан кейін қырық жыл бойы шөл далада жүрді. Мен олар туралы Заңдарды қайталау кітабының сегізінші тарауынан оқып шығып, мына негізгі аятты бөлек алып қарадым:

Құдай Иеміздің осы қырық жыл бойы сендерді иен далада бастап алып жүрген жолын естеріңе түсіріңдер! Ол сендерді Өзіне мойынсұндыру үшін, әрі шынайы ниеттеріңнің қандай екенін: Оның өсиеттерін орындайсыңдар ма, жоқ па, соны білу үшін түрлі сынақтардан өткізді...

Мен исаилдіктердің маған ұқсап үздіксіз күнә жасағандарын түсіндім. Құдайдың көптеген кереметтерін көргендеріне қарамастан олар Құдаймен жасаған

келісімдерін бұзды. Бірақ соған қарамастан Құдай оларды жақсы көрді. Әрі қарай оқыған мен оларға Құдайдың су, азық және тозбайтын аяқ киім мен киімдер беріп отырғанына таңдандым. Бүлікшіл бұл халыққа қатысты Құдайдың Өз жоспары болды. Тіпті Құдай олармен сөйлесті де, сөйтіп олар жаңа аян – Он өсиетті алды.

Киелі кітапты әрі қарай парақтаған мен маңызды деген оқиғалардың бәрінің айдалада өткенін байқадым. Жазбаны бүтіндей зерттеп шығып, айдаланы білдіретін еврей сөздерінің бірінің «Құдай сөйлетін орын» деп аударылатынын білгенде қатты қайран қалдым.

Менің Құдайды барынша тереңірек танығым келді. Мен Жақия Шомылдырушыны «айдалада жар салған» деп атағанын білетінмін. Осы ұлы пайғамбардың мінез-құлқын зерттей келе өзім үшін көп нәрселерді аштым. Құдайдың менің қандай болғанымды қалайтынын түсіне бастадым. Адами өлшеммен алып қарағанда Жақия пайғамбардың қызметі табысты болды. Оның уағызы әсер еткен көптеген адамдар шомылдыру рәсімінен өтуге кезекке тұрды. Мен Жақия Шомылдырушы секілді ізгі хабар таратушы болуды армандадым. Бірақ Жақия өзінің уағыздарының мәндік тұғыры өзі емес екенін түсінді. Ол келе жатқан Құтқарушыға жол дайындауға тиіс болды. Жоған жазған ізгі хабарды оқып отырып, үшінші тараудағы отызыншы аятқа назар аудардым. Онда Жақия Шомылдырушы Иса туралы былай дейді: «Мәсіхтің беделі артуға, ал менікі төмендеуге тиіс».

Киелі Жазбадағы осы орын туралы көбірек ойланған сайын мен шаттана түстім. Тіпті Исаның Өзінің Киелі Рухтың жетегімен айдалаға барғаны туралы оқыдым. Ол сонда қырық күн, қырық түн болған, үш рет шайтанның азғыруына тап болды. Көптеген киелікітаптық кейіпкерлерден айырмашылығы, Иса Өзінің Әжесіне қашан да құлақ асты. Ол осы дүниенің барша азғыруларына төтеп берді. «Ұқсауға тырысуға болатын ең жақсы үлгі – Иса!» – деп шештім мен.

Баллингдонде Киелі кітапты зерттеуге Иса Мәсіхті тануға мүмкіндігім болған уақыттарымды ризашылықпен еске аламын. Айдалада шайтанның азғыруымен күресте рухани күшін көрсеткен Иса Мәсіх мойынсұнудың кіршіксіз үлгісі болып қала берді. Бүкіл адамзаттың күнәларын Өзінің иығына артқан Ол бәріміз үшін Ғолғота айқышында қаза болды. Пайғамбарлардың Ол туралы не айтқандарын білу үшін Көне Өсиетті ақтардым. Жиырма бірінші зәбүрден Исаның Өзі туралы пайғамбарлық сөзді таптым. Жетінші аят кун-фу ұрыс өнері мен жануарлар жайлы бұрынғы түсінігімді есіме түсірді. «Ал мен адам емес, құрт іспетті қуатсызбын», – дейді Дәуіт. Жыланның стиліне қалай үйренгенімді есіме алдым. Жылан басын көтеріп, соққыны қайтарады да, ысылдап, қарсы шабуыл жасайды. Бұл адам «менінің» шынайы бейнесі. Ал құрт болса, керісінше, ешқандай қарсылық көрсетпейді. Ол өзімен қалағанның бәрін жасауға ерік береді. Сен оны аяғыңмен тебе немесе жаншып тастай аласың. Шынайы мойынсұнудың үлгісі осындай!

Осы бейне туралы ойланып көп отырдым. Әлемнің Жаратушысы, Құдай Ұлы Иса мен және мен секілді адамдарға бола Өзін құрт секілді жаншығанды қалады. Енді Ол үшін мен бұдан әлдеқайда ауыр қасіретті бастан өткеруге тиіс емеспін бе? Иса барлық жағынан кіршіксіз, мінсіз мәсіхшіні іздеген жоқ. Бірақ мен дәл сондай болуды армандадым. Осы дүниеде тіршілік ететін барша адамдар секілді, мен де азғырудың торына түстім, жақсы жұмыс іздедім, жақсы көлігімнің, жалпы, бәрінің жақсы болғанын қаладым. Тұқым себуші туралы астарлы әңгімедегі Исаның сөздерін есіме алдым: «...алайда бұл дүниелік тұрмыс қамын ойлап абыржып, байлыққа алданады. Өзге нәрселерге деген құмарлықтар да бойларына сіңеді. Сондықтан Ізгі хабар оларда ескерусіз қалып тұншығып, өнім бермейді» (Марқа 4:19). Жақсы үйіңнің, әдемі заттарыңның болғаны күнә емес қой деп ойлайтынмын мен. Бірақ енді Исаның осының бәріне қалай қарайтынын көрдім. Тоқшылық

өмірдің өмірлік мақсатыма қалай айналғанын өзім де байқамай қалдым. Менің рухани діңгегім осылай қозғалып кетті. Мен Құдайды емес, осы дүниелік нәрселерді іздедім.

Құдайға бет бұрған алғашқы күндерімнен бастап елші Пауылдың өмірін зерттей бастаған болатынмын. Мен ол адамға көп жағынан ұқсас едім. Мен секілді, Пауыл да үлкен күнәһар болды. Мен сияқты Исаны ол да адам сенгісіз жағдайда кездестірді. Мен секілді ол да абақтыға жабылды. Пауыл өзі туралы былай деп жазады: «Біз үшін де мінажат етіңдер: Құдай өз хабарын уағыздауымызға жол аша көрсін, осылай Мәсіх туралы құпияны жариялай алайық. Сол үшін де бұғауда отырмын» (Қолос. 4:3). Абақтыда отырған кезімде көп ойландым. Абақты терезесінен ішкі аулада серуендеп жүрген тұтқындар көрініп тұратын. Олардың кейбірі жасаған қылмыстарын айтып мақтанады. Ал екіншілері мен секілді өкініп, ұялады. Қалай дегенде де, олардың барлығы өз күнәһарлықтарының бұғауында еді. Мен олардың Иса Мәсіхтің құтқарушы рақымын танығандарын сондай қалайтын едім.

Басыма келген ойларды көбіне қағазға түртіп алатынмын, ал кейде Киелі Жазбаны оқып отырып қарындашпен бір нәрселерді сызып отыратынмын. Қойындәптеріме көз салып, өзім де байқамай кантон иероглифтерін жазып қойғанымды байқадым. Қытайша «әділдік» және «тоқты» деп жазып қойғанымды көріп күлімсіреп қойдым. Жохан жазған Ізгі хабарда Иса туралы: «Мынау – Құдайдың құрбандыққа жіберген «Тоқтысы»! Ол адамзаттың күнәсін өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды» – делінген (Жохан 1:29). Құдай Мәсіхке сенім артқан күнәһарларға ұсынатын әділдіктің қандай жарқын белгісі десеңізші!

Баллингдон абақтысында отырған кезімде мен Құдайдан болашақ жолымды көрсетуін сұрадым. Маған көп нәрсенің қамын жасау қажет еді. Мені Сарамен және Этанмен қарым-қатынасым қалай өрбиді деген ой мазалайтын. Сара күйеусіз өмір сүріп үйренді. Этан мені – туған әкесін ешқашан білген емес. Мен олардың өмір ағымдарына

сіңе аламын ба? Сара бізге үй тауып қойған болатын, бірақ тіршілік етуге қажетті қаражат табу үшін менің әлі жұмысқа орналасуым керек еді. Ал абақтыдан шыққан адамның жұмыс таба қоюы өте қиын шаруа.

Бәрінен бұрын мен алдыма – Баллингдон абақтысына түсер алдындағыдай мәсіхші болмаймын деген мақсат қойдым. Мен Құдайдан Ол үшін еңбек етуімді жалғастыруыма, Ол туралы куәлік етіп, ізгі хабар таратуыма күш беруін сұрадым. Бұл жолы бәрі мүлде басқаша болуы тиіс. «Жаратушы Ием, өтінемін, айналамды Өзіңнің алдында мойынсұнып жүруіме көмектесе алатын адамдарға толтыршы», – деп мінажат еттім.

Құдай менің мінажаттарыма жауап берді және бергенде де олардың әрқайсысына өз уақытында жауап берді. Еркіндікке шыққаным екіінші күн болғанда Сара өзін мен үнемі жаныңда болғандай, абақты деген мүлде болмағандай сезінетінін айтты. Ол қалай өзгерген десеңші! Құдай оны тәубесіне келтіріпті. Үйдің бар жерінде Киелі кітап аяттары жазылған парақшалар ілулі тұр. Этан маған тез үйір болып алды. Екеуміз көп ойнаймыз. Ол «Әке!» – деп айқайлап, маған қарай тұра жүгірген кезде сезінетін қуанышымды айтып жеткізе алмаймын. Менің одан көп нәрсені үйренуіме тура келді.

Бостандыққа шыққаным бір апта болғанда бір мейрамханаға даяшы болып жұмысқа орналастым. Мейрамхана директорынан ештеңе жасырмай, соңғы алты айды абақтыда өткізіп келгенімді айттым. Ол соған қарамастан мені жұмысқа қуана қабылдады. Жалақы, әрине, аз болды, бірақ мен жұмысқа күн сайын күлімдеп келетінмін. Менің Мәсіх туралы куәлігім осы күлімсіреуім еді. Мен қайтадан қуанышқа кенелдім. Құдайдың маған екінші мүмкіндік беріп тұрғанын түсіндім және бұл маған шабыт берді. Өзімнің бүлдіретін күшімді пайдалану сезімі жоғалып, Исаның бойымда жаңа нәрселерді ашып жатқанын сезіндім. Мен өздерінде бәрі жақсы сияқты болып көрінетін адамдардың бет перделерінің артынан олардың шынайы

жүздерін көре білуді үйрендім. Айналамда бақытсыз күнәһарлардың көптігі сондай, олардың бәріне Иса туралы айтқым келетін. Автобуста немесе мейрамханада мен бейтаныс адамдарды жиі әңгімеге тартатынымын. Сырттан қарағанда бұл әрекетім бір түрлі ерсі болып көрінуі мүмкін еді, бірақ мен үшін мұның ешқандай маңызы жоқ болатын. Мен Құдайдың көңілін көп қалдырдым, бірақ Ол мен үшін ешқашан ұялған жоқ, сонда мен Ол үшін қалай ұялуға тиіспін?

Осылайша, мен барлық жерде Иса жайында батыл күәлік айттым. Сонымен қатар Құдай маған әрбір адамның жүрегіне жол табудың өз жолы бар екенін көрсетті. Маған кезіккен адамдардың барлығы бірдей уағыз тыңдауға құмар емес еді. Олардың біреулері менің өздеріне жай ғана күлімсірей қарағанымды қаласа, екіншілері – оларды мұқият тыңдағанды қалайтын. Кейде мен сұхбаттасушыма қандай да бір мәсіхшілік жайлы кітапты немесе өзімнің Құдайға қалай бет бұрғаным жайында баяндалатын шағын кітапшамды ұсынатынымын. Мен ол кітапшаларды адамдарға тарату үшін арнайы даярлаған едім. Онда менің телефон нөмірім мен қажет болған жағдайда менімен хабарласу туралы өтініш жазылған. Осы өтініш бойынша маған: «Мен бүгін сізбен автобус ішінде сөйлескен едім...» немесе Бірнеше апта бұрын әмбебап дүкенінде танысқан едік...» деген секілді өте көп қоңыраулар келетін. Олардың арасында мәсіхшіл ортада өскендер де, бір кезде Құдайға бет бұрып, бірақ кейіннен Одан алшақтап кеткендер де кездесетін. Өздеріне Құдай туралы түсінікті тілде айтып беретін ешкімді жолықтырмаған адамдар да болды. Олардың көпшілігі маған тек ойларын ақтарып, өз уайымдарымен бөлісу үшін ғана қоңырау шалатын.

Бұл арада мен Ли-Роудтағы баптистік қауымымызда қызмет атқара бастадым. Бауырлар мен әпке-қарындастар Баллингдон абақтысында отырған кезімде маған және Сараға үлкен қолдау көрсеткен болатын. Енді олар мені абақтыдан босанып шыққаннан кейін де сүйіспеншілікпен

қабылдады. Менің бірден қауым жұмысына араласып кеткім келді, бірақ Құдайдың нұсқауын күттім. Баллингдон абақтысынан босап шығарымның алдында Елшілердің істері кітабының бір тарауы маған қатты әсер еткен болатын. Иса қайтадан тіріліп, өздеріне көрінген кезде шәкірттер Оның жоспарын білмек болып сұраулар қояды. Ал Ол болса шәкірттеріне Әке уәде еткен нәрсені алғанша Иерусалимде қала беруді бұйырады. Құдай маған да дәл осыны бұйырды – «уәде етілгенді өз уақытында күт».

Бағушы Стивен Хембери маған түсіністікпен қарады және мені үнемі жылы қабылдайтын. Ол менің жастармен жұмыс істеуде тәжірибемнің бар екенін білетін, жергілікті жасөспірімдермен және жастар мен жұмыстағы белсенділігімді қолдайтын. Ол мені қауымда өзімнің Құдайға қалай бет бұрғаным жайлы куәлік айтуға шақырды. Менің көп нәрселер туралы айтқым келді, сондықтан сөзімді екі бөлікке бөлдім. Өзімнің куәлік-уағызымның екінші бөлігін мен арада шамамен жарты жыл өткенде айттым. Адамдар менің екі уағызымды да үлкен ынтамен тыңдады. Менің балалық, жастық жағым және Құдаймен кездесуім туралы әңгімем бәрін таңдандырды. Бұл адамдардың ішінде кун-фуды білетіндер және зорлық-зомбылықты көргендердің бар екені белгісіз болатын, бірақ маңыздысы басқа еді – өмірімде алғаш рет менің әңгімем Иса Мәсіхтің шынайы екендігіне кейбір тыңдаушылардың көздерін жеткізді. Мен үшін сол күн үлкен мереке болды.

Бірақ екінші әңгімемнен кейінгі адамдардың әрекеттері одан да таңданарлық болды. Біздің жиналыстағы адамдардың көпшілігі мәсіхші болғандарына көп уақыт болғандар еді. Олардың кейбіреулері сол бір бақытсыз оқиғалардың торына дәл мен секілді түскен. Құдайдың алдындағы өмірлерінде бұл адамдар даңғыл да ыңғайлы жолды іздеді. Олар Исаға деген сүйіспеншіліктерін жоғалтты және маңайындағыларға Ол туралы айтуды доғарды. Алдымда отырған адамдардың көпшілігі адал, қайырымды адамдар болатын. Мұны мен жақсы түсіндім.

Олар өз қауымдары үшін аянбай еңбек етеді және бір-бірлерін шын жүректерімен жақсы көреді.

– Бірақ сіздер Құдайдың еркін орындауға шын мәнінде ұмтыласыздар ма? – деп сұрадым мен олардан. – Әлде, сіздер Құдайға тек өздеріңізге және өз күштеріңізге ғана үміт артып қызмет етіп, мен жүрген жолмен жүріп келесіздер ме?

Осы жерде мен елші Пауылдың Ғалаттықтарға жолдауындағы: «... өзім бұдан былай өмір сүріп жатқаным жоқ, қайта, бойымда Мәсіх өмір сүруде...» (Ғалат. 2:20), – деген сөздеріне баса назар аудардым.

– Мен өзімнің тәкаппар «менімді» тұншықтармайынша, Исаның менде өмір сүріп, Өзін мен арқылы көрсете алмайтынын түсіндім. Өзін-өзі жақсы көрушілік, бірбеткейлік қашан да өзін ақтайтын сылтау табады және өз жолымен жүруді қатты қалайтын адам шындыққа қарсыласып өзінің даңқы шыққанын армандайды. Құдайдың алдында мойынсұнып, өз күнәларыңызды мойындамайынша және өздеріңзді толықтай Оған арнамайынша Ол сіздердің өмірлеріңізге ешқашан енбейді және Өз еркін сіздер арқылы орындамайды. Сіздер Онымен болатын толық қанды өмір мен қуанышты ешқашан сезіне алмайсыздар, сіздер тек өзімшіл тілектеріңіздің болмашы қуанышын қанағат тұтасыздар.

Қауымда құлаққа ұрған танадай тыныштық орнады. Осында жиналғандардың мұны жақсы түсінетіндерін білгендіктен, мен өзімнің «айдаладағы» тәжірибем туралы әңгімемді жалғастырдым. Өзіңді жалғыз, жұртта қалған адам секілді сезіну үшін темір тордың арғы жағында отырудың қажеті жоқ. Өзім туралы айту арқылы мен оларға жігер бере алдым.

– Кейде Құдай Өзінің балаларымен айдалада сөйлеседі. Бәрі біткен сияқты болып көрінген кезде Оның айдаладан сізді шақырып жатқан ақырын дауысын естуге болады. Сынақтардан қорықпаңыздар, – дедім мен оларға. – Қайғы-қасіретке душар болған кезде оларды өздеріңздің Құдайға

деген сенімдеріңіз бен мойынсұнуларыңызды көрсетудің мүмкіндігі ретінде қабылдаңыздар. Абыржымаңыздар! Құдайдың өздеріңізді сүйетіні және қамдарыңызды ойлайтыны естеріңізде болсын. Оған сеніңіздер. Ол не істейтінін біледі. Ізгі де кемелді еркін түсіну үшін Оның дауысына құлақ асыңыздар.

Уағыз аяқталған кезде жиналғандардың көбі жылап тұрды. Мен де жыладым. Маған бір жасамыс әйел жақындап келді. Оның жүзі Исаға деген сүйіспеншіліктен жарқырап тұрды. Әйел маған уағызым үшін алғысын айтты және мені былай деп сақтандырды:

– Сен айдалада ұзақ та ауыр жолдан өттің. Бірақ та Құдай сені қайтадан сонда апармайды деп ойлама.

Мен селк ете қалдым. Бұл өте күтпеген нәрсе еді.

– Сергек жүріп, Оған жақын бол, – деді ол.

Мен оның осы сөздерін жадыма жазып алдым. Осыны есімде ұстап, күн сайын өзімді Исаға арнаймын және Оның меңдегі жұмысының жаңа басталғанын білемін.

Соңғы бірнеше жылда мен өзімнің басымнан өткен оқиғаларымды қауымдарда, мектептерде, қарттар үйлерінде, көшеде, абақтыларда, спорт залдарында және Ұлыбританияның басқа да көптеген орындарында айтып келемін. Құдай менің мінажаттарыма жауап беруін және Ізгі хабар айтуыма шабыт беруін тоқтатқан жоқ.

Менің басымнан өткен оқиға – бұл тағдыр талқысына түскен адамды Құдайдың қалай сауықтыратыны, Оның күнаһарды қалай кешіріп, оны қуаныш пен пен болашаққа деген үмітке қалай кенелтетіні жайындағы куәлік. Сіздің осы кітапты оқып шығып, өзіңіз туралы осылай деп айта алуыңызды Құдайдан тілеймін.

СОҢҒЫ СӨЗ

(Авторлар жайында)

2003-жылы Тони Энтони беделді адамдардың көмегімен «Аванти» деп аталатын жауапкершілігі шектеулі қоғам құрды. Аванти итальян тілінен аударғанда «жүру, адымдау» дегенді білдіреді. Сондықтан бұл қоғамның Иса Мәсіхтің:

Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіндер, әрі сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіндер! Естеріңде болсын: Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» Аумин (Матай 28:19-20), – деген ұлы өсиетіне жауап береді

«Аванти» қоғамы жергілікті қауымдапормен бірлесіп Иса Мәсіх туралы Ізгі хабар тарату үшін құрылды.

2004-жылдың басында Тони өзін бүтіндей ізгі хабар тарату жұмысына арнады және қазір тек уағыз жүргізу жұмысымен айналысады. Ол мектептерде, абақтыларда, мүгедектер үйлерінде, кинотеатрларда және көшелерде уағыз айтады. Ол өзі туралы әңгімелейді, өз отанында және шет елдерде Құдай туралы Ізгі хабар таратады. Өзінің сенімді көмекшілерінің көмегімен жастар жиналыстарын, отбасылық мерекелерді және түрлі уағыз шараларын өткізеді. «Аванти» қоғамы жергілікті қауымдарға айырықша мән береді, себебі адамдарға солардың көмегімен табысты уағыз айтуға болады. Тони Энтонидің тобы болашақ ізгі хабар таратушыларды даярлайды және қауымдардың дамып жетілулеріне көмектеседі.

Тони Баллингдон және Ұлыбританияның басқа да абақтыларындағы тұтқындарға қолдау көрсетеді. Олар

Сара екеуі бұрынғысынша Эссексте тұрады. Этан және Джейкоб атты екі ұлдары бар.

Анджела Литтл кітап жазумен айналысады. Бұрын «Премьер» журналының редакторы болған ол «Authentic Media», «Hodder және Stoughton» баспалары шығарған көптеген кітаптардың жазылуына атсалысты. Қазір күйеуі Фил және ұлы Самюэлмен бірге Нортхемптонширде тұрады.

«Аванти» қоғамы жайында қосымша мәліметтер алу үшін: www.avantiministries.com сайтына кіріңіз немесе: toni@avantiministries.com электронды поштасы арқылы Тони Энтонидің өзімен тікелей байланысқа шығыңыз.